

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

ТАРИХ СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ТАРИХ СЕРИЯСЫ

АЛМАТЫ

2006 жылдан бастап шығады
Шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының
мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігі
Ақпарат және мұрағат
комитетінде
08.08. 2005 жылы тіркелген
№6204 - Ж

Бас редактор
профессор Ш.К. Беркімбаева

Бас редактордың орынбасары
п.ғ.д., проф. Қожахметова К.Ж.

Редакциялық алқа
Тастемірова Л.Ө. - ф.ғ.к., доцент
Таубаева Ш.Т. - п.ғ.д., профессор;
Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент
м.а.

Қожакеева Л.Т. – т.ғ.к., доцент
Қалыш А.Б. – т.ғ.к., доцент
Қартаева Т.Е. – т.ғ.к., доцент
Бурханова Ж.С. – т.ғ.к., доцент
Құсаинова Р.Т. – аға оқытушы

Жауапты редактор
педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент .
Б.Д.Жұмақаева
Редактор
тарих ғылымдарының кандидаты,
доцент м.а. **Р.Т.Айтбай**

© Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті

050000, Алматы қаласы,
Әйтеке би көшесі, 99.
Тел. 233-18-32, 233-18-55 (120)
Факс 233-18-35.

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ

ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ

№ 2 (4)

2009

МАЗМҰНЫ

<i>Алтаев А.Ш.</i> ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ.....	5
<i>Атабаев Қ.</i> ҚОҒАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР	10
ЕРТЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ	
<i>Абдиманов С.А.</i> ҚЫПШАҚ МЕМЛЕКЕТТІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ.....	15
<i>Жылқышыбаева Қ.Қ., Абдиманов С.А.</i> ҚАҒЛЫ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ӘСКЕРИ ТАРИХЫ	18
<i>Қасымбекова М.А.</i> ҚЫПШАҚ ЕЛІНІҢ САЯСИ ТАРИХЫ.....	21
<i>Тортаев С.Ә., Бижанова К.Қ.</i> КҮШЛІКТІҢ ШЫҒЫС ХАНҒА ҚАРСЫ КҮРЕСІ.....	24
ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ	
<i>Ахметова Ж.Қ.</i> МАРИЯ ГОРИНАНЫҢ МҰСТАФА ШОҚАЙ ӨМІРІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ	32
<i>Аширбекова Ж.Б.</i> ТАҒДЫР ТАУҚЫМЕТІН ТАРТҚАН АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ.....	36
<i>Бегалиева А.А.</i> ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ДАМУЫ – ҰЛТТЫҚ ҚАУПСІЗДІКТІҢ КЕПІЛІ.....	41
<i>Бурханова Д.С.</i> МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В КАЗАХСТАНЕ И МЕЖЭТНИЧЕСКАЯ ТОЛЕРАНТНОСТЬ.....	45
<i>Дүйсенбаева Ж.</i> ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ КЕЛГЕН ЕЛШЛІК.....	49
<i>Қалыш А.Б.</i> КАЗАХСТАНСКИЕ УЧЕНЫЕ В СОЕДИНЕННЫХ ШТАТАХ АМЕРИКИ.....	53
<i>Қожакеева Л.Т.</i> ЧИСЛЕННОСТЬ НАСЕЛЕНИЯ ГОРОДОВ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА В КОНЦЕ XX ВЕКА.....	59
<i>Қаипбаева А.Т.</i> ІЛИЯС ОМАРҰЛЫНЫҢ ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ АЯСЫН КЕҢЕЙТУ ЖОЛЫНДА КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	64
<i>Қалдарбекова А.</i> ТӘУЕЛСІЗДІК МОНУМЕНТІНЕ МУЗЕЙЛІК ЭКСКУРСИЯ.....	68

<i>Мәшімбаев С.М.</i> Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛТТЫҚ КАДРЛАР МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДЕГІ РӨЛІ.....	76
<i>Меңімбаев Ғ.А.</i> «ЖАСАУЫЛ ҚЫРҒАН» ОҚИҒАСЫ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ.....	80
<i>Нұрқасова Ж.А.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СТАЛИНДІК САЯСИ ЗҰЛМАТТЫҢ АҚИҚАТЫ	87
<i>Сәтбай Д.Я.</i> ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ ЖӘНЕ ҮЛКЕН САЯСАТ.....	91
<i>Смагулова С.</i> XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ДІН МӘСЕЛЕСІ.....	97
<i>Ускембаева Ғ.Ж.</i> ОРТА АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ - ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ МЕЖЕЛЕУДІ ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫ.....	102

ЖАЛПЫ ТАРИХ

<i>Бисембаева Л.А.</i> ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫН КЕЗЕҢГЕ БӨЛУ МӘСЕЛЕСІ.....	107
<i>Дорошенко Т.И.</i> ПЕРВЫЕ ШАГИ СТАНОВЛЕНИЯ ТУРКЕСТАНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА.....	111
<i>Муртазаева Р.Х.</i> К ВОПРОСУ УРБАНИЗАЦИИ УЗБЕКИСТАНА.....	115
<i>Сманова А.М.</i> ПОЛЬШАДА «ЫНТЫМАҚ» КӘСПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ.....	123
<i>Төлекова М.К.</i> ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЖЕРІНДЕГІ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ.....	127

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА

<i>Айтбай Р.Т.</i> ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН KEЙІНГІ ЖАПОН ТАРИХНАМАСЫНЫҢ ДАМУЫ.....	131
<i>Раймбекова М.</i> ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ XX Ғ. 40-50 жж. ТАРИХНАМАСЫ.....	135

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

<i>Қусайнова Р.Т.</i> ТАРИХТЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ.....	140
<i>Тұрлығұл Т.Т.</i> ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНЕН ДИПЛОМ ЖАЗУДЫҢ ӘДІСТӘСІЛДЕРІ.....	143

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

<i>Артықбаев Ж.О.</i> ХҮІІІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНА ҚАТЫСТЫ РЕСЕЙ ДЕРЕКТЕРІ.....	149
<i>Бакаева Г.Е.</i> ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІН КЕЗЕҢДЕУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ОЙ – ПІКІРЛЕР.....	154
<i>Досымова М.К.</i> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ.....	158
<i>Ешмұратова Г.В.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХІХ ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫНДА XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ БАЛЫҚ АУЛАУ КӘСІПШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ.....	162
<i>Картаева Т.Е.</i> ПЕРОВСК ЖӘНЕ ҚАЗАЛЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҮЙЛЕНУ ДӘСТҮРІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	166

МАГИСТРАТУРА

<i>Асылбаева А.К.</i> ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТУЫСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖҮЙЕСІ	178
<i>Габжалилова Л.С.</i> КІШІ ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНА ҚАТЫСТЫ KEЙБІР ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ КӨЗҚАРАС	182
<i>Төлекова А.</i> ЖАСТАР ҚАТЫСҚАН ЖЕЛТОҚСАН	186
<i>Утепбергенова И.</i> АУЫР ӨНЕРКӘСІП ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ(1940-1980 жж.).....	190
<i>Чакенова Б.</i> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЯСЫНДА АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ШАРАЛАР	195

ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Алтаев А.Ш.-д.и.н., профессор (г.Алматы. КазНУ им. аль-Фараби)

Принято считать, и это вполне правомерно, что самым непосредственным и перспективным фактором будущего является сфера образования. Именно образование, как неоднократно подчеркивал президент Республики Казахстана Н.А.Назарбаев принципиально «работает на будущее, предопределяя личностные качества каждого человека, его знания, умения, навыки, мировоззренческие и поведенческие приоритеты, а следовательно в конечном итоге - экономический, нравственный, духовный потенциал общества, цивилизации в целом. Решение грандиозных задач выхода из глобального экономического кризиса и переход на качественно новый этап развития республики невозможно из решения проблемы поднятия образования на уровень самых развитых стран.

Вполне естественно, что и само образование как глобальное и весьма специфическое общественное явление, получившее в буквальном смысле повсеместное распространение и развитие, не может быть вне зоны специальных прогностических исследований.

Прогностическим функциям образования посвящено немало исследований в разных странах. Но чаще всего речь идет о локальном, аспектном анализе влияния образования на внешнюю среду - экономику, политику, культуру, науку... Такие исследования чрезвычайно важны, но обычно они как бы «отталкиваются от существующего состояния образования в расчете на то, что образование пребывает в малоподвижном, статичном, «ставшем» виде и именно в этом виде детерминирует те или иные изменения в обществе. Совершенно очевидно, что такой подход не может быть признан достаточным, сфера образования находится в постоянной динамике, чутко реагируя на изменения во внешней среде, адаптируясь к ее меняющимся потребностям и вместе с тем активно влияя на состояние среды, предопределяет и сами эти потребности».

Иерархия прогностических исследований рефлексивного, самопознающего характера в сфере образования отличается многоуровневостью и сложностью хотя бы потому, что и само образование как целостная система характеризуется весьма сложной структурой, отражающей естественные различия и философско-образовательных доктрин, и вполне реальных, повседневных образовательных проблем на разных ступенях и для разных профилей педагогической деятельности.

Но при всем многообразии прогностических проблем существуют некие инварианты тенденций, инварианты тех изменений, которые объективно происходят в образовательной сфере и во внешней по отношению к этой сфере среде. Вполне понятно, что такие инварианты просматриваются, главным образом, на верхних этажах иерархии образовательных проблем и касаются преимущественно глобальных философских, мировоззренческих вопросов, связанных с пониманием самой сущности образования, его важнейших функций и методов, взаимосвязей образования с обществом.

Образование и общество неотделимы. Это - одна система, и истинные масштабы этой системы нами пока еще не осознаются сполна. Ясно одно: любые сколько-нибудь глобальные проблемы, с которыми сталкивается общество, социум, цивилизация в целом, неизбежно сказываются и на состоянии сферы

образования. И вместе с тем именно сфера образования, откликаясь на эти общественные и цивилизационные проблемы, будучи чувствительной к ним, способна и обязана оказывать свое существенное влияние на развитие тех или иных тенденций в обществе, поддерживать или, напротив, тормозить их, находить свои специфические возможности решения глобальных или локальных социальных проблем, упреждать нежелательное развитие событий.

Все это крайне важно осознавать, поскольку именно такое понимание функций образования лежит в основе все еще требуемых доказательств приоритетной значимости развития образования для человеческой цивилизации, отдельного государства, общества, каждого человека. Вполне естественно, что, обсуждая стратегические вопросы образования, необходимо учитывать всю совокупность фоновых, социально-экономических проблем, выходящих далеко за рамки обсуждения собственно образовательной тематики.

Решение глобальных цивилизационных задач, а именно такие задачи стоят перед современным человечеством, вступающим в новый век и новое тысячелетие, не может быть простым. Оно требует неординарных идей и смелых, принципиально новых подходов. Эти идеи и подходы в критериях нашего сегодняшнего прагматичного, скептического, преимущественно технократического мышления, не исключено, покажутся утопичными, не имеющими никаких шансов на практическую реализацию. Важно преодолеть подобные стереотипы сознания. Важно понять, что все начинается с идеи. Вопрос лишь в том, удастся ли обеспечить ее реализацию, удастся ли «технологизировать идею, последовательно обращая ее в конструктивную гипотезу, теоретическую концепцию, развернутую целевую программу, наконец, в конкретный план практических действий.

Несет ли образование свою долю ответственности за те крайне неблагоприятные тенденции в нравственной, духовной сфере человеческой цивилизации, которые сложились к концу XX века и могут углубиться в XXI?

Сфера образования, несомненно, имеет самое непосредственное отношение к происходящим в мире событиям, в том числе и к тем негативным тенденциям, которые все более явственно дают о себе знать.

Но именно образование и только образование в состоянии переломить катастрофически нарастающие негативные тенденции в духовной сфере человечества.

От образования в конечном итоге зависит, сможет ли человечество осознать и конструктивно ответить на этот глобальный вызов.

Нет ни одной важной, ключевой для человеческой цивилизации проблемы, которая имеет решение в национальном масштабе, на уровне национально-государственной самодостаточности.

Может ли сфера образования способствовать осознанию этого вызова и движению человечества к единству и духовной интеграции?

В конечном счете и локальными человеческими поступками, и мировой историей в целом движет менталитет — те глубинные, «корневые духовно-нравственные, культурные ценности и мировоззренческие основания индивидуального и общественного поведения», которые при условии их согласованного, массового проявления по своей духовной энергетической мощи оказываются несопоставимыми с любыми рукотворными материальными энергоносителями или политическими акциями. Последние способны вызвать лишь относительно кратковременные, спорадические возмущения мирового исторического процесса или же, что при нынешних средствах массового уничтожения совсем несложно, прекратить этот процесс вовсе. Иными словами,

историю человеческой цивилизации можно понять не путем скрупулезного изучения и сопоставления тех или иных исторических явлений, событий и фактов (хотя и это необходимо), а лишь на основе изучения истинных движущих, созидательных сил поведения человека и общества, лишь в ее ментальном измерении. Точно так же и предвидение будущего возможно только на основе изучения ментальных предпочтений и жизненных приоритетов человеческих сообществ.

Но если это так, а весь ход мировой истории свидетельствует о том, что это, несомненно, так, то именно менталитет, как индивидуальный, так и общественный, должен быть в фокусе внимания всех без исключения общественных наук, озабоченных прогрессивным развитием и локальных социумов, и человеческой цивилизации в целом, предвидением и поиском рациональных путей такого развития. Несомненно, наукоемкая, отнюдь не только психологическая, но и в широком смысле социокультурная, нравственная категория «менталитет (или «ментальность»)» должна привлечь повышенное внимание и сферы образования, отражаясь, прежде всего, в ее аксиологических, ценностно-целевых приоритетах.

Менталитет - субстанция духовная. Складываясь исторически, индивидуальный и общественный менталитет является производным от культуры того или иного народа, его религии, уклада жизни, философских идей и, конечно же, образования. Связь между менталитетом и образованием двойственная, обоюдная. С одной стороны, характер образовательной деятельности в том или ином социуме зависит от его ментальных приоритетов. С другой - и сами эти приоритеты, жизненные ценности и идеалы зависят от образовательных потенциалов общества, его стремления к воспроизводству в каждом последующем поколении собственных культурных традиций и нравственных устоев, к их непрерывному обогащению и развитию.

При этом необходимо учитывать, что менталитет - это, по сути, квинтэссенция культуры народа. В нем фиксируются наиболее существенные, исторически сложившиеся особенности мировосприятия, мироощущения и мировоззрения того или иного человеческого сообщества, глубинные основания индивидуального и общественного сознания, поступков и поведения. Ментальные ценности обладают повышенной устойчивостью и инерционностью, противодействуя насильственным деформациям и форсированным революционно-реформистским преобразованиям и допуская лишь эволюционный путь скольконибудь существенных и тем более необратимых изменений. В то же время стабильность, устойчивость менталитета не являются абсолютными.

Вызов XXI века, напрямую обращенный к образованию, как раз и состоит в том, чтобы пробудить естественные, но все еще неосознаваемые, дремлющие в анабиозе менталеобразующие потенциалы, менталеобразующие функции образования как важнейшей сферы познания, формирования, коррекции, а в необходимых случаях и преобразования менталитета и личности, и социума в целом.

Нет необходимости доказывать, что столь широко распространенные в XX веке концепции «сила против силы» и «ударом на удар применительно к явлениям нематериального, духовного, ментального порядка успеха принести не могут. До определенного момента, разумеется, все еще эффективной может казаться политика силового сдерживания, экономического диктата или, напротив, экономического ублажения потенциальных агрессоров или международных террористов любого ранга. Но только до определенного момента. Ни одно, даже

самое богатое и могущественное в военном отношении государство в конечном счете не выдержит бремени огромных и все возрастающих расходов на сомнительное по своим последствиям удержание неустойчивого равновесия, балансирования на грани жизни и смерти...

Нет никакого сомнения, что упование на экономическое могущество и военную силу в XXI веке совершенно бесперспективно. Единственная надежда — на объединительную силу идей, духовных ценностей и приоритетов, способных остановить все более углубляющийся процесс раскола цивилизации, сплотить людей при всех различиях их ментальных предпочтений.

Приходится констатировать, что, будучи наиболее технологичной сферой, напрямую связанной со становлением личности человека и формированием духовных, нравственных ценностей всего человеческого сообщества, сфера образования все еще не выполняет своей главной - интегративной функции, способствующей духовному единению и взаимопониманию людей, не выполняет своего, прогностически наиболее важного, культуuroобразующего и менталеформирующего предназначения. Увлечшись действительно печатляющими достижениями науки и техники в XX веке, сфера образования практически во всех странах мира занялась и занимается поныне главным образом трансляцией из поколения в поколение сугубо прагматичных данных разных наук, передачей нацеленных на быструю отдачу достаточно узких, по существу, фрагментарных, технократически сориентированных знаний, умений и навыков. С этой своей задачей образование справляется более или менее успешно. Именно на это направлены основные усилия педагогов, этой же задаче подчинен педагогический процесс, разрабатываемые методические материалы, разнообразные, хотя и далеко не всегда продуманные с психолого-педагогических позиций, новейшие средства компьютерной и информационной техники и т.п. Что же касается формирования у учащихся целостной картины окружающего человека материального и духовного мира, способствующей осознанию принадлежности каждого из них к единому человеческому сообществу, трансляции из поколения в поколение ценностей духовных, культурных, нравственных в их национальном и общечеловеческом понимании, то эти образовательно-воспитательные, гуманитарные по своей природе цели в лучшем случае лишь декларируются на популистском, лозунговом уровне, а в худшем - игнорируются вовсе.

Нельзя не видеть и того, что совершенствование средств обучения и педагогических технологий явно опережает осознание сложной иерархии ценностей и целей образования. Создается далеко небезупречная с точки зрения здравого смысла ситуация, когда разработка весьма дорогостоящей педагогической технологии проводится фактически... ради самой технологии, когда педагогический процесс осуществляется ради самого процесса... Но даже самый изошренный и перенасыщенный техническими средствами процесс только тогда имеет какой-либо смысл, если заранее известно, во имя чего этот процесс осуществляется, каковы его ближние и дальние цели, каким видится ожидаемый результат... В противном случае (когда средства опережают цели) нарушается элементарная логика любой целенаправленной деятельности — «телега, как говорится, ставится впереди «лошади»..

Невнимание к ценностям и целям образования, пассивное восприятие тех жизненных приоритетов, которые стихийно складываются в обществе, — едва ли не главный порок современного образования. Тем самым образование лишается своей важнейшей опережающей, прогностической функции, теряет возможность

влиять на общественные идеалы, вести активную, преобразовательную работу по их совершенствованию.

Личный жизненный успех, измеряемый, главным образом, материальным уровнем жизни, практически повсеместно стал самоцелью, вытеснив на обочину общественного внимания, как бы на второй план, нравственные, духовные устои собственной страны, не говоря уже о человеческой цивилизации в целом.

Широко используемые и достаточно популярные в мире доктрины образования немало способствуют именно такому прагматичному, чтобы не сказать — эгоистичному циничному подходу к целевым установкам образовательной деятельности, к усвоению необходимых и достаточных для сугубо индивидуального жизнеобеспечения знаний и умений. Что же касается культуры и нравственности, то считается как бы само собой разумеющимся, что, однажды провозгласив гуманистические ценности и систематически декларируя неизменную приверженность этим ценностям, социум свою нравственную функцию выполняет сполна. Далее, как предполагается, эти духовные ориентиры будут автоматически «овладевать массами без каких-либо специальных образовательных и воспитательных усилий...»

Надо ли удивляться тому, что и абстрактные, во многом надуманные образовательные доктрины социалистического, стадного коллективизма, и сугубо индивидуалистические философско-образовательные концепции, нацеленные преимущественно на потребительские ценности мира частного предпринимательства и рыночной конкуренции, перед лицом принципиально новых гуманитарных проблем цивилизационного масштаба все более очевидно не срабатывают, отторгаются, оказываются идейно несостоятельными и практически непродуктивными?

Но может ли образование своими собственными средствами повлиять на глобальные, по существу, общечивилизационные, геополитические процессы? Можно ли рассчитывать на то, что образование в состоянии переломить устойчивые негативные тенденции и в буквальном смысле спасти мир от надвигающейся катастрофы?

Нужны прорывы стратегического масштаба, необходимо осознание реальных движущих сил мировой истории и апелляция именно к этим силам. Именно поэтому необходимо принципиально по-новому подходить к обоснованию и реализации философских концепций, стратегических ориентиров и политических доктрин в сфере образования, находящейся на главном направлении прорыва в достойное будущее человеческой цивилизации, способной найти убедительный ответ на вызов этого будущего.

Преодоление традиционной эмпирической рутины и зачастую совершенно бесцельной и бессмысленной организационно-управленческой суеты в сфере образования возможно лишь на основе четких прогностически сориентированных философско-методологических подходов, учитывающих долговременные тенденции развития мирового образовательного процесса. Иными словами, прорывы в сфере образования, переход на качественно более высокий уровень в самом понимании социальной роли образования, не говоря уже о внутренних, собственно образовательных технологиях, связанных с выходом в «космос» глобальных мировоззренческих проблем. Лишь на этой основе можно действительно увидеть новые горизонты в развитии образования, преодолеть соблазн эпигонствующего копирования «чужих» образовательных парадигм и доктрин, которые, даже в своих высших достижениях по критериям XX века не удовлетворяют вызову века XXI.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жаһандану жағдайында білім беруді дамытудың өзекті мәселелері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются актуальные проблемы развития образования в условиях глобализации.

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Атабаев Қ.-т.ғ.д., профессор (Алматы қ., әл-Фараби атын.ҚазҰУ)

Қоғам және қоғамтану мәселесі барлық уақытта да қоғамдық ғылымдардың өзекті мәселесі болған және бола береді. Десек те, бүгінгі Қазақстан қоғамдық ғылымдарын өз міндеттерін толық атқарып отыр деп айту қиын. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев тәуелсіздік қарсаңында өзінің «Әділеттің ақ жолы» атты кітабында кеңестік қоғамтану ғылымына талдау жасай келе: “Ат төбеліндей басшы топтың шындыққа жанаса бермейтін қағидаларына қызмет етуді көздеген қоғамдық ғылымдарымыздың өмірге ілесе алмай, “артта қалушылығы” да бізге өткенімізден мұра болып қалған зардабы мол қасиеттеріміздің бірі. Қазір біз теориялық тұрғыдан алғанда мүлдем қарусызданып, дәрменсіз күйде қалдық” деп жазған еді/1/. Содан бері, яғни тәуелсіздік жылдары Қазақстан қоғамдық ғылымдарын көп өзгеріске ұшырай қойды деп айту қиын. Күні бүгінге дейін ұлттық идеологияның болмауы, дәл сол біздегі қоғамдық ғылымдардың дәрменсіздігінің тікелей салдары. Мұндай тұйықтан шығудың бірден бір жолы Қазақстан қоғамдық ғылымдарын ұлттық мүддеге сай түбегейлі қайта құру.

Қазақстан қоғамдық ғылымдарын уақыт талабынан шыға отырып, реформаландырудың объективті алғышарттары бізде толық пісіп жетілді деп айтуға болады. Әрине реформа жолының ауыр екендігі, оның аурулы да азапты жол екендігі баршаға аян. Дегенмен, ол бірден бір дұрыс жол. Саналы түрде барып, жан-жақты ойластырылған және мақсатты түрде іске асырылған реформаның бар азабына шыдаған қоғам ғана оның оңды нәтижесін көре алады. Жалпы алғанда Қазақстан ғылымын реформалау ісі соңғы кезде белсенді түрде жүргізіле бастағандығы рас. Бірақ, олар, негізінен, ғылыми-техникалық дамуының 5 басым бағыттары бойынша ғана жүргізілуде. Ал, Қазақстан ғылымы болса үлкен табыстарға жылдам қол жеткізуге көмектесетін нақты-қолданбалы технологиялық ғылымдардан ғана емес, сонымен қатар, нәтижесі бірден көзге түсе қоймайтын, бірақ түбінде ұлттың ұлт болып қалуында, ұлттың өзіндік бет-бейнесін сақтай отырып дамуында, сол арқылы қоғамның бірлігін сақтауда шешуші рөл атқаратын қоғамдық ғылымдардан да тұрады.

Ұлттық ғылым академиясының 60 жылдығына арналған мерекелік сессиясында сөйлеген сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан ғылымының осы бөлігі туралы: «...мен гуманитарлық ғылымдар саласына да назар аударған жөн деген қорытындыға келіп отырмын. Ол ғылыми зерттеулердің тағы бір басым бағыты болуға заңды түрде үміттенеді... Бәсекеге қаблеттілік

тұжырымдамасы тұрғысынан келгенде қоғамдық ғылымдардың маңызын ешбір жағдайда да төмендетуге болмайды»- деп, атап айтты.

Бірақ, әзірге, неге екені белгісіз, Қазақстан үкіметі біздегі қоғамдық ғылымдарды да реформалау арқылы түбегейлі қайта құру қажеттігі туралы мәселе көтермей отыр. Ал, олар да мемлекет тарапынан өздеріне көңіл аударуды, қоғамымыздың бүгінгі даму деңгейіне сәйкес және ұлттық мүддеге сай реформалау арқылы, дамудың жаңа сатысына көтеруді қажет етеді. Сондықтан қоғамдық ғылымдарды реформалау да уақыт талабына сай жүргізілуі керек.

Ал, ол үшін, алдымен біздегі қоғамдық ғылымдардың өзіндік ерекшеліктерін анықтап алу қажет болады. Қалыптасқан шынайы ахуалдан шыға отырып, өз ерекшеліктерін ескермей және жан-жақты ойластырылмай жүргізілген реформалардың көптеген қиыншылықтарға кездесіп, нәтижесінің ойдағыдай болмай шығатындығын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Сондықтан да Қазақстан қоғамдық ғылымдарын реформалау арқылы қайта құру туралы өз ойымызды көпшілік назарына ұсынып отырмыз.

Біріншіден, Қазақстан қоғамдық ғылымдары большевиктер партиясының құрған Кеңес қоғамының артықшылығын дәріптеумен айналысуға тиіс болған КСРО қоғамдық ғылымдарының құрамдас бөлігі ретінде пайда болып, қалыптасты және 70 жыл бойы сол бағытта дамыды. КСРО күйреп, большевиктер диктатынан да, қоғамдық ғылымдардың негізін құраған марксизм-ленинизм ілімінен де арылды. Бірақ, Қазақстан қоғамдық ғылымдарында кейбір концептуальды өзгерістердің болғанымен, жалпы алғанда, айтарлықтай түбегейлі өзгерістер бола қойды деп айту қиын. Дегенмен, ондай өзгерістердің болмауының да белгілі бір дәрежеде өз заңдылықтары бар.

Өмір бойы “Қазақстанның капитализмді аттап өтіп, социалистік қоғам орнатқандығын” немесе “социалистік өмір салтының капиталистік өмір салтынан артықшылығын” дәлелдеумен айналысқан пәлсәпашының, “социалистік реализмді” немесе “формасы ұлттық, мазмұны социалистік” кеңес әдебиетін зерттеген әдебиеттанушының, “Қазақстанда тап күресінің нәтижесінде және большевиктер партиясының басшылығымен социалистік қоғам орнауының заңдылықтарын” дәлелдеп берген тарихшының (солардың бірі осы жолдардың авторы) т. т. тез арада өзгере қоюлары мүмкін де емес еді. Ол үшін бегілі бір кезеңнен өтуіміз қажет болатын. Міне енді, сол өтпелі кезең де аяқталып келе жатыр деп айтуға болады. Ендігі жерде ескі сарынмен жүре беру біздегі қоғамдық ғылымдардың уақыт талабынан тым артта қалып қойуына әкеліп соқтырары анық.

Екіншіден, бізде қоғамтанушы-ғалымдар даярлау ісі де, сол баяғы кеңестік кезеңнен қалған жүйе бойынша жүргізіліп келді. Рас, соңғы жылдары ғылым саласында ҚР Білім және ғылым министрлігінің басшылығымен бізде де ғылыми дәрежелер берудің, яғни ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын мамандар даярлаудың халықаралық стандартқа сай үш сатылық жүйеге көшіріле бастады. Мүмкін, жалпы алғанда ол дұрыс та болар. Өйткені, біздегі қазіргі жүйе ғылымды дамытуға емес, ғылыми атақ-дәрежелер беруге бағытталған. Ол өз мүмкіндігін толығымен тауысқандығы анық. Бірақ, біздің байқауымызша, реформалау барысында біздегі қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың өзіндік ерекшеліктері ескерілмей отырған сыңайлы. Егер, шынымен солай болса, онда мұны ұлт болашағы үшін аса қауіпті үрдістің көрініс бере бастауы деп бағалауымыз керек.

Үшіншіден, біздегі барлық дерлік қоғамдақ-гуманитарлық ғылымдар саласы аса саясаттандырылған, өзінің басты міндетінен алшақтатылған. Олар ұзақ жылдар бойы бір ғана идеологияға және белгілі бір саяси топтың мүддесіне

қызмет етіп, орыстық (кеңестік) дүниетанымның шылауында келген ғылым. Қазақстан қоғамдық ғылымдарының осындай және басқа да ерекшеліктерін ескермей, оның қазіргі реальды жағдайы мен мақсат- міндеттерін анықтап алмай, нақты жаратылыстану ғылымдармен қосақтап, бір қалыпқа құйып реформалау бір қателіктен, екінші қателікке ұрындырары анық. Мысалы, қазіргі жаңа талаптардың бірі, философия докторы (Ph.D) ғылыми дәрежесін беруге байланысты шетелдік университеттермен, ондағы мамандармен ынтымақтасу, мүмкін ғылымның басқа салаларына пайдалы болса болар, бірақ Қазақстан қоғамдық ғылымдарына пайдалы болуы екі талай. Бұл кеңестік шылбырдан босаған Қазақстан қоғамдық ғылымдарының мойнына батыстық шылбар салу деген сөз.

Қазақтың тілі, тарихы түгіл қазақтың өзінің кім екендігінен хабары шамалы шетелдік мамандардың біздің тілімізді, тарихымызды, әдебиетімізді т.т. зерттеуге көмектеседі деп ойлаудың өзі ыңғайсыз. Мысалы, біздің тарихымызды шетелдік тарихшылардың, олардың ішінде орыс тарихшыларының да, қалай жазғанын талай көрдік емес пе? Кезінде тарихымызды өзгенің көзімен және өзгенің тілімен жазу негізгі үрдіске айналмады ма? Өкінішке орай, сол үрдіс аздаған өзгерістермен күні бүгінге дейін жалғасып отырған жоқ па? Ондай үрдістен бас тартпай, тарих ғылымын басқа арнаға бұрмай шынайы тарихымызды зерттеу де, жазу да мүмкін емес екендігіне көзіміз әлі де жеткен жоқ па?

Тарих ғылымын басқа арнаға бұрудың бірден-бір жолы Қазақстан тарих ғылымын ұлттық мүддеге сай реформалау арқылы түбегейлі қайта құру екендігі және оның теориялық-методологиялық негіздері мен жолдары туралы біз бірнеше мақалаларымызда айттық. Бірақ, Қазақстан тарих ғылымын біздегі қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың құрамдас бөлігі ретінде, сол ғылымдармен байланыста ғана реформалауға болады. Қоғамдық ғылымдарды реформалаудың да объективті алғышарттары бізде толық пісіп жетілді деп батыл айта аламыз. Олардың ең бастылары: ұлттың өзін-өзі тануға деген ұмтылысы; дінге, тілге, тарихқа деген қызығушылықтың артуы; ұлттық идеологияның қажеттігі т. б. Бүгінгі қоғамдық ғылымдардың мұндай ұлттық сұраныстарды қанағаттандыруға қабылетсіз болып шыққандығы баршаға аян шындық. Тәуелсіздік алғанымызға 18 жыл болса да ұлттық идеологиямыздың болмауы соның айқын дәлелі. Ұлттың рухани өмірін зерттейтін шынайы қоғамдық ғылымдары болмай, ұлттық идеологияның қалыптасуы да мүмкін емес.

Төртіншіден, қоғамдық ғылымдарды реформалау үшін ең алдымен оның мақсаты мен міндеттерін, қай бағытта, қандай жолдармен реформалауға болатындығын айқындауымыз қажет. Біздің ойымызша, Қазақстан жағдайында біздегі қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың басты зерттеу объектісі – *қазақ қоғамы* болуы керек. Өйткені, қазақ жерінде бұрын-соңды өмір сүрген адамдар қауымдастығының негізін қалаған, қоғамдық қатнастардың ұйтқысы болған және болып отырған *қазақ халқы*. Осы бір қарапайым да айқын шындықты мойындап, ашық айтатын уақыт жетті. Қазақтың тілін, әдебиетін, мәдениетін, салт дәстүрін, дінін, ділін, психологиясын, тарихын т.б. бірінен бірін бөліп қарастырып, бөліп зерттеу мүмкін емес. Өйткені олардың бәрінің ортасында тұрған алтын дінгегі – *қазақ ұлты және сол ұлттың құрған қоғамы*. Сондықтан қазақтардың өмір сүрген және өмір сүріп отырған қоғамын барлық ерекшеліктерімен кешенді зерттеуге мүмкіндік алу қоғамдық ғылымдарды реформалаудың басты мақсаты болуы керек.

Әрине, қазақ қоғамын жан-жақты зерттеу барысында әр ғылым саласы өз мақсат-міндеттеріне қарай қызмет етуге, қазақ қоғамының сан-алуан қырларын

ашып көрсетуге тиіс. Бірақ, ең бастысы, олар бір-бірімен тығыз байланыста қарастырылып, бірін-бірі үнемі толықтырып отырулары керек. Өйткені, олардың негіздері бір, зерттеу объектісі ортақ. Мысалы, *қазақ тілі, қазақ әдебиеті мен қазақ тарихын* алайық. Оларды бірінен-бірін айырып, бірінсіз бірін зерттеу мүмкін емес. Себебі тіл ұлттың тарихи даму барысында пайда болса, қалыптасса және дамыса, ұлттың тарихы сол ұлттың тілінде пайда болған әр алуан әдебиеттерде бейнеленген. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті тарихилық принципі тұрғысынан, қазақ тарихы тінінде зерттелінсе, тарих негізінен сол тілде пайда болған ауыз әдебиеті немесе жазба әдебиет сияқты дерек көздері арқылы зерттелініп, жазылуы тиіс. Демек, *қазақ тілі, қазақ әдебиеті, қазақ тарихы т.т.* бір-бірімен тығыз байланыста, кешенді түрде зерттелулері керек. Ол үшін алдымен оларды зерттейтін ғылымдарды кешенді түрде реформалау арқылы қайта құру қажет.

Бұл аса күрделі де ауқымды істі бұдан әрі кешеуілдетуге болмайды. Себебі бүгінде *қазақ қоғамының* алдында екі бағыт көріне бастады. Біріншісі - өзінің ұлттық бет-бейнесінен айырылып, жаһандану жолында ұлт ретінде жойылу, екіншісі - өзінің ұлттық бет-бейнесін, яғни *тілін, әдебиетін, дінін, салт-дәстүрін, тарихын т. т.* сақтай отырып, әлем халықтары арасынан өз орнын таба білу. Әзірге анық көрініп тұрғаны біріншісі. Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде: «Жаһандану дәуірінде тарихи-мәдени мұра - өзін-өзі біртектілендірудің негізі. Оны сақтамасақ, біз жаһандану әлемде тағы да жоғалып кетуге тәуекел етеміз» деді. Демек, ұлтқа төнген қауіптің барлығын жоққа шығаруға болмайды. Қоғамдық ғылымдарға өз дәрежесінде, яғни ұлттық деңгейде көңіл бөлмеудің тікелей соған алып келеріне еш күмән жоқ. Ал, екіншісіне біздегі қоғамдық ғылымдарды жаңа сапалық деңгейге көтеру арқылы ғана қол жеткізуге болады. Демек, Қазақстан қоғамдық ғылымдарын реформалау арқылы түбегейлі қайта құру, қоғамтану ғылымының теориясы мен методын терең меңгерген, ұлттық кәсіпқой қоғамтанушы-ғалым мамандардың жаңа буын өкілдерін даярлау - ұлттың ұлт ретінде сақталуының және дамуының басты кепілдіктерінің бірі.

Сонымен қатар, Елбасы өзінің қорытынды сөзінде “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасына қатысты негізгі міндеттерді атап көрсете келе: «Тұтастай алғанда осы және басқа міндеттер кешенін орындау ведомствоаралық нақты үйлестіруді талап етеді»-деді. Ондай үйлестіру міндетін атқара алатын және өзі де сол мақсатта ашылған Орталық бар. Тек оны тиімді пайдалана білу қажет.

Мысалы, менің ұсынысыммен және “Мәдени мұра” бағдарламасының сол кездегі жетекшісі И. Н. Тасмағамбетовтің тікелей қолдау көрсетуімен, ҚР үкіметінің 2005 жылғы 1 наурыздағы № 183 қаулысына сай, сол жылдың 1 шілдесінен бастап “Археография және деректану ұлттық орталығы” жұмыс істей бастады. Сол жылдары жүзеге асырыла бастаған мемлекеттік “Мәдени мұра” бағдарламасы аясында ашылған Орталық сол бағдарламаға қатысқан әр түрлі мемкемердің жұмысын үйлестіруге, жиналған деректерді ғылыми айналымға тартыудың археографиялық және деректанулық негіздерін жасап, жолдарын көрсетуге тиіс болатын.

Бірақ, біріншіден, бізге түсініксіз себептермен Орталық өзінің Ұлттық деген атына қарамастан Мәдениет және ақпарат министрлігінің бір комитеті жанынан ашылып, қызмет аясы сол комитет шеңберімен шектелді. Екіншіден, Орталық деректанушы мамандар бар Алматы қаласында емес, ұлттық деректану ісін меңгерген бірде бір маман жоқ Астана қаласында ашылды. Міне, сол

Орталықты Үкімет шешімімен ведомствоаралық ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде қайта құруға болады.

Олай дейтініміз, біріншіден, гуманитарлық сипаттағы біздегі барлық қоғамдық ғылымдардың негізгін ұлттық дерек көздері құрайды. Сондықтан қазақ қоғамының қай саласын зерттеумен айналыспасын, қоғамтанушылардың бәрі де сол ұлттық деректермен жұмыс істей білулері керек. Ол үшін ұлттық дерек көздерімен жұмыс істеудің теориялық-методологиялық негіздерін жасап, әдіс-тәсілдерін айқындаумен айналысатын арнайы орталық қажет. Екіншіден, біздегі қоғамдық ғылымдардың *таным объектісінің негіздері*, яғни қазақ қоғамының мәлімет көздері болып табылатын ұлттық деректер бір министрлікке қараса, *таным субъекті*, яғни қоғамтанушы ғалымдар екінші министрлікке қарайды. Мысалы, ұлттың өзін-өзі тануға негіз болар дерек көздері Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты мұрағаттарда, мұражайларда және кітапханаларда сақталса, сол дерек көздерін зерттеу ісімен айналысатын қоғамтанушылар жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында, әр түрлі зерттеу орталықтары мен зертханаларда жұмыс істейді. Бүгінгі күні олардың арасында белгілі бір үйлестіру орталығы жоқ. Ал, ондай орталықтың қажеттілігі күннен-күнге айқын сезілуде.

Елбасының бастамшылдығымен қабылданған “Мәдени мұра” бағдарламасының аясында үлкен-үлкен жұмыстар атқарылып, талай ауқымды істер тындырылғандығы рас. Ол туралы Елбасының қатысуымен Астанада өткен Қоғамдық кеңестің отырысында жан-жақты айтылды. Әр мекеме басшысы өз есебін жасап, бағдарламаның өзіне тиісті бөлімін орындағандықтарын баяндады.

Дегенмен, қандай-да істе болмасын белгілі бір кемшіліктердің болатындығы заңдылық. Ондай кемшіліктердің “Мәдени мұра” бағдарламасын орындау барысында да жіберілгендігі анық. Терең талдау жасамай-ақ, сырттай қарағанның өзінде де талай кемшіліктерді байқауға болады. Ол, әсіресе, аударма мәселесінде айқын көрініп тұр. Әрине, олар келешекте ескерілуі керек. Бірақ, “Мәдени мұра” бағдарламасын орындау барысында қандай кемшіліктер жіберілгендігі, бөлінген қаражаның қаншалықты тиімді жұмсалынғандығы, келешекте неге көңіл аударуымыз қажет екендігі, ең бастысы, сол бағдарламаны орындау барысында жиналған жазба мұраларды ұлт мүддесіне сай қалай пайдалана білуіміз керек екендігі анық айтылмай қалды. Өйткені бізде “Мәдени мұра” бағдарламасының қорытындысына ғылыми сараптама жасайтын белгілі бір орталық болмай шықты.

Сонымен, қорыта айтсақ, Қазақстан қоғамдық ғылымдарын ұлттық сұранысқа сай реформалау арқылы жаңа сапалық деңгейге көтеру уақыт талабынан туындап отырған қажеттілік. Бірақ, тәжірибе көрсетіп отырғандай, қандай да болмасын ұзақ жылдар бойы әбден қалыптасып қалған жүйені реформалау арқылы қайта құру ауыр да азапты іс. Ол үлкен шыдамдылықты және жан-жақты ойластыруды қажет етеді. Ал, қоғамдық ғылымдар сияқты ұлттың рухани өміріне қатысты ғылым саласын қайта құру тіптен де ауыр іс. Сондықтан ол тек ғылыми негізделген шаралар арқылы ғана жүргізілуі тиіс. Біз жоғарыда айтқан ведомствоаралық Орталықтың басты міндеті сол бағытта атқарылар нақты шаралардың ғылыми негіздемесін жасау және солардың тиімділігін дәлелдеу болу керек.

Екіншіден, қоғамдық ғылымдардың бәріне ортақ негізгі тірегі ұлттық мәдени мұралар: фольклор, археологиялық, этнографиялық, жазба т.б. тарихи деректер. Бірақ, оларды тек деректану ғылымы арқылы ғана танып білуге, олардан шынайылық деңгейі жоғары мәліметтер ала білуге және ғылыми

еңбектерде пайдалана білуге болады. Демек, Орталықтың келесі міндеті ұлттық деректану ғылымының теориялық-методологиялық негіздері мен зерттеу әдіс-тәсілдерін жасау болуы тиіс.

Үшіншіден, қоғамдық ғылымдарды реформалау қоғамтанушы ғалымдардың жаңа буын өкілдерін дайындауды қажет етеді. Сондықтан Орталық осы істі сұранысқа сай үйлестіру ісімен де айналысуы керек.

Төртіншіден, Орталық “Мәдени мұра” бағдарламасы аясында атқарылып келешек кешенді істерді үйлестіру міндетін де атқаруы тиіс. Әрине, бұл айтылғандар тек ең негізгілері ғана. Дегенмен осының өзі де арнайы бір Орталықтың қажеттігін көрсетеді ғой деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТ

1 Назарбаев Н. Ә. Әділеттің ақ жолы: - Алматы, 1991. – 288 , 131 б.б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазіргі кездегі қоғамдық ғылымдардың жайы, оның ішінде Қазақстанда тарих ғылымы мен деректану саласын дамыту жолдары сөз болады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются пути развития исторической науки и источниковедения в Казахстане на современном этапе.

ЕРТЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

ҚЫПШАҚ МЕМЛЕКЕТТІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

Абдиманов С.А. – оқытушы (Алматы қ.,АИК)

Жалпы тарих ғылымы - ұлттың, елдің тәуелсіздігіміздің тірегі. Өйткені, Отан тарихы оның әлемдік қауымдастығы орнын айқындайтын негізгі фактор. Тарихсыз қоғам, халық, мемлекет болмайтыны белгілі. Егемендігімізді алғалы бері тарихымызды қайта қарайтын, ақ пен қараны айырып, салт-дәстүрімізді саралап, халыққа тән ұғым, саналық қасиеттерді қайта жасайтын кез келді. Н.Ә.Назарбаев қазақ мәдениетінің, әдебиетінің тілінің, дінінің, түркі ислам өркениетіне қосар үлесіне үлкен сенім білдіреді. Егер жерімізді, атамекенімізді қастерлейтін болсақ, онда ұлтымыздың қуатын күшейтеміз.

Туған Отанымыздың тәуелсіздік алуы қоғамдық өмірде үлкен өзгерістерге жол ашты. Халқымыздың ұлттық санасы оянды.

XII ғасырда қыпшақтар бүкіл араб, парсы, славян, роман-герман халықтарының үрейін ұшырған күдіреке айналды. Ертістен Еділге, Шу мен Таластан Каспийге дейінгі біртұтас ең далада қыпшақ одағы үстемдігін жүргізді. Ежелгі Оғыз даласы енді Дешті Қыпшақ даласы атанды. Қыпшақ мемлекеті тұсында ғылыми жазба еңбектер жөнінде жазбалар көп қалған. Түрлі

көзқарастар, әрбір дерек көзінде әр түрлі мағлұматтар берілген, тарихи ғылыми негізінде зерттегендер де бар.

Қыпшақ атауымен халық болып танылған қазақ барша түркі әулетінің қара шаңырағы болды. Түркі халқының құрамына қосылған ежелгі тайпалардың бірі – қыпшақ. Қыпшақтар түркі халқының қалыптасуында маңызды роль атқарды. Мұсылман тархшыларымен орыс жылнамашылары көшпенді қыпшақтардың саны көп және олар шығыс Қазақстанда, ал кейін Орал бойы мен Орталық Қазақстанды мекендеді, ұлан байтақ далада жетекші тайпалардың бірі болды дейді.

Қыпшақтардың шығу тегі жөнінде қазақ ғалымы Б.Е.Көмеков қыпшақтардың арғы тегі Се (Сир, IV-VII ғасырлар) Ордостың шығыс бетін мекендегенін және олардың көршісі Яньто тайпасы болғанын, оны қыпшақтар бағындырып, екі тайпа бірігіп Сеяньто деп аталғанын дәлелдеді. Б.Е.Көмеков және С.Г.Кляшторный кейбір араб дерегінің негізінде Яньто одағы 630 жылы Хангайда Сир мемлекетін құрғанын, оның шекарасы Алтайдан Хинганға, Гобиден Керуленге дейін созылып жатқанын анықтап берді. Сеяньто қағандығы Солтүстікте Енисей қырғыздарын бағындырғанын, 646 жылы тоғыз-оғыздар сеяньто мемлекетін талқандағанын көрсетеді. Алайда, көп ұзамай 691 жылы Сеяньто тайпасы Сир мемлекеті деген атауды өзгертіп, 760 жылы қыпшақ этнонимін қабылдады.

XI ғасырдағы қыпшақ тарихы көбінесе туыстас куман тайпаларының тарихымен тығыз байланысты болды. Ақырында, XI ғасырдың ортасы мен XII ғасырдың басында және монғолға дейінгі кезеңде қыпшақтардың миграциясының соңғы фазасында қыпшақ тайпаларының негізгі 5 тобы біржолға қалыптасты: 1. Алтай Сібір тобы; 2. Қазақстан–Орал бойы тобы; 3. Дон бойы тобы; 4. Днепр тобы; 5. Дунай тобы.

XI ғасырда Қимақ қағандығы құлағаннан кейін тайпалар қыпшақ хандарының қолына көшті. XI ғасырда оғыз даласы «Дешті Қыпшақ деп атала бастады. Хорезмнің Солтүстік шекарасына таяп келіп, Еділ өзенінен Батысқа қарай қозғала бастады. Ежелгі орыс жылнамаларында XII ғасырда «Қыпшақ даласының» шегі Еділ мен Днепр арасы деп көрсетілген. Қыпшақ тайпалары Тоқсаба мен Бөріоғлы бастаған қуатты екі бірлестік–Днепр бойы және Дон бірлестіктері осы кезеңде айрықша көзге түсті. Батыста қыпшақтар орыстармен және еуропалықтармен қарым-қатынасқа түскен, оған дейін осы аталған екі халықта қыпшақ деген сөзді білмеген. Орыстар қыпшақтарды «половецтер, ал батыс еуропалықтар «комондар деп атаған. «Коман» деген сөз мұсылман әдебиеттерінде кездеспейді. Қыпшақтар жартылай отырықшы халық болған. Олар Орта Азиялық Сығанақ, Түркістан, Мерке, Тараз, Отырар қалаларының негізгі тұрғындары болды. Қыпшақтар Шығыс халықтармен (Орта Азия, Орталық Азия, Иран, Сирия) Батыс елдерімен (Ресей, Шығыс Еуропа) және Оңтүстік (Византия) елдерімен әскери, сауда, экономикалық, шаруашылық саяси әкімшілік қарым-қатынастар жасап отырды.

Орта Азиялық араб авторлары Ахмед әт-Тини мен Әд-Димашкидің шығармаларында XII ғасырда және XIII ғасырдың басында қыпшақтардың 16 тайпадан тұратын конфедерациясының тізімін келтіреді. Онда көрсетілген әр этникалық топтың династиялық, әлеуметтік және саяси орны мен деңгейіне сәйкес бәрі де қатаң реттілікпен берілген. XI–XII ғасырларда қыпшақ конфедерациясының тайпалық құрамының жүйесі өте күрделі болды. Оған басқа түркі тілді қимақ, құман, печенек, көне башқұрт, оғыз тайпалары мен иран тілдес этникалық топтардың түркіленген элементтерін де қосып алды.

XI ғасырдың бас кезінде қыпшақ ақсүйектерінің Шығыс Дешті Қыпшақ тайпаларының қоныстану аймағын ұлғайту үшін істеген әрекеттері қыпшақ мемлекетінің құрылуына себепкер болды.

XI ғасырдың екінші жартысында қыпшақ хандарының саяси бірлігі нығайды. «Құдіретті хан» осы кезде қалыптасты. Қыпшақ хандарының билігі әкеден балаға мұра ретінде берілді. Хандар негізінен бөрілі тайпасынан шықты. Ханның негізгі мекен-жайы Орда деп аталып, онда басқару аппараты болған.

А.Х.Марғұлан «Қазақстан в эпоху феодализма» еңбегінде: «монғол-татар шапқыншылығы кезінде қыпшақтардың бір қанаты Дунайдан Батыс Еуропа елдеріне, екінші қанаты Византияға қоныс аударды. Біраз бөлігі Шам мен Мысырға кетті. Қыпшақ тайпалары кейін келе көптеген түркі тілді қазақ, қарқалпақ, қырғыз, өзбек, татар, башқұрт, ноғай, әзірбайжан, түрікмен, қарашай тағы да басқа құрамына кірді деп жазған.

Сонымен аса ықпалды қауымдастығының бір тармағы болып табылатын кимақ-қыпшақтар Ертістің жоғарғы сағасында өмір сүрді. Жаңа мекенге орнығып, күн сайын күш жинап күшейе түскен қыпшақтар, оңтүстік көршілері болған оғыздарға қысым жасай бастады. Қыпшақтар бұдан былай XI ғасырдың ортасында Қара теңіздің терістігіндегі кең далаларды мекендей бастады. Қыпшақтар әлденеше рет Дунайдан өтіп Балқан мен Мажарстанға шабуыл жасап тұрды.

Қыпшақтардың саяси-қарым-қатынастарына келсек, 1065 жылы Селжүк билеушісі Алып Арслан Маңғыстауда жақсы бекініс қамалы бар қыпшақтарға қарсы жорыққа шықты. Қыпшақтарды бағындырған соң селжүк сұлтаны Жент пен Сауран қалаларына аттанды. Осы әскери қимылдар нәтижесінде қыпшақ тайпаларының бір бөлігі уақытша Қарасан селжүктеріне тәуелді болды. 1096 жылы «Құдіретті хан» бастаған қыпшақ бірлестігінің тайпалары Хорезмге жорық жасады. Бірақ Хорезм шахтарының қорғаушысы селжүктер оларды Маңғыстауға қайта оралуға мәжбүр етті. Махмұт Қашқаридың деректеріне қарағанда, қыпшақтардың әскери-көшпелі билеушілері Қарахан династиясы билеушілерімен күрделі саяси қарым-қатынаста болған тәрізді. XI ғасырдың аяғында XII ғасырдың басында Сырдарияның төменгі ағысында Жент, Жаңакент және т.б. қалалар қыпшақ көсемдерінің иелігінде болды.

1182 жылы Әл-Бағдадидың деректері бойынша, Текештің ұлы Мелік-шах Жент, Рибат, Баршылық қалаларына ғана емес, сонымен бірге қыпшақтардың саяси әкімшілік орталықтарының бірі Сығанақтың да билеушісі екендігі айтылады. Дегенмен бұл деректер осы аймақтағы саяси жағдайдың мезеттік күйін ғана білдірді. Бұл жүйенің идеологиялық негізі қыпшақтардың, әсіресе, олардың ақсүйектерін ислам дініне тарту болды. Соның өзінде қыпшақ тайпаларының елеулі бөлігі XII ғасырдың аяғына дейін ислам дінін қабылдай қойған жоқ.

«Қыпшақ мемлекетінің осындай ұзақ уақыт бойы ислам дінін қабылдамастан өмір сүруі оның санасындағы халықтық элементтің қаншалықты күшті болғанын көрсетеді»—деп атап өтті В.В.Бартольд.

XII ғасырдың басында қаңлы тайпа бірлестігі жеке бөлініп шығуға ұмтылған үлкен саяси күшке айналып, мұның өзі Қыпшақ хандығының саяси бірлігіне іріткі салды. Хорезм шахтарының басты әскери күші қаңлы және қыпшақ тайпаларынан құрылғандығы белгілі.

Сонымен бірге, қазақ этногенезінде қыпшақтардың елеулі рөл атқарғанын айрықша атап өткен жөн. «Қазақ» сөзінің өзі де қыпшақтар мекендеген аймақта шыққан деп есептеуге толық негіз бар. «Қазақ» терминінің алғашқы таралу

аймағы шығыс Дешті Қыпшақпен, яғни қазіргі Қазақстан территориясымен байланысты.

Қазақ атауының күмән тудырмайтын алғашқы рет қолданылуы 1245 жылы Египет мамлюктері мемлекетіндегі қыпшақтар арасында құрастырылған көне қыпшақ шығармасында (түркі араб сөздігі) кездеседі.

Қорыта келгенде, қыпшақ мемлекеттік бірлестігі (XI–XII ғғ) орта ғасырдағы феодалдық мемлекет. Қыпшақтар VIII–IX ғасырда қимақтарға тәуелді болып, Қимақ мемлекетінің құрамына енеді де, кейіннен іргесін аулақата бастайды. Зерттеушілер Махмұд Қашқаридың, Гордизидің, Абулғазының, Рубруктың, Рашид-ад-диннің жазбаларына қарағанда қыпшақтардың құрамына бұл өңірді мекен еткен қимақ, қаңлы, печенег, башқұрт, қарлұқ, баяндүр, оғыз т.б. тайпалар енген. Орыстың ежелгі жылнамаларында қыпшақ тайпаларының Еділден Днепрге дейінгі жері «Половшылар даласы» аталды. Қыпшақтар негізінен мал шаруашылығымен айналысқан. Қолөнер кәсібі де жақсы дамыған. Қыпшақ құрамында әлеуметтік, қауымдық теңсіздік болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көмеков Б.Е. Қыпшақ хандығы // Қазақ тарихы. 1993. №1.
2. Дербісәлиев Ә. Қыпшақ хан жазған тарих. // Парасат. 1994. №4.
3. Құрысжанов Ә. Қыпшақтар кім? // Білім және еңбек. 1962. №11.
4. Тәужігітов А. Қыпшақ деген қай халық? // Арай 1990. №9.
5. Аманжолов К.Р. Қазақстан тарихының дәрістер курсы. 1-кітап. Алматы, 2004.
6. Жолдасбаев С. Бабаев Д. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы. Алматы, 2003.
7. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Алматы, 2003.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қыпшақтардың шығу тегі мен мемлекеттік бірлестігінің құрылуы жайында айтылған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена истории происхождения и образования кыпчакского государственного объединение.

ҚАҢЛЫ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ӘСКЕРИ ТАРИХЫ

Жылқышыбаева Қ.Қ.-т.ғ.к., доцент (Алматы қ., Қазмемқызпу)
Абдиманов С.А.-оқытушы(Алматы қ., АИК)

Мемлекет болған жерде оның жерін, елін қорғайтын қарулы қолы, әскери күші болуы міндетті. Демек, әскери күші қай заманда болмасын мемлекеттік құрылымның құрамдық бөлігі болып саналған. Сондықтанда жалпы дәурендеу мерізімі XV ғасырға созылған қаңлы мемлекетінің (б.д. д.Шғ.- XIIIғ. басына дейін) тарихында тұрақты әскери күшінің болғандығы Қытай жылнамаларында көрсетіліп отырған Кангюй мемлекетіне алғаш келген елші Чжан Цзяньның мағлұматы бойынша бұл мемлекеттің 120 мың садақшы жауынгері болған.

Қарапайым халықтан шыққан аламан емес, мемлекет, хандық құрамында қалыптасқан, ел қорғау, жер қорғау мақсатымен арнайы жасақталған әскери күш туралы айтсақ, ұзын сонар қаңлы тайпалары мен қаңлы мемлекетінің тарихында ұзақ әңгіме. Бұл қаңлылардың көне замандарда да, орта ғасырларда да өзінің патриоттық рухын, әскери салтын тұрақты сақтап келген, сол бір өткен ала-сапыран кезеңдегі дау-жанжалдың баршасы, ел мен ел арасындағы жаугершіліктер мен бейбітшіліктің ара-жігі ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен айқындалатынын айқындап, дәлелдеп, мың сан әскер ұстап, қарулы күшін сақадай сай тұту кез келген елдің қолынан келе бермеген. Бұл-мақсаты, мүддесі, жері мен суы бір, бір тұтас мемлекет болып қалыптасқан қаңлы сияқты қалың елдің ғана қолынан келген тірлік еді.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, сонау б.д.д. II ғасырдың өзінде-ақ, 120 мың сақадай сай садақшылары болған Кангюй мемлекеті осыншама әскери күшті еш арылған емес. Бұл дерек Қытайлардың Үлкен Хань және Кіші Хань династияларының тұсында жазылған деректерде де кездеседі.

Бұл келтірілген Қытай ғалымы Бан Гудың «Батыс өңірі және үйсін мемлекеті» атты еңбегінде қайталанады. «Қаңлы мемлекетінің түтін саны 120 мың, жан саны 600 мың, әскері 120 мың... /1/» деп көрсетеді. Өйткені, түркі-моңғол дүниесінде ертеден-ақ қалыптасқан дәстүр бойынша бес адамнан, не бір түгіннен бір садақшы шығарылған.

Осыншама әскери күш ұстау Қаңлы мемлекетінің, одан кейінгі қаңлы қауымының сонау көне дәуірінде басталып, XIX ғасырға дейін жалғасып келген дәстүрі екендігіне көз жеткізуге болады. Бұл дәстүрді біз Хорезм заманында да өз дамуынын тауып, одан кейін де жалғасқанын көреміз.

Көне Хорезм жеріне археологиялық зерттеу жүргізген ғалым С.П.Толстов өз жұмысының бір тарауын «Конница Кангюя» деп атап, салт атты әскердің теңгеге түсірілген бейнесіне байланысты мұздай қаруланған атты әскердің сол кездегі мемлекет өмірінде ерекше орын алғандығын айтады. Қаңха-Хорезм мемлекетінде қалыптасқан әскери күш ұстау дәстүріне байланысты С.П.Толстов өте көп деректер келтіреді. Мәселен, ол Александр Македонский заманындағы Рим империясының құлауына түркі мемлекеті - Парфияның жер қайысқан қалың қолы себеп болғандығын, ол кезде мемлекет тағдырын қиян-кескі соғысы, мұздай болып қаруланған атты әскер шешкенін айта келіп, бұл дәстүрге Қаңха-Хорезм мемлекеті де ерекше мән бергенін, көне Хорезм жерінен табылған сан алуан қару – жарақтар мен оларды жасаушы ұста жабдықтары көп нәрсенің сырын ашатындығын баяндайды. Сонымен бірге, көне Хорезм жерінен табылған бай археологиялық олжалардың арасында теңгелер мен табақшалардың бетіндегі саяси символдың негізі болып саналған атты әскер бейнелерін талдап – таратады. Ол оны:

«Мы показали, что отсюда, из *Кангха – Хорезма* этот образ пришел в сакскую чеканку I в. на Нижнем Инде, ибо Массagetское племя сакаровков, вторгнувшись сюда из Сеистана, начало свой путь от Хорезма и вожди его, как и вожди парфян, вероятно, были связаны родственными узами с домом Сиявушидовн... /2/» деп түсіндіреді.

Кангхи-Хорезмнен табылған теңгелердегі атты әскердің мінгендері ұзын-аяқты сақал-теке тұқымы емес, аласалау келген, жұнттай семіз, әрі мықты ат тұрпатында суреттелген. Табылған табаққа (көзеде), салынған салт әскер суреті I ғасырдың аяғындағы Хорезмге, не солтүстік Орта Азияға жатады деп анықтайды автор. Оның: «Крупный боевой конь, чулкообразное налучие, длинный лук, длинная пика и длинный прямой меч...» деп көрсеткені. Бұл заттар табылған жер

– б.д.д II ғ. *Жамбас қала, Базар қала* Қаңлы// Кангюй мәдениетіне тән қалалардың орындары екен.

Академик С.П.Толстов өз зерттеуінде Сырдарияның бойында Ескендір Зұлқарнайынмен болған құнды шайқаста оған қарсы шыққан жергілікті скифтердің қатарында *кангюй – хорезм* атты әскерлерінің болуы ықтимал деп көрсетеді. Қару-жарақпен мұздай болып құрсанған бұларды тек ауыр оқ атқыштармен ғана (стрелометная машина) мерткітіруге болатын, ол әскерлердің қарулары әртүрлі болды, белдерін алтынды белдіктермен буынып, аттарын теңгемен қапталған (чежуйчатые) пластика жабулармен жабулаған еді дейді.

Канга-Хорезм архелогиялық ескерткіштерінде аласа бойлы дала аттарымен қатар «аспан текті, не күннен жаратылған» сідан аяқ жүйріктер де көп кездеседі. Осыған орай С.П. Толстов еңбегінен тағы бір деректі келтіре кетейік. Ол:

“Изображение всадника... Этот символ кангхской-хорезмийской государственности становится не менее характерным символом Боспорский государственности I-III вв.н.э.и, наконец, что особенно существенно,...в политическую символику этой новой, савраматской (аспургианской) династии Боспора прочна входит один из вариантов кангюйско -хорезмский тамги дома Сиявушидов (...таңбалар көрсетіледі)”, - деп жазады.

Хорезмнің Кангхамен қатыстағы жайына тоқталып, академик С.П.Толстов: “Имя Хорезма открывается, таким образом, включающим в состав своей семантической нагрузки и имя основного тотем хорезмийских массагетов, так богато отраженного в монетный типологии в террактовой пластинке *кангюйской эпохи- коня*”- дейді.

Салт атты әскер қару- жарағын сипаттай келе, автор: “Этот своеобразный, совершенно определенных историко-культурных условиях -в условиях скрещения оседло-охотничье-рыболовческих традиций древней речной земледельческих культуры- с влияниями сложившихся в условиях кочевой степи форм стрелькового оружия. *Кангха – Хорезм* дает нам оптимальные условия для этого скрещения” /3/- деп көрсетеді.

Қаңлы қарулы қолдары тек мемлекет құзырында ғана емес, Қаңха- Хорезм мемлекеті құлағаннан кейін де қаңлы жұртшылығы қалың отырған аймақтарда да сақталып келгендігі белгілі.

XIII ғасырдың басында (1219 ж.) Шыңғыс ханның жер қайысқан қалың қолы Қазақстанның оңтүстік өлкесіне қаптап кіргенде сол кездегі хорезмшах Мұхаммедтің құзырындағы жер мен қалаларды қорғау үшін Шыңғыс қолына бірінші болып қарсы шыққан Мұхаммедтің анасы, тегі қаңлы Түркен хатунның өзіне ғана бағынған 20 мыңдай сардарлары мен сарбаздары болған, моңғолдардың қоршауында қалған Отырар қаласын 6 ай бойы бермей, ерлікпен қорғаған қаланың әкімі қаңлы Қайырхан болатын. Оның қол астындағы сарбаздарының көпшілігі қаңлылар еді деп/4/ жазылған тарихи деректерде.

Қазақстан жеріне, еліне ғасырлар бойы баса-көктеп кіріп, ел-жұртын қан қақсатқан жоңғарлар мен қалмақтарға қарсы қан төгіс, жойқын соғыстардың барлығында да қаңлы қауымның ер-азаматтары белсене қатысады. Соның бір мысалы ретінде 2 облыс қаңлы ауылының Жетісу жеріне қоныс аударып келуін айтуға болады.

Шыңғыс хан шапқыншылығынан кейінгі Кангюй-Қаңха-Хорезм мемлекеті ыдыраған дәуірлерде де қаңлы тайпасы қалың отырған хандықтар мен қағанаттарда да тек қаңлылардан құралған әскери күштердің болғандығы белгілі. Мәселен, Қадырғали Жалайыридың “Жылнамалар жинағында”: “Ұрыс хан

әскерінің оң қанатында 2000 қол қаңлылар ,ал сол қантында-“*Алаш мыңы*”/5/ болды деп көрсетіледі.

Қаңлы полкі ХІХ ғ. Қоқан хандықтарының архивінде сақталып келе жатқан мыңдаған іс қағаздары мен құжаттардың А.Л. Троицкая жариялаған Католгінде көшпелілер полктарының лауазымды әскер басшыларына азық – түлік жіберілуіне байланысты сол полктардың аттары мен орналасқан мекен -жайлары аталады. Мәселен: Уч – Курган , Кар - тепа, Науканд, Джулка, Карван, Канглы, Бурубаша, Наукот, Туя -Буон .

Осы дерекке қарағанда Қоқан хандығында да ХІХ ғасырдың өзінде бірыңғай қаңлылардан құралған бір полк әскер болғандығы белгілі.

Міне, бұл деректерден біз Кангюй мемлекетінен басталған әскери күш жабдықтап ұстау дәстүрі көпке дейін созылғандығын көреміз.Бұл қаңлы қауымның биік рухын, өз жері мен ел - жұртын қорғауға деген патриоттық сезімнің биіктігін көрсетсе керек. Қытай мен Монғол империяларының құзырында жүрген көптеген қаңлылардың ел басқару, ғылым – білім, өнер саласында ғана емес, сонымен қатар жоғары дәрежелі әскери лауазымды қызметтерді де атқаруы олардың жауынгерлік рухын сипаттайтын қасиет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бан Гу «Батыс өңірі және Үйсін мемлекеті». Шыңжаң халық баспасы, Үрімжі,1987,114б.
- 2.Толстов С.П.Древний Хорезм. М.,1948.
3. Толстов С.П.Древний Хорезм. М.,1948.
4. Әбдуали Қайдар. Қаңлы(тарихи шежіре). Алматы, 2004.
5. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 1-том. Алматы, 1996.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Қаңлы мемлекетінің әскери тарихы жөнінде нақтылы деректер келтіріліп, әскери тарихы жөнінде жазылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается вопрос о военной истории государство Канглы.

ҚЫПШАҚ ЕЛІНІҢ САЯСИ ТАРИХЫ

Қасымбекова М.А. – ізденуші. (Қазмемқызпу)

ХҮ ғасыр – Евразия халықтарының тарихындағы белесті ғасырлардың біріне жатады. Бұл ғасырды түркі тілдес халықтардың саяси тарихы тұрғысынан алып қарағанда, біріншіден, 200 жылдай өмір сүріп, түркі халықтары мен славян халықтарын бір саяси құрылымда біріктірген Алтын Орда секілді алып империяның ыдырауы процесі өтеді. Екінші жағынан, Алтын Орданың ыдырауы нәтижесінде осы ғасырда түркі тілдес халықтар өздерінің ұлттық мемлекеттерін құра бастайды. Сонымен бірге Алтын Орда құрамында болған көптеген түркі тілдес тайпалар әр түрлі тарихи жағдайларға байланысты жеке этно-саяси

бірлестіктерге, этностарға біріге бастайды. Алтын Орда дәуіріндегі қайнаған қызу этникалық процестер ХҮ ғасырда белгілі бір тарихи аймақтарда тұрақтанып, қазіргі күндерге дейін өмір сүріп отырған ұлттардың қалыптасуына жағдайлар жасады. Көптеген ру-тайпалар осы ғасырда Алтын Орда аумағында құрылған және құрыла бастаған этностар құрамына енеді, жаңадан пайда болған этно-саяси құрылымдардың басты бір бөлшегіне айналады. Қазіргі кезде қазақ халқының құрамындағы қыпшақ, найман, қоңырат, керей, жалайыр секілді ірі тайпалар мен Алшын, Жетісу тайпалық бірлестіктеріндегі ру-тайпаларды өзбек, қарақалпақ, башқұрт, татар, ноғай халықтарының этникалық құрамынан кездестіруге болады. Әрине, аталған әр халықтың этникалық тарихында жоғарыда аталған және аталмай қалған ру-тайпалардың этнопроцестерге қатысуы сонау көне түркі дәуірінен басталады. Ал ХҮ ғасыр сол ру-тайпалар үшін үлкен бір этносаяси бірлестіктен бөлініп, жекелеген этносаяси бірлестіктерге бірігудің басы болды. Сөйтіп, Алтын Орда дәуіріндегі тайпалар саяси жағдайларға байланысты бөлшектеніп, кейінгі тағдырлары жеке бір этносаяси құрылымның тарихымен тағдырлас болды. Міне, сол себепті де ХҮ ғасыр–түркі тілдес тайпалар тарихында бөлінудің аяқталған және жеке ұлттық, ұлт болуда бірігудің басталған кезеңі еді.

Қазақ халқының құрамына енген тайпалар да осы этносаяси құбылыстардың ішінде болып, оның құрамындағы рулар қазақ халқымен қатар, башқұрт, татар, ноғай, қарақалпақ, өзбек халықтарының құрамына енеді.

XIII ғасырдың 40-шы жылдарының басында Жошы Ұлысының негізінде құрылған Алтын Орда империясы өзінің ең шарықтау, дәуірлеу кезеңін XIV ғасырдың бірінші жартысында Өзбек, Жәнібек хандар тұсында басынан өткереді. Осы Алтын Орданың гүлденуі кезеңінде империяның ыдырауының ішкі себептерін туғызған факторлар пайда бола бастайды. Бұл факторлар әр түрлі тенденциялардан қалыптасады. Ал тенденциялардың өздері бірте-бірте Алтын Ордада XIII ғасырдың 60-шы жылдарына дейін, яғни Алтын Орда Моңғол империясының құрамында тұрғанда, Моңғол хандарының жаулап алынған халықтарға қатысты ішкі саясатында жергілікті халықпен араласпау, олардың діні мен дәстүрлерін, шаруашылығын елемеу және бағынышты халықтарды талан-таражға салу секілді бағыттар үстемдік етті. Дегенмен де, Моңғол билеушілері арасында бұл үстем бағытқа қарсы бағыттар да кездесті. Олар керісінше, бағынышты халықтармен жақындасу, олардың діні мен дәстүрін, шаруашылығын ескеру, мемлекеттің қазынасын талан-тараждау арқылы емес, тұрақты салық жүйесін енгізу арқылы қамтамасыз ету секілді көзқарастарды ұстанды. XIII ғасырдың 60-шы жылдарында ыдыраған Моңғол империясынан Алтын Орда бөлектеніп, жеке өмір сүре бастағанда, оның билеушілерінің арасында екінші бағыт үстемдікке жетеді.

Бұл бағыттың үстемдікке жетуі Алтын Орданың гүлденуіне жол ашып, жергілікті тайпалар өкілдері мемлекет салаларындағы әртүрлі деңгейдегі қызметтерге тартылады. Мемлекеттің жоғары деңгейіндегі моңғол ақ сүйектерінің өздері бірте-бірте түркілене немесе қыпшақтана бастайды. XIV ғасырдың ортасына дейін Алтын Ордада мынадай ағымдар қалыптасып, жетекші рөлге айнала бастады:

1) Жергілікті тайпалар мен түркіленген моңғол тайпаларының Алтын Ордадағы рөлі өсіп, олардың мемлекеттің саяси өміріндегі ықпалы артады;

2) Осыған байланысты Шыңғыс хан ұрпақтарының бұрынғы дербес, шексіз билігі әлсіреп, жергілікті ру-тайпа әмірлеріне тәуелді бола бастайды.

3) Бүкіл мемлекеттік құрылым мен жүйеде моңғолдарға дейінгі жергілікті дәстүрлер ене бастап, ол үстемдікке жетеді.

Көрсетілген тенденциялар тек Алтын Ордада ғана емес, сонымен бірге Құбылай ұрпақтары билеген Қытайда, Хулағу ұрпақтары билеген Иранда, Шағатай ұрпақтары билеген Мауареннахрда жүреді де, ХІҮ ғасырдың ортасына таман Қытай мен Иранда билікке жаңа әулеттер келеді. Мауареннахрда барлас тайпасының әмірі Ақсақ Темір жеке-дара билікті иеленсе, Алтын Ордада 1359 жылы Бердібек ханның өлтірілуімен Батый әулеті өмір сүруін тоқтатады.

ХІІІ-ХІҮ ғасырларда ортақ бір саяси құрылымға негіз болып, жалпы атаумен қыпшақтар атанған түркі тілдес тайпалар, сол саяси құрылымның ыдырауымен, жаңа этносаяси құрылымдарға негіз болады және соған сәйкес жаңа этнонимдерге ие бола бастайды. Осылайша, жалпы атау мен кең мағынадағы “қыпшақ” атауының орнын нақты ноғай, башқұрт, қарақалпақ, “көшпелі өзбек” этнонимдері ығыстырады.

Алтын Орданың ХҮ ғасырдың І жартысында ыдырауы кезеңінде Дешті – Қыпшақтағы тайпалар негізінен екі үлкен этникалық топқа топтастырылды. Бірі ноғай ру-тайпалар бірлестігі болса, екіншісі - көшпелі “өзбектер” деп аталған ру-тайпалар бірлестігі болды. Тарихи заңдылықтар бойынша ру-тайпалардың біріктіріліп, белгілі бір аймақта мекендеп, ортақ этнос болып қалыптасуында экономикалық, діни-рухани факторлармен бірге, саяси факторлар да жетекші рөл атқарады. Осы заңдылыққа сәйкес ноғай ру-тайпалық бірлестігінің қалыптасуына Ноғай Ордасы ықпал етсе, көшпелі “өзбектер” тобының пайда болуына 1428-1468/69 жылдары Дешті Қыпшақта 40 жыл өмір сүрген көшпелі “өзбектер” мемлекеті немесе Әбілқайыр хандығы әсер етеді.

Ал, ортағасырлық жазба мұраларындағы қыпшақтан шыққан тоқсоба руы жайына келер болсақ, онда тоқсоба руы сөзсіз түркі тектес елге жататындығын оқимыз. Осылайша араб тарихшылары, филологтары мен географтары тоқсоба руын тікелей түркілік этникалық ортаға жатқызды. Сонымен қатар жазба мұраларындағы деректік көрсетулер тоқсоба қыпшақ руы құрамындағы ілбары біршоғылы т.б. тең түсетін әулеттік реттегі ру екендігін дәлелдейді. Дегенмен де тоқсоба руының татарларға жәрдем сұрап баруы белгілі себептік, салдарлық байланысты танытады. Араб тарихшысы Ибн Халдун жазып қалдырған, қыпшақтар мен татарлардың талай ғасырлар қойнауына кеткен өзара араластықтары негізінде ғана түсінікті. Енді ортағасырлық автордан үзінді келтірейік: “Қыпшақтардың Шыңғыс хан татарлары және оның әулетімен байырғы кезден жақын байланысы болатын. Көп ретте қыпшақтар татарлармен әйел тегі жағынан, яки қыз алысып туысты. Сол себепті де Шыңғыс хан қыпшақтарды тума санады”.

Тарихи айғақтардың қыпшақтардың жілікті руы тоқсобалық татардың белгілі-беделді руларымен некелік қатынаста болуының нұсқасы да сондықтан. Қыпшақтардың татарлармен этномәдени байланысы және татарлардың қыпшақ ортасына кіруі олардың жеделдеп тілдік және салт-дәстүрлік тұрғыда түрленіп кетуіне жол ашты. Бұл үрдіс, әсіресе, ерте ортағасырлық кезеңінде, одан соң татар-моңғол шапқыншылығы дәуірінде “Татарлар шапқыншылықтарымен араласып, туысып кетті, олардың жері татарлардың табиғи, нәсілдік қасиеті сапасынан артып түсті, сөйтіп олар қыпшақтармен бір туысқандай тура қыпшақ сияқты болып кетті”.

Қыпшақтар оңтүстік орыс жерінде болған 170 жылдық тарихында көне русь мемлекетінің өмірінде ерекше роль атқарды. Осы 170 жыл ішінде олар Русьпен жауапкершілік саясат жүргізді. Ішкі саясатын және экономикасын қалыпқа келтірген олар, өздерінің сыртқы саяси істерін орыстардың шекаралық жерлеріне шабуыл жасаудан бастады. Міне, қыпшақтар моңғол шапқыншылығы алдында

Орта Азия, әсіресе, Сыр бойы, Еділ мен Дон арасын, Кавказ бен Қырым тауларын, Солтүстік Каспий даналарын, қазіргі Қазақстанның орталық аудандары мен солтүстік батыс аймақтарын мекендеген. Жекелеген топтары XI ғасырда-ақ Дунай өңіріне жеткен. Сонымен қатар Венгрияға, Византияға, Киев княздығына мезгіл-мезгіл шабуыл жасаған. 1065 жылы Болгария жеріне алты жылдан кейін Молавия мен Валахияға өткен. Сондай-ақ оңтүстік бағытта да қыпшақтар XI ғасырдың басында-ақ Мысырға барып орын тебеді. Осы елдер мен қыпшақтар арасындағы саяси-экономикалық, мәдени және т.б. байланыстар мемлекеттердің, тайпалар одақтарының, халықтың күнделікті өміріне ғана роль атқарып қана қойған жоқ. Сонымен бірге олар тарихи тағдырларына елеулі ықпал жасағаны даусыз ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көмеков Б.Е. Қыпшақтардың саяси қарым-қатынастары. // Қазақ тарихы. 1994. №1
2. Көмеков Б.Е. Қыпшақ хандығы // Қазақ тарихы. 1993. №1.
3. Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX–XI вв по арабским источникам. Алматы, 1972.
4. Дербісәлиев Ә. Қыпшақ хан жазған тарих. // Парасат. 1994. №4.
5. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Алматы, 2003.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қыпшақ елінің саяси тарихы мен саяси қарым-қатынастары жайында айтылған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена политической истории кипчаков.

КҮШЛІКТИҢ ШЫҢҒЫС ХАНҒА ҚАРСЫ КҮРЕСІ

Тортаев С.Ә. - п.ғ.к., доцент, Бижанова К.Қ. -аға оқытушы.
(Алматы қ., Қазмемқызпу)

1204 жылғы ұрыста *наймандар* моңғолдардан жеңіліп, Таян хан қаза тапқанда, оның баласы Күшілік қашып құтылып, немере ағасы Бұйрыққа келіп паналаған еді. Сонда өзімен бірге келіп, Бұйрыққа қосылған меркіттің тақсыры Тоқтайбек пен Күшілік тағы да құтылып шығып, Ертіске барып тығылды.

1208 жылы қысқа қарай Шыңғысхан Ертіс жақтағы Бұйрыққа қашып барып, дұшпандық пиғылынан қайтпаған Күшілікті, онымен бірге жүрген Тоқтайбекті бағындыруға аттанды. Шыңғысхан оларды қоршап алып, талқандады. Сөйтіп, жоғарғы Ертіс пен Орхон аралығындағы *наймандар* моңғолдардың қол астында қалды да, қалғандары Күшіліктің басшылығымен Қара-Қытайдың гүрханына барып жасырынды /1/. Оны гүрхан Чилуку жылы қабылдап, балам деп атап, оған қызын берді...

Гүрханның қызы Күңке еркетотай, менмен болып өскендіктен кимешек (буктак) киюден бас тартып, қытай әйелдері сияқты никсэ киіпті. Ол Күшілікті христиан дінінен шығарып, пұтқа табынуға енгізіпті. Сөйтіп, Күшілік гүр-ханның сеніміне ие болып, құрметіне бөленіпті.

Енді бір мәлімет бойынша Күшілік Жетісуға қашып келген соң (1209 ж) гүрханға өз еркімен берілген, ал тағы бір мәлімет бойынша қара-қытай әскері тұтқынға алған. Бірақ гүрханға ұнап қалып, оның жақын адамына айналған /2/.

Күшіліктің қара-қытайдың гүрханына келіп паналауы тағы бір дерек көзінде біраз басқаша баяндалады/3/. Ол бойынша Күшілік гүрханға арып-ашып, жыртық киіммен, титықтап әрең келіп еді. Оның Шыңғысханнан көрген қорлығын айтып беруге шамасы әрең жетті. Жаны ашыған гүрхан Күшілікті жылы қабылдап, жақсы тынығап, есін жиып алуына жағдай жасады. Сонан соң оның ақылдылығы мен ептілігіне риза болып, өзіне жақындатып, жалғыз қызына үйлендірді/4/. Гүрхан Чилуку Күшілікті балам деп атап, туыстық қатынас орнатып, оның күш – қуатын тасытты.

Шыңғысхан Күшіліктің гүрханда жасырынып жүргенін естіген соң қара-қытайдың ханы моңғолдың ұлы ханына адалдығын білдіріп, елші жіберіпті. Қайын атасының бұл қылығына наразы болған Күшілік өз өмірі үшін қауіптеніп, гүрханның Шыңғысханға жіберген елшілігін күтпей-ақ, әйелін тастап қашып кетеді. Гүрханды сатқын деп санап, ызаланып, біраз уақыт тығылып жүріп, өзінің аман қалған *наймандарын* қол астына жинайды. Наймандардың Шыңғысханға деген өшпенділігін хорезмшах Мұхаммед онан әрі өршіте түседі. Олар Күшіліктің басшылығымен, Хорезм шахының көмегімен Шыңғысханға қарсы тұра аламыз деп үміттенді.

Ал гүр-хан сол кездегі ұлы хандардың бірі болатын. Оның үлкен әскері болды, Түркістан мен Мауераннахрды билеп тұрды. Ал Мұхаммед Хорезмшахтың ата-бабасы жыл сайын үш мың динар төлеп тұруға міндеттенген болатын. Олар өз үрім-бұтақтарына гүр-ханмен ешқашан бет жыртыспауды, оған әрқашан да адал болуды өсиет етіп қалдырған. Себебі, оның шығысында (ту сыртында) күшті де қауіпті дұшпандар, яғни моңғол тайпалары, *наймандар* т.б. түркі тайпалары тұрды. Гүрхан Хорезмді солардан қорғайтын қалқан ролін атқарды.

Келе-келе Мұхаммед хорезмшах Гура және Газна сұлтандарының мемлекетін, Хорасан мен Ирак облыстарын, Түркістанның біраз бөлігін басып алып, күшейген соң бұрынғы келісімдерін орындамай, пұтқа табынушылар гүрханына салық төлеуін тоқтатты. Оның үстіне бұл кезде гүрханның шығыстағы вассалы да оған қарсы көтеріліске шыққан болатын. Осы жағдайды пайдаланып, Хорезмшах енді гүрханмен Қараханилердің батыс бөлігі үшін күреске түсті. Хорезмшах көп әскер жинап алып, Мәуераннахрды басып алу мақсатымен Бұхараға жорық жасады.

Ол жақын маңдағы иеліктердің басшыларына, оның ішінде Афрасиабтың ұрпағы, бұрынғы Самарқандтың билеушісі Осман сұлтанға қуанышты хабар беріп, тәтті уәделермен үміттендірді. Оның үстіне қара-қытай хандығына Күшіліктің тарапынан да қауіп төне бастады. Осындай қысыл-таяң кезде гүрхан өз вассалдарынан, оның ішінде Осман сұлтаннан да көмекке келуін талап етті. Мұның алдында Осман гүрханның қызын айттырып, тілегі қабылданбай қалған болатын. Соны сылтау етіп, Осман ашықтан-ашық Хорезмшах жағына шығып кетті.

Бұған жауап ретінде гүрхан 30 мыңдық әскер жіберіп, Самарқанды басып алды. Бірақ Күшіліктің күшеюіне байланысты қидан әскері кері шақырып алынды. Осыны пайдаланып, Самарқанды Мұхаммед сұлтан басып алды.

Гүрхандық дінсіздердің зорлық – зомбылығынан қорлық көріп жүрген Хорезмнің көршілері Мұхаммед сұлтанның ұсынысын қабыл алып, онымен келісімге келіп жатты.

Қара-қытайға бет алғанда Мұхаммед сұлтан жасырын түрде *найманның* ханзадасы Күшілікке де сәлем жолдап, өз жағына тартуға әрекет жасады.

Мұхаммед сұлтан Күшілікке сәті түсіп тұрғанда Шыңғысханға адалдық танытып, одақтас болып жүрген гүрханды құлатып, тағын тартып алуға кеңес береді. Егер уақытысында қашып кетпегенде, қайын атасы оны туыстығына қарамастан Шыңғысханға құрбандыққа шалып беретін еді деп Күшілікті гүрханға қарсы айдап салады. Өзі де осылай ойлап жүрген Күшілік Мұхаммед сұлтанның кеңесін қабыл алып, гүрхан тақтан тайғандай болса, оның орнына ең жақын туысы ретінде өзім отырамын да, оның иелігін өз иелігіме қосып аламын, сонан соң Хорасан ханының көмегімен Шыңғысханға тойтарыс беремін деп үміттенді /5/.

Бұл кезде гүрханның билігінің осалдығына Күшіліктің өзінің де көзі жете бастаған еді. Елдің шығысындағы әмірлер Чилуку гүрханнан кетіп, Шыңғысхан жағына шығып жатты. Енді бір әмірлер Күшіліктің төңірегіне топтасты. Күшілікке аман қалған *найманның* бұрынғы әмірлерін біріктіріп, гүрханның тағын тартып алу туралы ой келе бастаған болатын. Осындай шайтанның арбауына түскен Күшілік қайын атасына қарсы қастандық ұйымдастыруға көшті. Ол гүрханнан Еміл, Қаялық, Бешбалық төңірегінде босып жүрген *наймандарды* өз қол астына жинап, біріктіруге рұқсат алды. Сол күшпен гүрханның жоспарларын жүзеге асыруға көмектесіп отыруға, барлық тапсырмаларын бұлжытпай орындап отыратындығына, әрқашанда адал болатындығына ант берді.

Гүрхан оның уәдесіне сеніп, қол жинап келуге жіберді. Оның Түркістанға келгендігі туралы хабар тараған соң Шыңғысханның қылышынан қашып құтылған Таян-хан әскерінің қалдығы, олармен бірге жүрген *наймандар* дереу Күшіліктің қол астына келіп, жиналды. Онымен Баласағұнда кездесті. Гүрхан қол астындағы шағын әскерімен Күшілікті жеңді. Жеңілген Күшілік кейін шегініп, әскерін қайта тәртіпке келтірді. Баласағұн құпия түрде хорезмшах жағында болды. Себебі, бұл қаланың тұрғындарының басым көпшілігі мұсылмандар болған. Ол қаланы Күшілік келгенге дейін қара-қытай әскері талан-таражға салған болатын. «Мұсылман тарихшысының айтуынша 47000 адам опат болған» /6/.

Күшіліктің өзіне қарсы көтеріліске шығатын арам ойын байқаған Қара-қытайдың гүрханы оған бытырап кеткен ордасының халқын жинап алуға рұқсат бергеніне қатты өкінді. Оған қарсы соғысу үшін гүрхан өзінің вассалдарынан, оның ішінде самарқандтық Османнан көмектесулерін талап етті. Осман гүрханның қызын айттырғанда тілегі қабыл болмағандығы үшін өкпелі болатын. Сондықтанда ол өз сюзеренінің талабын орыдаудан бас тартып, ашық түрде хорезмшах жағына шығып кетті/7/ Гүрханның қиын жағдайда қалғанын ести сала Күшілік оған қарсы шайқасқа мықтап дайындалып, ұрысты қайтадан бастады. Бұл кезде гүрханның әскері бытырап кетіп еді. Күшілік гүрханды қоршап алып, оны тізе бүгуге мәжбүр етті. Күшілік гүрханды алдына келтіріп, тізе бүккізіп, қорлаған жоқ. Керісінше, оны құрметтеп, әкесіндей сыйлады. Бірақ өзі оның тағына отырып, оған қарасты Түркістан облыстарын өзіне қаратты.

Гүрханның тірі кезінде Күшілік іс жүзіндегі биліктің өз қолында екендігін қанағат тұтып, оның патшалық (абыройына) лауазымына қол сұққан жоқ; салтанатты қабылдаулар кезінде гүрхан тақта отырды, ал Күшілік оның хаджибтерінің ішінде орналасатын /8/.

Мұхаммед сұлтан өз жеңісінің жемісін сіңіріп кетті деп Күшілікке кінә тақты. Оның айтуынша гүрхан жауына (Мұхаммед сұлтанға- С.Т.) бітім шартын жасауды, хорезмшахқа қызы Табгаш-хатунды, оның жасауы ретінде барлық байлығын беруді, өзіне шағын ғана облысты қалдыруды ұсынып еді. Бірақ бұл

кезде Күшілік гүрханның дәрменсіздігін пайдаланып қалып, оның патшалығын иемденіп кетті. Сондықтан сұлтан Күшіліктен енді гүрханды, оның қызы мен қазынасын өзіне жіберуін талап етті.

Мұндай қаһарлы талапқа Күшілік алғаш момақансып Мұхаммедке бай сыйлық жіберді де, гүрханды беруден бас тартты. Гүрханның өзі Хорезмде өзін күтіп тұрған тағдырдан өлердей қорқып, Күшіліктен Хорезмшахтың талабын орындамауын өтінді. Гүрханның өзінің айтуынша, өз иелігін аман сақтап қалу үшін хорезмшахпен бітім шартын жасауды ұсынғаны, оған қызын бермек болғаны рас. Бірақ Мұхаммед бұл ұсыныстарды қабылдамай тастаған болатын.

Күшілік сұлтанның талабын орындауды созып жіберген соң, хорезмшах өз талабын үзілді-кесілді түрде тағы да қайталады. Оның елшісі де Күшілікке қоқан-лоқылық көрсете бастағанда, ол елшінің қолына кісен салынды. Ол елші Қашғардағы және басқа жерлердегі Күшілік пен Мұхаммед отрядтарының арасындағы қақтығыстың бірінде әрең дегенде босанып шықты/9/. Екі жылдан кейін гүрхан қайғыдан қайтыс болды, оның әскері, қазынасы, мемлекеті түгелімен Күшіліктің қолына көшті

Хорезмшахтың жеңіске қосқан үлесі туралы онан әрі В.Бартольд ибн-ал-Асирдің пікірін келтіреді. Ол пікір бойынша хорезмшах партизандық соғыс жүргізуге ғана шамасы келетін шағын отрядтар жіберумен шектелді. Хорезмшахтың мұндай патшаға емес, қарақшыға лайықты әрекеті Күшіліктің наразылығын туғызды. В.Бартольд: «... бірақ бұл наразылығын ашық айтуға Күшіліктің ары барды ма екен? Оның өзі де соғыстың осындай тәсілін қолданып отырды ғой. Сондай тәсілмен-ақ Күшілік алғаш Жетісу мен Сырдария облысының шығыс бөлігін иеленіп, ақыры бүкіл Қара-қытай мемлекетіне билігін орнатты ғой» /10/, - деген Ибн-ал-Асирдің пікірін толық қолдайды.

Алдымен мұсылмандық қозғалыстың соңғы қалдықтарын, яғни осы қозғалыс кезінде Құлжа өлкесінде тәуелсіз мемлекет құрған Бұзарды және өз ханын өлтірген қашғарлық бүлікшілердің басшыларын жеңу керек болды. Шығыс Түркістанды күшпен жаулап алуға әрекет жасамай, Күшілік оған қатарынан төрт жыл бойы (1211-1214 жж) егін жинау кезінде басып кіріп, ойран салып отырды.

Күшіліктің шапқыншылықтары мақсатына жетті: елде ашаршылық орын алып, халықты Күшілікке бағынуға мәжбүр етті. Бағындырылған қалаларда билігін нығайтқан соң Күшілік алым-салық мөлшерін ұлғайтып, халыққа қысым көрсетті. Осындай сыртқы соғыстар мен ішкі дүрбелеңге енді дінді қудалаушылық қосылды. Мұсылманша құдайға құлшылық етуге тиым салынды. Халықтан христиан дініне немесе пұтқа табынушылыққа өту талап етілді. Мұсылмандар қытайша киінуге тиіс болды. «Ол талапқа көнбегендерді ХІҮ Людовиктің табанды протестанттары жазалағанындай жазалады: үй-үйге бір-бір солдаттан орналастырды және оларға қасарушыларды қыспақтау еркін берді» /11/. Пұтқа табынушылар ойына келгендерін істеді, оларға ешкім қарсылық көрсете алмады. «Ол мұсылмандықтың түбірін талқандап, пұтқа табынушылардың барлық тілектерін орындады. Оның тирандығынан халық ақырғы деміне жетіп, зар еңіреді»/12/.

Күшілік Хотанды басып алды. Ол Хотан халқын ислам дініне шығып, христиандықты немесе пұтқа табынушылықты қабылдауға, қытай үлгісімен киінуге мәжбүрледі. Ол мұсылман имамдарының ілімін күштеп жоққа шығаруға тырысты. Ол жаршылар арқылы барлық оқымыстылар мен тақуалар сияқты киінген адамдарды қаладан далаға шығуын талап етті. Бұл бұйрыққа сай барлық Хотан имамдары далаға шығып, көрсетілген жерге жиналды. Олардың ішіндегі ақсақалы Ала-ад-дин Мұхамед-и Хотани имам Күшіліктің қасына келіп, тілін

қайрап, шындық жайлы айтысқа дайындалды. Олар айтысты дін саласынан бастады.

Дауыстар қатты шығып, ақиқат өтірікті жеңіп, оқымысты наданнан асып түсіп, имам Ала-ад-дин қарсыласын жерге қаратқанда, Күшілік абыржып, сасқалақтап, не дерін білмей біраз уақыт мелшиіп, қатып қалды. Ашуға булығып тұрып ол улы тілмен Алланың қасиетті елшісіне айтылмайтын әдепсіз, балағат сөздермен дүрсе қоя берді. Мұхаммед имам оның мұндай әдепсіздігіне: «О шынайы діннің дұшпаны, сенің аузыңа құм құйылсын!»/13/,– деп жауап берді.

Күшілік Ала-ад-дин имамды ұстап алып, қатты қинауға, азаптауға бұйрық берді. Ала-ад-дин ол қинауды тайсалмай қарсы алып, тастай шыдамдылық танытты. Әбден қинаған соң имамды өз медресесінің есігіне керіп қойды. Оның өлімімен мұсылмандық әлсірей бастады, тирандық пен күнәкәрліктің шеңгелі мұсылмандарды ауыр қыспағына алды. Халық құдайға жалбарынып, күнәкәрлерді жазалаудан өтінді. Олардың тілегі қабыл болып, Алла тиран – пұтқа табынушыны әлемді жаулап алушы Шыңғысханның әскерімен жазалады. Күшіліктің тирандығы моңғолдардың қара-қытай мемлекетін жаулап алуын жеңілдетті. Оның билігі кезінде Орта Азияда ислам діні бірінші және соңғы рет қудалауға ұшырады.

Хорезмшах Мұхаммед сұлтан мұсылмандарға көмектесудің орнына керісінше, оларды ислам дінін қудалаушы Күшіліктің билігін мойындауға итермелей түсті. Мұхаммед тек өзімен діндес қашғарлықтар мен хотандықтарды ғана емес, тіпті Мәуереннахрдың солтүстік облыстарын да Күшіліктен қорғап қала алмады. Күшіліктің Мәуереннахрға шабуылынан қауіптеніп, 1214 жылдың ортасына дейін сұлтан жаз айларын Самарқандта өткізіп тұрды. Ақырында оның бұйрығымен Испиджаб, Шаш, Ферғана және Касанның халықтары оңтүстік – батысқа көшірілді. Сонан кейін ол облыстардың байлығы Күшіліктің қолына көшпесін деген оймен тып-типылы шығып тоналды. Хорезмшах ол облыстарды өз қол астында ұстап тұра алмайтындығын білген соң тонады.

В.В.Бартольд бұл мәліметке сенуге болмайтын сияқты деп санайды. Оның айтуынша 1221 жылы қарашада осы жерлермен өткен қытайлық Чан-чунь Сайрам мен Сырдария бойындағы тағы да екі қала туралы хабарлайды, бірақ олардың күйрегені туралы ләм-мим демейді/14/.

Мұсылман патшаларының ішіндегі ең құдіреттісі хорезмшах пен 1218 жылы моңғол қолбасшысы оп-оңай жеңген көшпенділер басшысының арасындағы күрес осындай нәтижемен аяқталды.

Ибн-ал-Асирдің аңызына сүйене отырып, В.Бартольд Күшілікті араб халифатын хорезмшахтың басып алуынан аман алып қалушы етіп көрсетеді. Ол аңыз бойынша Акканың епископы Яков де Витридің жіберген хабарында халиф несториан патриархымен келісе отырып «хандардың ханын жеңген Мұхаммедтен» Сырдарияның арғы жағына тартып алған «Давид патшаға, яғни Күшілікке елшілік жіберген. Халифтің елшілерінің ықпалымен «Давид патша хорезмшахпен соғысты. Соның нәтижесінде хорезмшах халифатқа жорық жасамай, еліне қайтып кетті»/15/.

Онан әрі В.Бартольд халифтың шығыстағы хорезмшахтың көршілерінен одақтас іздегенін растайды. Осы мақсатпен халифтың алдымен Гурилерге, сонан соң Күшілікке елшілер жібергенін хабарлайды.

Күшілікпен соғыс кезінде хорезмшах Түркістандық керуен жолын жауып тастаған болатын. Оның үстіне хорезмшахтың моңғолдардың 450 адамнан тұратын сауда керуенін қырғызып жіберуі Шыңғысханның Мұхаммед сұлтанмен соғысуына себеп болды. Ол соғысты бастаудан бұрын Шыңғысхан алдымен Күшілікті таңдау керек деп тапты. Күшілік бұл кезде Қашғарда болатын.

Қашғарға жорық жасаудың алдында ол шамамен 1211 жылы Жошының қызына үйленген, Шыңғысханмен одақ құрған қарлұқ ханы Бұзарды (бір мәліметтерде – Озар Тұғырыл- С.Т.) қапыда қолға түсірді. /16/ Сонан соң ол хандықтың ордасы Алмалықты қоршады. Бірақ Бұзардың жұбайы Селбек Турканның басшылығымен халық қаланы қорғап алды. Ақырында ол Алмалықтан кетуге мәжбүр болды. Жолда ол Бұзарды өлтіріп кетті. Бұл хабарды естіген соң Шыңғысхан елінің батысындағы қауіпті жауы Күшілікті құртуға бекем бел байлады.

Моңғол үстіртіндегі барлық тайпалар мен ұлыстарды, меркіттер мен түметтерді толық бағындырғанымен Шыңғысханды күшті де пысық *найман* ханзадасы Күшілік мазалай берді. Ол Шыңғысханның Қытайды бағындыруына қол байлау болды.

Қытайдағы жаулап алған жерлерін Жалайырдан шыққан қолбасшысы Мұқали го ванға тапсырып, Шыңғысхан 1216 жылдың басында Моңғолияға қайтып келді де, оң және сол қанат, т.б. әскерлерімен Түркістан мен Иранға жорық жасауға дайындала бастады. Бұл жорықтың алдында ол *найман* ханзадасы Күшілік пен тағы да басқа бүлік жасап жүрген тайпаларды біржолата бағындырып алуды ұйғарды.

Осы мақсатпен Шыңғысхан 1216 жылы *найман* ханзадасы Күшілікті құртып келуге Жебе (Зэдэ) ноянды Қара Киданге жіберді. Күшіліктің мемлекетіндегі халықтың басым көпшілігі болып табылатын мұсылмандар Шыңғысхан жіберген отрядты өздерін құтқарушылар ретінде қуана қарсы алды/17/. Бірақ ноян Құлжа өлкесінен Күшілікті таппай, Қара-киданды бағындырды. Алмалыққа Бұзардың баласы Сұғынақ-Тегінді басшы етіп тағайындап, онан әрі Күшіліктің соңына түсті. Моңғол әскері Қашқарияға келіп кіргенде халық оларды қатыгез қудалаушылықтан құтқарушылар ретінде қарсы алып, олардың келуін құдайдың қайырымдылығы деп қабылдады/18/.

Жетісудың астанасы Баласағұнды моңғолдар қарсылықсыз басып алды да, оған Гобалық, яғни жақсы қала деген атақ берді/19/. Баласағұнның тұрғындарынан моңғол отрядтары тек Күшілік туралы мәлімет талап етіп, мал-мүліктеріне тиіскен жоқ /20/.

Моңғол әскері ұрысты бастамай жатып-ақ Күшілік тұра қашты. Ал Әбілғазының мәліметі бойынша Шыңғысханның Күшілікке қарсы жіберген Шошы (Жебе-С.Т.) ноян басқарған әскері «Күшілікпен соғысып, оның қолын талқандап, оның үй ішін қолға түсірді, құл-күң қылды. Күшілік азғана адаммен қашып кетті. Бірнеше күннен кейін оның артынан қуып жетіп, кісілерін талқандады, бірақ өзі үш адаммен тағы құтылып, Бадахшан жақтағы Сарыкөл жазығына кетті. Шоша ноян оны індетіп қуа берді. Іздеп-іздеп таба алмай келе жатқанда, екі атты қуып келе жатқан адамды кездестірді. Одан «осындай белгісі бар адамдарды көрдің бе? деп сұрап еді, ол сондай үш адам мына жаққа кетті деп, кеткен жағын көрсетті. Бағытын білгеннен кейін Шоша ноян тездетіп қуып, Күшілікті ұстап, басын кесіп, ханға әкелді. Хан оған көп сыйлықтар беріп, өзінің құрметіне бөледі» /21/.

Замандастарының алдында Күшіліктің мемлекетін жаулап алу өте маңызды оқиға болып көрінгені соншалық, Шыңғысхан өз қолбасшысы мақтанып, қол астынан шығып кетер ме екен деп қауіптеніпті/22/. Сол себепті «ол өзінің генералына табыстан басы айналмауын айтып баруды тапсырды, себебі Уаң ханның, Таян ханның, Күшілік ханның, бұдан басқа да соңғы жылдары ұлы билеушінің өзі құртқан жандардың түптеріне жеткен, ең алдымен осы менмендік болатын» /23/.

Енді бір дерек көзі бойынша Күшілік жеңіле бастаған соң тағы да қашып құтылмақ болады. Соңына ерген үш-төрт нөкерімен шайқас алаңынан сытылып шығып, біраз уақыт тау-тасты, даланы паналап жүрді. Бадахшан маңындағы Сарыкөлде моңғол әскері қуып жетіп, қолға түсірді Оның кесіп алынған басын Жебе ноян Шыңғысханға жеткізді /24/.

Күшіліктің ақыры туралы баяндауымызды дерек көздерінде нақтылы мәлімет кездеспегенімен шынында да солай болған шығар деген оймен жазушы К.Әбдірахманның төмендегі сөздерімен аяқтағанды жөн көрдік.

«Басын Шыңғысқа жеткізгенде ол: «Атымды белдеуден, қылышымды белбеуден кетірмей жиырма жыл соғысқан, мені әбден шыңдап, осындай атаққа жеткізген *найман* еді. Енді кім менімен тең тұрып тіреседі? деп «ah» ұрыпты.

Күшіліктің басын ортаға қойып, балаларын жинап: «Артында мынандай ұл қалған әкеде арман жоқ», - деп үлгі етіпті. Жарлық беріп, денесіз басты ханға лайық жерлетіпті» /2/. Бұл шындық болар. Тіпті шындық болмаса да, біраз қателіктеріне қарамастан Күшіліктің басы ондай құрметке лайықты бас.

Рим папасы ІУ Иннокентийдің 1245 жылы моңғолдар державасына жіберген миссионері Пано Карпини екі таудың арасындағы еңсіз жазық жерден өткендігін, сол жерде *наймандар* мен қара-қытайлар өте көп әскер жинап алып, моңғолдармен соғысқандығын, жеңіліп қалғандығын хабарлайды Оның естуінше *наймандар* мен қара-қытайлардың көпшілігі қырылып кетті, аман қалып, қолға түскендері құлға айналдырылды /26/.

Күшіліктің мемлекетін қарсылықсыз басып алу үшін моңғолдың қолбасшысы оның дінді қудалаушылығын өте шебер пайдалана білді.

Жебе ноян дін бостандығын жариялады, яғни қайсы дінді ұстанамын десе де әр адамның өз еркі болды. Қалалардағы мұсылман үйлеріне бекітілген Күшіліктің жауынгерлерін халық қуып шығып, құртып жіберді. Күшілік еш жерден табан тірерлік тұрақ таппай, қуылып отырды. Ақырында ол Бадахшан тауының ішінде жолдан адасып кетті. Моңғол әскері оны Сарыкөл деген шатқалда қолға түсірді де, өлтіріп, кейін қайтты.

Шыңғысханның Күшілікті жеңуі дінді қудалауды тоқтатты; 1211 жылдан бастап Шыңғысханмен байланыс орнатқан қара-қытайлықтардың бұрынғы мұсылман бодандары толық дін еркіндігіне ие болды. Аман қалған қара-қытайлықтар да мұсылманша киінуге көшті Орта Азияда қара-қытайлықтар билігінің ешбір белгісі – жазуы, құрылыстары сақталмады /27/ Құдайға жалбарынып, күнәкарларды жазалауын өтінген мұсылман халықтарының тілегі қабыл болып, Алла тиран – пұтқа табынушылығын Шыңғысханның әскерімен жазалады. Ислам дініне сеніп, оны басшылыққа алып, нығайтып жатқандардың жолы оңынан болып, жастары ұзарып, бақыт құшағына бөленді /29/.

Қорыта айтқанда, Шыңғысханның көшпенді моңғол және түркі тайпаларын бір орталыққа бағындырылған мемлекетке біріктіру үшін күресі кезінде Күшіліктің шолақ саясатының нәтижесінде *найман* тайпасы түркілік халықтардың ішіндегі бірден-бір ең ауыр соққыға ұшыраған тайпа болды. Бұл тайпаны моңғолдар төрт рет шапқыншылыққа ұшыратып, тарыдай шашып жіберді. Шыңғысханның жер үшін емес, заман талабына сай көшпенділер өркениетін онан әрі дамытып, өрге көтеру үшін күресіп жүргенін түсінуге өресі жетпеген Күшіліктің кертартпа саясаты *найман* тайпасын орны толмас шығынға ұшыратты: халқы қырылып, қонысынан қуылды.

Күшіліктің алдын болжай алмайтын билігі, сондай-ақ Шығыс Түркістан мен Жетісу халықтарына да ауыр қайғы-қасірет әкелді. Қара –қытай тағына ие болған соң Күшілік Хорезмшахпен күрес бастап, ислам әлемінен қауіптеніп отырған

христиандық Батыс Еуропаны қуаныш сезімге бөледі Ол күрес «христиандарға шығыстан келе жатқан көмек туралы хабардың тарауына себеп болды. Еуропаны сыбыс дүрліктірді. Палестиналық Акканың епископы Яков де Витри 1221 жылғы хатында Бағдад халифының несториан патриархы арқылы «Давид патшамен, яғни Күшілікпен қатынас орнатуға әрекет жасағанын хабарлайды. Күшіліктің өз қол астындағы мұсылмандарды қатыгездікпен қудалап жатқанына қарамастан, халиф мұсылмандық Хорезмшахпен қасиетті жер үшін күресінде одан көмек аламын деп үміттенді. Бірақ халифтың Күшілікке елші жіберген – жібермегендігі туралы мәлімет тарихи деректерде кездеспейді.

XIII ғасырдың басындағы Күшіліктің билікке келуі ішкі қайшылықтардан ушығып, ортаазиялық халықтардың қидандар езгісінен құтылу үшін жүргізіп жатқан күресінен шайқалып тұрған, сыртқы саяси аренада бірнеше ірі сәтсіздіктерге ұшырап, найман ханзадасының иегінен аса алмаушылық ішкі және сыртқы саясатының салдарынан әлсіреп, қайғылы мәресіне жылдам жақындап келе жатқан батыс қидандық мемлекеттің тарихындағы ақырғы кезеңі болды. Жаңа басшы қабілетсіз саяси қайраткер болып шықты. Оның мұсылмандарды қудалау саясаты халықтың жаппай өшпенділігін туғызды. Күшіліктің тирандығы моңғолдардың қара-қытай мемлекетін жаулап алуын жеңілдетті. Күшілік қаза тапқаннан кейін *наймандар* өзінің дана ақсақалы Кетбұқаның басшылығымен Шыңғысханмен табысып, оның «оң жағынан орын тепті, жау емес жабал түгел біріккен жекжат –туысына» /29/ айналып, онан әрі қырылып кетуден аман қалды. Шыңғысхан мен оның балалары, немерелері құрған ұлыстың, хандықтың құрамына кіріп, *наймандар*, басқа да Қазақстан аумағына келіп қоныстанған түркілік ру-тайпалармен бейбіт өмірге көшіп, өсіп-өне бастады. Солармен бірге ХҮ ғасырдың ортасынан бастап қазақ ұлтының негізін қалауға атсалысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бартольд В.В. Сочинения. Т. II, Ч. 2. М., 1964.-295 с.
2. Бартольд В.В. Сочинения Т. II, Ч. 2. С.53 .
3. Полная история Чингис-хана, составленная из татарских летописей и других достоверных источников. Изд. Н.Горлов. –СПб., 1840
4. Там же, С.32 .
5. Полная история Чингис-хана, составленная из татарских летописей и других достоверных источников. Изд. Н.Горлов. С.49-50 .
6. Бартольд В.В. Сочинения Т. IV, М., 1966.С.102 .
7. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Ч. II. С.384-385 .
8. Там же, с.394 .
9. Там же , с.395 .
10. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Ч. II. С.395.
11. Бартольд В.В. Сочинения Т. IV.С. 102 .
12. Григорьев В. История монголов. – С.Пб., 1840.С.19 .
13. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. I, кн.2. М.-Л., 1952.С.183
14. Бартольд В.В. Сочинения Т. II, Ч. I. М.,1963.254- б.
15. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Ч. II. 403 б.
16. Там же., С.431-432 .
17. Бартольд В.В. Сочинения Т. II , Ч. I, - 254 с.
18. Бартольд В.В. Сочинения Т. II , Ч. II, - 433 с.
19. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Ч. II. -433 с.
20. Там же., С.28 .

21. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – А., 1991, .676 .
22. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Ч. II. 434 с.
23. Д.Оссон К. Шыңғысханнан Әмір Темірге дейін., Астана, 2003. 116б .
24. Григорьев В. История монголов. С.19-20 .
25. Абдрахманов К. Хан батыр – Қаракерей Қабанбай. Астана, 2005. 26 б.
26. Путешествия в Восточные страны. С.34.
27. Бартольд В.В. Сочинения Т.У ,. 546 с.
28. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т.1, кн. 2. 184 с.
29. Абдрахманов К. Хан батыр – Қаракерей Қабанбай. Астана, 2005. 29 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада найман ханзадасы Күшіліктің Шыңғысханға, оның киіз үйлі көшпенділердің өркениетін өркендету әрекетіне қарсы күресі, оның жеңілу себептері баяндалады.

РЕЗЮМЕ

На основе изучения и анализа как некоторых первоисточников, так и ряда исследований, в статье автором сделана попытка по новому взглянуть на роль монгольских завоеваний Казахстана в дальнейшем развитии цивилизаций кочевников с одной стороны, и на тормозившие этот процесс действия найманского царевича Кушлука с другой стороны.

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

МАРИЯ ГОРИНАНЫҢ МҰСТАФА ШОҚАЙ ӨМІРІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ

Ахметова Ж.Қ. - т.ғ.к., доцент м.а. (Қазмемқызпу)

Жиырманшы ғасыр барша түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқы үшін үміт пен күдікке, қым - қиғаш қасіретке толы ғасыр болды. Өйткені, ХХ ғасырда түркі халықтары әуелі патшалық империяның отаршылдық саясатына, кейін Қызыл большевиктік империяның солдыр - солақай саясатына қарсы күрескен зиялылардың тағдыр-тауқыметін тартқан кезеңі болатын. Солардың бірі, қазақтың бір туар азаматы- Мұстафа Шоқай еді. Мұстафа Шоқайдың бүкіл саналы ғұмырындағы жасаған игі істерін бүкіл дүние жүзіне, әлемге әйгілі еткен, оның өмірлік жары *Мария Яковлевна Горина - Шоқай* болды деп айтсақ артық болмайды. Мария Мұстафаның өміріндегі барлық қиындығын бірге бөлісуімен қатар, оның мұраларын бүкіл әлемге танытумен бағаланады.

ХХ ғасырда Түркістан, Әзірбайжан, Батыс Сібірде өмір сүрген түркі халықтары арасынан көзі ашық, көңілі ояу, салихалы көсемсөз шеберлері, саясаткерлер тарих сахнасына көтерілді. Олар өз халқының патша өкіметінің отаршылдық езгісінде болғанын, кейін кеңестік саясаттың да түркі халықтарына дербес тәуелсіздік бермейтініне көздері жеткеннен кейін мұғажырлық жолды таңдап, шетелге шегініп, батыс демократия жерінде Ресейдегі Қызыл империялық

саясатты батыл сынап, дүние жүзіне большевиктердің жалған ұрандарын әшкерелеген тарихи тұлғалар еді.

Сондай тұлғалардың қатарында: Мұстафа Шоқай, Жүсіп Ақшора, Зәки Уәлиди Тоған, Мехмет Амин Расул, Садри Максуди, Ғаяз Исхаки, Ахдес Нимет, Құрат сынды зиялылар болды. Мұстафа Шоқаймен оның өмірлік жары Мария Яковлевна Горина да бірге шетелге аттанды /1/. Мұстафа Шоқайдың және жоғарыда аталған кісілердің бәрінің де арманы Түркістан халқының тәуелсіздігі еді.

Мария Яковлевна Горина 1888 жылы 22 ақпанда Вильно қаласында дүниеге келеді. Алғаш рет Мария Яковлевна Мұстафамен Петербург университетінің студенті болып жүрген кезінде танысады. Ол таныстық төмендегідей жағдайда басталғанын көреміз. 1916 жылы Ташкенде мобилизацияланған жұмысшылардың көтерілісі болады. Осы көтеріліс басып тасталған соң Түркістанға Петербурдан комиссия келеді. Комиссия құрамында мемлекеттік думаның мүшесі А.Ф.Керенский, сенатор Тевкелев және Мұстафа Шоқай да тілмаш ретінде келеді. Мұстафа сол кезде Мария Яковлевнамен алғаш кездеседі.

Шетелдік қандасымыз А. Қара өз еңбегінде: "Шоқай да, Мария да бұл кездесулерден жақсы әсер алған болатын" - дейді /2/. Осы кездердегі Мұстафа Шоқаймен алғашқы кездескендегі сәті туралы Мария Яковлевна өзінің Мұстафаны ұнатқаны жөнінде былай дейді: "Мұстафа Петербургтен келіп еді, қызықты әңгімелер айтатын. Ол астаналық сәнмен әдемі киінетін, тәрбиелі екендігі көрініп тұратын. Өте ұқыпты болатын, оның қасында жүру өте қызықты көрінетін" - деп еске алады.

Арада 2 жыл өткеннен кейін 1918 жылы 31 қаңтар күні Қоқанда күрес басталып, Мұстафа өкіметтің өзге мүшелерімен бірге Қоқан қаласының маңындағы қыстақтар арқылы большевиктердің қолына түспеу үшін бір ауылдан екінші ауылға көшуге мәжбүр болды/3/. Мұстафа Шоқай Ферғана тауларында, қыстақтарында, аудандарында жүріп зорға дегенде Ташкентке келеді. Бірақ оны Ташкенттен алып шығатын үлкен күш қажет еді. Ташкентте Мұстафа енді Марияны іздеуді мақсат тұтты. Ол жағдайда жасырынып жатқан үйге бұрынғы күйеуін іздеп келген Мария Яковлевнамен кездейсоқ кездеседі. Осылайша Марияның көмегімен Ташкенттің тыныш аудандарының бірінен бақшалы үй жалдайды. Мария Мұстафаға қажетті заттарды қаладан әкеліп, үйге жиі келіп тұрды. Мария мен Шоқайдың арасындағы өзара көмектесуге негізделген бұл қарым-қатынас уақыт өте келе махаббатқа айналып, 1918 жылы 18 сәуір күні өзбек имам олардың мұсылманша некесін қиды /4/.

Мұстафа Шоқай бақшалы жер үйде тыныш өмірге қауышқан болатын. Қажетті заты жеткізіліп тұрғандықтан онша таршылық та көрмеді. Бірақ Мұстафаның қаладан шығуы үшін керекті рұқсаты мен пойыз билеті жоқ болатын. Бұл қиыншылықты да жары Мария шешті. Ол ойлаған жоспар бойынша, Мұстафа Мәскеуге операция үшін кетіп бара жатқан, басы, көзі таңылған, ауыр жарақаттанған адам сияқты пойызға отыру керек еді. Азамат соғысы кезінде Ташкентте медбикелік жұмыс атқарған Марияның қасында жаралы адаммен жолға шығуы еш күмән тудырмайтын. Осы айланы орындау барысында Марияның науқас рөліндегі Мұстафаға жалған бір куәлік пен шығуға рұқсат алуы да қиынға соқпады.

1918 жылы 1 мамыр күні алдын ала дайындалған жоспар бойынша, Мария мен бет-аузы таңылып тасталған Мұстафа пойыздың жылжуынан сәл бұрын станцияға келіп, күтпеген бір жағдайға тап болды. Қызметкерлер пойыздағы жолаушылардың шығу рұқсаттарын бір-бірлеп тексеріп жатты. Бұл Мария мен

Мұстафаны қатты абыржытты. Бірақ тексеру кезегі дәл соларға келгенде тексеруші артына қарап біреумен сөйлесе кетті. Әңгімесі біткеннен кейін, қалған жерінен тексеруге бастаған кезде ол жаңылысып, олар отырған купеден аттап кетті. Осылайша ерлі-зайыпты Шоқайлар бір қатерден құтылды. Сағат 13.00-де жылжуы тиіс пойызы кешігіп 17.00-де Мәскеуге қарай жолға шықты /5/.

Пойыз Ақмешіт, сонан соң Ақтөбе станцияларына келіп тоқтады. Ақтөбе станциясында Орынбордағы соғыстың салдарынан теміржол байланысы үзілгендіктен пойыз мүлде тоқтап қалып, Мұстафа зайыбымен пойыздың жүруін тосуға мәжбүр болды. Көп кешікпей қаладан 5 шақырым қашықтықтағы Темір қалашығына, одан кейін Қызылқұрт деген үлкен қазақ-татар ауылына жетті. Бұл жерде Алашорда жетекшілерінен Халел Досмұхамедовтың үйіне бір күн қонды. Тамыз айы ішінде Самара арқылы Уфаға жетті. Ол жерде Зәки Уәлидиді тауып, оның Иорматыдағы үйіне түсті. Шоқай бұл жерден З.Уәлидимен бірге Орынборға өтті. Онда Алаш жетекшілерімен бұдан кейінгі ұлт-азаттық қозғалыстың бағыт-бағдарын белгілеу мақсатында кездеспек еді. 1918 жылдың 30 тамызы мен 7 қыркүйек арасында Орынбор және Самара қалаларында тізбекті бірқатар жиналыстар өткізілді. 6 қазан күні Уфадағы конгресс аяқталғаннан кейін Мұстафа Шоқай жанына жұбайы Марияны алып, Құрушы Мәжіліс мүшелерімен бірге Екатеринбург қаласына аттанды. Мұстафа қай жерде жүрсе де жұбайын қасынан тастамады. Екатеринбург қаласында Ресейдің демократиялық ұйымдарының өкілдері жиналып, Ресейдің барлық аудандарының Құрушы Мәжіліс депутаттарына өкілдік ететін бір комитет құрды. Комитеттің төрағалығына Виктор Чернов, ал орынбасары болып Мұстафа сайланды.

Осында қабылданған тағы да бір шешім бойынша М.Шоқай, Алкин және Юсуф Минор Америка Құрама Штаттарына барып, президент Вильсонға Ресейдегі антидемократиялық бағыттағы большевиктерге қарсы күштерге қолдау сұрайтын болды. Бұл үшін керекті виза, жол қаржысы және билет секілді барлық мәселелер шешіліп, сапар дайындығы жасалды. Мұстафа жұбайы Марияны да жанына ала кететін болды.

Жолаушылар пойызбен Владивостокқа, ол жерден кемемен Америкаға кету керек болатын. Бұл арада Омскіде күтпеген өзгеріс болып, ол жерді өз бақылауында ұстап тұрған монархияшыл генералдар директория мүшелерінің демократия мен халыққа еркіндік беруді ұйғарған жұмысынан мазасызданады. Олар мұны большевиктерге қарсы жүргізетін қарулы күрестеріне кедергі ретінде көрді. 21 қараша күні таңертең сағат 02.00-де Челябинскіге жетті. Онда Мұстафа жұбайымен уақытша қоштасып, жолдасы Чайкинмен жол жүруге мәжбүр болды. Маңғыстау арқылы ақпан айының соңында Бакуге, сәуір айында Бакуден Тбилисиге өтті. Мұстафа онда бірнеше аптадан соң жұбайы Мариямен қауышты /6/.

Тбилисиде Марияны станцияда М.Шоқай шоқ гүлмен қарсы алды. Сонымен қарашада Челябинскіде айырылысқан екеуі алты айдан кейін Тбилисиде қауышып, бақытқа кенелді. Адам сенбес бір таңғажайып оқиға жүзеге асқанын іштей сезінген Мария мен Мұстафа құшақтаса кетті. Тебіреніс пен қуаныштан тілдері тұтығып сөзге келмеді. Осылайша ұзақ тұрып, сағыныштарын басты.

1921 жылдың 25 ақпан күні көптен күткен жайсыз хабар да келіп жетті. Большевик күштері Тбилисиге басып кіре бастады. Мария бұл хабарды таңертең естіген кезде үйде болатын. Ол бірден жол дайындығына кірісті. Керекті деп тапқан заттардың барлығын үстел жапқышына түйіп алып, станцияға қарай жүгірді. Атылған оқ дыбыстары алыстан келіп жатты. Адамдар тізіліп бір

бағытта, яғни станцияға қарай ағылып жатты. Станцияда жолыққан кейбір таныстарының көмегімен Мария пойызға отырды.

Бұл кезде жұбайының станцияға кеткенінен бейхабар Мұстафа Шоқай баспаханада газетін бастырып жатты. Үйге келген соң ол таныстарынан Марияның пойызбен Батумиге кеткендігін естіп білді. Мұстафа Тбилисиден кетіп, Стамбул арқылы 1921 жылдың ортасында француз кемесімен Францияға аттанады. Ұзақ уақыттан бері тұрмыстық қиыншылық тартып келе жатқан олар алғаш рет кемеді әр түрлі сусындар мен тағамдардан тоя ішіп-жеді. Жайлы өткен сапардан кейін Францияның Марсель портына жетіп, сол күні кешкілік отарбамен Парижге жүріп кетті.

Парижде ұзақ уақыт қалуды ойлаған жұбайлар бірнеше күннен кейін Порт Дофинге жақын маңнан бір қарт журналистің жанынан бөлме жалдады. Бірақ бұл бөлме отбасы үшін тар еді. Сондықтан бір аптадан соң Париждің орталығындағы Моцарт көшесінде орналасқан 64-ші үйден екі бөлме мен бір ас үйден тұратын жихазды пәтерге көшті. Бұл ұзақ уақыттан бері Шоқайлар аңсаған төрт құбыласы түгел шаңырақ болды /7/. Парижде күн көру үшін Мария тұрып жатқан үйінің бір бөлмесін ресторанға айналдырып, Париждегі бойдақ орыс босқындарына үй тағамдарын жасап сататын болды.

Париждегі алғашқы күндерінде Мұстафаға Мария зор қолдау көрсетті. Ол үйде босқындарға тамақ дайындаумен қатар, театрда жұмыс істеп, түстен кейін Малчевский атындағы орыс хорына барып, ән салатын. Хормен бірге Париждің "Альгамбра", "Олимпия" және басқа театр сахналарына шыққан Мария үйіне келе салысымен ертеңгі күннің тамақ әзірліктеріне кірісетін. Шоқай көкөніс тазалап, үстел мәзірін дайындап, жұбайының ауыр жүгін жеңілдетуге тырысатын. Сонымен қатар Мұстафаның баспасөзге жазған мақалалары үшін алған қаламақылары да үйдің кірісіне үлес қосатын. Бұл кезде Мұстафа француз тілін де үйренуге күш жұмсады.

1923 жылдың қысында Парижге оралған Шоқай отбасы Моцарт көшесіндегі үйлеріне бармай, Париждің бір шетінде орналасқан Ножан ауданынан үй жалдады. Бұған Париждің орталығына қарағанда сырт аудандарында тұрмыстың арзандау болуы себеп болған еді. Сондықтан 1923 жылдың басынан бастап Париждегі орыс босқындарының баспасөзінде жиі-жиі мақалалар жариялай бастаған М.Шоқайдың Ножанда бірнеше үй ауыстырғанымен өмірлерінің соңына дейін осында тұрды.

Мария естеліктерінде М.Шоқайдың 1923 жылдан бастап Париждегі эмигрант орыс демократтарымен болған қарым-қатынастарын сиретіп, ақырында орыс эмигранттарының баспасөзінен қол үзгендігін айтады. Ал шындығында, 1923 жыл Мұстафаның орыс босқындарының баспасөзімен қарым-қатынасын күшейте түскен жылы болып табылды. Бұл пікірімізге М.Шоқайдың орыс баспасөзінде орын алған мақалаларының саны нақты дәлел бола алады. Мұстафаның 1923 жылдан бастап Париждегі орыс босқындарының баспасөзіне мақала жазуын жыл сайын арттыра түсуінің екі маңызды себебі бар еді: біріншісі - қаламақысы, екіншісі - Түркістан мәселесін әлем жұртшылығына, әсіресе, Кеңестер Одағындағы халықтарға жеткізу мақсаты. Ол мақалалары көбіне Кеңестердің жүргізіп отырған саясатының Түркістанның жергілікті халқының мүддесіне қайшы екенін көрсетуге бағытталды. Түркістандықтардың мемлекеттік басқару орындарында екінші дәрежелі билікке ие екеніне назар аударып, олардың басқарудың әр сатысында белсенді қызмет атқару қажеттігін баса көрсететін еді. Ол Кеңес өкіметін осы тұрғыдан қатаң сынға алатын.

1939 жылы ІІ дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейін Мұстафа мен Марияның жағдайы қиындады. Мұстафаның пешенесіне Ножандағы үйінде отырып, соғыстың аяқталуын күту жазылмаған еді. Немістер Мұстафаны тауып алып, Кеңестерге қарсы бірігіп жұмыс жасауға ұсыныс жасады. Бірақ М.Шоқай бұл ұсыныспен келіспегеннен кейін 1941 жылы 3 неміс солдаты келіп оны тұтқындайды. Ал Мұстафа Шоқай тұтқындарды аралап, олардың хал-жағдайымен танысып, оларға көмектеседі. Мұның аяғы Мұстафа Шоқайдың қазасына ұласады.

Мария Горина-Шоқай бүкіл саналы ғұмырын Мұстафаға арнады. Ол қай жерде жүрсе де оның жағдайын жасауға барынша өз үлесін қосып, Мұстафа қайтыс болғаннан кейін де оның артынан қалған мұраларын қазіргі ұрпаққа қалдыру үшін жағдайлар жасады. 1969 жылы 15 апрельде Париж түбінде Шель деген қалашықтағы орыстың шіркеуінде қайтыс болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұстафа Шоқай Мария Шоқай естеліктері, Стамбул, 1997. 119 б.
2. Қара А. Мұстафа Шоқай өмірі, күресі, шығармашылығы. Алматы, 2004. 95б.
3. Мұстафа Шоқай, Мария Шоқай естеліктері, 121 бет.
4. Қара А. Мұстафа Шоқай өмірі, күресі, шығармашылығы. Алматы, 2004. 105-110 бб.
5. Бұл да сонда, 111 бет.
6. Мария Шоқай. Сен деп соққан жүректен. // Сыр бойы, 1997ж. 27 мамыр.
7. М. Шоқай, Мария Шоқай. Естеліктер. Стамбул, 1997 ж. 182 бет.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақтың біртуар азаматы, тұңғыш эмигрант Мұстафа Шоқайдың жары Мария Горина-Шоқай жайында баяндалады.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается судьба Марии Гориной-Шокай, супруги первого эмигранта казахского народа Мустафы Чокая.

ТАҒДЫР ТАУҚЫМЕТІН ТАРТҚАН АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ., Қазмемқызпу)

XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ зиялылары 1917 жылы «Алаш партиясын, оның артын ала Алашорда үкіметін құрып, тәуелсіз қазақ автономиясын құруға белсене кірісті. Партияның органы болған «Қазақ» пен «Сарыарқа» газеттерінде патша тырнағынан босанған елдің былайғы тағдырын қалай қалпына келтіру мәселесі жөнінде түрлі мақалалар жарияланып, пікір-таластар өткізіліп жатты.

Алашорда үкіметі алда өтетін Құрылтай жиналысына өз тарапынан қатысатын депутаттардың тізімдерін даярлап, аталмыш газет беттерінде жариялап отырды. Мәселен, Торғай облысының «Алаш» партиясының атынан І тізім бойынша бұл жиналысқа А.Байтұрсынов, А.Бірімжанов, С.Досжанов,

А.Темірбеков, Т. Жаманмұрынов, Е.Оразов, Ә.Бөкейханов, 5 тізім бойынша Семейден Ә.Бөкейханов, Р.Мәрсеков, С.Дүйсенбин, Б.Сәрсенов, Х.Ғаббасов, ал Қарқаралы уезінен А.Райбеков, Р. Сапақов, И.Бәйтенев, Ж.Ақбаев, Жымпитыдан Ж.Мергенов, Ж.Досмұхамедов, Д.Құсепғалиев, Ордан М.Есполов, Ақмоладан Ізбасаров, Бөлеков, торғайдан С.Қадырбаев, Бегімбетов, Аңдамасов, Серғазин, Посебаев және тағы басқалар кандидат болып сайланды /1/.

«Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметі 1919 жылға дейін елеулі қызметтер атқарды. Қазақ жастарымен жұмыс жүргізіп, нәтижесінде Алаш жолында 20-дан астам жастар ұйымдары қызмет жасады. «Алаш» партиясының облыстар мен уездеріндегі қазақ комитеттері ашылып, Құрылтай жиылысының сайлауында оң нәтижеге қол жеткізуі осы идеологиялық жұмыстардың жемісі болды.

Алашорда үкіметі ІІ Жалпықазақ съездерінің шешімдеріне сай уездерде халық милициясын құруға белсене кірісті. Милиция қатарына әскер қызметін атқаруға жарамды 20 мен 35 жас аралығындағы ер азаматтар іріктелініп алынатын болды. ІІ Жалпықазақ съезінде көрсетілгендей, халық милициясының жалпы саны - 13500, әр облыс бойынша шаққанда Бөкейде - 1000, Оралда - 2000, Торғайда - 3000, Ақмолада -4000, Семейде -1500, Жетісуда -2000 адам болуын мөлшерледі /2/.

1920 жылдың басына дейін алаш қозғалысы кең өрістеп, ұлттық бостандықты аңсаған түркі, мұсылман халықтарды да біріктіруге тырысып, татар, қырғыз, өзбек, башқұрт секілді бірқатар мұсылман халықтарымен тығыз байланыс орнатты. Алаш қайраткерлері мен башқұрт элитасы өкілдері ұлт мүддесін қорғауға бірлесе кірісті.

Алашорда басшылары Алаш автономиясын мойындату және ұлттық әскер бөлімдерін құру мәселесінің шешімін тапқызуда ерен еңбек етті. Алайда Кеңес үкіметі Алаш қозғалысының қайраткерлерімен келіссөз жүргізуде екіжүзділік танытып, оларды халық алдында тап жауы ретінде көрсетуге бар күштерін салып, үгіт-насихат жұмыстарын өрістетті. Осындай қиын қыстау уақыт туындаған кезде алаш жетекшілері ақ гвардияшылармен жақындасып, байланыс орнатуына тура келді.

Алашорда басшылары Сібір үкіметімен де байланысуға тырысты. Өз өкілдерін жіберу арқылы екі үкімет арасындағы қарым-қатанысты күшейтуге күштерін салып бақты. Бірақ Сібір үкіметі Алашорданы жартылай ғана мойындады.

Кеңес өкіметі Алашорда үкіметінің билігін тоқтатуға бар күшін салды. БОКА-тың 1919 жылы 4 сәуірдегі және 10 шілдедегі шешімдерінде Кеңес өкіметіне қарсы азамат соғысына қатысқан қазақтар мен бұрынғы ұлттық «Алашорда» үкіметінің белді мүшелері контрреволюциялық қызметтері үшін қуғындалып, жазаға тартылмайтындығы айтылды. Алаш қозғалысына қатысқандардың барлығына кешірім жарияланып, оның белді мүшелері үкімет қызметіне тартылатындығы келтірілді.

Ақыры 1919 жылдың соғына дейін алашорда жетекшілерімен келіссөздер жүргізіліп, кеңес жағына шығуға үгіттеді. Бұл жұмысты әсіресе қырғыз әскери-революциялық комитеті белсенді жүргізді. Нәтижесінде осы жылдың қазан айында қазревкомның мәжілістерінде Алашорданың Орал және Торғай топтарына «кеңес өкіметін таныса» кешірім жариялау туралы шешімдер шығарылды. Мәселен, 1919 жылдың 31 қазанындағы Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі әскери-революциялық комитеттің мәжілісіндегі №22 хаттама шешімі бойынша кеңес өкіметіне қарсы ақтармен бірлесе күрес жүргізген Орал және Торғайдағы

алашордашылар кеңес өкіметін мойындаған жағдайда кешірім жасалатыны айтылды /3/.

Бұдан кейін Қырғыз әскери-революциялық комитеті Батыс және Шығыс Алашорда басшыларымен бірнеше келіссөздер жүргізіп, кеңес өкіметі жағына шығуын талап етті. Алашорда үкіметі өзінің алға қойған саяси платформасын халыққа түсіндіруде аса белсенділік көрсете алмауынан, әрі олардың алдында кеңес өкіметінің ықпалының күштілігін түсініп, еріксіз кеңестік билікті мойындауға мәжбүр болды. Сөйтіп, қазақ халқының белді қайраткерлері топталған «Алаш» партиясының қызметін тоқтатты.

Қазақстанның Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болған Жалау Мыңбаев Республиканың 5 жылдығына орай жасаған баяндамасында «Кеңес өкіметі Қазақ өлкесі ақтардан тазарып ғана қойған жоқ, 1919 ж.10 шілдедегі В.И.Лениннің қол қойған «Ережесі» бойынша ревкомға екі бірдей жұмысты: Алашорданы тарату және қазақтардың кеңестік емес топтарын жоюды атқарғандығын, Алашорданы жою 1919 жылдың соңында аяқталғандығын атап өткен болатын» /4/.

Алаш қозғалысының қайраткерлерін қуғындау ісі 20-шы жылдардың ортасынан басталды. Бастапқы кезде кеңес өкіметі Алашорда қайраткерлерін жауапты қызметтерге тартты. Әсіресе, оларды оқу-ағарту саласында қызмет етуге шақырды. Бұл кездерде жас өкіметтің жағдайы аса ауыр еді. Бір жағынан азамат соғысынан есін жия алмай жатса, екінші жағынан өлкені аштық жайлай бастаған болатын. Үкімет елдегі ішкі жағдайды түзетпей, социализм жолында күрес жүргізу мүмкін емес екендігін түсінді. Ол үшін бұрынғы аппарат күштерін қолдану аса тиімді екендігіне көздері жетті.

А.Байтұрсынов бастаған қазақ зиялылары (бұрынғы алаш қайраткерлері) білім саласына белсене кірісті. Сауатсыздықты жоюда, мектептерді қажетті оқулықтармен қамтамасыз етуде елеулі үлес қосты. 1920 жылдың 2 желтоқсанында Орынборда Қазақ Орталық Комитетінің төрағасы С.Мендешевтің басшылығымен құрылған оқулықтар жасау комиссиясының құрамында А.Байтұрсынов, А.Бөкейханов, С.Сәдуақасов, Х.Болғамбаев және Ж.Аймауытовтар болды. Бұл комиссияның ең бірінші ретте бастауыш мектептер үшін оқулықтар мен әдістемелік құралдарды жасауды міндеттеріне алды.

1921 жылдың 31 қаңтарында өткен Халық ағарту комиссариатының кеңесінде А. Байтұрсынов, Е.Омаров, Б.Сәрсенов, Ж.Аймауытов, Ә.Бөкейханов, Х.Болғанбаев, С. Сәдуақасов, С.Сейфуллин, С.Айтхожин сияқты зиялылар қатысып, біртұтас 1 және 2 сатылы еңбек мектептері үшін қазақ тілінде оқулықтар шығару мәселесін қарастыра отырып, бірнеше шешім қабылдаған еді. Бұл шешімде жоғарыда аталған зиялылардың барлығын оқулық жазуға қатыстыру, сонымен қатар бұл іске М.Жұмабаев, М. Тұрғанбаев, Қ.Кемеңгеров, Ж.Тілеулин, С.Мұстафин және кітап жазуға ниет білдірген азаматтарды тарту қажеттігі келтірілді. Сонымен қатар 1 және 2 сатылы еңбек мектептері үшін арифметика, геометрия, жаратылыстану, физика, география, жалпы және қазақ тарихы, мектеп гигиенасы, педагогика және дидактика сияқты оқулықтарды тез арада жазу мәселесін көтеріп, арифметиканы М.Тұрғанбаевқа, геометрияны Б.Сәрсеновке, жаратылыстануды Е.Омаров пен Қ.Кемеңгеровқа, физиканы Ф. Ғалымжановқа, географияны Ә.Бөкейхановқа, қазақ тарихын М.Жұмабаев, ал жалпы тарихты Ж.Болғамбаевқа, мектеп гигиенасын Ж.Тілеулинге, бастапқы алгебраны Б.Омаровқа, педагогиканы М.Жұмабаевқа, дидактиканы Ж.Аймауытовқа жазуды жүктеді. Ал хрестоматия оқулығын С.Сейфуллин, қазақ тілінің синтаксисін А.Байтұрсынов жазатын болды.

1921 жылдың өзінде 5 мың данамен А. Байтұрсыновтың «Оқу құралы», 4 мың данамен М. Дулатовтың «Тіл құралы» атты оқулықтары шығып, мектептерде қолдана басталды /5/.

Кеңес өкіметі оқу құралдарын жазу тек алаш қайраткерлерінің қолынан ғана келетіндігін түсінді. Сондықтан олардың ағарту саласындағы қызметтеріне қолдау да көрсетті. С.Сәдуақасов І мұғалімдер съезінде оқу құралдары мен тіл мәселесі жөнінде сөйлеген сөзінде оқу құралын жазу тек А.Байтұрсыновтың қолынан келетіндігін атап өткен еді. «Бізге қазірде бәрін де жаңадан шығаруға тура келіп отыр. Бұл жолда бізге кездесіп отырған қиыншылықтар көп. Біріншіден – оқу құралдарын жазатын адамдардың бізде саны шағын. Оқу кітаптарын жазатын ылғи ғана жалғыз Байтұрсынұлы. Басқа адамдарымыз жоқ. Біз бұл жұмысты басқа істен қолдың босауына қаратып келдік. Қазақша оқу кітабын жазу деген жеңіл жұмыс емес. Мұны өлең сықылдандырып жаза салуға болмайды. Оқу кітаптарын жазу үшін құр хат танитын болу жеткіліксіз, жазушы оқыту ғылымына жетік болу керек. Балалардың психологиясын білу керек. Жалпы алғанда оқымысты адам болу керек. Жақсы кітаптарды жазу үшін адамның білімді болуы шарт», – деп жаза отырып, жоғарыда аталған алаш азаматтарының білімділігін, біліктілігін атап айтпаса да, астарлай жеткізген еді /6/.

Алаш қайраткерлері баспасөз салаларында да қызмет етті. Олардың қыл қаламдарынан шыққан түрлі тақырыптардағы мақалалар «Ақ жол», «Қазақ тілі», «Шолпан», «Темірқазық», «Сәуле» және тағы басқа ұлтшыл атанған газет-журналдарда жарияланды. Аудармашылық қызмет те атқарды. Ғылым саласына тарихи еңбектерімен әйгілене бастады. Мәселен, 1924 жылы Ә.Бөкейхановтың Мәскеуде «Қозы Көрпеш–Баян», «Қажымұрат» сияқты тарихи маңызы бар кітаптар басып шығарылды. Автор «Қозы Көрпеш–Баян» кітабы жөнінде: «Қозы Көрпеш–Баян» жайылмаған түркі жұртында жері жоқ десе де болады. «Қозы Көрпеш–Баян» Ертіс аяғы Тобыл, тараншыда, Түркістанда, Сарыарқада, Алайда, Ұранқайда, Оралда, башқұртта, Кавказда, шешенде, осетинде бар. «Қозы Көрпеш–Баян» біздің түркі баласының сүйген ертегісі. Норманда «Фауст» қандай болса, түрік баласына «Қозы Көрпеш–Баян» сондай. «Қозы Көрпеш–Баян» көп мағыналы, түркі жұртын сипаттайтын әдебиет қорының таңдамасы», – деп жазған еді /7/.

Алаш зиялыларының оқу құралдары мен ғылыми зерттеулері, мақалалары, идеялары бүгінгі таңда өз маңыздылығын жоймай, халық арасында кең тарады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында: «Кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған көптеген қағидалар күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр. Бұл ұлттық емес, патриоттық ұйым, алдына қойған мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, оны осы заманғы шындыққа бейімдеу еді», – деп жазуы жоғарғы айтқанымыздың дәлелі десек те болады /8/.

Алаш қайраткерлерінің тағдырлары 20-шы жылдардың екінші жартысынан кейін қиындады. Олардың әрбір қадамдары аңдылып, жазғандары жете тексерілді. Құпия түрде түрлі мәліметтер жинала бастады. Әсіресе Шығыс және Батыс Алашорда жетекшілерінің үстінен бақылау жасалып, том-том істер пайда болды. Бұл үрдіс әсіресе Ф.И.Голощекин Қазақстанға басшылық еткен жылдары өрістеді. Қазақ зиялыларының тәркілеу, ұжымдастыру, индустрияландыру бағыттарында болған қателіктерді ашық түрде айтуы өздеріне қатты соққы болып тиді. Тіпті 1921-22 жылдардағы аштық кезінде Торғайға көмектесу мақсатымен Семей облысынан жиналған малды тарату барысында орын алған кемшіліктер үшін Ж.Аймауытов, А.Жүсіпов, І.Бәйменов, Ш.Құлжанов, Қ.Қарпықовтардың үстінен

«Торғай ісі» деп аталған сот іс қозғалып, төрт жылдан артық созылған болатын. Малды тарату барысында бергендіктері жөнінде алған қолхаттардың мөрі болмағандықтан сол малды «өздері пайдаланып кетті», «байларға үлестіріп берді» деген жалалар жабылды. Сот үш күнге созылып, оның барысы «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланып отырды. Ең соңғы үшінші күні Ж. Аймауытов ақтық сөзінде көзі аларып, өлуге айналғандардан қолхат алуды қолайсыз көргендігін айтып, ақталып шыққан еді /9/.

1928-1932 ж. аралығында Алаш жетекшілеріне арналған сот үдістері өтіп, 47 адам істі болып, оның 35-і түрлі жазалар алды. Мәселен, 1930 жылғы 4 сәуірдегі ОГПУ-дың сот коллегиясының үкімі бойынша Алаш партиясының жетекшісі болған А. Байтұрсынов бастапқыда ату жазасына кесілсе, кейіннен он жыл абақтыға отыруға алмастырылды, Алаш қозғалысының көрнекті өкілдері Міржақып Дулатов, Халел Ғаббасов, Жүсіпбек Аймауытов, Мырзағазы Есполовтар да бастапқыда ату жазасына кесіліп, кейіннен он жыл мерзімге лагерге отырғызылған. 1929 жылы Ж. Аймауытов Қазақстандағы Кеңес үкіметіне қарсы құрылған ұлтшылдық «Алқа» ұйымымен байланысы бар деген айыппен абақтыға қамалып, 1930 жылы атылып кетті.

Алаш қайраткерлерінің көрнекті өкілдері Х. және Ж.Досмұхамедовтар, М.Тынышбаев, Қ.Кемеңгеров, Ж.Ақбаев, С.Кәдірбаев, Ж.Тілеулиндерге қатысты қозғалған сот үрдісі 1932 жылы аяқталып, барлығы да бес жылға еріктерінен айырылды. Жанша мен Халел Досмұхамедовтар сол мерзімге Ресейге жер аударылды. Сөйтіп, алаш қозғалысының қайраткерлерінің тағдырына талқыға салынып, оның орны қайтпас қайғы-қасіретке ұшырады. Алаш зиялыларын «ұлтшыл», «буржуазияшыл» деп қаралаумен қоймай, олардың отбасына да тырнақ салды. Көбінің балалары бас сауғалап қашуға мәжбүр болды. 30-шы жылдардың соңындағы қуғын-сүргін нәубетінен бұрындары сотталып, жазасын өтеп келгендер құтыла алмады. Тағы да «халық жауы», «кеңес өкіметіне қарсы астыртын ұйым құрушы» деген желеумен атылды.

Қазақтың оқыған білімді зиялы қауымына қарсы қуғын бұл жылдармен тоқталып қалған жоқ, 40–шы жылдардың ортасында жалғасын тауып, білім, ғылым салаларында қызмет еткендерді «космополит» ретінде айыптап, соттаумен аяқталды. Қазақтың көрнекті ғалымдары Е.Бекмаханов, Қ.Сәтбаев, М.Әуезов және т.б. осы нәубеттің құрығына ілікті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алаш-Орда: Сборник документов. Алма-Ата, 1992. С.82-85.
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995.
3. Алаш-Орда: Сборник документов. Алма-Ата, 1992. С.172-173.
4. История Казахстана: белые пятна. Алма-Ата, 1991. С. 158-159.
5. Сонда, 163, 166-бб.
6. Сәдуақасұлы С. Таңдамалы. II том. – Алматы, 1993. 216-217-бб.
7. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж. Алты алаштың ардақтылары. Алматы, 1994. 50б.
8. Назарбаев Н. Тарих толқынында. Алматы, 1998. 173-б.
9. Сағынбекұлы Р. Жүсіпбек Аймауытұлы. Алматы, 1997. 12-б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада алаш партиясы мен алашорда үкіметінің қызметі және XX ғ. 20-30 жж. алаш қайраткерлерінің қуғынға ұшыраған тағдыры баяндаған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается об трагической судьбе деятелей Алашорды.

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ДАМУЫ –
ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ КЕПІЛІ**

Бегалиева А.А. – т.ғ.к., доцент (Қазмемқызпу)

«Жыл келгенде жаңалық сезінеміз» - деп ұлы Мұхтар Әуезов айтқандай Президенттің жыл сайынғы Жолдауынан халықтың бір жаңалық күтетіні рас.

Әр жылдың басында Қазақстан Республикасының Президентінің халыққа арналған Жолдауын талдап, еліміздің ішкі сыртқы саясатына қатысты мәселелердің барлығын қамтитын, Елбасының жыл ішіндегі ең басты сөзінен жаңалық, жақсылықтар күту ел өмірінде айырықша дәстүрге айналып отыр. Президент Жолдауында бір жылдағы атқарылған жұмыстардың қалай жүзеге асырылғандығы айтылып, еліміздің күш – қуатын арттырудың жаңа жолдары нақты көрсетіліп отырылады. Осының барлығын Ұлы даланың Президентіне тән даналықпен, Шығыс ойшылдарына ғана тән сабырлықпен баяндайды.

2008 ж. Жолдау өзінің халықаралық байланыстарға баса көңіл бөлетін стратегиялық ауқымдылығымен, еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне ерекше назар аударған серпінділігімен, сыртқы саясаттағы айқын бағытымен, сондай-ақ жеті басымдылықтың әрқайсысында арнайы көрсетілген нақтылығымен ерекшеленді.

Сыртқы саясатты орнықтырған осы жетістіктерге қалай жеттік? Қаншалықты күш-жігер жұмсалды? Біз тарихқа көз жіберсек «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында Н.Назарбаев сол кездегі қиындықтар туралы нақтылы баяндайды: «Бізде сыртқы саясат қызмет дәстүрлері болған жоқ, Қазақстанның сыртқы істер министрлігі нағыз дипломатиялық міндеттер орындаған жоқ. Өзінің алдында осындай күрделі проблемалар тұрған, бірақ шет елде бір де бір дипломатиялық өкілдігі жоқ, сыртқы саясат дәстүрлерін айтпағанның өзінде, сыртқы саяси мәселелер жөнінде ең қарапайым әзірлемелері жоқ білікті кадрлары жоқ елді көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші»...

«Біздің сол кездегі жағдайымыз, - деп атап көрсетті Президент, - ешбір сандырақ болмағанымен, соншалықты қайғылы жағдай болды. Жеткілікті кемелденген әлеуеті, пайдалы қазбаларының орасан зор қорлары бар, білікті еңбек ресурстары, өз аумағында ядролық қаруы бар мемлекет – Қазақстанның бір де бір халықаралық шарты болған жоқ...» Егер біз шұғыл түрде өзіміздің сыртқы саясатымызды қалыптастыруды бастап кетпеген болсақ, біздің мүдделерімізге орасан зор нұқсан келері де түсінікті», - деп атап көрсетті Н.Назарбаев өз кітабында.

Осы соңғы 10-17 жылда жүздеген жылдарда жете алмаған биіктерге қол жеткіздік. Қазақстанды шет мемлекеттер дипломатиялық тұрғыдан танығаннан кейінгі ең маңызды міндет біздің сыртқы саясатымыздың басты бағыттарын тұжырымдамалық айқындау болды. Қазақстан қандай халықаралық саясат жүргізеді – бұл мәселе Орталық Азия аймағындағы жағдай көбіне, көп жаңа

мемлекеттің сыртқы саяси бағытына байланысты болатынын түсінген көптеген мемлекеттер, алғашқы жылдары қатты алаңдатты.

Біз тәуелсіздікке ие болған күннен бастап өз саясатымыздың бейбітшіл болатынын жарияладық және дүние жүзінің бірде-бір мемлекетіне аумақтық жаңа жерлер туралы талап қоймайтынымызды мәлімдедік. Өз жауапкершілігімізді ұғынып, кез-келген әскери жанжал орасан зор зардаптарға соқтыратынын түсіне отырып:

Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты мақсаттары ретінде бейбітшіліктің сақталуын жақтадық. Саяси, экономикалық және өзге мақсаттарға жету құралы ретінде соғыстан және соғыс күштерімен қауіп төндіруден бас тарттық;

Қалыптасқан шекараларды бұзбай, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принциптерінен ауытқығамыз жоқ. Сондықтан Президент Жолдауда ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде сыртқы саяси қызметтің маңызды шешуші басым роль атқарылатынын ерекше атап өтті.

1992 жылы 2 науызда Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына кіруі аса маңызды тарихи оқиға болғаны баршамызға аян. Осы қадам біздің еліміздің шынайы тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік қауымдастық қатарына қабылдануын заңдылық тұрғыда рәсімдеді.

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына әлемдік қоғамдастықтың қатардағы жаңа мүшесі ретінде және қазіргі заманның ең өзекті халықаралық проблемалары бойынша белсенді позиция ұстанатын ядролық қарусыздану жолындағы қозғалыстың алғы шебінде тұрған мемлекет ретінде енді. 1991 жылы Семейдегі ядролық сынақ алаңының жабылуы Қазақстанға үлкен бедел сыйлады. Біріккен Ұлттар Ұйымының жоғары мінбесіне халықаралық қауіпсіздігі саласында жеке бастама көтеруге мүмкіндік алды. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше 189 мемлекетінің ішінде Қазақстан жер көлемі жағынан 9-шы орынды алады, сөйтіп әлемдегі жер көлемі ірі мемлекеттің алғашқы ондығына кіреді. Осыншама жер тарихы ата-бабаларымыздың бізге қалдырған мұрасы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының 15 мың шақырымы құрлық арқылы, 8 мың шақырымы яғни жартысынан көбі Ресеймен, 5 мың шақырымы Орта Азия елдерімен, 2 мыңы Қытаймен шектеседі. Су арқылы өтетіні 1,5 мың км. Сөйтіп шекарамыздың жалпы ұзындығы 16,5 мың км-ге тең. Бұл экватордың тең жартысына тең қашықтық екен.

Қазақстан нағыз Орталық Европалық Азиялық ел. Бұл тұрғыда өзіне Шығыспен, Батыс тарихымен, мәдениетімен дінін біріктірген. Өйткені Европамен Азияның түйіскен жерінде орналасқан Қазақстан - әр түрлі өркениеттердің, мәдениеттің халықтардың тоғысар тұсы. Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі аумағы ең алдымен қазақ халқының және республиканы мекендейтін басқада халықтардың тұрағы ретінде, бір күнде не бір жылда қалыптаспағаны баршаға аян. Жаһандық дамудың ұлы дүбіріне қосылған жас Қазақстан Республикасы үшін қазіргі жағдайда абай болудың мән мағынасы айрықша. Сондықтан Президент Жолдауының жетінші басымдық «Қазақстанның мүдделерін, өмірлік және әлемдік дамудың серпінін ескеретін теңдестірілген және жауапты сыртқы саяси бағытты одан әрі іске асыру деп аталады. Жолдаудың бұл бөлімі сыртқы саяси бағытта еліміздің Қытай Халық Республикасы, Ресей, АҚШ мемлекеттерімен қатар, Евроодаққа кіретін елдермен байланыс жасаудағы стратегиялық әріптестіктің бағыттарына арнайы тоқталған. Осы тұрғыда алып қарағанда мемлекеттік шекара мәселесі де ең негізгі мәселе. Мемлекеттің тәуелсіздігі өз алдына дербес ішкі сыртқы саясат жүргізуі, мемлекеттік шекарасы айқын

болғанда, шекаралас мемлекеттермен жер мәселесінде ешқандай дау дамайсыз реттелген келісілген заңды құжаттар айқын болғандығы баянды болады. Мемлекеттің шекарасы заңды түрде бекітілмесе онда кез келген елдің тәуелсіздігінің нығая қоюы екіталай.

Шекараны заңды күшейткен бекіту қазақ тарихынан ойып тұрып орын алатын саяси салмағы бар оқиға. Сондықтан Қытай, Ресей сияқты ірі мемлекеттермен шекара рәсімдеудің тарихи маңызы өте зор.

Осы жерде еліміздің шекара белдеуі өзге республикаларға қарағанда айтарлықтай нашар рәсімделгені анықталды. Сондықтан қазақстандық делегация келіссөздерге дайындықпен бару үшін, мемлекеттік мұрағаттарды түбегейлі ақтарып, керекті құжаттарды айқындады. Өйткені 1920 жылы құрылған Қазақ АКСР – мен арадағы қатынас кезінде шаруашылық субъектілері жерге орналасу мәселелерін өздерінше шешіп, кейде ол облысаралық деңгейде ғана шешіле алатын.

Кеңес Одағы тұсында шекара сызығы картадағы сызбасымен сәйкес келе бермеуінің себебі де осындай себептерге байланысты болды. Міне осындай сәйкессіздіктерге орай әлемде қабылданған құқықтық нормаларға негіздеп, арадағы 7,5 мыңдық шекараны айқындап алуға тура келді. Мұны тәуелсіздік алған 18 жыл ішінде отандық дипломатияның жарқын жеңісі деп қарастырғанымыз жөн. Ең бастысы Ресей сияқты алып мемлекетпен шекарамызды айқындауға қол жеткіздік. Ресейдің бұрынғы Президенті В.В.Путин 2005 жылы 18 қаңтарда Мәскеу қаласында қол қойды. Негізінен жалпы ұзындығы 7591 шақырымды құрайтын шекара сызығы екі ел арасында ешқашан заңды түрде белгіленіп жазылмағандықтан, оны мемлекеттік белгіленуді жүргізу қажеттілігі заңдылық болды. Көрші Ресеймен шекара мәселесін халықаралық таластарға сай рәсімдеу бұған дейін қазақ тарихында болған емес, сондықтан бұл оқиғаның тарихи маңызы өте зор.

Тарихымызды тұңғыш рет өзіміздің стратегиялық әріптесіміз Ресеймен заң жүзінде рәсімделген мемлекеттік шекараға ие болдық.

Нәтижесінде Қазақстан өзінің 14 мың шақырымдық шекара сызығын ресми түрде толық ретке келтірді.

Ресеймен арадағы келісімшарттың бір данасы Біріккен Ұлттар Ұйымына тапсырылды. Сөйтіп еліміздің шекарасының мызғымастығына әлемдік қоғамдастық тарапынан аса зор жауапкершілікпен кепілдік беріліп отыр.

Енді алда шекара бағандарын орнату міндеттері тұр.

Қазақстанның Ресеймен ешуақытта болмағандықтан, заңды рәсімделген шекараларға ие болу Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығын жаңа сапалық деңгейге шығарды. Кезінде екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнауының 10 жылдығына орай В.Путин Н.Назарбаевқа жеке жолдау жіберген болатын. Онда: «Бүгінгі күні Достық ынтымақтастық өзара көмек туралы шерткен және ХХІ ғасырға межеленген Мәңгілік достық пен одақтастық туралы декларациямен бекітілген біздің байланыстарымыз шынайы стратегиялық серіктестік сипатына ие болды», - деп баға берілген.

«Құмырсқа тасты теседі», - дейді Қытай мақалы. Қазақстанның тарихи көрші ел Қытай Халық Республикасымен ынтымақтастығы да оңайлықпен келген жоқ. Бұл мемлекетпен өзара қатынастың қалыптасуына бұрынғыдан қалған ауыр мұра қиындық келтіріп отырды. Кеңес Одағының ширек ғасырға жуық уақыт Қытаймен аса күшті жағдайында болғаны көпке белгілі. Кезінде, яғни 1969 жылы Даман аралы мен Жалаңашкөл көлінде болған шекаралық жанжалдар екі жаққа да

көп шығын әкелген болатын. Тіпті әлемдегі ең ірі екі ел атом соғысына дейін жақындап келген болатын.

Қазақ Даласы мен Аспанасты елінің өзара қатынастары тарихының өте күрделі тартысты оқиғаларға толы болғанын әр кез есімізде ұстағанымыз абзал. Қазақстан қарулы жасақтары Шың елінің әскерімен талай рет шайқасып қалып жүрді. Аса көрнекті ғалым Лев Гумилев Евразияны зерттей келіп, көшпенді халықтар мен «Сары император» иелігіндегі халықтар мәдениеті мүлдем сәйкес келмейтінін атап жазған болатын.

Қытаймен саяси және сауда экономика саласындағы ынтымақтастық күннен күнге күшеюде. Сондықтан Н.Ә.Назарбаев бұл алып елмен тату көршілікті реттемейінше Қазақстан тәуелсіздігінің кепілдігі жөнінде сөз ету мүмкін емес екенін жақсы түсінді. Президент Н.Назарбаев Қытаймен тұрақты да тату көршілік қатынаста реттеудің мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарындағы стратегиялық маңызын жақсы түсінді. Бұдан 100 жыл бұрын, тіпті 20 жыл бұрын Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде Қытай сияқты алып мемлекетпен стратегиялық серіктестік қатынасқа кіреді деп ешкімнің ойына келмеген болар. Біз білетініміздей 1999 жылы екі ел басшысы төтенше маңызы бар құжатқа – ХХІ ғасырға арналған Стратегиялық серіктестік туралы декларацияға қол қойды. Қытай бүгінде – біздің сенімді серіктесіміз, тату көршіміз. Бұл елмен: сауда инвестиция, халықаралық проблемалар жөнінде тұрақты қатынас жүргізе алады.

Қазақстан бүгінгі таңда ең негізгі басты көрші елдер Ресеймен, Қытаймен жақсы қатынас орнатты, осы арқылы халқының әл-ауқатын көтеруге бағытталған, өзінің бұрын соңды болмаған экономикалық реформалар негізіне айналған еліміздің ішкі тұрақтылығының қуатты алғы шартын жасап алды.

Біз Қазақстан шекарасының оңтүстік шебінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын түсіндік. Бұл мәселе әсіресе Ауғанстандағы мазасыз жағдай мен ланкестердің шекаралас елдер аумағына өте бастауына байланысты неғұрлым өзекті болды.

Н.Назарбаев халыққа Жолдау арнап Парламентте сөз сөйлеп тұрып ортаазиялық көршілермен шынайы достық қарым қатынасты нығайтуға барынша назар аударды. Өзбекстанмен 1998 жылы қазанда Мәңгі достық туралы шартқа қол қойғанын ерекше атап өткім келеді. Өзбекстанмен де жер мәселесін дұрыс шешіп алдық. Қазіргі шақта осының бәрі ақиқатқа айналды. Осы жетістіктерге Президенттің басқаруы арқылы мемлекет басшысының ішкі сыртқы саясат саласындағы даналық болжамдарымен, қағидалары арқылы мемлекетті басқарудағы айырықша биіктігі арқылы, тікелей білім күшімен, маңдай термен жеткеніміз анық. Сондықтан Жолдауда көрсетілген бағыттардың мәнін әрбір қазақстандық ерекше тебірініскенін сезініп отыр. Биылғы Жолдауда ұлттық қауіпсіздік мәселесі ерекше көтеріліп отыр. Президент Жолдауындағы алтыншы басымдылық «Осы заманғы қауіп қатерлер мен қыр көрсетулерге қарсы бара-бар ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру», - деп аталады. Бұл бөлімде мемлекеттілікті нығайту, еліміздің ұлттық егемендігімен біртұтастығы жаңа әскери доктрина негізінде жүзеге асырылуы тиіс екенін, сондықтан кәсіби армияны құруды қолға алу мәселесі күн тәртібінде тұрғаны жан-жақты айтылды. Президент осы тарауды қазақстандықтардың шетелдердегі капиталының тоқталуы. Шетелге әкетілген активтерге салық салынбайтынын, мемлекеттік бюджетке қаржы түспейтінін айта келе, болашақта елге келтіруге мәжбүрлейтінін ескертті. Халықаралық тәжірибе бойынша кез-келген ел азаматы шет елде ұстаған активтері үшін салық төлеуі тиіс. Осы тұрғыда алғанда Президент Жолдауы осы

жыл басындағы тарихи оқиға болып отыр. Жолдауда елімізді нығайта берудің нақты тіректері көрсетілген. Жолдаудың тарихи мәні осыда деп есептеймін.

Бейбіт өмірде қауіп төндіретін, тұрақсыздық діни экстремизм, есірткі таралымы, халықаралық ланкестік сияқты үш мәселе әлемге ортақ қатер. Ауғаныстандағы, Шешенстандағы қайғылы жағдайлар осының куәсі. Бұл үш қатерге қарсы күресте Шығыс пен Батысты жалғастырып отырған Қазақстанның маңызы зор екенін Президент жеткілікті негіздеп берді. Аталған қатерлер алдымен адамның ақыл-ойын тұмшалауды, мәңгүрттеуді көздейді. Жолдаудың тарихи мәні Қазақстанның сыртқы саясатындағы бағыттарының айқындалуы. Президент ХХІ ғ. ағымына қарсы тұруға қабілетті, әрі ұзақ мерзімді, ұлттық мүделерді қамтамасыз етуге арналған белсенді, үйлесімді сыртқы саясатты орнықтыру екенін білдірді. Сондай-ақ Ресей, АҚШ, Еуроодақ елдермен ынтымақтастықты дамыту, Азия, Таяу Шығыс елдерімен іс қимылдарға аса зор берілетінін нық айтты. Жолдауының басты Ел Президентінің бұл жолғы Жолдауы Қазақстанның әлемдік бәсекеде тағыда ілгері қадам жасағанын жария еткен ауқымды бағдарлама болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы, 1999.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Халқына Жолдауы. Астана, 2008.
3. Тоқаев Қ. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. Алматы, 2002.
4. Тоқаев Қ. Беласу. Алматы, 2003.
5. Тоқаев Қ. Свет и тен. Астана, 2007.
6. Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл Алматы, 2003.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының дамуы – ұлттық қауіпсіздіктің кепілі болатындығы айтылған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена развитию внешней политики Республики Казахстан на современном этапе.

МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В КАЗАХСТАНЕ И МЕЖЭТНИЧЕСКАЯ ТОЛЕРАНТНОСТЬ

Бурханова Д.С. – к.и.н., доцент. (г.Алматы, Казгосженпу)

Одним из актуальных проблем на сегодняшний день являются миграционные процессы, происходящие в Республике Казахстан. Миграцию населения определяют социально-экономические, демографические, политические факторы, а также стереотипы миграционного поведения жителей коренных национальностей, которые здесь достаточно устойчивы и сильны. В то же время характер миграционных процессов и миграционная ситуация четко свидетельствуют о социально-экономическом и политическом положении в странах СНГ и во всем содружестве в целом. Не исключение здесь и Казахстан, являясь одним из стабильных государств в постсоветском пространстве, так же вовлечен в сложный

миграционный процесс, порожденный распадом СССР, Казахстан пережил достаточно длительный и напряженный период стабилизации этих процессов. «Всего за первые пять лет суверенитета в миграционные процессы было вовлечено в Казахстане едва ли не более половины всего населения страны. Учитывая в этом случае всех переселенцев – из аула и деревни в город, из района в район, из области в область, из республики в ближнее и дальнее зарубежье и т.д.»/1/

Рассматривая миграцию лишь как территориальные перемещения, надо отметить, что они различны: по расстоянию, по статусу тех мест, между которыми происходят перемещения мигрантов, а также по срокам, на которое они перемещаются. Перемещения могут совершаться добровольно, принудительно и вынужденно. В их основе могут лежать экономические, социальные, религиозные, этнические и другие факторы. Кроме того, мигранты преследуют различные цели. Они ищут новые, более благоприятные условия проживания – работу, жилье, возможность дать детям образование и т.д. В современных условиях при формировании рыночных отношений вместе с оттоком приобрело большое значение и приток населения из ближнего и дальнего зарубежья. Так за годы независимости в Казахстан въехало большое количество соотечественников из Турции, Афганистана, Китая, России, Узбекистана, Туркмении, Киргизии и других стран.

Изучение проблемы внутренней миграции населения в Казахстане, а так же миграция из дальнего и ближнего зарубежья, показывает, что этот процесс порождает определенные противоречия в обществе. Прежде всего, они связаны, с оформлением документов на жительство, поиском и обустройством жилья, трудоустройством и наконец, взаимоотношениями с местными жителями. Прибыв в ту или иную местность, они по-разному себя ведут дома, на улице, на работе так как имеют иные ценности, веру, нормы поведения, язык, стиль общения, семейную структуру и т.д. Несмотря на общую прогрессивность и неизбежность, массовая миграция, приобретает все более глобальный характер, выступает носителем определенного противоречия. Эти противоречия носят субъективный характер. Обычно окружающие могут расценивать эти противоречия как незначительные, но в силу особенностей характера они становятся не преодолимыми препятствиями для установления нормальных взаимоотношений. Мелкие душевные раны, постоянно наносимые становятся конфликтогенными, например, часто слышишь «понаехали тут всякие. Отмечается, что такими чувствительными сторонами характера или поведения могут быть вполне нормальные естественные качества, однако отсутствуют у другого человека: пунктуальность, бережливость, точность, терпение и т.д. Например, чье-то неудовольствие могут вызвать манера другого человека одеваться, иностранный или региональный языковой акцент. Истоки многих национальных предубеждений чаще всего коренятся в неприемлемости различий в образе жизни или манере общения. Интересен отрывок, наглядно демонстрирующий выше сказанное. А. Кекильбаев в своем выступлении по казахскому радио в связи с событиями в Новом Узене 28 июня 1989 года рассказывает: «Эта же милостивая женщина, так трогательно и отчаянно отвергавшая несправедливые утверждения в адрес представителей других народностей, даже не заметила, как сама вдруг легко переходила на язык. По крайней мере, не совсем тактичного отзыва в адрес представителей двух народностей. При этом она не отдавала отчета даже в том, что в природе нет народов «первосортных» и «второсортных», способных и неспособных, усердных и ленивых, а были и есть люди «способные и малоспособные», усердные и ленивые, которых можно воспитывать и перевоспитывать, научить, если не умеют, что это

вещи абсолютно разные. Но самое странное, ее никак не смутило то, что подобная неделикатность может вызвать точно такую, же не вызывающую похвалу ответную реакцию»/2/.

Можно привести множество примеров, подтверждающих, как на бытовом уровне или на производстве в трудовых коллективах, в учебных группах среди молодежи в незначительных ситуациях могут возникнуть различного рода противоречия и недоразумения которые могут привести конфликтам миграционного характера и могут приобрести окраску межэтнического и межконфессионального. В этих условиях особую значимость приобретают задачи обеспечения комплекса политических, экономических, социальных, идеологических условий для развития культуры толерантности, взаимодействия и взаимопонимания между ними в интересах сохранения и укрепления единства и проявление терпимости. Весьма актуальна принятие действенных мер по предупреждению взаимной неприязни, конфессиональной и этнической нетерпимости, по формированию у граждан установок толерантного сознания и культуры поведения, по развитию политической и правовой культуры, воспитанию казахстанского патриотизма, профилактике различных видов экстремизма. Поэтому совершенствование казахстанской модели межэтнического и межконфессионального согласия является актуальным вопросом, требующим постоянного внимания и действенных мер среди всего населения и особенно молодежи. Казахстанский опыт достижения и укрепления межэтнического и межконфессионального согласия уникален. Наш опыт имеет действительно международное значение. Это образец подлинно гуманистического и демократического решения сложнейшей социально-политической проблемы.

В Казахстане имеются все условия для профилактики и развития межэтнического диалога и созданию климата взаимопонимания и толерантности. Значительная роль принадлежит национально-культурным объединениям и реализации языковой политики, а также вопросам сохранения геополитической стабильной обстановки вокруг Казахстана. Поэтому, Ассамблея народов Казахстана во главе с Президентом страны Н.А.Назарбаевым стала одним из действенных инструментов по накоплению опыта, знаний и ценностей, которые прямо включены в процесс социального взаимодействия этносов в Республике Казахстан. В средствах массовой информации часто освещаются история, культура, жизнь, быт и творчество отдельных представителей разных этнических групп населяющих нашу республику. Все это, естественно, благотворно влияет и способствует лучшему восприятию духовных ценностей друг друга. Расширяя кругозор, и взаимно обогащаясь, люди глубже начинают понимать и оценивать как свою историю, культуру, обычаи и традиции, так и других этносов. Сегодня совершенно очевидно, что мы окончательно и необратимо сформировались как единая и дружная семья казахстанцев с общей исторической судьбой, которой чужды национальные, идеологические, религиозные, межэтнические и любые другие различия.

Недавно была свидетелем интересной беседы: две женщины делились своими впечатлениями со встречей с иностранцами, которые приехали к ним, чтобы познакомиться с их продукцией. «Нас работает, примерно человек двадцать стали спрашивать нас все ли мы казашки, то оказалось, что среди нас есть и казашки, и турчанки, и чеченка, и киргизка и татарка, но мы этого даже и не замечали. На вопрос и вы все вместе работаете, одна из наших мудрых женщин сказала, что тут необычного ведь каждый цветок по-своему хорош. Нежная роза будет всегда розой, а удивительная ромашка ромашкой и все они по-своему хороши так и мы» слушая

их, невольно подумала как гениально просто. Совместный труд, благоприятная творческая атмосфера, наличие духа доброжелательности и взаимоуважения присутствует в этом многонациональном коллективе. Ни это ли является свидетельством того, что наше государство являет собой пример именно такого порядка, более того, укрепление межэтнического согласия стало приоритетом государственной политики и основополагающей ценностью казахстанского общества.

Президент Нурсултан Назарбаев не раз подчеркивал главную роль идеи единства и целостности народа Казахстана в нашей государственности. Каждый человек, независимо от его национальной принадлежности, должен сознавать, что Казахстан - это плоть от плоти его, родное государство, всегда готовое защитить его права и свободы. Только в этом случае появляется корневая основа для возвращения и воспитания чувства единства и казахстанского патриотизма, только в этом случае сограждане испытают чувство гордости за принадлежность государству, которое сейчас знает весь мир. Созданная сегодня модель межэтнического согласия - это результат признания принципов, базирующихся на учете и разумном сочетании интересов всех этносов, равноправии граждан нашего государства. Выступая на совещании ОБСЕ по межкультурной, межрелигиозной, межэтнической терпимости Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев отметил: «что в Казахстане проживает более 130 национальностей, принадлежащих 46 религиозным конфессиям. Именно толерантность стала решающим фактором обеспечения мира, стабильности и экономического прогресса Казахстана, который продолжает удивлять мир. Для нас принцип толерантности является не только нормой политической культуры, но и одним из ключевых принципов государства, который мы самым решительным образом поддерживаем и укрепляем. В годы независимости, принимая Конституцию и наши законы, мы всегда учитывали нашу многонациональность, многоконфессиональность. И эта стабильность, взаимопонимание не пришли в один день. Усилия страны, усилия руководства государства и, конечно же, понимание самих людей, что счастье жить в спокойной и стабильной стране и только так можно строить независимость, улучшить жизнь, привело к тому состоянию, которое мы имеем. Конечно же, это счастье быть руководителем страны, где народ объединен общим пониманием высшей ценности незыблемой дружбы и братства всех народов и религиозных конфессий. Для многовековой культуры казахского народа толерантность является поведенческой нормой, совершенно естественным жизненным принципом поведения людей. Именно поэтому все, кто родился в Казахстане, считают его своей Родиной и землей/3/.

ЛИТЕРАТУРА

1. История Казахстана – народы и культуры. Алматы, 2001. С. 412.
2. Абиш Кекильбаев. Размышления разных лет, том 6, Алматы, 2001. С. 77.
3. Казахстанская Правда, 13 июня 2006.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстандағы миграциялық құбылыстың кейбір мәселелері қарастырылып, этника аралық ынтымақтастықтың бүгінгі күнгі қажеттілігі айтылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены некоторые вопросы миграционных процессов в Казахстане и актуальность межэтнической толерантности.

ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ КЕЛГЕН ЕЛШІЛІК

Дүйсенбаева Ж. - ф. ғ. к, доцент. (Ақтау қаласы)

Қазақ дипломатиясы – зерттелмеген тың тақырып. Шет-шепірлеп, тиіп-қашып елшіліктің келгені туралы қысқаша әңгімеленгені болмаса, арнайы сөз етілмеген. М.Мағауин бұл тақырыпты «Аласапыранда» біршама сөз еткен. Ат басын тіктеп, әдейі сол тақырыпқа қазақ әдебиетінде бірінші рет туралап барған, сол арқылы отарлау тарихын, елшіліктің жай-жапсарын ашқан – Ә.Кекілбаев.

Сол заманда қалыптасқан тарихи жағдайға байланысты орыс, қалмақ, қарақалпақ, ноғай, қазақ елшіліктері мен елшілері болған, соның ішінде толыққанды сөз болған – «Елшілік» (тарауы), онда Ресей елшілігі, орыстың отарлау саясатын көрсету мақсатында және екі халық арасындағы саяси хал-жағдайды суреттеу үшін, романда бірнеше елшілік атқарған кейіпкерлерді суреттеу жазушының басты мақсаты болған. Өйтпейінше Ресейдің, башқұрттың, қалмақтың, қытайдың, жоңғардың саяси ахуалын ашу мүмкін емес. Бұл шығарманың құрылымына да әсер еткен.

Кейбір тарихи тұлғалардың іс-әрекеті, болмысы-бітімі, тұлғасы, қызметі осы елшілікке байланысты сөз болған. Тіпті оның кейбіреулерін шет елден де алған. Романда елшілікте болып, қызмет атқарғандар: Ералы, Қожахмет, Қабай, орыс елшілері – А.И.Тевкелев, С.Неприпасов, Матвей Трошин, Федор Скибин, Федор Жилин, Қызылбас елшісі – Ғаділбек, Аюкөнің елшісі – Саған Мәнжі, Меңлі Қасқа, Данил Губин, Бөлек, Болатбек, ысылған елшілер – Құттымбет, Сейітқұл, Дж. Кэстли, тағы тағылар.

Жазушы шығармасында хан Тәукенің тұсындағы өте қиын жағдайды бастан кешкен елшілік жайынан бастап суреттейді. Романда: «...Тәуке бас-аяғы жеті жылдың ішінде Сібірге бес рет елшілік жіберді. Қабай батыр бастаған елшілік Тобыл шонжарына патша сарайына арналған сый-сияпат апарып: «өткенге ереуіл, қалғанға салауат деп, бұрынғы уақытта арамызда болған қателіктің бәрін ұмытайық. Бұдан былай ақылдасып отырып іс қыламыз», – деп шұрқырасып жатқанда, Сары батыр мен Келдей би Жәміш көлінің жанындағы орыс шонжарына барып, Россия мен қазақтардың арасындағы сауда-саттықты күшейту жөнінде мәміле жүргізіп бақты. Мәселе енді шешіліп келе жатқанда ушықты да кетті. «Ертістің сахара бетіне шығып ап, тұз қазып жатқан қара шекпендерді бытшыт қып талап, тонап әкеткені».

Павлодардан тұз өндіріп жатқан орыс мұжықтарын тонауы тарих ақиқатында Жәміш бекінісінің салыну уақыты – 1715 жыл. ... Ямышев бекінісіне жақын Орта жүз қазақтары көшіп жүретін жерде азық-түлік және ақша әкеле жатқан керуенді тұтқындауы асқындыра түсті, – деген жай осы кез еді. Бұл бекіністің салынуы, И.Д.Бухгольц әскерінің ішкерілей енуі Сыбан Раптанды да ашуландырды, жерді иеленуіне де, бекініс салынуына да күшті қарсылық көрсеткенімен, И.Д.Бухгольцтің батыл қарсылық көрсетуі оны есеңгіретіп

тастағаны, кейіннен экспедиция жұмысының сәтсіз аяқталғаны – бәрі сол дәуірдің шындығы. Автор деректің тек осы тұсын ғана қысқа баяндаған. Саяси аренада жанталасып жатқан Ресей үкіметіне айналасындағы елдің бәрі көз аларта қараған.

Мұндай жағдайда мәміле оңа ма? Сары мен Келдей Орыс әкімінің ала шатырында ұзақ отырып қалады. Арты да көп онала қоймайды. ...Тәуке: «Қайдағы бір қарақшыларға қарымта қылып, құдай жолды елшіні ұстап қалу деген дүние жаралып, су аққалы естімеген нәрсеміз, алдияр, тақсыр, бұл не қылғаныңыз», – деп Петр патшаға хат жазды...Тобылдан елшілік келді. Елшілік сары ала қағазға қызыл сиямен саудыратып жазылған қысқаша хат әкелді. Онда: «Тентек-телімді тиям деп уәде бер», – деп талап қойыпты. Тәуке хатты алды. Керуенді ұстап қалмай, кері жөнелтті. Екі ел арасындағы жағдай тіпті нашарлайды. Бұл кезде қазақ арасы орыспен одақтасуға екіге бөлінбей, тіпті үшке бөлініп жатқан кезі еді. Ал кереуендер екі араны шиеленістіріп, жанталасып жатты. «Абақтыда жатқан қазақ елшісіне жүгіреді, Сары әрі іш құса, әрі сүзек шығып, дүние салған-ды».

Ал, Келдей жалғыз қалды. Жыл жарым уақыт абақтыда жатып қалғаны қайын атасы Түркі бидің қабырғасына қатты батты. Ерегесіп, орыс шебіне үсті-үстіне шабуылын күшейтті. Бірнеше адам жіберіледі. «Келдейді тұтқыннан босатпаса, істің арты насырға айналғанын ұққан Петр патшадан Тәуке ханға елші жіберуге рұқсат алды...Тәуке Тобылға қасына Түркістанда аманатқа ұсталып қалған орыс елшілігінің қызметкері Александр Алемасов пен тілмаш Жолай Шаманаевты ертіп, Тайқұмыр би Аталықұлын жөнелтіп еді. Оған: «Келдей елге қайтпайынша, орыс елшісі Неприпасов та қайтарылмайды. Бұл талабымыз орындалмаса, ат-құйрығын біржолата үзісеміз деп қатаң тапсырылды».

Келдей Тобыл казактары Федор Скибин мен Матвей Трошин деген екі елші Түркістанға барған кезде қайтарылатын болды. Қым-қуыт шиеленіскен жағдай. Қазақ жағынан қаншама елші қайтыс болып, қазалы жағдайға душар болған? «Шілде басталғанда екі жыл бойы абақтыда отырып, сары ауруға ұшырап, бауыры жидіп, өне бойының бәрі сап-сары боп, іріп кеткен Андрей Неприпасов одан арыға шыдай алмай, жат қалада жан тапсырды. Сары айықпас дертке ұшырап, қаза тапса, Ресей елшісі А.Неприпасов қайтыс болған. Екі ортада шыбын өледінің кебі. Пұшайман болған – Тәуке хан айлаға көшті. Бұл оқиғаларды суреттеу арқылы қаламгер елшіліктің де, ұлттар арасындағы саяси ахуалдың да, ел билеушілердің де жағдайының ауыр, шиеленісті екенін көрсеткен.

Арбасып отырған күші мықты, Петр – бәрі де танымал тарихи тұлғалар. Керекті жерінде батыл қимылдап, керексіз жерінде сүйкей салды, іс істейтін патша ағзам бұратаналарды осылай пұшайман күйде ұстаған. Сары, А.Неприпасовтар – осы тұста саясаттың құрбаны болған бейбақтар. Күштінің арты диірмен тартар деген – осы. Мұның бәріне құйрығын ұстатпай қырық бұлтаққа салған орыс саясаты кінәлі.

«Сосын-ақ Ресеймен екі ортада аяқ-із атымен суынған-ды. Бұрынғы бұрынғы ма, жоңғарға Сыбан Раптан қонтайшы болғалы қазақтың қабырғасы қақырып сөгіле бастады. Әсіресе, Талас пен Шу бойындағы ызғындай елді қан соқта жасап қырып, айдарлы мен тұлымдыны он мыңдай айдап әкеткені жанға батты. Қазақтардың тентек жағына да ес кірейін деді. Патшамен келіссөзді қайта бастасақ қайтеді деп қыңқылдай бастады. Тәукенің оған жүзі шыдамады. Солай жүріп-жүріп барып біраздан соң, Тобылға елші аттандырып еді, онысы орта жолда ойраттарға қолды болып кетті». Бұдан соң, екі жақ та тым-тырыс бірталай уақыт жатып алды.

Қоштаев Құтлымбет би – Әбілқайыр ханның 1730 жылы Петербургке жіберген елшісі. Елшілік орыс патшасы А.Иоановнаға Әбіл бастаған кіші жүз

қазақтарының арнаулы хатын жеткізді. Бұл кезде қазақтар жоңғарлармен қатар көршілес башқұрттар тарапынан да шапқыншылыққа ұшырай бастаған. Елшілік өз қарауына алатын болса, жасақ беруге әзір екенін мойындады. Патша өкіметі бұл өтінішті қабылдап, 1731 жылы, 19 ақпанда Кіші жүзді Ресейдің қол астына алатындығы жөнінде грамотаны елшілікке табыс етті.

Аманат алудың да өзінің тәртібі мен талабы бар екенін біз былайша түйіндейміз:

а) Қытай, Ресей сияқты күшті мемлекет қана аманат ала алады;

ә) Аманатқа кез келген адамды алмайды тек патшаның, ханның ет жақыны, бет-әлпеті, кескін-келбеті, сыртқы тұрқы, денсаулығы мықтылары ғана текедей таңдалынып алынады.

б) Кедейден аманат алынбаған;

в) Өркениетті елдерде елшіліктің ғылыми сипаты мықты, жан-жақты болған. Соның бір мысалын, ағылшын суретшісі Дж Кэстлидің хан аулына келуінен, артына қалдырып кеткен мұраларынан аңғаруға болады.

Ә.Кекілбаевтың сөзімен айтқанда, жолдаяяқ, ақжолтай елші, елшілік қандай болуға тиісті? Жазушының әлемдік ауқымға танылған шығармасы – «Аңыздың ақыры» («Махаббат мұнарасы») романының желісі тек аңызға ғана құрылып қоймаған. Оның бір бастауы жазба деректерде жатыр. Басты кейіпкер Әмірші – Ақсақ Темір, ол туралы бізге үш жазба жетті: бірі сарай жылнамашысының жазғаны, өңкей мақтауға құрылған. Екіншісі, керісінше авторы қолға түскен еріксіз тұтқын болуы себепті Темірді қанішер қылып көрсетеді. Ал үшінші жазба – Испаниядан Темірдің Самарқандағы ордасына барған елші – Рио де Гонсалес Квалихонікі. Өзінің елшілік мәртебесін білетін автор Темірдің құрған мемлекеті, оның ішкі, сыртқы саясатында шаруасы жоқ. Өзінің ішкі ойы ішінде. Тек көргендерін қағазға түсірген. Жазушы әмірші сарайының қонақ қабылдау салтанатын суреттеген тұста осы елші Р.Г. Квалихо жазбаларына сүйенген.

Тарихи жазба деректермен жұмыс жасау машығы әбден қалыптасқан жазушы романдарында А.Тевкелевтің күнделігін екінші елші Дж. Кэстлидің кейіннен неміс тілінде шыққан елшілік сапары жайындағы кітабындағы мәліметтерді басшылыққа алады. Оқиға барысын соларда жазылған жайттар бойынша суреттейді. Кейбір оқиғалар сәттері айы, күніне дейін дәлдікпен өрілген. Мысалы, ...«Бесінші октябрь күні Ырғыз өзенінің бойында Маңтөбе деген жерге келіп жеттік. Сол күні тілмаш Тевкелевтің Әбілқайыр ханның ордасына жақындап қалғанын көріп, Әбілқайыр хан оны, Тевкелевті екі шақырымдай жерден алдынан шығып, қарсы алуға тапсырма беріпті». Бұл – А.Тевкелев күнделігінің әсерімен түскен ойлар. Бұны Сыртқы істер коллегиясына тапсырылуға тиіс жазбаша есеп ретінде түзген. Артынан екі жұмыс қылып жатқысы келмеген автор жазбасын бірден осылай есеп ретінде түзеді. А.Тевкелев – ғалым, зерттеуші, бірақ саяхатшы емес. Бұл қырлар оған атымен жат. Елшілік атағымен келген барлаушы – тыңшы, солақай саясаттың қолшоқпары. Соған сай жазу стилі де кеңсенің ресми қасаң есеп тілінде жазылған тыңшылық мәлімдеме деуге келеді. Сондықтан автор оны құлыпты сандығының ішіне кілттеп ұстайды. Оған жазбаша берілген құпия нұсқауда бұл жағы да ескеріліпті. Сол бойынша А.Тевкелев қазақ еліне бара жатып та қойын дәптерін жанқалтасынан тастамауға міндетті. Былайғы кісілерге көрсетпей, көрген-білгендерін түгел жазып отырады.

«Әсіресе, қазақ елінің жер-суына, онда қандай табиғи және қазба байлықтары бар екеніне, қай ұлыстың қайда орналасқанына, жаудан қорғанатын қалалары мен қамалдарының қандай екеніне, өзендері мен өткелдеріне, хан мен ру басыларының қайсысында қанша мал, қанша өріс бар екеніне, олардың

Әбілқайырға қайсысының бағынып, қайсысының бағынбайтынына, ханның сайланып қойылатынына, әлде мұрагерлік жолмен тағайындалатынына, өз бағыныштарынан қандай алым-салық жинап тұратындығына, діндерінің қандай екеніне, сауда-саттыққа қалай қарайтындарына, қандай кәсіппен шұғылданатындарына, қару-жарақты қалай табатындарына, зеңбірек, мылтық, оқ-дәріні өздері жасайтынына жоқ біреулерден сатып алатынына, егер сатып алса, қандай нәрсеге айырбастайтынына, қандай елдермен шектесетіндіктеріне, олармен қазір ара-қатынастарының қандай екендігіне, тағы-тағыларға назар аударады».

Патша тарапынан осылай А.Тевкелевке егжей-тегжейлі тоқталуға әмір берілген. Бұған қарағанда, елшіліктің басты бір мақсаты – әскери барлау. Осы мақсатпен екі геодезист қосылып жіберілген. «Бірақ барлау жұмыстары бұратаналардың өздері байқай алмайтындай құпия жүргізілуі керек» болған.

Ал ең бір бейкүнә мақсат – елдің тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптарын зерттеу қажеттілігі ерік-емеуімен «керек тастың ауырлығы жоқ» деген сыңайда айтыла салынған. Осындай кешенді, келелі міндеттерді орындау қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, елші қасына көп әскер қосылыпты. Және жасақ дені сол кезде қазақтармен арасы бірде бүк түсіп, бірде шік түсіп тұрған башқұрттардан. Романда А. Тевкелевтің қауіптің алдын алып, хат жазып, кейін Уфаға 5 дворянға қосып, 100 башқұрт жіберілуінің айтылуына қарағанда, олардың қарасы көп.

Демек, қазақтардың бірден қарулы қол болып келген елшіліктен секем алып, ішін тартып қалуы заңды. Меймандос түздіктер ұғымында елдестіретін елші дос құшағын аша келуі тиіс. Қараша жұртының ханды елшіліктен бірден оқшаулап тастауға тырысуы, ханның елшімен ұрланып кездесуге мәжбүр болуы дала демократиясының күштілігінен еді. Ел тізгінін ұстаған би-батырлардың елдеріне ықпалының зорлығын дәлелдейді. Қазіргі таңдағы ел басқару ісі де осылай бағытталуы тиісті.

Бір ел басшысының, екінші ел басшысымен не өкілімен ресми сөйлесуі, келіссөз алдында оңаша кездесіп, дидаласу – барлық уақытта болған, болатын мәмілегерлік үрдіс. Хан мен А. Тевкелевтің солай еткісі келуінде шетін ештеңе жоқ. Гәп – ол кездесудің жасырын, құпия, тіпті ерсі жағдайда болуы.

Әбілқайырдың ондағы мүддесі Қазақстан орыс бодандығынан босап, Әбілқайыр ханның патшаға жазған хатының түпнұсқасы табылған соң, белгілі болды. Патшасының А.Тевкелевке Әбілқайыр ханға арнайы нұсқауымен екі мазмұндағы хат-грамота жіберуіне қарағанда, қолы қара жақ хан хатына байланысты жасалған құйтырқылықтарының арты қайтып кетеді деп, қауіптенген. Мынау – соның сақтығы.

Егер қазақтар хан хаты мен аудармасы арасындағы екіжүзділікті біліп қалған жағдайда А.Тевкелев елшілігі Дәулеткерей-Александр Черкасскийдің жолын құшар еді. Артынша башқұрттармен жаңа жаулық туындар еді. Сөйтіп орыс патшалығы далада соғыс өртін тұтандырушы болып шығар еді. Бәлкім, сұңғыла Әбілқайыр өз хатына байланысты жасалған бұл сұрқия жағдайды елшімен бірінші кездесуінде сезіп қалуы мүмкін. Ол сезігін жарияласа, жағдай ушығып сала берер еді.

Ал хан оған мүдделі емес. Елі үшін желкеден Жоңғар төніп тұрғанда, бір қиырында Жоңғармен қандас, қолдас қалмақ қылышын қайрап отырғанда, іргенде екеуі қырылыса кетіп, қашан қармағымды қабады деп, Хиуа хандығы қарауыл қарап тағы тұрғанда, қазақ үшін орысқа арқа сүйеген башқұрттармен соғыса кету – басты көрер көзге өлімге тігу. Мәмілегер хан осы тұста жол тапты. Сөзі өтетін рулар мен олардың басшылары, сірә, өз жағында. Ал қарсыластардың пысын

басуға келгенде, Баймұрат сияқты бүлік басылардың елшілік өкілі башқұртты байлап алып, әкеткен қысастығын да шеберлікпен пайдалана білді.

Елшінің ханның күзеуінде аяғынан алдырған жері хан үйінің қонақасында табағыма у салып беріп өлтіреді деп қорқуы. Мәрт қазақ халқы Орта Азия хандықтарында кең тараған ол жаманаттан ада. Төріне оздырған мейманына қиянат жасамайды. Жасау былай тұрсын, оның бас амандығын қорғап бағады. «Үркердің» соңында елші А.Тевкелев салт ат үстінде, өткен жылғы күймесінен, кісі сүйемелімен мамырлай түскен күйін ұмытқан күйі есіл-дерті орыс шебіне қалай да аман жету болып, түн жамылып жылыстап бара жатады. Бұл – іргелі ел елшілігінің дала дипломатиясы, оның қарапайым адамгершілікке негізделіп, Құран өсиеттерімен суарылған үрдісі алдында беті қайтып жеңіліс табуы...

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ даласына келген А.Тевкелевтің елшілігінің мақсаты мен мідеттері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются цели и задачи посольство А.Тевкелева в Казахстане.

КАЗАХСТАНСКИЕ УЧЕНЫЕ В СОЕДИНЕННЫХ ШТАТАХ АМЕРИКИ

Калыш А.Б. – к.и.н., доцент.(г.Алматы, Казгосженпу)

Я познакомился с Маликом Хантемировичем и Кенесом Нурпеисовичем, равно как и с другими известными научной общественности республики учеными, осенью 1978 года, когда поступил в аспирантуру в отдел этнографии Института истории, археологии и этнографии им.Ч.Ч.Валиханова АН КазССР. В те годы первый из них был ведущим научным сотрудником Института, специализировавшемся по рабочему классу республики, а второй заведовал отделом истории Октябрьской революции и гражданской войны в Казахстане (ныне отдел Казахстана Советского периода).

В 1970 – начале 1980-х годов в названном нами Институте сложился удивительно дружный коллектив. Представители старшего поколения отечественной исторической науки - академики А.Н.Нусупбеков, А.Х.Маргулан, Б.А.Тулепбаев, член-корреспонденты АН республики Б.С.Сулейменов, Г.Ф.Дахшлейгер, а также среднего поколения – будущие академики Р.Б.Сулейменов, М.К.Козыбаев, М.Х.Асылбеков, К.Н.Нурпеис, О.И.Исмагулов, Б.Е.Кумек, К.М.Байпаков, а также Т.Б.Балакаев, К.А.Акишев, Х.А.Аргынбаев, М.С.Муқанов, Б.Н.Абишева, Х.А.Қауанова, К.А.Пищулина и другие, вызывали у нас, только вступающих в научную стезю, огромное уважение не только как видные ученые, но и люди, обладающие высокими нравственными качествами. А это все шло непосредственно от нашего директора Института А.Н.Нусупбекова, человека высокоинтеллектуального, интеллектуала, который сумел объединить и

сплотить вокруг себя всех сотрудников вне зависимости от национальной, научной, возрастной или региональной принадлежности или статуса.

Моему близкому и тесному общению в указанные с зрелыми учеными – Маликом Хантемировичем и Кенесом Нурпеисовичем способствовали во многом следующие обстоятельства. Во-первых, они очень уважали моего научного руководителя, зав. отделом этнографии, одного из ведущих этнографов республики Халела Аргынбаевича, который был прекрасным знатоком и тонким ценителем традиционного скотоводческого хозяйства, народного быта, прикладного искусства, особенностей традиционных обрядов и обычаев казахского народа, включая семейно-брачные. Так, Кенес ага никогда не скрывал, что со студенческих лет в университете мечтал стать этнографом. Возможно, в его лице мы потеряли будущего крупного специалиста в этой отрасли исторического знания. Во-вторых, наши отделы в Институте располагались рядом, поэтому мы виделись почти каждый день, соответственно здоровались с ними. Обоих объединяло то, что они происходили из сельской среды, всей душой любили свой народ и родную землю. Они всегда поддерживали тесное общение со своими родственниками, земляками, друзьями из Южно-Казахстанской и Алматинской областей.

В ходе этнографических экспедиций в указанные области в 1980-х годах я многократно был свидетелем того, каким большим авторитетом и уважением среди земляков они пользовались. В этом я еще раз убедился летом 1991 года, когда принимали американскую делегацию во главе с профессором Дж.Кимбалл на берегу знаменитого озера Колсай, расположенного недалеко от родного аула Кенеса Нурпеисовича - Саты. Там был организован «пир на весь мир». Специально для гостей его земляки во главе с заместителем председателя Кегенского райисполкома Багышар ага поставили на берегу названного озера несколько богато разукрашенных казахских юрт. Зарезали несколько баранов, приготовили специальные национальные блюда (куырдак, ет и др.), которые дополнялись лучшей кухней других народов. Напитки, включая кумыс, спиртное лилось рекой. Гости особенно удивило поданное на стол и специально приготовленное для них рыбное блюдо – королевский форель, выловленный из местного озера. Не меньший восторг у собравшихся вызвало представление коллектива художественной самодеятельности районного Дома культуры, особенно игра виртуозов на домбре и национальные танцы.

Этому событию предшествовала поездка двух будущих академиков в 1990 году в Соединенные Штаты Америки. Это была их первая заграничная командировка и сразу же в такую великую державу, как США. Она была осуществлена в рамках обмена по казахстанско-американскому научному сотрудничеству. Летом 1990 года американцы принимали участие в совместной археолого-этнографической экспедиции в Южном Казахстане и Жетысу, которую координировал с нашей стороны дирекция Института истории, археологии и этнографии им.Ч.Ч.Валиханова Академии Наук республики, а с американской – частные спонсоры из г.Беркли (штат Калифорния), чьи интересы представляла профессор Дж.Кимбалл. Успешное осуществление работы данной экспедиции позволило казахстанской стороне осуществить ответную поездку в Калифорнию. Наш Институт по решению его руководства и Ученого совета представляли такие ведущие ученые, как доктора исторических наук, член-корреспонденты Национальной Академии наук республики М.Х.Асылбеков, К.Н.Нурпеис, этнографию - автор этих строк, а археологию – кандидат исторических наук Е.Смагулов, супруга которого выступала в качестве нашего переводчика.

Утверждением моей кандидатуры послужило то, что у истоков идеи совместной научной экспедиции в Казахстан и в плане его организационного оформления стояла моя скромная персона.

Так, в ноябре 1989 года на банкете после защиты кандидатской диссертации в диссертационном совете Института этнографии и этнической антропологии им.Н.Н.Миклухо-Маклая АН СССР в Москве моя коллега, профессиональный этнограф из того же Института, только из его Ленинградского филиала Нуриля Жаксыбековна Шаханова привела с собой своих сослуживцев из США миссис Дж.Кимбалл и ее супруга, знакомых ею по Калифорнии, когда она проходила там годичную научную стажировку. В ходе нескольких наших встреч американцы проявили пристальный интерес к археологии и этнографии Казахстана. Из их бесед было ясно, что богатые археологическими памятниками Ближний Восток, а также Средний Восток (Иран и Афганистан) являются для них небезопасными в плане раскопок. Таким же представлялся для них Узбекистан и Таджикистан, где также было не все спокойно в плане гражданского мира и согласия. На таком неблагоприятном фоне Казахстан выглядел для них вполне приемлемым, это должно было заинтересовать и руководство нашего Института, которое могли выйти на американцев без всяких посредников (имеется в виду российских ученых). Мы ведь прекрасно знали, как проходили выставки Золотого иссыкского человека за границей, когда всю организационную сторону, а соответственно существенную часть полученной прибыли, получали именно московские и ленинградские научные институты. А тут для нас появился шанс самим выйти напрямую на американских ученых. В те годы наш Институт испытывал трудности с приобретением компьютерной техники, множительной аппаратуры, видеоаппаратуры и пр., а американцы обещали предоставить нам всю эту аппаратуру безвозмездно и принять на себя существенную часть финансовых расходов, связанных с организацией совместной казахстанско-американской экспедиции. После тщательных предварительных оценок данного научного проекта я подробно доложил обо всем заведующему отделом этнографии Х.А.Кауановой, которая в свою очередь нашла понимание у руководства нашего Института в лице М.К.Козыбаева. Вот так, летом 1990 года настырные и предприимчивые американцы приехали для заключения научного контракта с руководством нашего Института. Были созданы все условия для успешной реализации совместных научных программ по археологии и этнографии. Итогом этой работы и стало приглашение наших ученых посетить с научным визитом Калифорнию.

Естественно, прямого авиасообщения с США, не говоря уже о Калифорнии, в те годы у нас не было. Поэтому мы вылетели в г.Сан-Франциско 30 ноября транзитом через Москву, Дублин (международный аэропорт Шэннон, Ирландия), Гандер (Ньюфаундленд, Канада) в Нью-Йорк (международный аэропорт имени Дж.Кеннеди) глубокой ночью и под утро приземлились в аэропорту указанного города. Обратном в Москву прилетели 14 декабря.

1 декабря в аэропорту нас встретила Джоан Конрад, которая до этого участвовала в работе совместной казахстанско-американской экспедиции. Она прекрасно владела турецким языком, так как несколько лет провела с матерью в Турции, соответственно могла хоть как-то понимать родственный казахский язык. Остановились мы все в двухэтажном особняке миссис Дж.Кимбалл в г. Беркли недалеко от г.Сан-Франциско.

Вся программа нашей поездки (научная, культурная, образовательная, организационная и пр.) была обговорена заранее, соответственно этому мы

согласовали лишь некоторые детали, которыми занимались наши старшие коллеги Малик Хантемирович и Кенес Нурпеисович.

В тот же день мы посетили музей научных исследований им. Лоуренса в г.Беркли, расположенного на двух уровнях. На первом этаже размещались естественно-географический и компьютерный залы, на втором – обсерватория, всевозможная техника, включая лазерную. Посетителей было много, большей частью молодежь и дети школьного возраста.

Вечером всех нас в гости пригласила Джоан Конрад с супругом и матерью – Ритой Конрад, которая долгие годы прожила в Турции, будучи замужем за турецким подданным и после смерти мужа вернувшейся на родину.

Весь следующий день у нас ушел на знакомство с достопримечательностями г.Сан-Франциско и его пригородов: архитектурными комплексами, супермаркетами, парками, знаменитым «Золотым мостом» и пр.

С 3 по 5 декабря я по приглашению профессора Южно-Калифорнийского университета профессора Айши Азаде Рорлих, специалиста по положению женщин Востока, включая СССР, посетил г.Лос-Анжелос. С ней мы познакомились в ходе работы Всесоюзной этнографической сессии, состоявшейся в Алматы летом 1989 г., когда она также посетила вместе с другими участниками сессии только что открывшийся мемориальный комплекс Ч.Ч.Валиханова в Алтын Эмеле (Кербулакский район бывшей Талды-Корганской области). Там наряду с известными этнографами и антропологами она познакомилась и с ведущими казахскими историками, в числе которых были академик М.К.Козыбаев, член-корреспонденты М.Х.Асылбеков, К.Н.Нурпеис, О.И.Исмагулов, Б.Е.Кумеков. Следует отметить, что ее приезд в Казахстан состоялся по инициативе упомянутой мной ранее Н.Ж.Шахановой. Она же выступила инициатором моей поездки в Лос-Анжелес, где проходила годовичную научную стажировку в Южно-Калифорнийском университете. В указанном университете я получил возможность прочитать лекцию по современной семье народов Казахстана перед студентами, стажерами и аспирантами, специализирующимися по истории народов СССР, включая Среднюю Азию и Казахстан.

6 декабря в первой половине дня нас принимали в Доме ученых университета г.Беркли, в частности профессора Грация и Джон Смиты, специалисты по истории Турции.

7 декабря в 11.00. часов посетили музей Калифорнийской Академии наук в Сан-Франциско. М.Х.Асылбеков прочитал лекцию по современным этнодемографическим процессам в Казахстане. Музей поразил нас своими ценными экспонатами: краеведческими, культурными, этническими. Например, особенно нам понравились коллекции, отражающие этнокультурные особенности местных индейцев, арабов и персов из стран Ближнего и Дальнего Востока. Не остались в стороне и другие этносы из различных континентов, которым были посвящены специальные экспозиционные залы, охватывающие те или иные стороны их материальной, духовной культуры, прикладного искусства, вооружения и пр.

После обеда мы побывали на ранчо Джеймса Веддера, бывшего сотрудника НАСА (Национального Аэрокосмического Агентства США), который летом 1990 года принимал участие в работе казахстанско-американской экспедиции. Особый интерес представляли для него беседы за столом, а также в прекрасно ухоженном саду с его ровесниками - М.Х.Асылбековым и К.Н.Нурпеисом, повидавшими в

своей жизни многое, желающими досконально знать особенности образа жизни и ценностные показатели в мировоззрении казахстанцев и американцев.

8 декабря с утра до обеда для нас организовали поездку в окрестности г. Сан-Франциско, где мы посетили одну из крупнейших в Калифорнии агропромышленных комплексов, специализирующихся на виноделии. Специально выделенный экскурсовод провел нас в огромные подземные склады, где размещались 100-160 литровые дубовые бочки с винами и коньяками многолетней выдержки. Он же ознакомил нас с особенностями производства, хранения и разлива их продукции, а также куда они экспортируют их. В конце нас провели в специальный зал, где гости могли продегустировать лучшие сорта производимых алкогольных напитков. Мы все, включая наших старших товарищей, решили попробовать американские вина, поданные в специальных бокалах. Чтобы лучше почувствовать аромат и вкус этих вин, каждый из нас, наверное выпил не менее одной поданной нам бутылки.

Вечером того же дня нас пригласили к себе в гости супруги Борис и Ирина Грегори из г. Окленда, семейные друзья матери Джоан Конрад. Нам приятно было общаться с Борисом - бывшим русским эмигрантом, который в 1938 году после захвата г.Харбина японскими милитаристами, вынужден был оставить Китай и искать убежище в Калифорнии. Естественно, он нашел интересных собеседников лице Малика Хантемировича и Кенеса Нурпеисовича. Так, например, Кенес ага рассказал ему о трагической судьбе своих соотечественников из Жетысу, которые также не по своей воле оказались после революции и голода 1930-х годов на территории Китая и других сопредельных стран. Непринужденной беседе способствовало и то, что не существовало языкового барьера, так как Б.Грегори прекрасно владел русским языком и был позитивно настроен к гостям из Казахстана.

9 декабря в первой половине дня нас навестил Майкл Джессудасон, также участник нашей летней совместной экспедиции. Он был уроженцем Малайзии, который после университетского обучения в США остался в этой стране, успешно адаптировавшись к американскому образу жизни, достигнув желаемых успехов в бизнесе. После непродолжительной беседы на нескольких машинах мы поехали к нему в особняк, расположенный в окрестностях Беркли. Там нашему удивлению не было предела. Оказалось, что М.Джессудасон является обладателем ценных коллекций искусства Древнего Египта – деревянных и каменных изделий, бронзовых статуэток, предметов быта. Большим сюрпризом для нас оказалось наличие нескольких разукрашенных и инкрустированных древних египетских деревянных саркофагов, выставленных хозяином в одной из специальных комнат. Естественно, такая богатая коллекция охранялась специальной сигнализацией, а также двумя европейскими овчарками, которые свободно передвигались по особняку. Впоследствии Кенес ага поделился с нами секретом, что одной из причин приезда М.Джессудасона к нам в Казахстан было желание познакомиться с покладистой восточной женщиной, которая впоследствии могла бы стать спутницей его жизни. Это также объяснялось тем, что его жена проживала отдельно от него в Финляндии, а единственная дочь училась в одном из университетов Канады. Этот день был для нас примечательным и тем, что М.Джессудасон пригласил всех нас в китайский ресторан, где мы впервые познакомились с особенностями кухни этого народа, с крутящимся обеденным столом, куда мелкими порциями нам подали около 10 национальных блюд.

10 декабря в 12 часов мы все присутствовали на лекции Кенеса Нурпеисовича для профессорско-преподавательского состава, аспирантов и

студентов Центра восточных славян университета Беркли. Часовая лекция была посвящена теме: «Современная социально-экономическая, политическая и этническая ситуация в Казахстане». Присутствовавшие с интересом прослушали эту лекцию на русском языке, задавали много вопросов о положении европейских, и в особенности славянских этносов нашей многонациональной республики. Думаю, все они получили объективный и исчерпывающий ответ на свои вопросы.

Во второй половине того же дня благодаря содействию профессора Франка Норрика нам посчастливилось познакомиться с экспонатами громадного Музея антропологии университета Беркли, размеры которого соответствовали главному корпусу нашей Национальной Академии наук. Богатая коллекция по Древнему Египту (пять саркофагов фараонов, несколько хорошо сохранившихся мумий, миниатюрные копии папирусных лодок, изображения деревянных лодок). Аналогичная ценная коллекция по материальной культуре и прикладному искусству была выставлена по коренному индейскому населению Северной Америки. Интересные и оригинальные экспонаты, включая образцы ковров, одежды, средневекового боевого оружия были посвящены Китаю и Персии. Нас удивило и то, что все они были в хорошей сохранности.

Наибольший интерес для нас вызвало посещение 11 декабря знаменитого Стэнфордского университета и Гуверовского института. Стэнфордский университет был основан в 1885 году богатым фермером и меценатом Стэнфордом и его территория охватывает более 1 тыс. акров. Основная часть зданий были введены в строй до 1902 года и в нем обучались более 5 тыс. студентов и несколько тысяч аспирантов. Наряду с собственным профессорско-преподавательским составом сюда для чтения лекций приглашаются известные профессора из других стран Америки, Европы и Азии.

Затем мы побывали в 16 этажном Гуверовском институте, основанном в 1919 году в качестве библиотеки президента США Гувера (1929-1932). Сейчас здесь находятся библиотека, архив, издательское дело. Так, в архиве Института – 40 тыс. листов в 4-х тысячах фондах. Из них 6 посвящен СССР, включая его бывших союзных республик. Книга профессора М.Олкотт по истории казахов издана здесь.

В зале приемов Института у нас состоялась 1,5 часовая беседа с проф. Джозефом Двайером, зав. отделом Восточной Европы, свободно владеющим русским языком. Его круг научных интересов составляют засекреченные «самоиздатовские» и другие издания, независимые от контроля государственных органов и КПСС. Аналогичный характер носила беседа с другим профессором Эдвардом Джеко, сотрудником отдела Средней Азии этого же Института, знающим русский, арабский, персидский и тюркские языки. Оба профессора проявили заинтересованность в налаживании сотрудничества с коллегами из республик Средней Азии и Казахстана, а если возможно, то и посетить эти республики. Поэтому им было интересно знать мнения Малика Хантемировича и Кенеса Нурпеисовича по тем или иным узловым проблемам новейшей истории среднеазиатских республик, по которым они испытывали определенные затруднения. Значительным сюрпризом для нас явилось то, что научная библиотека Гуверовского института располагает монографиями ведущих казахстанских историков. Наши два аксакала нашли в картотеке библиотеки названия своих научных трудов. Здесь же в Институте они встретили своего давнего коллегу, профессора из Ташкента Х.Ш.Иноятова, специалиста по истории октябрьской революции и гражданской войны в Узбекистане, с которым они

неоднократно выступали на различных всесоюзных и межреспубликанских конференциях и сессиях, в том числе в Алматы.

Первая половина 12 декабря ушла на переговоры, уточнение дальнейшей программы научного сотрудничества с американской стороной, в частности с учеными университета Беркли, интересы которых представляла Дж.Кимбалл. Естественно, что после обеда и вплоть до вечера мы были заняты покупками подарков и сувениров в супермаркетах городов Сан-Франциско и Беркли для своих близких, коллег и друзей.

13 декабря поздней ночью мы вылетели из Сан-Франциско в Нью-Йорк и 14 декабря прилетели в Москву, а оттуда вернулись в Алматы.

Вот таким была наша первая незабываемая научная заграничная поездка в Калифорнию совместно с Кенесом Нурпеисовичем, Маликом Хантемировичем и другими учеными.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена научной командировке академика К.Н.Нурпеиса и других ученых в 1990 г. в Соединенные Штаты Америки.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала академик К.Н.Нүрпейістің және т.б. ғалымдардың 1990 жылы Америка Құрама Штаттарына барған ғылыми сапарына арналған.

ЧИСЛЕННОСТЬ НАСЕЛЕНИЯ ГОРОДОВ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА В КОНЦЕ XX ВЕКА

Кожакеева Л.Т. – к.и.н., доцент.(г.Алматы, Казгосженпу)

Проблемы изучения численности населения в истории Казахстана вызывает огромный интерес у многих ученых. На сегодняшний день, используя оптимальные методы научного исследования можно получить наиболее достоверные сведения о численности населения казахского общества в разные исторические периоды. В течение исследуемого периода в Казахстане интенсивно протекали процессы урбанизации, в результате которых из страны с преимущественно аграрным населением он превратился в республику с доминирующей численностью и удельным весом городского населения.

Основным фактором роста городов Казахстана стало активное промышленное развитие республики, пришедшееся на 70-е гг. Только за период 1970—1979 гг. возникло восемь городов — в основном промышленных новостроек. Бурное промышленное развитие обусловило рост в первую очередь сравнительно небольших городов-новостроек, население которых за период с 1970 по 1990 гг. удвоилось и утроилось (например, Жанатас)/1 /.

Являясь важным экономическим стимулом роста города на начальном этапе его развития, крупное промышленное производство без дальнейшего расширения социальной инфраструктуры привело к серьезным нарушениям социальных, экономических и демографических пропорций, ведущих к снижению темпов роста населения, что и отмечалось в период 1979—1990 гг. во всей совокупности

некомплексных городов индустриального и промышленного типов. Особенно это сказалось на сравнительно небольших городах промышленного типа.

Промышленные города по темпам сокращения миграционного прироста занимают второе место (после городов организующего типа): миграционный прирост по этой группе сократился в 6,5 раза. При этом тенденции изменения миграционного прироста комплексных и некомплексных городов были различны. Так, в комплексных городах наибольший миграционный прирост пришелся на период конца 1970-х гг. с последующим резким его сокращением; этот показатель в 1990 г. стал отрицательным (-21,9), что обусловлено завершением активного промышленного строительства в наиболее крупных городах данного типа: Текели, Ленгере. При этом надо отметить и снижение отрицательного сальдо миграции в комплексных городах промышленного типа.

В некомплексных городах промышленного типа картина была диаметрально противоположной: отток населения в конце 1970-х гг. и, наоборот, значительный миграционный прирост (не затронувший только самые малые города) в середине 1980-х гг. После бурного промышленного развития (70-е гг.) комплексные промышленные города стали терять свое население (коэффициент миграционного прироста составлял 8,8%).

В целом же такая мозаичная картина миграционного прироста за последние 20 лет свидетельствует о нестабильности численности населения городов промышленного типа, особенно некомплексных, динамика населения которых находится в прямой зависимости от промышленного строительства, что обусловлено крайней узкопрофильностью экономики этих городов, слабым развитием социальной инфраструктуры.

Как уже отмечалось, для всей совокупности городов Казахстана, начиная с 1970 г, наблюдается неуклонное снижение интенсивности миграционного прироста. В целом за 1970—1990 гг. интенсивность миграции сократилась более чем в 1,5 раза. Причем в первую очередь за счет прибытия (в 1,6 раза).

Особенно заметным это сокращение было в 70-е гг., т. е. тогда, когда наиболее интенсивно развивались промышленные центры, оттягивающие на себя потоки мигрантов. Яркое выражение эти процессы получили в таких городах Южного Казахстана, как Капчагай, где интенсивность миграции сократилась более чем в 2 раза, а интенсивность миграции по прибытию — в 2,5 раза, и Уштобе, где показатель снизился соответственно в 2,8 и 3,0 раза. В том и другом случае это связано с изменением функциональной структуры городов, т. е. переходом их из группы промышленных городов (в Капчагае закончилось строительство ГРЭС, а в Уштобе сократилась добыча минерально-сырьевых ресурсов) в группу городов агропромышленного типа с преимущественным развитием отраслей легкой и пищевой промышленности, ориентированных на местное сельскохозяйственное сырье.

Так, интенсивность миграции по прибытию в Жанатас в 1970 г. составляла 318,9%. Естественно, с течением времени интенсивность прибытия снизилась по городу в 3,0 раза. В начале 90-х гг. город имел наиболее более высокую интенсивность миграции по выбытию (66,6 %), достигшую в группе городов с населением 50 тыс. жителей почти 80 %.

Таким образом, исследование миграционных процессов, влияющих на изменение численности населения городов Казахстана, показало, что их масштабы и динамика значительно отличаются в зависимости от экономических типов городов, степени комплексного развития их хозяйственной структуры.

Отмеченное снижение интенсивности миграционных процессов сказалось не только на росте городов республики, но и на демографических показателях развития городов, что оказало прямое или косвенное влияние на количественные и качественные характеристики населения, особенно в такой многонациональной республике как Казахстан, население которого длительное время формировалось за счет значительного межреспубликанского перераспределения населения. Несмотря на то, что из общего количества городских поселений подавляющую часть составляли малые и средние города численностью до 50 тыс. чел., тем не менее, удельный вес их населения по отношению к общей численности городского населения республики был довольно невысоким. Более того, доля населения, проживающего в этих городах, постепенно уменьшалась в связи с концентрацией населения в крупных и больших городах. Так, за 1970-1984 гг. прирост населения малых и средних городов составил 23,4 %, в то время как больших и крупных городов - 39,5. Из 64 малых и средних городов республики 18 являлись нерастущими и теряющими население. Это следующие города - Чу, Аральск, Казалинск, Ленгер. Для указанных городов было характерно слабое и одностороннее развитие отраслей промышленности и сферы обслуживания, что приводило к ограничению в трудоустройстве населения и к другим негативным последствиям. /3/

Формирование населения малых и средних городов в ряде областей республики происходило в основном за счет естественного прироста, в них наблюдалось заметное минусовое механическое сальдо населения.

Анализ статистических материалов показал, что отток населения за период между переписями (1970-1979 гг.) из этой группы городов в Кызыл-Ординской -6,3 тыс. и - 11,5 тыс.чел., в Талды-Курганской -5,8 тыс. и -2,3 тыс.чел., в Чимкентской -12,4 тыс. и 19,7 тыс. чел. /4/.

Из общего прироста населения малых и средних городов республики за этот период 92% приходится на естественный и только 8% - на механический прирост. Характерно то обстоятельство, что за пять лет 1979-1983 г. г. не было никакого механического прироста в этой категории городов республики, а наоборот, наблюдался значительный отток населения составивший -38,6 тыс. человек. Такое положение с формированием трудовых ресурсов в этих городах создавало определенные трудности в выполнении намечаемых планов экономического и социального развития городов, в планировании, управлении и эффективном использовании трудовых ресурсов.

К 1990 г. численность малых городов продолжала увеличиваться, несмотря на значительный миграционный отток. Данные о численности некоторых малых городов Южного Казахстана приведены в таблице 3. /5/

Таблица 3 – Численность малых городов на 1.01.91 г. в тыс. чел.

Область	Название города	Численность
Алма-Атинская	Капчагай	44,4
Джамбульская	Чу	38,3
	Каратау	43,3
Кзыл-Ординская	Аральск	31,4
	Казалинск	23,2

Численность населения увеличивалась за счет довольно значительного естественного прироста, который был наиболее заметным в малых городах Южного Казахстана. Данные о численности населения малых городов Южно-Казахстанской и Кызылординской областей приведены в таблице 4. /6/

Таблица 4 – Численность населения малых городов Южно-Казахстанской и Кызылординской областей в 1990 г.

города	Численность
Аральск	14,8
Казалинск	19,5
Арысь	4,9
Джетысай	4,7
Кентау	9,1
Ленгер	3,5
Сарыагач	3,9
Туркестан	11,9
Чардара	4,0

Плановыми органами республики был проведен прогноз численности населения всех малых и средних городов республики на период до 2000 г. При прогнозировании в основу расчета была положена определенная гипотеза будущего режима воспроизводства населения в республике, при этом учитывались демографическая тенденция роста населения, предполагаемые к размещению промышленные объекты, региональные особенности и различия в формировании трудовых ресурсов малых и средних городов республики.

В результате этих расчетов ожидалось, что в перспективе намечались относительно высокие темпы роста населения в одиннадцати городах этой категории, в том числе Капчагае, Жанатасе, Каратау и Чардаре. Однако, в реальности оказались совершенно иные показатели, характеризующиеся массовым оттоком населения из малых городов и значительным уменьшением численности.

Неопределенность экономической перспективы развития агропромышленных городов, низкий технический потенциал производственной сферы и небольшая емкость рынка труда вызвали интенсивный отток населения, в первую очередь экономически активной его части. Если по республике численность населения за период с 1989 г. по 2000 г. сократилась на 8,4%, то в малых городах - на 13,8%, в том числе в агропромышленных—на 14,2%.

В 2005 году численность населения Казахстана впервые за прошедшее десятилетие стала увеличиваться. Однако, рост происходил неравномерно в разрезе областей. /7/

Общая численность населения малых городов в 2002 г. составила 1,4 млн. человек, средняя численность населения одного малого города - 22,8 тыс. человек. По-прежнему, численность населения в малых городах имеет тенденцию к сокращению./8/

Сокращение естественного прироста населения и высокий миграционный отток привели к значительному снижению численности населения малых городов. В результате за 10 межпереписных лет г. Жанатас потерял - 43, Каратау -35 % населения.

Основные причины миграции: отсутствие работы, ухудшение условий труда и жизни, стремление к получению образования.

Вследствие выезда из малых городов людей трудоспособного возраста, население имеет тенденцию к старению. Доля населения старших возрастных групп в отдельных малых городах достигает 18-20%. По численности населения 13 малых городов не соответствуют городскому статусу, среди них Казалинск.

В результате уменьшения численности жителей часть населенных пунктов поменяла свой статус, перейдя из разряда «средних» в «малые». В малых городах южного региона сложилась иная ситуация. Здесь численность населения не только сохранилась, но и увеличилась за счет естественного прироста и прибывших мигрантов. Однако следует отметить, что избыток населения усложнил ситуацию на рынке труда.

Можно констатировать лишь то, что ранее вполне благополучные и даже процветающие малые города на сегодняшний день превратились в города-призраки, население которых за малым исключением переехало в крупные областные города, Алматы и Астану.

ЛИТЕРАТУРА

1. Итоги Всесоюзной переписи населения 1959, 1989 гг., Краткие итоги переписи населения 1999 г. в Республике Казахстан. Алматы, 1999. С.211
2. Итоги социально-экономического развития Республики Казахстан за январь-апрель 2005 года. Стат. сб. Агентство по статистике РК. Алматы, 2005.
3. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 2011, Л.35.
4. Кошанов А.К., Айдарханов М.Х. Малые города при переходе к рынку (проблемы и приоритеты). Алматы, 1992, 115 с.
5. Краткие итоги переписи населения 1999 г. в Республике Казахстан. Стат. Сб. / Под ред. А. Смаилова. Алматы: Агентство РК по статистике, 1999, 211. С.5, Исаков У.М. Города в системе расселения Казахстана: (экономико-демографический аспект). С.57.
6. Численность, естественное движение и миграция населения Казахской ССР в 1989 г. Алма-Ата: Респуб. информ.-издат. центр, 1990. С.82.
7. Гришанова А. Г. Взаимосвязь экономического и демографического развития в урбанизированной среде// Урбанизация и демографические процессы. М., 1982. С.12.
8. Сост. по данным Численность и состав населения СССР. По данным Всесоюз. Переписи населения 1979 г. М., 1984, С. 8-10; Итоги Всесоюзной переписи населения в 1989 г. Алма-Ата, 1992. С.5-7.
9. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 6651, Л.39.
10. Итоги социально-экономического развития регионов Казахстана за январь-апрель 2005 года. Алматы, 2005.
11. Государственная программа по развитию малых городов РК на 2004-2006 гг.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XX ғ. Қазақстанның оңтүстік қалаларындағы халық санындағы өзгерістер, олардың себептері баяндалған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается изменение численности населения городов Южного Казахстана в конце XX века.

ІЛИЯС ОМАРҰЛЫНЫҢ ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ АЯСЫН КЕҢЕЙТУ ЖОЛЫНДА КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қаипбаева А.Т.- т.ғ.к., доцент.м.а. (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел ретінде әлемдік қауымдастықтан өзіндік келбетімен танылып келеді. Ендігі кезекте қазақ халқының тарихын да дүние жүзі тарихының, әлемдік өркениеттің құрамдас бөлімі есебінде мойындату – Қазақстан тарихы ғылымының басты міндеті болып табылады. Бұл бағытта бірқатар істер де атқарылуда. Сондай-ақ, Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тікелей пәрменімен үкіметте қабылданған “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы негізінде тарихи сана жаңғыртылып, көпшілікке беймәлім болып келген тарихи ескерткіштер мен деректерді ғылыми айналымға қосу, оларды насихаттау ісі жүзеге асырылуда. Жалпы, қазақ халқының сан ғасырлық тарихында әрбір дәуір кезеңінде ел намысын қорғайтын, рухани қазынасына ауқымды үлес қосып, көш бастайтын ірі тұлғалар қатары үзілмей, желідей жалғасып өткен.

Қазақ халқының ұлттық тарихы мен мәдениетін ғаламдық деңгейге жеткізуді өзінің саналы ғұмырына өзек еткен азаматтардың бірі – Ілияс Омарұлы тарихшы болмаса да, қазақ халқының тарихының объективті түрде зерттелуіне, тарихи ескерткіштердің сақталып, қорғалуына көп үлес қосты. Осы пікірімізге І.Омарұлының идеология хатшысы қызметінде болған кезінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Ж.Шаяхметовтың атына жазған хаты дәлел: “... Сізге белгілі болғандай, біздің халқымыздың тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғауға осы уақытқа дейін орынды мән берілмей келген. Осының салдарынан елді мекендерден қашықтағы олардың көпшілігі жоғалып барады және көп ретте қалпында сақтау мүмкін болмай барады. Үлкен тәрбиелік мәні бар тарихи ескерткіштерге жеке және ұжымдық түрде баруды ұйымдастыру мүмкіндігінен айырылғанбыз”/1/.

Жалпы, археологиялық қазбалар тарихымыздың талай ғасырлық сырын ашуға тиісті еді. Ленинградтан зор білім алған Ә.Марғұлан бұл салада жан-жақты зерттеу еңбектерін жүргізді. Дегенмен Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Жамбылдағы Қараханидтер дәуірінен қалған архитектуралық ансамбльдер мен Айша бибі мазары, Қаракеңгір өзені бойындағы Алаша хан мазары, Аягөздегі Қозы мен Баян моласы, т.б. әлі зерттеушісін тосып тұрған еді. І.Омарұлы “Қожа Ахмет Яссауи” атты монография жазып (1930ж.), Қазақстанда археологиялық зерттеулер жүгізуде аса мол еңбек еткен М.Е.Массонмен жолығып, кесенені қалпына келтіру бағытындағы істі жеделдету шаралары жөнінде кеңесіп, партия басшылығымен келісуімен қатар, археологиялық экспедициялар ұйымдастыруға жәрдем беріп, арнайы маман даярлау мәселесіне де ерекше қолдау жасаған. Әрине, бұл маңызды істердің бастауында Қазақ КСР Ғылым Академиясының Президенті Қ.И.Сәтбаев тұрған еді.

Ә.Марғұланмен ой бөліскен І.Омарұлы: “Бізге мамандар әзірлеу, жоғары оқу орындарына жастарды көптеп жіберу, кейбір қалаларды (мысалы, Отырар) құм астынан қазып алу қажет. ... Немесе Қозы мен Баян ескерткіші, анау Кеңгір бойы! Бәрі - тасқа жазылған тарихтар. Қаныштың Ұлытаудағы Алтынтөбеден тапқан жазуы бар ескерткіш тастың өзі неге тұрады. Ол таста Ақсақ Темірдің жорығы туралы мәлімет беріліпті. Мұның өзі қазақ даласы тек көшпенділер жайлауы болды, онда цивилизация ізі байқалмайды деген Батыс

ғалымдарының жаласына (евроцентризм – А.Қ.) соққы береді. ... Фирдаусидің “Шахнама” дастанында: “Дүниеде Рим, Иран, Туран болды” деген жолдар бар. Бұлардың ішінде Рим, Иран мәдениеті түбегейлі зерттелді. Ал, Туран мәдениеті мен тарихының беттері әлі оқылған жоқ. Тарихи ескерткіштер жаугершілік заманда қирады, өртенді, құм көшкінінің астында қалды. Соларды аршуымыз қажет /2/. Бұл деректерден маман тарихшылар сияқты І.Омарұлын да қазақ халқының тарихының әлемдік өркениеттен алар орны қандай болу керек деген мәселе толғандырғанын көреміз.

Ә.Марғұлан және тағы да басқа тарихшы-ғалымдар ашқан іргелі жаңалықтар ғылыми айналымға енгізілгеннен кейін, жетістіктерді І.Омарұлы өзінің мақалаларында мақтанышпен жеткізді: “Академик Марғұлан бастаған бір топ археологтар Орталық Қазастанның көне мәдениеті жөнінде қызғылықты мағлұматтар тапты, сол кездегі мәдениеттің андрон кезеңінің жаңа сатысы болып табылатын Беғазы-Дәндібай дәуірінің өткенін ашты. Бұл шын мәнісінде ғылыми жаңалық. Кейінгі кезде Балқаш маңынан археолог Қадырбаев тапқан мәдениет байлығына қосылатын ерекше заттар тарихымызды одан әрі кеңейте түсуге үлесін қоспақ. Маңғышлақ жеріндегі тас сарайларды Медоев ашты. Олардың архитектуралық құрылыстарынан ешбір мәдени мұраға ұқсамайтын, өз алдына бір қызғылықты мәдени байлықтың көзін ашатын қазына екенін көреміз. ... Ал осы ашылған мәдени байлықтарға халқымызға көптен белгілі эпостарды және қоссақ, бұлардың бәрі сол кездегі халық үшін танытатын көркем шығармалар екеніне кім шүбә келтірер” /3/.

Тарихи таным мен ұлттық мәдени мұраны бір-бірімен сабақтастыра қарастырған І.Омарұлының қазақ халқының игілігіне айналдыру жолындағы тағы бір игілікті ісі – Мәдениет министрі қызметінде болған уақытта “Мәдени ескерткіштерді қорғау туралы” заңның жобасын жасап, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне ұсынып, заң қабылданғаны белгілі /4/.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін 1920-30 ж.ж. Қазақстанда кәсіби тарих мектебі де қалыптаса бастады. Оның нәтижесі ретінде 1943 ж. “Қазақ ССР тарихы” жарық көргені белгілі. Ал, 1949 ж. “Қазақ ССР тарихының” екінші басылымының I томы басылып шықты. Іле-шала “Қазақ ССР тарихының” кеңестік дәуіріне арналған II томы баспаға беріліп, жауапты редакторлары академик А.Панкратова мен І.Омарұлы болды. Әрине, тарихты ауызша айту дәстүрі арқылы жүйесіз жеткен ұлттық тарихымызды толыққанды түрде кітап арқылы насихаттау тарихы мойындалмаған халық үшін үлкен жетістік. Алайда осындай игілікті істерді ұйымдастырған зиялы қауым үшін саясаттың салқыны бұл төңіректегі оқиғаларды басқаша өрбітті. Оған себепші болған “Правда” газетінің 1950 ж. 26 желтоқсандағы санында “За марксистко-ленинское освещение вопросов истории Казахстана” (Қазақстан тарихының мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыда жазу үшін) айдарымен басылған мақала болды. Мұндай мақаланың жазылуына түрткі болған қазақтан шыққан алғашқы тарих ғылымдарының докторы, талантты тарихшы Е.Бекмахановтың “Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында” атты іргелі монографиясында Кеңесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа прогрессивті, халқының азаттық жолындағы күресінде алатын орны ерекше деп берілген баға еді. Ал газеттегі бас мақала К.Қасымұлы қозғалысына объективті баға берілмеді, оның реакциялық сипаты бұрмаланған, феодалдық-монархиялық хандық құруды мақсат еткен К.Қасымұлы асыра дәріптелген деп саяси мәселе қойды. Бұл еңбек идеологиялық тұрғыдан қауіпті және методологиялық бағытта

жіберілген өрескел кате деп жар салды. Бұл өз кезегінде монография авторы – Е.Бекмаханов пен идеологиялық жұмысқа жауапты І.Омарұлының тағдырына ғана емес, бүкіл қазақтың зиялы қауым өкілдерінің тағдырына терең із қалдырды. Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, А.Жұбанов сынды ұлттың ұйтқысы болған азаматтар қуғын-сүргінге ұшырап, Е.Бекмаханов сияқты тарихшы, әдебиетші ғалымдар түрмеге қамалып, сотталды. Қоғамдық өмірге тағы да “ұлтшылдық” синдромы қайтып келді.

І.Омарұлы “Қазақ ССР тарихының” екінші басылымында жоғарыда аталған Е.Бекмахановтың концепциясын толығымен енгізуге жол бергені үшін 1951 жылы қызметінен ғана шеттетілген жоқ, қуғын-сүргінге ұшырап, жұмыссыз моральдық-психологиялық қысым жағдайында жүрді. Ал, сотталып, түрмеге қамалудан екінші мәрте Р.Мусин, М.Бутин, Б.Исабековтердің араласуымен аман қалады /5/. Қауіп бұлты сейілмегендіктен І.Омарұлы 1952 ж. Мәскеуге Жоғары партия мектебіне оқуға кетуге мәжбүр болды.

Мәселен, академик А.М.Панкратованың сол бір қиын-қыстау тұстан сәл бұрын, яғни 1949 ж. 27 қазанда Ілекеңе жазған хаты сақтаулы,-деп жазады Ерлан Арын өзінің І.Омарұлы туралы жазған “Киелі құстың құпиясы” деген мақаласында: “Бірқатар тарихшылар арасында тарихи ақиқатқа қарамастан, қазақ халқының тарихын сүмірейтіп көрсетуге тырысушылық бар. Осыған ұқсас тарихи жағдайда бой көрсеткен грузин патшасы немесе өзбек ханы неліктен озық ойлы қайраткер саналып, ал қазақтар Абылайды, не Кенесары Қасымовты қаралауға тиістігін мен мүлде түсінбеймін. Мен қазақ тарихының осы аса көрнекті тұлғаларына баға беруде тарихи шындыққа кереғар жолға түсе алмаймын...”.

Егер қарабасы мен мансабын күйттеген біреу болса, бұлтартпас бұл құжатты көлденең тартып, жолсыз жазадан құтылуға асығар ма еді? Ал І.Омарұлы өлім төсегіне таңылғанша тірі жанға тіс жармай келіп, дүниеден өтер сәтінде ғана хат сырын былай ашыпты: “Қазақ ССР тарихын” басты шығарушы болған көрнекті орыс тарихшыларын мен ыңғайсыз жағдайға қалдыруды қаламадым... Интеллигенцияның кеңес сұрауға маған жүгінетініне келсек, бәлкім, бұл менің әлсіз жерім шығар, бірақ мен бұған әбден үйрендім және алдағы уақыттарда да олардан бас тарта қоятын ойым жоқ...”/6/. Міне, осынау деректен-ақ І.Омарұлының азаматтық келбетінің қаншалықты адал да әділ болғанын аңғарамыз.

Алайда, егер де біз, І.Омарұлының сол кезеңде Орталық Комитеттің отырыстарында және Е.Бекмахановтың аталған кітабы жөніндегі ғалымдар арасында болған пікір-таласқа (дискуссия) байланысты сөйлеген сөздеріне тереңірек үңілетін болсақ, онда ол бұл мәселенің саяси рең алып кететінін, соңы осындай ауыр зардаптарға әкеп соғатынын күтпегенін аңғарамыз/7/. Е.Бекмахановтың көзқарасына қатысты мәселені ушықтырып, орталықтың еріксіз назар аударуына мәжбүр еткен тарихшы-ғалымдардың осы бір жөнсіз іс-әрекетін ашына жазады: « кейбір жолдастар бұл мәселені ұйымдасқан түрде партиялық ұйымдар арқылы шешудің орнына, жеке бедел иелерін таба отырып, газеттер мен журналдар редакцияларын хаттармен, жеделхаттармен атойлатып басқа жолдарды іздестіре бастаған. Мен ауызба-ауыз әңгімелерді айтпағанның өзінде Мәскеуде ондаған хаттар мен жеделхаттарды жеке өзім қарап шыққанымды әсірелемей-ақ айтып бере аламын. Жекелеген жолдастар Қазақстан К(б)П ОК олар үшін төреші де, бедел иесі де емес деп ойлайтын болулары керек, олар мұндай теориялық мәселелердің нақ партиялық сатыларда шешілетін қарапайым тәртібін де естен шығарып алған” /7, 3 п/.

І.Омарұлы Е.Бекмахановтың кітабы бойынша ұйымдастырылған пікір-таласқа қатысты сөйлеген сөзінде Х.Айдарованың “Қазақстан ешқашан, соның ішінде ХІХ ғ. 20-40 ж.ж. жалпы ұлттық қозғалыс жасауға қабілетті болмады” деген тұжырымына үзілді-кесілді қарсы шығып, оның көзқарастарындағы қайшылықтарды әшкерелеген. Х.Айдарованың 1947 жылы “Шоқан Уәлиханов” атты монографиясында К.Қасымұлы бастаған қозғалысқа оң баға бергенін атап көрсетеді. Осы мәселеге қатысты І.Омарұлы мынандай параллель келтіреді: “Ресейдегі шаруалар көтерілісінің көсемі Пугачевтың өзін патша деп жариялауы сол кездің өмір шындығына сәйкес келген бе еді? Мүлде келмеген еді. Алайда, одан Пугачевтың көтерілісінің прогрессивтік маңызы жойылған жоқ болатын”, /8/-деп тарих ғылымының дамуына кедергі болып отырған жоғарыда аталып өткен субъективті факторлардың орын алып отырғанына өзінің шарасыздығын білдіреді.

І.Омарұлы өзінің “Қазақстандағы тарих ғылымының міндеттері туралы” деген мақаласында идеологиялық талаптармен бірге қазақ тілінде жарық көрген ғылыми еңбектердің жеткіліксіздігіне көңіл аудартады. Қазақ тілінде басылған жұмыстар мен құжат жинақтарындағы қателерді, баспадан кеткен қателерді атап көрсетіп, үлкен сынға алған. Сондай-ақ, тарих ғылымы үшін ұлттық кадрларды дайындау жұмысын жақсарту мәселесін күн тәртібіне қойған /9/.

І.Омарұлы мектепте тарихтың оқытылуы, тарих пәні мұғалімдерінің педогогикалық шеберлігі мәселелеріне де көңіл аударған. Тарихты оқытудағы ең маңызды міндет оқытушылар тарихи оқиғалардың, тарихи дамудың өзара байланысын және заңдылығын түсінуі шарт. Ал, тарих пәнін қызықсыз оқытқан мұғалімге кешірім болмауы керек. Өйткені қаншама қызықты әрі батырлыққа негізделген мысалдар арқылы пәннің мазмұны мен мәнін жоғалтпай, оқушыларды баурап алуға болады және осы мысалдармен қайсыбір ұғымдарды негіздеуге жол ашылады деген ұсыныстары мен ой-пікірлерін білдіреді /5, 235 п/. Тарих пәні мұғалімінің оқу-тәрбие процесіндегі алатын ерекше орнын ескеретін болсақ, І.Омарұлы көтерген әдістемелік мәселелердің әрдайым күн тәртібінде болатыны сөзсіз.

Қорытындылай келе айтарымыз, І.Омарұлының Отан тарихы ғылымы бойынша көтерген мәселелерінің ауқымдылығы мен өзектілігіне орай және оларды халық игілігі үшін қолдануды жүзеге асыруда атқарған қызметіне қарай тарих ғылымында алатын орны ерекше деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қадыр Мырза Әли. Күлтегін. //Таң-Шолпан, 2001, №2
2. Молдағалиев Ж. Жомарт жүрек. Алматы, 1990. 208 б
3. Мүсірепов Ғ. Қош бол, қимасым!; //Қазақ әдебиеті, 1970, 24 шілде.
4. ҚР ОММ 1890-қор, 1-тізбе, 2724-іс, 21-29 парақ.
5. Омаров І. Таңдамалы. Алматы, 2001. 195 б.
6. Арын Е. Киелі құстың құпиясы. //Қазақ әдебиеті. 2000, 14 қаңтар.
7. ҚР ОММ 2066-қор, тізбе, 61-іс, 25-парақ.
8. Омаров И. О. О задачах исторической науки в Казахстане. //Известия АН Казахской ССР. Серия историческая. 950, вып. 6.
9. Омаров И. Казахские просветители-демократы //Литературная газета, 1951. 10 июль, №81

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қоғам және мемлекет қайраткері Ілияс Омарұлының Отан тарихының зерттелу аясын кеңейту жолында көтерген мәселелері туралы баяндалады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются работы общественного и государственного деятеля Ильяса Омарулы, посвященные проблемам расширения круга исследований Отечественной истории.

ТӘУЕЛСІЗДІК МОНУМЕНТІНЕ МУЗЕЙЛІК ЭКСКУРСИЯ

Қалдарбекова А. – экскурсовод. (Алматы қ., ҚР Мемл.Орталық Музей)

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алған кезден бастап, басқа да ғылым салалары сияқты музейтану ғылымы да түбегейлі өзгерістерге енуде. Қазіргі таңдағы ғылыми-теориялық қарекет музей ісіне басқаша көзқарастың болуын, яғни қазіргі өскелең қоғамның талаптарына сай биімделуін, музей ісін ұйымдастыруда түбегейлі бетбұрыстардың, жаңа методологиялық көзқарастың болуын, музейдің ғылыми базасын қалыптастыруды, оны практикамен ұштастыруды талап етеді /1/. Қазіргі кездегі музейлік экскурсияларды ұйымдастырудың жаңа сатысы әрине электронды қондырғыларды, яғни инновациялық технологияларды пайдалана отырып, оқу орындарында электронды көшпелі-дәріс көрмелерді ұйымдастыру болып табылады. Бұл біріншіден, оқушы немесе студенттің жаңа инновациялық техникаға деген ынтасын арттырады, екіншіден уақыт үнемделеді, дәрісті жазып алудың да қажеттілігі шамалы болады. Тыңдаушының мүмкіншілігі болса, көшпелі-дәріс көрменің электронды нұсқасын өзіне көшіріп те алады. Қазіргі таңда музейлер қызметі қоғамдық институт ретінде әлеуметтік-экономикалық жағдайға сай жүргізілуде. Сондықтан да, көшпелі көрмелердің электронды нұсқасы тапсырыс беруші оқу орындарының мүмкіншіліктеріне қарай атқарылады. Музей ісіндегі экскурсиялық жұмыстар музей залдарының мазмұнымен ғана шектелмейді, сондықтан да музей экспозициясынан тыс тақырыптық экскурстар ұйымдастыру мәселесі музей ісінің ауқымын кеңейте түседі /2/.

Музейден тыс жерде өткізіліп жүрген тақырыптық көшпелі көрменің бірі - «Тәуелсіздік монументі». Электронды көшпелі көрме интерактивті тақта немесе проектор көмегі арқылы монументтің әрбір құрылымының бейнесі көрсетіле отырып, орнатылу тарихы мен монумент мазмұнына экскурс жасалады.

Алматыдағы Республика алаңында Тәуелсіздік Монументі 1996 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігіміздің 5 жылдығы мен желтоқсан оқиғасының 10 жылдығына орай тұрғызылған. ҚР Президенті Н.Назарбаев 1993 жылы Египеттің Луксор қаласына сапармен барғанда Египеттің Тәуелсіздік Монументін көріп, осындай «ел тарихын баяндайтын ескеркіш біздің де елде болу керек» деген идеясын жүзеге асыруды архитектор Шота-Аман Уалихановқа тапсырған /3/.

Орталық стелланың төрт жақ бұрышында аллегориялық топ -ата мен ана, екі құлыншаққа мінген балалар мүсіні. Ата мен ана, ақыл мен парасат иелері, қамқоршы да асыраушы болса, балалар еліміздің болашағы. Ал төртеуі бірігіп бас

бүтін отбасын мемлекет негізін құрайды. Монумент композициясындағы ең басты дiңгек - Маңғыстау сағанатасы сияқты жоғары қарай тiк көтерілген пластикалық стелла. Оның биіктігі-28 метр, ұшар басында қанатты барысты өзіне бағындырып, оның үстінде тiк тұрып шауып бара жатқан жас жігіт «Алтын адам» (биіктігі 6 м). «Алтын адам»- Алматы маңындағы Есік қаласынан табылған археологиялық құндылықтар дерегі бойынша қазақтардың арғы тегі болып табылатын сақтар көсемі (б.д.д.7-4 ғғ). Алтын адам киімінен жоғары билік иесінің барлық белгілерін байқауға болады. Бұл стелла - қазақ жеріндегі аса қуатты мемлекеттік билік нышанын бейнелейді. Іле Алатауының Солтүстік беткейіндегі үлкен қорымға енетін «Есік обасындағы» ақсүйек сақтың қабірі жерлеу ғұрпының байлығымен таң қалдырады. Оның басынан аяғына дейінгі киімдері алтыннан жасалынған 4000-ға жуық қаптырма мен қалақша арқылы әшекейленген, олардың көпшілігі сақ-скиф кезіндегі аң стилінде жасалған /4/.

Монументтің етегіне жартылай шеңбер жасап жайғасқан символдық барельефтер кешені Қазақстанның ерте замандардан бүгінге дейінгі тарихынан қысқаша мағлұмат береді.

1 рельефте - қазақтардың арғы ата- тегі массагеттер падишасы Томирис (Тұмар ханымның) дәуірі көрсетілген. Релефтегі басты тұлға – басқыншы жаумен шайқаста жеңіске жеткен – Тұмар ханым. Ол бар сән-салтанатымен қос дөңгелекті жауынгерлік арба үстінде отыр. Киімдері мен ер-тұрмандағы қару жарақтар мен басқа бұйымдардағы әшекейлер мен өрнектер бізге археологиялық қазбалар арқылы жеткен сақтар мәдениетінің үлгілері.

Б.з.д.1 мыңжылдықта Солтүстік Үндістан, Ауғанстан, Орта Азия және Қазақстанның оңтүстік өңірін қамтитын кең-байтақ аумақта «сақ» деген атпен белгілі тайпалар мекендеген. Геродот (б.з.д 5ғ.) және басқа ертедегі тарихшылар оларды «азиялық скифтер» деп атаған. Сақ тайпалары Солтүстік Қара теңіз жағалауын, Днепр өзені бойын мекендеген скифтердің және төменгі Еділ бойы мен Оңтүстік Орал өңіріндегі савроматтардың, Кир мен Дарий тұсындағы парсылардың және А.Македонский дәуіріндегі гректердің замандастары болған. Сақ тайпалар одағына массагеттер, дайлар, исседондар, аримаспылар, каспилер, агрипейлер сияқты ондаған тайпалар одағы кіреді. Сақтар сол кездегі көптеген тарихи оқиғаларға қатысты. Мәселен, Кир сақтармен одақ жасап, Мидия патшасы Крезбен соғысуы кезінде олардан көмек алады. Кейінірек Кир сақтар мен массагеттерді бағындырмақшы болып жорыққа аттанады. Бірақ оның жорығы қатты қарсылыққа кездесіп, соңында Кир бастаған парсылар сәтсіздікке ұшырап, әскерлері талқандалып, өзі қаза табады. Бүгінгі Орта Азияның, Пәкістанның, Ауғанстанның, Солтүстік Үндістанның жеріндегі сақтар б.з.б. 1-ғ-дың ортасына дейін-ақ жергілікті халықтармен сіңісіп кетті.

2 рельефте- астрономия, философия, медицина және тағы басқа ғылым салалары жақсы дамыған әл-Фараби заманы бейнеленген. Ортадағы алып тұлға әл-Фараби, оның қасында отырған атакты тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати. Ол екеуінен төменірек қобызда ойнап отырған қазақ саз өнерінің негізін салушы - Қорқыт ата. Релефтің сол жақ қанатындағы төменгі сурет – түрік халықтарының қасқырдың сүтімен қоректеніп, содан тарағандығы жайлы аңызды бейнелейді. Аңызға сүйенсек, түркі халықтары ашина қасқырынан тарағандығы жайлы айтылады.

Әбу Насыр әл-Фараби (870-950)-ғалым-энциклопедист, Отырар қаласында дүниеге келген, көзі тірі кезінде-ақ Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған. Осы қаланы арабтар Барфа, Фараб деп атаған, есімі осыдан келіп Фарабан шыққан Әбу Насыр болып келеді. Оны астрономия, логика, музыка теориясы,

математика, этика, медицина, психология, құқық қызықтырды. Ғылымның әр түрлі салаларын қамтитын 164-ке жуық трактат жазған. Ол философияны қоғамды оятатын зерде, парасат шамшырағы, халықты әділетті қоғамға жеткізетін негізгі бағыт, ұрпақтар арасындағы рухани-мәдени сабақтастықты ғасырларға жалғастыратын құрал, әлеуметтік-этикалық күрделі мәселелердің шешімін, уақыт талаптарының жауабын табатын әдіс деп түсінді. Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Әл-Фараби өз шығармаларында араб, парсы, грек, үнді, түрік мәдениетінің жетістіктерін талдап, жақындастыра білді. Мұны «Үлкен музыка кітабы» атты еңбегінен байқауға болады. Исламмен араб халифатымен байланысты барлық қалаларда болған. Ол сарайлық әбігершіліктен алыс өмір сүруді жөн көріп, ғұмырының соңғы жылдарын Сайф-ад-Дауль Хамадиннің қамқорлығымен Алеппо мен Шамда (Дамаскіде) өткізеді. 80 жасында Шам шаһарында қайтыс болды. Ұлы ғалымның мүрдесі Сириядағы Баб әс-Сағир зиратында жатыр.

Мұхаммед Хайдар Дулати (1499 – 1551) - атақты тарихшы, әдебиетші. М.Х.Дулатидың «Джаханнама» атты дастаны, Моғолстан мен оған шекаралас облыстар бойынша жасалған әйгілі «Тарихи-Рашиди» кітабына енген ата-бабалары Оңтүстік-шығыс Қазақстан аумағында, Моғолстан мемлекетінің құрамындағы Қырғызстан мен Шығыс Түркістан жерінде беделді саяси қайраткерлер болған. М.Х.Дулатидың атасы –Хайдар мырза 1480 жылға дейін Қашғарияда билік жүргізді. Ал оның әкесі Мухаммед Хусайын 15-16 ғғ басындағы Моғолстанның шығыс бөлігінің басшысы Сұлтан Мұхаммед ханның үзеңгілестерінің бірі болған. Ал анасы Хубинғар ханым Жүніс ханның қызы, ал ол өз шешесі жағынан Сұлтан Сайд пен Үндістанды билеген Ұлы Моғолдар әулетінің негізін салушы Заһир-ад-Дин Мухаммед Шайбанидың өзбек көшпенділері қысымшылығымен Орта Азиядағы Темір әулетінің мемлекеті өмір сүруін тоқтата бастаған кезеңінде, Моғолстанның күйреуі мен Қазақ хандығының өрлеген тұсында өтті. Бабырдың сөздері бойынша М.Х.Дулатидың бойында энциклопедиялық білімі бар, ол барлық саяси оқиғалардың бел ортасында жүрген, саяси қайраткерлерді де білетін. М.Х.Дулати Моғолстан, Орта Азия мен Қазақстанның, әсіресе дулат тайпасының феодалдық бөлігінің тарихын жетік білген. 1541-1546 жылдары Кашмирде ол «Тарихи Рашиди» атты еңбегін жазды. Бұл еңбекті М.Х.Дулати ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған дулаттардың өткені туралы әңгімелерге, моғолдардың аңыздарына, құпия құжаттарға, куәгерлердің мәліметіне және өз бақылауларына сүйене отырып парсы тілінде жазған. «Тарихи-Рашиди» атты еңбекте қазақ хандығының қалыптасуы туралы мұнан кейінгі Жетісу мен Шығыс Дешті-Қыпшақта болған оқиғалар, Моғолстанның құлауы феодалдық соғыстар, қазақтар, қырғыздар және өзбектердің сыртқы жауға қарсы күресте өзара одақтасуы туралы көптеген мәліметтер бар. Сонымен бірге, бұл еңбекте 15-16 ғ-ғы Оңтүстік және Шығыс Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық жағдайы, ортағасырлық Қазақстандағы Жетісудың тарихи жағрапиясы, қалалық және егіншілік мәдениет туралы құнды мәліметтер бар. Мұхамед Хайдар Дулати 1551 ж жергілікті тұрғындардың көтерілісі кезінде қаза болды.

Қорқыт – жыршы, күйші, композитор «Қорқыт ата кітабы» әдеби ескерткішінен 9-10 ғасырларда билік құрған оғыз тайпасынан шыққандығын білуге болады. Қорқыт Ата – ел бірлігін нығайтқан кемеңгер қайраткер, түркі дүниетанымының негізін жасаған ғұлама ойшыл, әлемдік ақыл-ой мәдениетінде өзіндік орны бар философ-гуманист ретінде көрінеді. Қорқыт жайындағы аңыздардан оның бойындағы үш түрлі өнер ерекше айқындалады. Біріншіден, ол

оғыз-қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы бақсы, абыз. Екіншіден-күйші, қобыз сарынын алғаш туындатушы өнерпаз. Үшіншіден-әйгілі жырау, оның жырлары оғыз-қыпшақ өмірін бейнелеген әдеби-тарихи мұра. Қорқыттың дүниеге келуін қорқынышты етіп суреттейді. Қорқыт дүниеге келер алдында әлемді үш күн, үш түн бойы көзге түртсе көргісіз қараңғылық басады. Аңыз әңгімелерде Қорқыт Ата -өзінің желмаясына мініп, халыққа мәңгілік бақыт әкелетін жерұйықты іздеген данагөй ойшыл. Ең ақырында қобыз күйімен көз жұмып, артындағы ұрпақтарына өлмес күйлерін қалдырады.

3 рельеф -Қазақ хандығының құрылуы кезеңіне арналған. Қазақ хандығы дербес мемлекет ретінде сақ, ғұн, түрік, қыпшақ, қарахан, Алтын Орда сияқты қағандық-ұлыстардың мұрагері дәстүрінде бүгінгі Қазақстан аумағында 15 ғасырдың ортасында 1465-1466 жылдарында Керей мен Жәнібек сұлтандар Моғолстан жерінде Шу мен Қозыбасы өңіріне көшіп келуімен алғаш қазақ хандығының іргесін қалайды. Қазақ хандығының астанасы әр кезеңде Сарайшық, Сығанақ, Түркістан, Созақ т.б. қалалар болды. Қазақ хандығының саяси-әкімшілік құрылысында: хан, ұлыстың сұлтаны, тайпалардың билері, ру басылар, ақсақалдар, ауыл ағалары деген басқару жүйесі реттелген.

4 рельефте - қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен белгілі кезең баяндалған. 1723 жылы жоңғарлар қазақ еліне тұтқиылдан басып кірді. Бұл кезең қазақ халқының тарихындағы қасірет, Отан басына күн туған кезең 1718 ж. Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін Үш жүздің дербестеніп, бір-бірінен алшақтануы Қазақ хандығының әскери саяси қуатын әлсіретті. Тәуке өз елінің бірлігін нығайтуға талпынғанмен көздеген мақсатына жете алмады. 1723 ж қазақ еліне жоңғарлардың қалың қолы тұтқиылдан шабуыл жасады. Олар Балқаш, Қаратау бағытымен жылжып, Алтай асып, Көктал өзені бойымен өрледі, Нұра өңірінен, Шелек, Есік, Шу өңірін таптап, тоқтаусыз Іледен өтіп қазақ жерлерін иемденді. Қарудың күшімен, найзаның ұшымен екінші бөлігі Оңтүстік аудандарды Сайрам, Түркістан, Ташкент қалаларын басып алды. Жоңғар шапқыншылығынан күйзелген қазақ жеріне Еділ қалмақтары, Жайықтың казак-орысы, Орал башқұрттары, Қоқан, Бұқара мен Хиуа хандықтары тұс-тұстан шабуыл жасады. Қазақ елі өз тарихында қасіретті зардабы өте зор зұлматқа тап болып, жер бетінен ұлт ретінде жоқ болу қаупіне ұшырады. Жоңғарлар шапқыншылығы кезеңінде қазақтардың азаттықты аңсаған күш-жігерін жасыта алмады, олардың еркіндік пен ерлік рухын шыңдады. Ұлт перзенттері бардың басын қосып, халық бірікпей тірлік болмайтынын түсінді. Бөгенбай, Қабанбай, Саурық, Жәнібек, Малайсары, Абылай, Әбілқайыр бастаған қалың ел 1726 - 1727 ж.ж. жоңғарларға қарсы Бұланты мен Бөленті өзендерінің жағасында қалмақтарға қарсы соққы берді. 1727 ж. қазақтар Қаратауды қайтарды, Хан тауына Орда тігіп, Аңырақай даласында ұлы жеңіске жетті. Жоңғар шапқыншылығы кезінде 1 млн 200 мың адам қырылды.

5+ рельефте жас батыр Абылайдың жоңғар нояны Шарышпен жекпе-жек шайқасы баяндалған. Бұл шайқаста Абылай жеңіске жетеді, осыдан бастап қазақ халқы бастарын біріктіріп қорғануға шығады.

Абылай хан (1711-1781) - қазақ ордасының ханы, қазақ мемлекеттігінің тарихындағы аса көрнекті мемлекет қайраткері. 1743 жылға дейін Орта жүздің сұлтаны болған Абылай ханның ата-бабалары Шыңғысханның ұрпағы болып табылатын қазақ ордасының негізін қалаған Әз-Жәнібектен тараған, азан шақырып қойған аты - Әбілмансұр. Қалың халық бұқарасына оны әйгілі еткен ірі жеңіске ол Әбілмәмбет бастаған қазақ жауынгерлерінің жоңғарлармен болған шайқасында қол жеткізді. Бұл ұрыста 20 жасар Әбілмансұр қалмақтардың

қонтайшысы Қалдан-Цереннің ұлы Шарышты жекпе-жекте өлтіреді. Ол соғысқа Абылайдың қанды көйлек жолдастары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай, т.б. қазақтың белгілі батырлары тізе қоса қатысады. Бұл да Абылайдың жауға қарсы қазақ халқының басын біріктіре білгендігінің дәлелі болып табылады. Жиырма жасында хан сайланған Абылай жарты ғасырға жуық хандықты абыроймен басқарды. Ол зерделі саясаткер, білімдар дипломат, дарынды қолбасшы болды. Оның көздеген мақсаты мемлекетті нығайту еді. 1771 жылы Әбілмамбет хан дүние салған соң, Түркістан қаласында үш жүздің хан, сұлтандары, батырлары бір тудың астына бірігіп, Абылайды ресми түрде ақ киізде хан көтереді. Ол билік құрған жылдары алғаш рет қазақтар мен қалмақтар арасында бейбіт келісім жасалды. Абылай Ресей мен Қытай империяларының арасында орналасқан Қазақ елінің геосаяси жағдайына икемделген саясат жүргізді.

б рельеф- қазақ ағартушылары мен Ұлы адамдар достастығына арналып, онда Достоевский, Ш.Уәлиханов, Т.Г.Шевченко және Абай мен Біржан сал бейнеленген.

Шоқан Уәлиханов (1835-1865) – қазақтың ғұлама ғалымы, саяхатшы, этнограф, фольклорист, Шығыс Түркістан мен Қазақстан, Орта Азия халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуші. 1847-1853 жылдары Омбы кадет корпусында оқыды. Оқып жүрген кезінде-ақ ол шығыс елдерінің географиясын, тарихы мен мәдениетін зерттеумен айналыса бастады. 1853 жылы Сібірде әскери қызметін бастайды, 1854жылы Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х.Госфордтың адъютанты болып тағайындалады. 1855 жылы Шоқан Орталық Қазақстан, Жетісу мен Шығыс Қазақстан бойынша жасалған саяхаттарға қатысты. Шоқанның қоғамдық саяси көзқарасы еуропалық үлгіде қалыптасып, алдыңғы қатарлы демократ интеллигенциямен танысуы барысында жан-жақты дамыды. 1856-1857 жылдары Ш.Уәлиханов Алакөл өзенінен Орталық Тянь-Шаньға, одан Ыстықкөлге дейінгі аумақты қамтитын кең көлемдегі экспедицияға қатысты. 1857 жылы Қырғызстанға барғанда ол қырғыз халқының «Манас» эпосын жазып алып, сүбелі бір үзінді орыс тіліне аударды. Шоқанның «Ыстықкөл күнделіктері», «Қытай империясының Батыс провинциясы және Құлжа», «Қырғыздар туралы жазбалар» сынды ғылыми еңбектеріне орыс география қоғамының назары ауды. 1857 жылы П.П.Семенов-Тяньшаньскийдің ұсынуымен ол аталмыш қоғамның мүшесі болды. Ш.Уәлиханов еңбектері неміс, ағылшын, француз тілдеріне аударылды.

Абай Құнанбаев (1845-1904) - қазақтың ұлы ақыны, кемеңгер ойшыл. Абай ең әуелі ауыл молдасынан сауат ашып, сосын Семейдегі Ахмет Риза медресесінде үш жыл дәріс алды. Осында шығыс әдебиеті классиктерінің шығармаларымен танысады. Сонымен қатар орыс тілі мен әдебиетіне деген қызығушылығы артады. Алайда қаладағы оқуын аяқтай алмай, әке әмірімен ауылға қайтады. Құнанбай ел билеу ісіне араластыру мақсатымен баласын шақыртып алады. 13 жасынан елдегі әкімшілік- билік жұмыстарына араласады. Ол әке қасында болған жылдарда қазақ даласындағы әлеуметтік өмір қайшылықтарын жан-жақты тани түседі. 1875-78ж. Қоңыркөкше еліне болыс болады. Бұл жылдары өз қолындағы билікті пайдаланып, әділеттіліктің таразысын тең ұстауға күш салды. Абай ел ісіне араласқан жылдарында әділдігімен, білімділігімен көрініп, халық арасында беделі өсті. Абайдың асыл мұрасы өлеңдер мен поэмалардан, аудармалар мен қара сөздерден тұрады. Абай Крыловтың мысалдарын қазақ халқына жеткізуші. Пушкин, Лермонтовтың шығармалары Абай тәржімесі арқылы ұлттық игілігімізге айналды. Абай Шиллерді, Гетені, Байронды қазақша сөйлетті. Абайдың қара

сөздері - ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Абайдың кара сөздері орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды. Абайдың таланты мен еңбегіне деген үлкен құрмет – 1995 жылы ЮНЕСКО шешімімен ақынның туғанына 150 жыл толуы әлемдік деңгейде тойланды. Бұл дүние жүзі халықтарының ұлы ақынға, оның мәңгі жасайтын шығармаларына бас июі еді.

Біржан сал Қожағұлұлы - әйгілі қазақ ақыны, сазгер Көкшетау өңірінде дүниеге келген. Бойында әншілік дарыны бар, домбырада шебер ойнайтын Біржан жастайынан-ақ қазақтың ұлан-байтақ даласына танымал болған. Біржан бірегей сазды-поэтикалық туындыларды дүниеге келтірген және қазақ ауылдарын жиі аралап, алуан түрлі айтыстардың бел ортасында жүрген. Айналасына дарынды жастарды жинап өзінше көшпелі театр құрған.

7 рельеф- ұлт-азаттық қозғалысының қаһармандарына арналған. 1914 жылы басталған және оған патшалық Ресейде қатысқан бірінші дүниежүзілік соғыс халық басына ауыр қайғы-қасірет әкелді. Сырдария мен Жетісу облысының жерлерін жаппай тартып алу жалғасып жатты. Халық бұқарасының тонаушылық соғысқа және патшалық самодержавиенің отарлау саясатына наразылығы барған сайын күшейе түсті. Міндетті түрде ет тапсырудың, күштеп тартып алынған мал мен жем мөлшері жылдан жылға ұлғая берді. Өкімет пен еңбекшілердің арасындағы қатынастардың осындай шиеленіскен жағдайында патшаның 1916 жылғы 25- маусымдағы жарлығы шықты, онда соғыс жүріп жатқан аудандарда «қорғаныс бекіністерін» жасау үшін Қазақстаннан тылдағы жұмыстарға «бодан халықтарды» мобилизациялау көзделген. Оған 19-дан 43 жасқа дейінгі ер адамдар жатқызылды. Ашу-ыза кернеген шаруалар мен жұмысшылар көтеріліске шығып кетті. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің ірі орталықтары Жетісу, Торғай, Сырдария, Әулиеата, Шымкент, Қазалы ояздарында болды. Солардың ішіндегі ең бұқаралық, ең ұзаққа созылған ең табанды және ұйымдасқан көтеріліс – Торғай өңірінде болды, оған жұрт арасында танымал, халық батыры – Амангелді Иманов басшылық етті. Амангелді Иманов Торғай облысында Кеңес үкіметін орнатуға белсенділікпен араласты. 1918 жылы Орынборда өткен Қазақстан Кеңестерінің 1 съезіне қатысты, Торғай оязының әскери комиссары болды, тұңғыш ұлттық Қызыл ұланды құрды. Контрреволюцияшылдар 1918 жылы мамырда Амангелдіні абақтыға жауып, өлтірді. Қазақтардың 1916 жылғы көтерілісі - Ресей империясының отарлау жүйесіне елеулі соққы берген қазақ халқының азаттық қозғалысының шежіресіндегі ең бір жарқын белес болып табылады.

8 рельефте Алаш қозғалысы мен Ұлы Отан соғысы дәуірі кезеңін қамтып, онда ұлтымыздың рухани көсемдері: Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев (үш бәйтерек) және И.Панфилов пен Б. Момышұлы, Әлия мен Мәншүк ерліктері баяндалған.

Әлихан Бөкейханов (1866-1937) - көрнекті қазақ оқымыстысы және қоғам қайраткері. 1888 жылы Омбы техникалық училищесін және 1894 жылы Санкт-Петербург орман техникалық институтының экономика факультетін тәмамдады. 1905 жылы Семей облысы қазақтары атынан Мемлекеттік Думаның депутаты болды. Отаршылдыққа қарсы әрекеті үшін Ә.Бөкейханов Семейде, Павлодарда түрмеге жабылды. 1913 жылы Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М.Дулатов «Қазақ» газетін жарыққа шығарды. Газет беттерінде халыққа білім беру, ұлттық сана-сезімді ояту хақында көптеген құнды дүниелер жарық көрді. Орынбордағы съезде құрылған «Алаш» партиясының авторларының бірі болды. 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынборда өткен «Алаш» партиясының 2 съезінде Ә. Бөкейханов

«Алашорда» үкіметінің төрағасы болып сайланды. «Алашордаға» съезден бір айдан кейін аумақтық автономия жариялау тапсырылды. Осыған қол жеткізу үшін Ә.Бөкейханов Кеңес өкіметіне қарсы қарулы күрес бастады. Бірақ бұл әрекет екі жылдан кейін «Алашорда» үкіметі қызметінің аяқталуымен түйінделді. 1926 жылы Ә.Бөкейханов контрреволюциялық іс-әрекеттері үшін айыпталды, бірақ дәлел болмағандықтан, қамаудан босатылды. 1937 ж ол қамауға қайта алынып қыркүйек айында ату жазасына кесілді. 1989 жылы ақталды.

Ахмет Байтұрсынов (1873-1938) - қазақ халқының 20 ғ-дың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғалымдарының негізін салушы, ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы. 1895 жылы Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітіреді, сол жылдан 1909 жылға дейін Ақтөбе, Қостанай, және Қарқаралы уездеріндегі мектептерде орыс-қазақ училищелерінде мұғалім болып қызмет атқарады. Патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы шыққан А.Байтұрсынов 1909 ж. Семей түрмесіне қамалады. Кейін қазақ жерінен тысқары жерлерге жер аударуға үкім шығарылып, ұзақ жылдар бойы «саяси сенімсіз» адам ретінде патшалық күзет қызметтік бақылауда болды. 1913ж өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен бірігіп «Қазақ» апталық газетін шығарып тұрды. 1917 ж. қыркүйегіне дейін оның редакторы болады. Ол қазақ мемлекетін қалпына келтіру үшін күрескен «Алаш» партиясы көсемдерінің бірі ретінде де белгілі А.Байтұрсынов қазақ әдебиеті мен сөз өнерінің дамуына айрықша еңбек сіңірді. 1909-1911 жж. оның көпке белгілі «Қырық мысал» және «Маса» жинақтары жарияланды. Қазақ балаларын ана тілінде оқыту ісіне арнап тұңғыш оқулықтар жазды. XX ғ-дың 30-шы жылдары қазақ зиялыларын жаппай қуғындаудың басталғаны мәлім А.Байтұрсынов 1938ж әуелі тұтқындалып, кейіннен атылды.

1941 жылы 22 маусымда фашистік Германияның әскерлері Кеңес Одағына басып кірді. Гитлершілер КСРО-ға қарсы соғысты Атлантикадан Сібірге дейін славян және түрік-моңғол тұқымдас «жабайылардан» «тазартылған» герман территориялық-этностық тұтастығын құрушы шешуші кезеңі және дүние жүзін жаулап алудың алғышарты деп санады. Ұлы Отан соғысына Қазақстан біртұтас елдің бір бөлігі ретінде қатысты. 1939 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанның халқы 6,2 млн. адам еді. Соғысушы армия қатарына соғыс жылдарына 1196164 қазақстандық сапқа тұрды. Соғыстың алғашқы күнінен-ақ Қазақстан оның арсеналының біріне айналды. ҰОС-ғы ерліктері үшін 11600 адамға Кеңес Одағының батыры атағы берілді, олардың 497-сі қазақстандық, соның 97-і қазақ. Қазақстандықтардан бірінші болып Кеңес Одағының батыры атағы 19-танк дивизиясының командирі генерал-майор К.А.Семенченкоға 1941 жылы 22 шілдеде берілді. Ал ең соңында 1990 жылы 11 желтоқсанда мұндай атақ панфиловшы, аға лейтенант Б.Момышұлына берілді, ол 1941 жылы Мәскеу түбіндегі ұрыстарда өз батальонымен жау қоршауын үш рет бұзып шықты. Соғысты Б.Момышұлы полковник атағымен, 9-гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болып жүріп аяқтады.

Бауыржан Момышұлы (24.12.1910-10.06.1982.) - әскери қайраткер, ержүрек қолбасшы, жазушы, Кеңес одағының батыры. ҰОС-на 1941 жылдың жазында Алматыда жасақталған генерал И.В.Панфиловтың басқаруындағы 316-атқыштар (8-гвардиялық) дивизиясының сапында қатысты. Ол майданда батальон, полк командирі, соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарды. Ресейдегі Волокаламск, Горюнь, Матренино, Бородино, т.б. қала, деревнялар үшін болған қырғын ұрыстарда 9 рет асқан ерлік үлгісін көрсетті. 25 жыл өмірін әскери

қызметке сарп еткен Баукең 1956 жылы демалысқа шыққан соң, қалған өмірін шығармашылыққа арнады. Оның қаламынан «Москва үшін шайқас», «Генерал Панфилов», «Ұшқан ұя», т.б. шығармалар туындады. Бауыржан Момышұлы өмірінің азаматтық бейнесі сирек ұшырасатын ғажап адамгершілік келбеті, бірбеткей, қатал мінезі, барша кісілік келбеті, кесек тұлғасы талай шығармаларға арқау болған. Атап айтқанда: А.Кривицкийдің «Мәскеу түбіндегі қарауыл», Кеңес Одағының батыры М.Ғабдуллиннің «Сұрапыл соғыс жылдары» және мындаған тиражбен бірнеше дүркін басылып шыққан майдангер жазушы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы. Алматы қаласында бір көше мен мектепке Б.Момышұлы есімі берілген. Халқының қалаулысы, елінің елеулісі Б.Момышұлы есімі «Ғасыр адамы» атағына ұсынылған он тұлғаның қатарынан лайықты өз орнын алды.

Соғыстың алғашқы күндерінде-ақ Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қырғызстаннан шақырылған жігіттерден 316-атқыштар дивизиясы жасақталды. Оның командирі азамат соғысына қатысушы генерал И.В.Панфилов болды. Республикада жасақталған 316-атқыштар дивизиясына негізгі өзекті жолдардың бірі – Волоколамск тас жолын қорғау тапсырылды. ҰОС майдандарында көрсетілген ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры атағын шығыстың қос жұлдызы, қаһарман қыздары – Ә.Молдағұлова мен М.Маметова да наградталды.

9 рельефтің тақырыбы- 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі. 1986 ж желтоқсан оқиғасы бір Қазақстан үшін ғана емес бүкіл одақ үшін де тосын оқиға болды. Күллі әлемді дүр сілкінткен 1986 ж Алматыдағы желтоқсан оқиғасы қазақ топырағына ұлттық санасын намысы жетелеген жаңа әрі қайсар буынның келгенін әйгіледі. Қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық қимылдары. Көтерілістің басталуына Мәскеудегі орталықтың республика халқының пікірімен санаспастан Ресейдің Ульянов облыстық партия комитетінің 1-ші хатшысы Г.В.Колбинді Қазақстан Компартиясы ОК-нің хатшысы етіп тағайындауы себеп болды. Желтоқсан оқиғасына бірінші күннен бастап жаңсақ баға берілді. Оқиғаларды ұлтшылдар, маскүнемдер мен нашақорлар бастаған жаппай тәртіпсіздік деп көрсету саяси жағынан қате және бүтін бір халықтың намысына тию еді. Қоғамдық санада орын тепкен осынау пікір ұлт араздығын қасақана өршітті. Қазақ жастарының 1986 жылғы желтоқсандағы түрі жағынан ұлттық бой көтеруінде ұлтшылдық болған жоқ. Ол өзге халықтарға, соның ішінде орыс халқына қарсы шығу емес еді. Алматыдағы желтоқсан толқуы шын мәнінде, еліміздегі екі күштің жас буыны қатпаған демократия мен сол кезеңде әлі де қуатты тұрған әкімшілдік-әміршілдік жүйенің тұңғыш рет бетпе-бет соқтығысуы еді. Қазақ жастарының алаңға шығуы «Әр халыққа өз көсемі» деген ұранмен болатын. Бірақ көтерілісшілердің қойған талап-тілектері аяқ асты етіліп, «бұзақыларды» күшпен тарату мақсатында алаңға құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен арнайы әскери күштер тобы жеткізілді. КСРО ПМ-нің №03885 бұйрығы негізінде дайындалған «Құйын-86» операциясы бойынша көтеріліс қатыгездікпен басып жаншылды. Желтоқсан құрбандарының қатарында Е.Сыпатаев, С.Мұхамеджанова, Қ.Рысқұлбеков, Л.Асанова сынды ержүрек қазақ жастары бар. Желтоқсан көтерілісіне КОКП ОК-нің қаулысымен «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деген баға беріліп, көтеріліске қатысқан азаматтар қуғын-сүргінге ұшырады. Желтоқсан шындықты айтамын деп шыңғырған, егеменді ел болсақ деп талпынған аяулы қыздар мен жігіттер, абзал азаматтар жазықсыз жапа шекті. Қаһармандарды айтпағанда 99 адам жазықсыз сотталды. 1986 ж Алматыдағы желтоқсан оқиғасы қазақ топырағына ұлттық сананың намысы жетелеген жаңа әрі қайсар буынның келгенін әйгіледі.

10 релефте- Қазақстанның тәуелсіз Республика болып жариялануы, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев сөз сөйлеп, ант беріп тұрған сәті бейнеленген. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялады. Бұл қазақ тарихындағы ғасырлар бойы аңсаған арманның орындалған күні болды. Қазақсан ғасырлар бойы ұмыт бола бастаған тілін, салт-дәстүрін қайта жаңғыртып Тәуелсіздік туын биікке көтерді /5/.

Қорыта айтқанда, бұл монумент – қазақ халқының ерте темір дәуірінен бастап Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарына дейінгі жүріп өткен жолдарының қоламен жазылған жылнамасы десе болады. Осылайша инновациялық технологиялардың мүмкіншілігін пайдалана отырып аудиториядан шықпай-ақ Монументке саяхат жасауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Алимбай Н. Центральный Государственный Музей Республики Казахстан: краткий исторический экскурс, структурные преобразования, проблемы // Орталық Музей еңбектері. Алматы, 2004.С.14.
- 2.Какабаев Б. Формы экспозиционно-выставочных работ в современных условиях // Музей еңбектері. Алматы, 2004.С.29.
- 3.Монумент Независимости. Беседа у его подножия за несколько дней до открытия // Казахстанская правда. 16 декабрь, 1996.
- 4.Звущий час суверенного Казахстана // Казахстанская правда. 17 декабрь. 1996. №279. С.1.
- 5.Қазақстан Республикасы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, 2001.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Тәуелсіздік монументіне сипаттама беріліп, тақырыптық экскурсия ұйымдастыру жолдары баяндалған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются методы организации тематической экскурсии к Монументу независимости.

Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛТТЫҚ КАДРЛАР МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДЕГІ РӨЛІ

Мәшімбаев С.М.-т.ғ.д., профессор.(Алматы қ., әл-Фараби атын.ҚазҰУ)

Қазақстан коммунистік партиясының соңғы 25 жылының ішінде үлкен абыройға ие болған мемлекеттік және партия қайраткері Д.А.Қонаев болатын. Ол көп жылдар бойында Қазақстан коммунистік партиясының бірінші хатшысы қызметін атқаруымен бірге, СОКП-ның саяси бюросының мүшесі болған қазақ еді. Д.А.Қонаев жәй ғана қатардағы қазақ болып қойған жоқ, сонымен қатар ол кезінде СОКП-ның Бас хатшысы болып, Л.И.Брежневпен қатар қызмет атқарды. Қазақстанда тұрақты кадрлар базасын жасай алды. Л.И.Брежнев Қазақстанда екі жыл болғанда өзімен қатар қызмет атқарған адамдармен қатынасын үзбей, оларды қызмет бабында жоғарлатты. Солардың бірі, кеңес кадрларының ішінде айырықша көзге түскені Д.А.Қонаев болды.

1964 жылы қараша айының соңында Л.И.Брежнев Қазақстан коммунистік партиясының Орталық Комитетінің бюро мүшелерін Мәскеу қаласына шақырып, қабылдайды. Сол кезді Д.А.Қонаев былай деп еске алды: «...ол Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы Юсуповтың қызметінен босатылғандығын хабарлап, Қазақстан ОК бірінші хатшысына кімді ұсынасыздар? – деп сауал қойды. Юсупов Қазақстан компартиясының басшылығына СОКП Орталық комитетінен жіберуді ұсынды. Л.И.Брежнев оған қарсы болып, Қазақстан компартиясының басшылығына жергілікті халық уәкілінен болуы керек деп ұсыныс айтты. Осылайша СОКП Орталық Комитетінің бюро мүшелері, менің кандидатурамды бір ауыздан мақұлдады/1/. 1964 жылы 6 желтоқсанда Қазақстан компартиясының Орталық Комитетінің бюросында Д.А.Қонаев бір ауыздан бірінші хатшысы болып тағайындалды. Екінші хатшы болып СОКП Орталық комитетінің мүшесі В.Н.Титов болды.

Д.А.Қонаев Қазақстан компартиясы, әрі СОКП Орталық Комитетінің саяси бюросының мүшесі болған жылдарда өзінің қызметін ұтымды пайдалана отырып, өзінің қазақ екенін естен шығармай, партияның тоталитарлық өктемдігінің ең бір шарықтау уақытында мүмкіндігі болғанша қазақ кадрларын қызметке өсіріп, оларды тәрбиелеп отырды. Қазақ мамандары өз заманындағы алаш зиялыларынан кейінгі кезеңде орысша білім алып, Ресейдегі орыс кадрларынан кем түспеді. Бірақ ол кезде орталық партия мен үкімет ұлт кадрларын өсіруге онша ниеттері болған жоқ. Д.А.Қонаев өзінің естелігінде «...Л.И.Брежнев пен Н.С.Хрущевтің қызметіндегі кемшіліктердің бірі кадрларды таңдау мен орналастыруда номенклатуралық жүйенің болуы еді. Шет аймақтардағы ұлттық Республикаларға жоғары деңгейдегі лауазымды қызметке жергілікті ұлттың ерекшеліктерін ескерместен кадрларды оңды және солды жіберіп отырды. Ұлттық республикаларға жіберген адамдар ұлттың әдет-ғұрпын, рухани мәдениетін ескермеді. КСРО-дағы барлық кадрлар мәселесін СОКП Орталық Комитетіндегі адамдар шешіп отырды», -деп жазды/2/. Қазақстанға кезінде Соломенцев, Родионов, Соколов, Коломийцевтер әр түрлі жоғарғы партия қызметтеріне жіберілді. Оларды қазақтар «варягтар» немесе «келімсектер» деп атады.

«Кеңес өкіметінің кадр мәселесіндегі империялық саясаты туралы Мәскеу қаласында басқа республикалар басшыларымен жеке бас қосқанда өзара әңгіме соғып, пікір алмасатын едік. Сонда Мәскеу неге ұлттық кадрларды тек өздері ғана шеше береді?»-деп айтатынбыз. Бірде Мәскеуде Украина, Ресей, Белорусс басшылары және мен кездесіп отырып, бұл 1920-30 жылдар емес қой, ұлттық республикаларда кадр мәселелерін өздері шеше алатындай жағдайға қол жеткізетін уақыт жеткендігін айттық. Алайда, империялық амбиция ұлт саястынан жоғары тұрды. Олар кімді ұлттық республикаларға басшылыққа жібереміз, ол сіздердің жұмыстарыңыз емес, сіздер бас изеп келісулеріңіз керек деген сыңай білдірді, мұндай ұлттық саясаттың мәнін кеш түсіндік. Бұл заманындағы патшалық Ресейдің ұлттық саясатының жалғасы ғана болатын» /3/ – деп еске алады Д.А.Қонаев. Патшалық Ресейдің қол астындағы отар елдер: Украина, Белорусс, Қазақстан аймақтарындағы мемлекеттік саясаты – орыстандыру болатын, бұл кеңестік кезеңде жалғасын тапты. Тәуелсіздік алған елдер бұл саясаттың зиянын күні бүгінге дейін көріп отыр. Сталин, Хрущев заманында кадр мәселесінің ұлттық мүддеге қарсы жүргізілуі одан әрі жалғасын тапты. XX ғасырдың 50 жылдарында Сталин қайтыс болғаннан кейін де кадр мәселесі Қазақстанда ешқандай шешуін таппады. Н.С.Хрущев заманында Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде, Қазақстанды орыстандыру бұрынғыдан да кең етек алды. Қазақстанды «ұлттар достығының»

лабораториясына айналдырды. Осындай заманда Д.А.Қонаев Мәскеудегі беделін пайдалана отырып, ұлттық кадр мәселесін Орталыққа білдірмей шешуді бастайды. Бұл күрес Д.А.Қонаев үшін өлім мен өмірге тең болды. Қазақтар орысша білім алып, орталықтан жіберілген кадрлардан әлде қайда білімді және іскер болатын. Қазақтар партия және кеңес ұйымдарына қызметке көптеп алына бастады. 1954-1956 жылдары бастауыш партия ұйымдарындағы қазақтардың саны жоғары болды. Съезге қатысқан барлық қазақстандық делегаттардың 45 пайызы қазақтар, ал облыстық комитеттердегі қазақтардың саны 48 пайызды құрады /4/.

Тың жерлерді игеру мен көтеруге басқа жақтардан 1,5 млн. орыс, украин және басқа ұлт өкілдері көптеп әкелініп, партия мен кеңес ұйымдары Қазақстандағы кадр мәселесін «келімсектер» арқылы шешіп отырды. Қазақстандағы партия ұйымдарының басшылықтарына орыс ұлтының өкілдері қойыла бастады. Мысалы: Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаев болса, екінші хатшы СОКП-ның Орталық Комитетінің кадр бөлімінің ұсынысымен орыстан болуы керек еді. Ал облыстың партия және кеңес ұйымдарында бірінші басшысы орыс болса, облыстық атқару комитетінің төрағасы қазақ болды. Міне, Кеңес өкіметінің ұлттық саясатының мәні осылайша жалғастырылды. XX ғасырдың 60-70 жылдарындағы өткен партия съездеріне сайланған делегаттардың ішінде қазақтардың саны үштен бірге азайды. Ал қалалық, аудандық партия комитеттерінде жұмыс істейтін қазақтар саны 30 пайызға жуықтады. Кадр саясатында партия және кеңес басшыларында ұлттық кадрлар мәселесінде «пайыздық» саясат СОКП-ның Орталық комитетінің тікелей бақылауында болып келді. Партия және мемлекеттік ұйымдарында қызмет атқарған қазақтардың саны орыстардан көп болмауын әр уақытта ескертіп отырды.

Тың жерлерді игеру бағдарламасының негізінде облыстық, қалалық және солтүстік облыстардың аудандық ұйымдарындағы кадр құрамдарының көбі орыстар болды. Сонымен қатар, әрбір жаңадан құрылған совхоздардың партия ұйымдарын орыстар мен украиндар басқарды. Ал бұрыннан келе жатқан совхоздар мен колхоздардағы директорлар мен төрағалар қызметіндегі қазақтарды орыстармен алмастырды. XX ғасырдың 50-60 жылдарындағы Қазақстандағы республикалық және облыстық партия кеңес ұйымдарының басшылары тікелей Москваға бағындырылды.

Д.А.Қонаевтың басшылыққа қайта оралуы ұлттық кадр мәселесін біртіндеп республикада шешуге мүмкіндік берді. Мысалы 1966 жылғы Қазақстан компартиясының XII съезіне сайланған делегаттарының 43 пайызы қазақтар болды. Қазақстанда 60-70 жылдарда қазақтар арасына әлдеқайда білімді, заманына сай кадрлар дайындалды. 1971 жылдарда Қазақстандағы мамандардың 40 пайызы жоғарғы оқу орындарын бітірген адамдар болды. Москваның қасқабағына қарамастан Д.А.Қонаев әлеуметтік, коммуналдық сауда мекемелері мен дәрігерлік, экономика және мәдениет әкімшілік қызметтерге қазақтарды қоя бастады. Себебі, Москва бұларға онша мән бермейтін.

Австралиялық Джон Клиэрид өз зерттеуінде: «...Қазақстанға қызметке тағайындалған орыстардың бірде-бірі бұрын - соңды республикамен қарым-қатынаста мүлде болмаған адамдар. Орталықтандырылған бюрократиялық жүйе мен рухани дүниелері қазақтың ұлтжандылық күштерінен басым түсіп отырды. Жергілікті халық билікті бөліскеніне мән, бірақ осынау уақытша көңіл-күйдің әртүрлі деңгейлерде үнемі эрозияға ұшырап отыратынын әркім болжай алады» - деп қорытындылайды /5/.

1971-1986 жылдарда Д.А. Қонаев СОКП-ның саяси бюросының толық мүшесі болған жылдарда Л.И.Брежневпен болған достық байланыстарын ұлттық мүддеге сәйкес пайдалана алды. Ол заманында қазақтармен қатар, көптеген орыстарды да қатар енгізіп отырды. Д.А.Қонаев кезінде Қазақстан Компартия Орталық Комитетінде қазақтар саны 51,9 пайызға жетті. Үкімет құрамындағы қазақтардың да саны өсті. 1964 жылы республика Министрлер Советіндегі қазақтардың саны – 33 пайыз болса, 1981 жылы қазақтар – 60 пайызға жетті. Қазақтар ең негізгі қызметтерге тағайындала бастады. Олар: Ауыл өнеркәсіп, ауылшаруашылық және құрылыс министрлері болып қызмет атқарды. Бұрын соңды кеңестік Қазақстан тарихында Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің басшысы тұңғыш рет қазақтан тағайындалды.

Д.А.Қонаевтың батыл іс-қимылдарының бірі Москваның қысымына қарамастан кадр мәселелерін шешуге, бұрыннан келе жатқан Орталық Комитетінің жіберген кадрлардан бас тартып немесе жоғарғы жақтағы басшыларды көндіріп, ұлты орыс кадрларды тек сырттан шақырмайтын болды. Д.А.Қонаев Қазақстанда көп жылдар қызмет атқарған орыс кадрларын тәрбиелеп шығарды. Олар: А.Г.Коркин, екінші хатшы болған О.С.Мирошхиндер еді.

Л.И.Брежневтың көзі тірісінде-ақ Д.А.Қонаев Москваның толық сеніміне кірген болатын. Ол Қазақстанның Кеңес Одағының экономикасына үлкен үлес қосатынына кеңес және партия басшыларының көзін жеткізе алды. Л.И.Брежнев өзінің «Тың» деген кітабында Д.А.Қонаев туралы «Ол білімі жағынан кен инженері, түсті металлдар маманы. Ол тар шеңбердің адамы емес, мемлекеттік тұрғыда мағыналы, кең тынысты батыл ойлар өрбітетін, Қазақстанның орасан зор ресурстары және оның өркендеу перспективалары туралы зерделі де терең пікір айтатын. Осы бір салиқалы, мейірлі де абзал жанды кісі әрі аса жігерлі партиялық принципке берік-тің деп жазады /6/.

Л.И.Брежнев қайтыс болғаннан кейін Д.А.Қонаевтың бағы түсе бастады. Ю.В.Андроповтан да, М.С.Горбачевтан да өз қызметінде қолдау таба алмады, ол Л.И.Брежневтің адамы болғаны үшін, оны сегіз айға созылған ұзақ шабуылына төтеп бере алды. М.С.Горбачев келгеннен кейін Д.А.Қонаев та Қазақстан Коммунистік партиясының басшылығында бұдан әрі қалдырылмады, тіпті онымен ақылдаспастан, империялық амбициялық саясат Қазақстанға бұрын Грузин ССР-інде екінші хатшы болған, Ресейдің Ульянов облыстық комитетінің хатшысы болған Г.В.Колбинді тағайындады.

Міне, ақ және қызыл отарлық империялардың ұлттық саясатының басты мақсаты орыстандыруды жалғастыру еді. Д.А.Қонаевтың қызыметтен алынуы 1986 жылы 16-18 желтоқсанда Алматы қаласында көтеріліске әкелді. Республикаға басшылыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын «келімсек» орыс адамы жіберілді. Бұл қазақтардың ұлттық намысына тиді. Тоталитарлық социализм қоғамында, кеңестік империяның қылышынан қан тамып тұрған жылдарда ұлты үшін күрескен, XX ғасырдың ұлы тұлғасының бірі – Д.А.Қонаев еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Қонаев Д. От Сталина до Горбачева. Алматы, 1994. 171-172 беттер.
- 2.Бұл да сонда. 256-257 беттер.
- 3.Бұл да сонда. 104-105 беттер.
- 4.Д.А. Қонаев және Қазақстан коммунистік партиясы- //Қазақ әдебиеті, 22 тамыз 2008.
- 5.Бұл да сонда.
- 6.Брежнев Л.И. Тың. Алматы, 1978. 30 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала Д.А.Қонаевтың Қазақстанда басшылық қызмет атқарған жылдары ұлттық кадрларды даярлауда сіңірген еңбегі жайында.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается деятельность Д.А.Кунаева по подготовке национальных кадров в республике.

«ЖАСАУЫЛ ҚЫРҒАН» ОҚИҒАСЫ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

Меңілбаев Ғ.А.-т.ғ.к., доцент. (Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

«Жасауыл Қырған» дастанының шығу тарихын 1936 жылы Торғай қаласында Нұрқипов деген азамат ел аузынан жазып алған. Қолжазбаның жалпы көлемі 24 беттен тұрады. Тарихшы Е.Бекмаханов өзінің «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» деген еңбегінде қысқаша түсініктеме беріп кеткен.

«Жасауыл қырған» дастаны Наурызбайдың 90 жасауылының 1844 жылы жаппастардан (жаппас руынан) зекет жинау кезінде қырылып қалғанын жырлауға арналған. Өлтірілген жасауылдар жерленген орын «Жасауыл қырған» деп аталып кеткен. Жаппас руының ру басы заурыд-хорунжий Төлегеновтің зекет жинаушыларды бір түнде қалай қырып салғаны суреттеледі. Дастанда егжей-тегжейлі айтылатын фактілер жазба құжаттар арқылы расталған. Мысалы, жақында біз Чкаловтың тарихи архивінен билеуші сұлтан Ахмет Жантөриннің қысқаша хатын таптық, онда Наурызбайдың жасауылдарының қалай қаза болғандары және бұл оқиғаға жаппас руының тармақтары қалай қарайтыны айтылған.

Бұдан басқа, Омар Шипиннің «Жеті батырдың қысқаша тарихында» да бұл оқиғаны көзімен көргендердің сұраққа жауаптары келтірілген. Осылардың бәрі оқиғаның нақты қалай болғанына көз жеткізуге көмектеседі. Кенесары Қасымұлы мен оның серіктері туралы едәуір фольклорлық материал жинаған, Қазақстанның халық ақыны, Қостанай облысының Обаған ауданында өмір сүрген-Омар Шипин. Осы материалдың негізінде Омар Шипин «Жеті батырдың қысқаша тарихы» деген дастанын жазды, ол Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының қолжазба қорында сақтаулы.

Омар Шипин жазып алған әңгімелер мен жырлардың авторларының көбі оқиғаға тікелей қатысқандар. Мәселен, Шұбар Наурызбаев пен Жамантайдан Омар Шипин Құсмұрын приказының құрылу тарихын, Кенесарының Орталық Қазақстан даласынан кету жағдайын және Кенесарының 1847 жылы қырғыз манаптарымен соңғы шайқасын жазып алған. Өзге материалдарды Омар Шипин әкелері, не туыстары оқиғаларға қатысқан немесе соны көздері көрген адамдардың айтуымен жазып алады; көп оқиғалар қариялардың аузынан жазып алынған. Омар Шипин шығармасының өте маңызды болатын бір себебі, ол Кенесары кезінен бері сақталған материалдық ескерткіштердің тізімін береді және Кенесары есімімен байланысты орындардың тарихи тұрақтарын суреттеп жазады...

Омар Шипин «Жеті батырдың қысқаша тарихы» дастанындағы айтылған оқиғалардың арасында да архив деректерімен толық дәл келетіні дәлелденген. Онда Наурызбайдың 90 жасауының қаза табуы егжей-тегжейлі айтылған.

«Кенесарының Жаппас руына тізе батыруына мынадай оқиға себеп болды: 1844 жылы осы Жаппас руынан зекет жинауға Наурызбайды 100 жасауымен жіберген болатын. Бұл кезде Жаппас руының билеушілері Алтыбай мен Жанғабыл бастаған кейбір тармақтары патшалы Ресеймен тығыз байланыста болып, ішінара Қоқан хандығымен де сыбайласа араласаты.

Жаппас руының билеушілері Алтыбай мен Жанғабыл бастаған ауыл тұрғындары Наурызбай мен оның жасауылдарын иіліп қарсы алып, өздеріне жүктелген зекетті жинап беруге уәде етіп, кешке қонақасы беріп ауыл-ауылға бөліп қондырады. Түн ортасы ауып, жасауылдар ұйқыға кеткенде, зауряд хорунжий Жанғабыл өзінің қол астындағы жасақтарын жинап, Наурызбай мен оның жасауылдарын өлтіруге уәделесеті. Жанғабыл Төлегенов-зауряд хорунжий, би, 46-дистанцияның бастығы, Жаппас руының Қарасұр тармағын басқарады. Ол Торғай мен Тобыл аралығында көшіп жүрді, қыстауы Сырдария өзенінің бойында болады. Жанғабыл өзінің ойға алған ісін сәтті аяқтау үшін, әрі қол астындағыларды жігерлендіру мақсатында өзінің соңынан бүлікшілерді жоюға күшті орыс отряды келе жатыр деп хабар таратты, ал кімде-кім көтерілісшілерге қарсы шығудан бас тартса, қатаң жауапқа тартылады деп үрейлендіреді. Сондықтан да Жанғабыл кездестірген қандай да болмасын жаппас руының адамдары оның сөзіне еріп бүлікшілерге қарсы көтерілді және олардың қолға түскенін қырып-жоя бастайды. Жанғабыл жасауылдарды өлтіріп Наурызбайдың қосына жақындаған кезде, қастандық туралы жаппас руының адамдарының бірінен хабарланған ол, өзінің бірнеше серіктерімен жасырынып үлгерген еді. Наурызбайдың жүз жасауының 95-і қаза тапты, олардың ішінде Кенесарының сүйікті батыры Байтабын да бар еді; Байтабын ұзақ атысып, қатты қарсылық көрсетті, ең соңында оны батпаққа тықсырып, қоршауға алған кезде оққа ұшаты. Осы оқиғаға байланысты зауряд хорунжий Жанғабыл Төлегенов Орынбор Шекара Комиссиясына жолдаған рапортында былай деп жазады:

«Ресейдің бодандығында адал боламыз деген антымызға сай және патшамыздың жауларынан кек алу үшін біз қас дұшпандарымыздың 95 адамын өлтірдік. Кенесарыға Байтабын батырдың өлімі өте қатты батты. Омар Шипин өзінің «Жеті батырдың қысқаша тарихы» деген дастанында сол кезде Наурызбаймен бірге болған жасауыл Төлегеннің әңгімесін келтіреді. Кенесары Байтабын батырдың қаза тапқанын естіген соң, өзінің барлық жақтастарымен бірге үш тәулік бойы аза тұтады. Төртінші күні батырдың бейітіне ескерткіш орнаттырды. Осы ескерткіш әлі күнге дейін сақталған. Ескерткіш орнатылған жер «Байтабын доңызы», ал көз жұмған жері «Байтабын соры» деп аталады.

Болған оқиғадан кейін Кенесары Жалпақ бастаған өзінің өкілдерін Арғын руының басшысы Шеген Мусинге жұмсап, онан «жаппас руының өкілдерімен жоғарыдағы аталған оқиғаға байланысты бітімге келу үшін араға түсуін және бұл оқиғаға Наурызбайдың өзі кінәлі ме, сол туралы мәлімет жеткізуін өтінеді.

Сөйте отырып, жаппас руының бағынбай жүрген ру басыларын тәубасына келтіру үшін, Кенесары Жанғабыл бидің және басқа да қырғынды ұйымдастырушылардың ауылдарына қарулы шабуыл жасайды, соның салдарынан жаппас руының бірқатар ауылы талқандалды.

Жанғабылдың, Алтыбайдың, Сұлтан Омаровтың, ауыл иесі Мырзабек Құлмановтың, Ниман Алтыбаевтың, Наурызбайдың жасауылдарын қыруды ұйымдастырғандардың бәрінің біраз малдарын айдап әкетеді. Жаппас руының

ауылдарына шабуыл жасау барысында Кенесары жасауыларының өліміне кінәлі болмаса да, кейбір бейбіт жаппас ауылдарына шектен тыс қатыгездік жасау ісі де орын алған Алайда Жаппас руы тармақтарының дені, Наурызбайдың жасауыларының өліміне қатысы жоқтары, көтерілісшілерді белсене қолдауын тоқтатқан жоқ. Бұған Наурызбайдың жасауыларын қыруды ұйымдастырушының бірі-Жаппас Елемес Сұлтабаевтың билеуші сұлтаны.

Ахмет Жантөринге мына жауабы дәлел:

«...Сұлтан Кенесары Қасымов маған және заурд хорунжий Жанғабыл Төлегеновке өткен жылы Кенесарының жақтастарын өлтіргеніміз үшін өштесуде, ол бізге шабуыл жасамасын деп ауылдарымызбен Сібір Шебіне қарай жылжыдық. Бірақ руластарымыздан 120 ауылға қарасты ел-жұртымыз Торғайға қарап бөлініп кетті. Біздің қанша бөлінбеуге шақырғанымызға қарамастан, олар Кенесарыдан бас тартпаймыз, себебі біз оның жақтастарын өлтіруге қатысқан жоқпыз деп жауап берді. Кенесары ешқашан жаппастарды өзінің саяси дұшпаны санамаған. Жанжалды тоқтату мақсатында ол 1845 жылы Жаппас руына өзінің өкілін бітімге келу үшін келіссөз жасауға жібереді. Кенесары «үш адамға-Байтабын, Қанай және белгісіз тағы бір азамат үшін құн төлеуді талап етті. Сонымен бірге олардың мінген аттары мен қындарындағы қылышын қайтарса, онда ол Жаппас руына ешқандай кек сақтамай, біткен іске салауат дейміз», - дейді.

Осы жерде, Кенесары көтерілісін Жаппас руының тармақтарының барлығы бірдей қолдап, оған тікелей қатысты десек біздің тарапымыздан үлкен қателік болар еді. Кенесары қозғалысына байланысты біз жаңалық ашқалы отырған жоқпыз, осы көтерілістің ішіндегі бір Жаппас руының төңірегінде ғана сөз қозғап, сол арқылы қазақтың өзге де ру-тайпаларының басынан кешкен оқиғаларға тарихи талдау жасауға тырыстық. Себебі, осы көтеріліске байланысты қазақтың үш жүзінің де ұстанған жолдары бірдей деп баға беруге болады. Мысалы, Кенесары Қасымұлының Орынбор Шекара Комиссиясына немесе тікелей губернаторына жіберген мағлұмдама хатына назар салып көрелік: Назар руының қазақтары менің көп жылқымды айдап әкетті, сәл уақыт өткен соң мен біраз арғындарды ертіп өзара дауды бітістіру үшін соларға бардым, бірақ олар бізбен төбелесіп, көп адамымызды өлтіріп, көбін тұтқындады.

Тағы да бір осындай хабарламаға тоқталайық: «Тілеуқабақ және Қарабас руларының қазақтары бізді жыл сайын мазалауда. Біз оларға адамдарымызды жіберіп жылқымызды айдап кеткен істерін қарағымыз келіп еді, бірақ олар мүлде бет бақтырмай қойды. Бұл туралы билеуші сұлтандарға айтып едік, олар да біздің өтінішімізге көңіл аудармады»-делінген. Осы жерден көріп отырғанымыздай, Кенесары қозғалысын қазақтың барлық рулары мен тайпалары қолдады деген түсінігімізге қайшы келеді.

Кенесары қозғалысының кең көлемді, бірыңғай ұлт-азаттық майдан болып құрылуына оның өзінің қателесулері де бөгет жасаған. Атап айтқанда, патша өкіметін қолдаған сұлтандармен және билермен күрес жүргізген кездерінде Кенесарының бейбіт рулардың ауылдарына шапқыншылығы жұрттың жанына қатты батқанды. Мысалы, Кенесары көтеріліске қосылудан бас тартқаны үшін Жаппас руының ауылдарын үш рет-1843, 1844, 1845 жылдары аяусыз талқандады. Кейде Кенесары ауыл тұрғындары көтеріліске іш тартатынын, ал көтеріліске қосылмау себебі бұдан өздерін сүліктей сорған қанаушы феодалдық-рулық басшы топ жібермей отырғанын ескерместен билеуші сұлтандардың қарамағындағы ауылдарға шабуыл жасады. Осы феодалдық-патриархалдық басшы топқа тап беріп, талқанын шығарудың орнына, Кенесары ақ-қарасын ажыратып жатпай,

анасын да, мынасын да жаппай ойрандап, қарапайым ауыл адамдарының ашу-ызасын туғызып, кек сақтатты, сөйтіп көтеріліс жауларының санын көбейтті.

Соның бірі, Кіші жүз құрамындағы Байұлы тайпасы Жаппас руының тармақтарына байланысты осыны айтуға болады. Тарихшы Хамит Мадановтың «Кіші жүздің шежіресі» еңбегінде, төмендегідей деректер келтірілген: «...Алтыбай Көбеков-Жаппас руының биі болған. Оны інісімен бірге Кенесары үш түйе қамыс, үш түйе сексеуілдің астына салып «Еліңді маған бағындырмайсың...» деп өртеп жіберген. Оның кегін қуған Жанғабыл батыр Торғай маңында Кенесарының 90 адамын өлтіріп, бас терісін Қоқан хандығына тартқаны айтылады...

Сонымен бірге, Е.Бекмахановтың еңбегінде Наурызбайдың қасындағы жасауылдардың санына байланысты да екі түрлі мәлімет кездеседі. Біздің ойымызша, бұл жерде осы еңбекті қайтадан басып шығарушылардың тарапынан жіберілген қателік болу керек деген ой келеді. «Жаппас руынан зекет жинау кезінде Наурызбай бастаған 200 жігіттің /100 жігіт/ болуы керек, ішінде, оның жеке адьютанты Николай Губин деген де болыпты. Жаппас руының адамдары қастандық жасағанда Губин Наурызбаймен бірге қоста еді, алайда атына мінуге үлгермей тұтқынға түсіп қалады. Жаппас руының билеушілері оны кейіннен Орынбор Шекара өкіметіне табыстайды.

«Жасауыл» деген сөздің мағынасы туралы не білеміз? «Жасауыл»-Ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі әскербасының қасындағы шабарманы. Ол жорық кезінде әскерді қару-жарақпен, азық-түлікпен, мініс аттарымен қамтамасыз ету, тексеру, бақылау істерімен шұғылданған... Осы анықтамаға қарағанда, Кенесары көтерілісіндегі Наурызбайдың жанындағы 100 жасауылының атқарар қызметі белгілі болды.

Халық ақыны Нұрқан Ахметбековтің «Қарауыл қырған» поэмасында Жанғабыл батыр Кенесарының 90 адамын өлтіріп, бас терісін Қоқан хандығына тартқаны айтылады... Осы жерде «Жасауыл қырған» деп тақырыпты қоюдағы біздің мақсатымыздың өзі де, тікелей жаппас руының тарихындағы ақтаңдақ беттердің біріне дұрыс бағасын беру болып табылады.

Ахмет Байтұрсынов өз еңбегінде мынадай жолдарды келтіреді:

«... Хан Кене зекет алады көшкен елден.

Жатпайды ханың текке.

Жолыққан жортуылшы шығар шетке.

Семізін келген малдың сойып жеген.

Олжада жетім-жесір малдан артық:

келеді халқы олардың тарту тартып.

Халыққа Кене жатыр қорқу салып.

Төңіректе ел қалмады бағынбаған.

Бақыты Кене ханның қабындаған.

Бұл күнде күшті болып тұр Кенесары.

Кенеге бағынған ел койдан жуас.

Қыстауға Жыланшыққа мекен салдық.

Биыл қыс қатты болды, жұтап қалдық.

Жаппаста Жілгелдінің баласы Бай.

Айдарға мал, артарға атаны сай...

Осы жерде, біздің ойымызша 1890 жылы Ор өзенінің бойында Жаппас руынан шыққан Кеншімбай Қабанұлы мен Жағалбайлы руынан шыққан Ақсұлу Орысбайқызы арасында өткен айтыстан үзінді келтіріп отырған секілді. Екеуі үлкен бір тойда кездесіп айтысады.

Ақсұлудың сөйлер сөзге еркін, тапқыр да алғыр ақын екенін білген Кеншімбай жұрттан алдын-ала сұрастырып, қыздың күйеуінің тым жастығын бетке басып жеңеді. Айтыс қалыпты ру айтысы болып басталса да, дами келе үлкен әлеуметтік мәні бар мәселелерді көтереді, ел ішіндегі кейбір әділетсіздік жайы сөз болады. Айтыс әлеуметтік мәнінің өткірлігімен қатар, көркемдік сөз кестесі жағынан да бағалы. Айтыс кезінде Жаппастан шыққан тарихи тұлғалардың есімдері аталады, олардың ел-жұртына жасаған қызметі мен еңбегі айтылады. Олар: Қаракөз Жансарыұлы (Қаракөз би, көсем, ру басы болған. 17-ғасыр басында Сыр бойында дүниеге келіп, 17-ғасырдың соңында Ангрен төңірегінде қайтыс болған). Мырқы Жарасбайұлы, Жүсіпбек Басығарин, т.б. атап кетуге болады...

Ахмет Байтұрсынов еңбегінің құндылығы сонда, бұл жерде ел аузынан жиналған, көзімен көрген және естіген, өзі тікелей араласқан оқиғалар төңірегіндегі мәселелерге тоқталады. Сол себепті, оларды ешбір өзгеріссіз келтіре кеткенді жөн көріп отырмын: «...Бір жылдары Кенесары Қасымұлы Қошалақ деген жерде, арғындардың жайлауында қоныс теуіп, інісі Наурызбай және өзінің ордасын тігеді. Жылқыларын семіртіп, қасында 100 шақты төлеңгіт жігіттері болады. Кенесарының жігіттері жортуылға шығып, төңіректі бақылап жүреді. Үш жігіт келе жатып, далада тұсаулы тұрған торы атты көреді, оның жанында желтоқым ер жатады. Одан әрі, Жаппас руынан шыққан бір жігіт ұйқы құшағында, ешбір қауыпты сезбей ұйықтап жатады. Кенесарының үш жігіті әй-шайға қарамай ұйықтап жатқан жігітті байлап алады да, оның торы атын жетекке алып Кенесарыға алып келеді. Бұл кезде, Қарасай деген жерде Жаппас руының Жілкелді аталығының 100 қаралы үйі жайлауда отырады. Жаппастардың жайлауында жылқы, түйе, сиыр, т.б. өте көп болады. Ортада қатар тігілген үш ақ орда. Үй сайын байлаулы ат, қара найза. Бұл Жаппас руының Өтетілеу деген биінің ауылы болуы керек.

Ахмет Байтұрсынов еңбегінде: «Сәске түсте киіз үй іші салқын. Салқын қымыз қыздырар қазақ халқын. Сыйлы-сыйлы Кененің жігіттері жиылысқан, Ордаға ердің бәрі. Хан атасы төрде отыр - Өтетілеу, босағада топталған нөкерлері. Осы жерде Кенесарының үш жігіті (төлеңгіті деген дұрыс болар) торы ат пен тұтқындағы жігітті алып келеді. Жаппас руының жігіті де батыр, бірбеткей, ержүрек жігіт болуы керек. Оны Кенесары хан екеуінің арасындағы сұхбатынан байқауға болады: Айтады сонда тұтқын: Алдияр, хан! Қорқады қаһарыңнан неше мың жан. «Ерлікпен мені байлап алдым деген, тақсыр-ау, жігітіңнің сөзі жалған. Мен, тақсыр, ұйықтаймын деп қапыл қалдым. Үшеуің хандарына өтірік айтпа. Жерімде ұйықтап жатқан байлап алдың. Қапы қалдым, атыма міне алмадым. Білекке қылышымды іле алмадым. Тақсыр-ау, астымдағы атым жүйрік еді желден озған. Жарыста озушы едім қалың елден.

Сол кезде, Кенесары хан былай дейді: Мақтаған тұтқын жігіт осы ма атың? Әлгі желден жүйрік асыл затың? Мәстекті тайыншадан оза алмайтын, жібермес жүйрік десең ердің датын. Тұтқын жігіт: Жүйрік жоқ алты алашта торы атымдай. Баяғы қолда ықтияр тұрған күнде, атыма алмаушы едім екі жүз тай. Не пайда?! Торы атыммен қаша алмаймын. Елестен белден белге аса алмаймын. Осыдан кейін, Кенесары хан үн-түнсіз қалады да, қол астындағы төлеңгіттеріне мынадай бұйрық береді. Халыққа хан жарлығы шашылады. Аты жүйрік талапкерлер қусын дейді. Мен тұтқын жігітті қашырамын. Егер торы аты өзі айтқандай жүйрік болса, өз басына бостандығын алар. Ал, айтқан сөздері жалған болса, аты қуып жеткен талапкер найзаларын өткір қылып қайрап алып, жеткен жерде бір шаншып жоқ қылсын дейді.

Торы атқа тұтқын жігіт қамшы басады. Ілезде жауыр торы белден асты, қырық адам бір адамды қуып кетті. Шаңдағы шапқан аттың көкке шықты. Құғыншылар кешке жақын қайтып келген, жүйрігін жауыр торы аттың айтып келген. Осы жерде, Жаппас руының батыр жігіті мен Кенесары хан арасындағы теке-тірестің соңы жүйрік атының күшіне сенген батыр жігіттің пайдасына шешіледі.

Ақын Қалижан Бекқожин-Кенесарыны, оның інісі Наурызбайды мадақтап, «Батыр Науан» поэмасын жазды. Бұл поэма 1941 жылы «Тарту» деген атпен жарық көрген жинақта басылып шықты. Қалижан ақынның сөзімен айтқанда, поэманың оқиғасы «Кененің кең пейіштей Сарыарқасында» басталады. Кене ханды батырлары ортаға алып, сары қымызды сапырып, қобыз тартып, думандатып жатады. Сол кезде Сыр жағасынан Жаппас руынан шыққан бір жігіт келеді. Бұл жігіт: «Ахмет деген төре орыс офицерімен бірлесіп елімізді шауып кетті. Сүйген қызымды тартып алды. «Еркін жайлап жатқан өміріміздің тыныштығын бұзды», - дегенді айтады. Мұны естігеннен кейін, Кене хан кек алып келіндер деп батырларын жорыққа аттандырмақ болады. Қалижан ақын ол батырларды ашулы арыстанға, жолбарысқа, ақиық бүркітке, сұңқарға балайды. Жортуылға барған Наурызбай орыстарға достық сезім білдірген Ахметтің басын кеседі, орыс офицерінің қол-аяғын байлап тұтқынға алады. Қарсы келгендердің бәрін қырып жояды. Тұтқынды ауыр азапқа салып, ақыры Кенесарыға әкеп береді...

Кенесары көтерілісіне байланысты артында құнды дерек қалдырған Жүсіпбек Басығарин болды. Ол халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісіне де елеулі үлес қосқан. Нысанбай жыраудың өз аузынан «Кенесары-Наурызбай» жырын жазып алған. Бұл жырды 1924 жылы Мәскеу қаласындағы «Күншығыс» баспасында Н.Төрешұловтың алғы сөз жазуымен жарыққа шығарды. Бұл жерде, Жүсіпбек Басығаринның Сыр бойында (Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Сұлутөбе аулында) дүниеге келген. Туған жылы туралы дерек жоқ, шамамен 19 ғасырдың 50-шы жылдары дүниеге келген. Себебі, Жүсіпбек Басығарин Кенесары көтерілісіне қатысты деректі Нысанбай ақыннан 1870 жылдары, яғни Нысанбай ақынның қайтыс боларынан бұрын жазып алды дегеннің өзінде, ол кезде 20 жастағы кезі болу керек деп ойлаймын. Жүсіпбек Басығарин 1920 жылы Ташкент қаласында қайтыс болған. Сонда шамамен 70 жасында қайтыс болған болып шығады. Жүсіпбек Басығарин «Кенесары және Наурызбай» дастанына байланысты өзі былай деп жазды: «Кенесары және Наурызбай» дастанын жөннедім, қажетті орамдарды ұтымды қолдандым».

...Жырдың Кенесарының жақтастары туралы айтылатын тұсына Ж.Басығарин өз жанынан мынадай қосымша енгізген:

- Өңкей бір қарақшылар- қанышерлер,
- Жылмандап, ұрыға ұқсап соңына ерді...
- Кенесары батыр еді,
- Халық ішінде ол жалғыз.
- Құлдары мен нөкерлері-

-Қағынған өңкей жалмауыз...т.б. деп келтіреді. Бұл жерде Ж.Басығаринның Кенесарының жеке өз басына байланысты «Батыр, халық ішінде жалғыз еді, т.б. теңеулері оның рөлін дұрыс түсініп, тарихи дұрыс бағасын берген деп ойлауға болады. Ал, Кенесарының төңірегіндегілердің іс-әрекеттері халық көңілінен шықпағаны жөнінде Е.Бекмаханов еңбегінде де ашып көрсетілген: «...Қызметін жеке мүддесіне пайдаланған билерді Кенесары дереу орнынан алып, олардың орнына халық сеніміне ие болған адамдарды қойған.

Кенесарыға барып қайытқан Қанжығалы болысының биі Ноғыр Таймасов өзінің жауабында былай деп хабарлайды: «Оның рұқсатынсыз жылқы айдап әкетіліпті, бірақ ол мұндай істі қолдамады және кінәлілерден айып алды, ал жоқ іздеп келген адамға 40 жылқысын қайтарды. Мынадай тағы бір оқиға болған. Кенесарының жасауылы Дүйсенбай бес жолдасымен Арғын руына барып, бізді Кенесары жіберді дейді де «таңдаулы аттармен, соның ішінде биелермен зекет төлесін» деген Кенесарының ауызша бұйрығын жеткізеді. Кенесарыдан келгені рас па, әлде өтірік пе, соны тексергенде Кенесарының ондай бұйрық бермегені анықталған. Осы жағдайды естіген Кенесары Сейілханды Арғын руына жіберіп, «Дүйсенбайдың талабы орынсыз екендігін, сол үшін Дүйсенбай мен оның жолдастары бастарына қылышпен ұрып жазаланатынын» жеткізуді тапсырды...

Міне, осы жерден көріп тұрғанымыздай, Жүсіпбек Басығарин да өз жинағында осы мәселелерді білген, дұрыс бағалап, ақиқатын жазып отыр деу керек секілді. Әсіресе, Жаппас руына байланысты жазылған «Жасауыл қырған» дастанындағы оқиғаның ақиқат шындығы өз мәресіне жеткен секілді. Оны Е.Бекмаханов өз еңбегінде дәлелдеп отыр деп қорытынды жасауға болады:

1.Кенесары ешқашан жаппастарды өзінің саяси дұшпаны санамаған. Жаппастармен арадағы жанжалды тоқтату мақсатында ол 1845 жылы өз өкілін Жаппас руына бітімге келу үшін келіссөз жасауға жібереді.

2.Арғын руының басшысы Шеген Мусиннен бұл «Жасауыл қырған» оқиғасында кімнің кінәлі екенін біліп беруді, яғни бұл жерде Наурызбайдың өзі кінәлі ме, әлде жаппастар кінәлі ме, сол туралы мәлімет жеткізіп беруді өтінеді.

3.Бұл жерде Кенесары Наурызбай бастаған жасауылдардың жаппас руынан кімнің бұйрығымен зекет жинауға барғанын түсінбей отырғаны байқалады, егер өзінің бұйрығымен барған болса, екі ортаға делдал болуды Арғын руының басшысы Шеген Мусиннен өтініп сұрамаған болар еді.

4.Осы жерде Наурызбай бастаған жасауылдар өз беттерімен барған болуы керек деген ой келеді. Себебі, жаппас руының ауылдары өлтірген 95 жасауылдың ішінде тек қана үш адамның өліміне-Байтабын, Қанай, тағы бір адамға құн төлеуді сұрайды. Олардың мінген аттары мен қындарындағы қылыштарын қайтаруды өтінеді. Онда ол Жаппас руына ешқандай кек сақтамай, біткен іске салауат дейміз дейді.

5. Бұл жерде Кенесары хан неліктен тек үш адамға ғана құн сұрайды? Ал, сонда қалған жасауылдардың өмірінің ешқандай сұрауы болмағаны ма? Оған қандай себеп бар? Әлде Кенесары хан үшін 92 жасауылдың өлімінің ешқандай орны жоқ па?

6.Бізге келіп жеткен аңыз-әңгімелерде: Наурызбай бастаған жасауылдар Жаппастардың ауылдарына шақырусыз келеді. Кенесарының атынан зекет жинауға келгендей болады. Бірақ олардың өз беттерімен келгендігін Кенесарының өзі де айтып тұр.

Наурызбайдың өзі кінәлі ме, әлде Жаппастар кінәлі ме? – деген сөздің өзі де көп нәрсенің басын ашып тұр ғой деп тұжырым жасауға болады. Жасауылдар ауылдағы көрікті қыз-келіндерге тиіскен соң, намысқа тырысқан жаппас руының жігіттері ауылдың беделді билерінің рұқсатымен Наурызбай батырдан басқаларын түгелдей бауыздап тастаған. Себебі, Наурызбайдың Кенесары ханның інісі болуымен бірге, Жаппас руының Кенесарының әкесі Қасым сұлтанмен құдалық жағы да бар. Қасым сұлтанның бірінші әйелі Қанттан (Алтын-Жаппас руының қызы) екі бала дүниеге келеді. Олар-Есенкелді, Саржан. Наурызбайға жаппас аулының тиіспеуінің бірден-бір себебін осыдан іздеу керек секілді.

7. Қорыта айтқанда, Жаппас руының ішінде Кенесары көтерілісіне қатысқан ауылдармен бірге, өздерінің қарындастары, қыздарының намыстары үшін қолына қару алып қарсылық көрсеткендері де болды. Жаппас руынан шыққан жекелеген тұлғалар Кенесары ұрпақтарына кейін де қол ұшын беріп көмектескендігі жөнінде деректер бар. Соның біреуі Жаппас руынан шыққан Аралбай деген сарбаздың ерлігі мұрағат қорында да сақталған.

Кенесары қозғалысына байланысты көптеген ақындар поэмалар, жырлар, дастандар, т.б. жазды. Ғалымдар, тарихшылар, жазушылар кітаптар шығарды. Олардың барлығын бірдей қамтып жазу мүмкін емес. Біздің қарастырып отырған тақырыбымызға байланысты, әркезде жарық көрген жазбаша және ауызша деректерге қысқаша шолу жасап, оған ғылыми талдау жасауға тырыстық. Оны одан әрі жалғастырып, зерттеп, ғылыми талдау жасап, шынайы бағасын беру келешек ұрпақтың құзырындағы мәселе деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрқыпов. Жасауыл Қырған. Қолжазба, 24-бет.
2. Қалижан Бекқожин. Батыр Науан, Алматы, 1941. 55 б.
3. Жүсіпбек Басығарин. Кенесары-Наурызбай, Москва, 1924. 47 б.
4. Хамит Маданов. Кіші жүздің шежіресі, Алматы, 1994. 95 б.
5. Е. Бекмаханов. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы, 1994. 53, 95, 181, 182, 194, 198, 364, 293-беттер.
6. Ахмет Байтұрсынов. Тіл тағлымы. Алматы, 1992. 289-290 бб.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Кенесары Қасымұлының інісі Наурызбайдың жасауылдары мен жаппас руының арасында 1844 ж. болған қақтығыс туралы тарихи деректердің тарихи дастандардағы көрінісі сипатталады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается о событии 1844 г. произошедшее между родом жаппас Младшего жуза и дружиной Наурызбая Касымұлы, брата Кенесары Касымұлы.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СТАЛИНДІК САЯСИ ЗҰЛМАТТЫҢ АҚИҚАТЫ

Нұрқасова Ж.А. – оқытушы (Алматы қ., Қазмемқызпу)

1997 жылдың Қоғамдық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланғаны туралы шешім еліміз үшін де, халқымыз үшін де ауадай қажет еді. Ол жылы біз тоталитарлық биліктің өктемдігі тұсында қасірет шеккен халқымыздың бойына түскен зұламаттың бар ауыртпалығын жан жүрегімізбен сезіндік. Зердеміз жаңарып, санамыз сауықты, тарихи әділет үстемдік алды.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ қазақ халқының адам шығыны да, мал шығыны да аз болған жоқ.. Большевиктердің түпкі мақсаты дүние жүзінде социализм орнату болған, бұл қоғамдық жүйе қазақ ауылына

күштеп танылды. Қазақстандағы кеңес өкіметі мен социализмді орталықтан Ленин, кейіннен Сталин жіберген эмиссарлар орнатты. Азамат соғысы жылдарында қазақ шаруасын бірде ақтар келіп шауып кетсе, бірде келіп қызылдар қырғидай келіп тиді. Көп кешікпей 1921-22 жылдың ашаршылығы басталды. 1917-23 жылдардың аралығында Батыс Қазақстанда ғана халық саны 981 мың адамға кеміді.

Социалистік құрылыстың бастамасы осындай болды. Әрине кеңес дәуірі тек қасіреттің ғана емес, жетістіктердің де заманы болды. Большевиктердің X съезінде ұсынылған «жаңа экономикалық саясат» қазақ халқының жағдайын біршама жақсартты. Алайда 1925 жылы Қазақ өлкелік партия комитетіне Ф.И. Голощекиннің жауапты хатшы қызметіне жіберілуі, қазақ ауылына орасан зор қайғы-қасірет әкелді. «Кіші Қазан» саясаты қазақ халқын жаппай қырғынға ұшыратты. 1931-33 жылдары ауыл халқы 3млн.379 мыңға кеміді. 1 млн-нан астамы атажұрттан қоныс аударған босқын шаруалар еді. Мұндай сұмдыққа қазақтар «Ақтабан шұбырынды» жылдарында да ұшырамаған еді. XX ғасырда қазақ жері екі дүркін-20-жылдар басында және 30 жылдар басында ашаршылықты бастан өткерді. Ақиқатқа жүгінсек, аштықтың төркінінде Лениннің, Сталиннің, Голощекиннің және олардың партиялас серіктерінің халыққа қарсы бағытталған саясаты жатыр. 30-шы жылдардағы ашаршылық жан түршігерлік болды. Осы кезеңде қазақтың 2 млн-ға аса адам қырылып, аман қалғаны бас сауғалап тоз-тоз болып, халық ретінде жойылудың аз-ақ алдында қалды.

Сталиншіл кеңестік құрылыс қазақ даласынан «достар» емес, «жаулар» іздеді. Алғашқы жаулар алашордашылар мен «ұлтшылдар» дейтіндер болды. Алаш қозғалысын қаралау бағыты 1925 жылы басталды. Осы жылдың мамыр айында И.Сталин Қазақ өлкелік партия комитетінің бюросына өлкелік «Ақжол» газетінің ұстанған саяси бағытын айыптап арнайы хат жолдады. Газеттегі мақалалардың шетелде эмиграцияда жүрген М.Шоқаевпен «үндес» және пікірлес екенін, осындай көзқарастағы партияда жоқ интеллигенция өкілдерін жастарды тәрбиелеуге жібермей, негізінен оқу құралдарын жазу тәрізді жұмыстарда ғана пайдалану қажеттігін ескертті. Осы көзқарасты нақтылай түскен Ф.Голощекиннің өзі болды. 1926 жылғы Бүкілқазақтық партия конференциясында ол былай деген: «Біз ақпан революциясына дейін және одан кейін де басында А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов және М. Дулатов сияқты ұлтшыл қазақ интеллигенциясы тұрған ұлттық қозғалысты қалай бағалауымыз керек? Сондай-ақ бұл топқа партияның көзқарасы қандай болмақ?...Түсінікті ғой, жолдастар, ақпан революциясына дейінгі буржуазиялық-азаттық қозғалысы объективті революцияшыл болды, ал қазір реакцияшыл, тіптен, контрреволюцияшыл. Бар жауап осы.»/1/ Осындай көзқарас Қазақстанның тарих ғылымында 90-шы жылдарға дейін үстем болды.

Қуғындауға ұшыраған «алғашқы толқынның» құрбандары: Алаш партиясы мен Алаш Орда үкіметінің көсемі, бір басында сан түрлі ғылым тоғысқан, тарихшы, экономист, географ, I, II Мемлекеттік Думаның депутаты, бар ғұмырын ұлтының болашақ бақыты үшін жан алмай күрескен тұлға Әлихан Бөкейханов, ғұлама ғалым, көрнекті ақын, жалынды публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы түркітанушы, этнограф, ағартушы-ұстаз Ахмет Байтұрсынов, белгілі қазақ жазушысы, «Айқап» журналының редакторы Мұхаметжан Сералин (сталиндік қырғынға алғашқылардың бірі болып 1929 жылы ілінді), тұңғыш қазақ романы «Бақытсыз Жамал», саяси памфлет «Оян қазақ» шығармаларының авторы еркін ойлы Міржақып Дулатов (кеңестік дәуірде бірінші рет 1922 жылы, содан кейін 1928 жылы тұтқындалады. Өлім жазасы 10 жылға абақтыға қамау жазасымен алмастырылады. 1935 жылы лагерьде ауыр

науқастан қайтыс болады), қазақтың тұңғыш инженері, тарихшы ғалым Мұхамеджан Тынышпаев, тамаша ақын, ел тәуелсіздігінің жыршысы М.Жумабаев, ақын, прозашы, драматург аудармашы Жүсіпбек Аймауытов. Сталиндік репрессияның келесі толқыны Қазақстанның әлеуметтік экономикалық дамуы туралы өзіндік көзқарасы бар С.Садуақасов, С.Қожанов, Т.Рысқұлов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров және т.б. қарсы бағытталды. Қызыл қырғынға ұшыраған қазақ зиялыларының жанұяларының тағдыры жантүршігерлік. Т.Рысқұловтың жалғыз ұлы Ескендір Мурманск лагеріне жөнелтіліп, сол жерде апат болды. С.Сейфуллиннің ұлы Али (екі жарым жаста еді) поездың ыстық-суығына төзбей, колонияға жетпей үзіліп ол кетті. Неліктен әкелерімен бірге балалары да кінәлі? И.Сталиннің: «Әкесі үшін балалары жауап бермейді» дегені қайда? Зобалаңға ұшырағандардың әйелдері Ақмоладағы лагерьге айдалды. “Халық жауларының” отбасылары ХХ съезге дейін үрей мен қорқыныштың арасында өмір сүрді./2/

1935-1938 ж. аралығындағы И.Сталин бастаған топтың өзінің халқына қарсы жасаған аса ауқымды қылмысын шетелдік тарихшы Р.Конквест «үлкен террор» деп атаса, М.Геллердің ойынша бұл қырғын өзінің көлемі жөнінен 1930-1934 ж. шаруаларға қарсы геноцид көлемінен төмен екендігін ескеріп, «кәдімгі террор» деп сипаттады. Мәліметтерге қарағанда 1937-1938 ж. 12 миллионға жуық адам қамауға алынды, 1 миллионға тарта адам атылып, тұтқында 2 миллион адам өлген. Қазақстанда 100 мыңға жуық адам репрессияға ұшырады. Қазақстанда сталиндік репрессиялар маңдай алды азаматтармен шектелген жоқ. Бұл жылдар бүкіл халыққа ауыр соққы болып тиді./3/

1928-1929 ж. қазақ байларын тәркілеп, жер аударғанда, көп жағдайда кінәсіз адамдарға «ұлтшыл», «кеңес үкіметіне қастандық ұйымдастырды» деген жалған айыптар тағылды. Сталиндік зұлаMAT біздің отбасымызға үлкен қайғы-қасірет әкелді. Жанұямыздың өткен тарихына көз салып, қуанышы мен қасіреті аралас өмір парақтарын ақтарсақ, атамыз Батырбаев Нұрқастың тағдыры да, орны да ерекше. Оның өмірі біздің әулет үшін қастерлі. Оқыған, сауатты азамат 1920-30 жылдары әкімшілік, кеңес орындарында әр түрлі қызмет атқарып жүреді. 1931 жылы «ірі бай (ағаш үйі мен оншақты жылқысы болған) кедей шаруаларды кеңшарларға кіруге қарсы үгіттеді» деген жалған айып тағылып, 10 жылға сотталды. Туыстары жер аударылды, інісі, әйелі, баласы түрмеге қамалды. Атамыз төрт жылдан кейін түрмеден босап, Хабаровскідегі 1800 адамы бар колонияны басқарып, 1942 жылы өзі басқарған колониядан жүздеген азаматтарды іріктеп алып, Сібір дивизияларының құрамында соғысқа аттанып, 1943 ж. соғыс майданында қаза тапты. Сөйтіп кезінде байларды зорлап құртып едік, енді сол байларды қайта жасаймыз деп тырысудамыз.

Қуғын-сүргін науқаны соғыс кезінде де толастаған жоқ. 1938 жылы Қазақстанға Қиыр Шығыс өлкесінен 100 мыңға жуық «жапон шпиондары» корейлер жер аударылды. Ұлы Отан соғысы басталғанда 2 млн. неміс халқы аударылды. 1943-44 жылдары Солтүстік Кавказ бен Қырым халықтары жер аударылды. «Арнайы қоныстанушылар» деген саяси айдарды иемденген, туған атамекенінен зорлап қоныс аударылғандардың жалпы саны 1 млн-ға жуық еді. Тек ХХ партия съезіндегі шешімінен кейін ғана бұл халықтар біртіндеп отандарына оралу мүмкіндігіне ие болды. Қазақстанға қоныс ауып келу қалай ауыр болған болса, атамекенге оралу да сондай қасіретті болды./4/

1948-1953 жылдары Қазақстанда және Кеңес Одағында қуғын-сүргіннің үшінші толқыны басталады. Негізгі соққы әдеттегідей зиялы қауымға қарсы бағытталды. Науқанның бастамасы ақын А.А.Ахматованың және

М.М.Зощенконың шығармаларын қаралайтын және баспа беттерінде жариялауға тыйым салатын БК(б)П ОК “Звезда”, “Ленинград” журналдары туралы қаулысы(1946) болды. Осы мәселеге байланысты А.А.Ждановтың Ленинград партия активінің жиналысында сөйлеген сөзі интеллигенцияны қуғындауға жол ашты. Буржуазияшыл-ұлтшылдыққа айыптау науқаны, Қазақстан Компартиясы ОК 1947жылғы “Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателіктер туралы” қаулысынан соң кең өрістеді. Онда Базар, Мұрат, Шортанбай, С.Торайғыров тәрізді Қазан төңкерісінен бұрынғы қазақ әдебиетінің өкілдерінің мұралары буржуазиялық-ұлтшылдық, феодалдық-реакциялық сарындағы шығармалар ретінде сипатталды. Халық ауыз әдебиетінің кейбір нұсқаларын зерттеуші ғалымдар қуғындала бастады. 1948 жылы “Қазақ әдебиеті тарихының” 1-ші томы жарияланды. Оның бір бөлімін жазған Қ.Жұмалиевтің: “Қобыланды батыр” патриотизмге, халықты сүйуге шақыратын шығарма”, - деп пікір айтуы оны буржуазиялық-ұлтшылдар қатарына қосуға негіз болды. Ал, Ә.Марғұлан болса өзінің докторлық диссертациясында “монғол басқыншылығы кезіндегі эпикалық поэмалардың реакциялық мәнін дәріптеуші” ретінде айыпталды. Республика партия ұйымының басшысы Ж.Шаяхметовтың 1951 жылы жасалған баяндамасынан кейін белді азаматардың көпшілігі сынға алына бастады. Олардың қатарында М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, А.Жұбанов болды. Композитор А.Жұбановтың кемел шығармаларын республика басшылығы түкке тұрмайтын, буржуазияшыл-ұлтшыл бағытта жазылған туындылар қатарына жатқызды./5/ Қазақ зиялы қауымын қуғындауда Кенесары Қасымұлының көтерілісі төңірегіндегі айтыстар үлкен роль атқарды. Тарихшы Е.Бекмахановқа 1947 ж. жарық көрген “Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40-жылдарында” деген монографиялық еңбегі үшін тарихты бұрмалаушы деген айып тағылып, 1952 жылы 25 жылға сотталды. Саяси қайшылыққа толы, қиын-қыстау кезеңде тарих шындығы үшін күрескен Е.Бекмахановтың ең басты ерлігі қазақтың соңғы ханы-Кенесары Қасымұлының ерен тұлғасын туған халқына шынайы танытуы дер едік. Осы орайда, тарихшы К.Нұрпейісовтың мынадай сөзін келтіруге болады: “Алғашқы кәсіби тарихшы-ғалымдардың бірі Е.Бекмахановтың ғылыми мұрасы тақырыбының көп қырлылығымен, мәселелерді кеңінен қамтуымен және шешуімен ерекшеленеді, оларды зерттеу және бағалау-болашақтың міндеті” /6/.

Қ.И.Сәтбаев ғалымдарға бағытталған соққыны әлсіретуге тырысты. Ал мұның салдары да ауыр болды. Ол 1952-55 жылдары өзі ұйымдастырған және алғашқы президенті болған Ғылым академиясының басшысы жұмысынан айрылды. Оған тағылған кінә-ғылыми қызметкерлер жетекшісі ретінде төралқа алдында есеп бермейді, ғылым мен өндірістің байланысын әлсіретіп жіберді, кадрлар тандаудың сталиндік принципін бұзды. Ғұлама ғалым М.Әуезов секілді Қазақстаннан кетуге мәжбүр болды.

Соғыстан кейінгі интеллигенцияға қарсы қуғындау қоғамда ауыр із қалдырды. Түрмеге қамау, жер аудару, партия қатарынан және қызметтен босату сияқты жазалаулар қазақ интеллигенциясын жалтақ, жасқаншақ, тіптен екіжүзді етіп қалыптастуына әсер етті. Осылайша саяси жүйе ұлттық интеллигенцияны рухани тұрғыдан тоздырып жіберуге негіз қалап берді.

Қорыта келгенде, біздің тарихымызда қателіктер мен қиындықтар аз болған жоқ. ХХ ғасыр тарихы осыны дәлелдейді. Кеңестік дәуірдің оқиғалары-адамгершіліктен аттап, мыңдаған жандардың қаны мен көз жасын көл қылып төге отырып, бақытты болудың мүмкін емес екендігіне көз жеткізді. Зиялы қауымның тағдыры сталиндік зұламаттың енді қайталанбауын, бүгінгі ұрпаққа, болашақ

ұрпақтарға ең басты аманат етіп тапсырады. Тарихтың сабақтарын біз ұмытпауымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. А., 2001. 24 б.
2. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. А., 2001. 35 б.
3. Григорьев В.К. Относительно характера и форм исторического процесса в Казахстане в 20-30-е годы. // История Казахстана: белые пятна. - А., 1991. 218б.
4. Ким Г. Советские корейцы. 1937-1940 гг. // История Казахстана: белые пятна. - А., 1991. 275 б.
5. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. - А., 2001. 313 б.
6. Нурпейсов К.Н. История одного дела. // История Казахстана: белые пятна. - А., 1991. 36 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстандағы сталиндік саяси террордың негізгі кезеңдері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются основные периоды сталинского политического террора в Казахстане.

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ ЖӘНЕ ҮЛКЕН САЯСАТ

Сәтбай Д.Я. - т.ғ. к., доцент (Қызылорда қ., Қорқыт Ата атын. ҚМУ)

1963 жылы О.Сүлейменов «Лирикада саясаттың болат серіппелері жасырылған. XX ғасырдың тенденциясы сонда кездейсоқ па, әлде қажеттіліктен бе, поэзия жердегі саясатты шешуші болады»/1/, - деген ой тамызығында жастық максимализм мен албырттық лебі сезіліп тұрғанымен, бұл кеңес тарихындағы зиялылардың келесі ұрпағы тудырған рухани құбылыс «60-жылдықтардың» Қазақстандық өкілінің өз ұстанымына деген сенімін білдіреді. Нақ осы «60-жылдықтар» кеңес елінің саяси тарихындағы «қайта құру» дәуірін даярлады. Алайда, араға жарты ғасыр салып (1999ж) О.Сүлейменов «Менің жаным қаламайтын нәрсені істеуге бұл фәниде әлі ешкім мәжбүр ете алған жоқ. Иә, мен саяси шайқастар үшін туған жоқ тәріздімін. Евразиялық ретінде мені әлемдік мәселелер толғандырады»/2/ десе, ертеректе жазылған поэмаларының бірінде «Мен сағат сайын өзіме қайшы келемін»/3/ деп ағынан жарылады. Соған қарамастан Олжастың «өз ісімен айналыспайтындығы» туралы қоғамдық пікірдегі өкпе - наз бен, МХК мен СОКП анналдарындағы арыз шағымдарда есеп жоқ.

«Тарихшы емес – тарихпен, саясаткер емес-саясатпен, экономист емес-экономикамен айналысады» Алайда, өкпе-наз айтатын адам да пенде «саясатпен сен айналыспасаң- саясат сенімен айналысады» дейтін алтын қағиданы ұмытады. «Не нәрсемен айналыссам да, мен, ең бірінші кезекте ақынмын. Бұл кәсіп-

мамандық емес, бұл ұятың мен жан дүниенің жағдайы. Мені таразыдағы тепе теңдік «ауытқыған» жерлерге тартып отырады. Азия мен Африканың және біздің кешегі бауырлас елдеріміздің барлығы дерлік ыстық нүктелерінде болдым. Осы бір өзім тұшынған және бүкіл болмысыммен ұғынған тәжірибелерімді біздің жарылыс қаупі бар үйімізде от, тіпті «бостандық шырағы» болса да тұтанып кетпес үшін қолдануға тырысамын. Осы нәрсе менің саясатпен айналысуыма мәжбүр болып отырғанымда түсіндірсе керек»/4/ дейді О.Сүлейменов 90-жылдардың басында. «Кейде тарихи жағдай сенің мінез желіңді белгілейді. Саясатта ақындар болмаса, оны тек полковниктер жасаған болар еді» /5/.

XX ғасырдың 60- жылдарынан Қазақстанның қоғамдық саяси өмірінде аса маңызды рөл атқарған Д.Қонаев пен О.Сүлейменовтің қарым-қатынасы қазіргі билік пен зиялылар үшін үлкен тағылым мектебі. Бұрыннан бірін-бірі сырттай білетін екі қайраткер 1962 жылдың жайма-шуақ күні Алматы көшелерінде кездейсоқ кездесіп, Д.Қонаевтың ықылас білдіруімен жұмыс бөлмесіне барып жақын біліседі. Кездесу соңында Д.Қонаевтың «қандай өтінішің бар» деген сұрағына, айта беретін пәтер мәселесі көкейінде тұрса да, Олжас үндемей қалады. Республика басшысының бұл ықыласы жас ақынға үлкен құрмет еді. Алайда Олжас та «қарыз болып» қалмайды. Осы жылдың 16-желтоқсан күні Д.Қонаев орнынан алынып, И.Юсупов тағайындалғанда, биік мінбеден ресми түрде қарсылық білдірген О.Сүлейменов қана болады».

Таныстығымыздың барлық жылдарында бірде бір рет мен өзіме пәтер де, қызмет те, орден де, лауреаттықты да сұраған емеспін»-дейді Олжас. Бұлардың барлығы маған өзінен өзі келді. Мүмкін бірінші басшы бұған араласқан шығар, бірақ менің өтінішімсіз. Ал басқалар үшін сұрадым. Тек қана жазушылар үшін 300 пәтер алып бердім.Жазушылар одағына жылына екі үш пәтер бөлінеді. Лимитіміз қаңтар айында-ақ таусылады. Жылдың ортасында мен З.Нұрқаділовке (қала әкімі Д.С) «Пәленше деген жазушыға біздің «Мифтік лимитімізден» екі бөлмелі үй беріңіз» деп өтініш жазамын. Оған бұл анықтама қатты ұнап, мүмкіндіктер табатын» /6/. Д.Қонаев Олжасты іш тартып жоғарғы лауазымдарға тағайындағысы келген адам, бірақ өз халқының алдындағы бағдарламасына адал Олжас тектілік танытып, одан бас тарта білген. Д.Қонаевтың бұл ниеті республика имиджінен туындаған болуы мүмкін. Ақынның алдында екі айрық таңдау үнемі тұрды: бірі жеңіл табысқа жетелеген пендешілік, мансап жолы, екіншісі халық тарихының жүгін арқалаған қоғамдық жол-ғылым жолы.

1981-жылы ақын жауапкершілікті сезіне отырып, былай деп есіне алады. «Менің алдымда да өте айқын, атылған оқтай түп-түзу ақындық мансап қылаң берді: қазіргі заман тақырыбы, көкейтесті бүгінгі күн, мыңдаған аудиториялар, телевидение, радио және көп тиражды кітаптар т.б. Бірақ маған тоқтау болған жүрісін саябырсытқан менің арғымақтарым болды. Эстрада тартымды, бірақ ол жазушы үшін қауіпті де. Ол асығып үсігуге мәжбүрлеп, ойлау қабылетіңнен бір жолата айыруы мүмкін. Мен, ақын әкелеріміз бен аталарымыздың қолынан келмеген, олар атқара алмаған немесе атқарып үлгірмеген істері төңірегінде ойлануды өзімнің парызым деп сезіндім. Қазір артқа тастаған 20 жылыма қарай отырып, өзімді Пегас тұлпарға мініп ойқастаған салт аттыдан гөрі, тарихтың авгий атқораларындағы малшыдай көрінемін. Менің өз тамырымды өзім табуға тура келді, Өйткені тамырсыз ағаш, бұтағы мен жемісі жоқ бағана ғана. Сол сияқты халықта адамзат бау бақшасындағы алмадай. Меніңше бұл қазақ жазушысының өз орнын тауып орнығуының мүмкін боларлық жалғыз ғана формасы – халықтың *санасын* орнықтыра отырып, өзің де орнык»./7/

Дегенмен Д.Қонаевтың 1980-жылы бір рет қана О.Сүлейменовті жоғарғы қызметке көндіруінің сәті түсті. Онда да шығармашылықпен байланысты-Қазақстан Кинематографистер Одағының хатшылығы қызметі. 1984-жылдың көктемінде Республика жоғарғы кеңесі президиумының төрағасы Соттар Имашев кенеттен қайтыс болып, оның орнына Д.Қонаев О.Сүлейменовті қойғысы келеді, бірақ бұл жолы көндіре алмайды. «Мен келісімді берсем, менің өмірлік бағдарламама түпкілікті жер ошақтың қазылатынын түсіндім. Сөйтіп батыл түрде бас тарттым», - дейді О.Сүлейменов. - Бірнеше аптадан кейін Байкен Әшімұлы Президиум төрағасы болды да, оның орнына Нұрсұлтан Назарбаев келді»./8/

Алайда О.Сүлейменовті республика басшысының осыншалықты іш тартуын, оның биік беделін, ой еркіндігін асау мінезін идеология хатшылары көтермейтін. Олар В.И.Лениннің 100 жылдығына орай поэма жазуды талап етсе. Олжас «Вавилония жезөкшесі» туралы кітап жазды. «Көсемдер» Қазақстандағы қой санын 50 млн-ға жеткізу туралы тақырыбын да белгілеп «50.000 000»-поэма жаздесе, ол «Қойлар неге жүдейді?» деген публицистикалық мақала жазды Жоғарғы жақ қазақ жастарын ауылда қалуға шақырса, Олжас- қалаға шақырды. «Кішкентай ұлылармен» санаспаушылықтың ақыры З.Камалиденов пен О.Сүлейменовтің теке тіресуіне алып келді.

Тағдырдың тәлкегімен 1986-жылдың 16-желтоқсанында Д.Қонаев екінші рет орнынан алынды. КСРО мемлекеттік қауіпсіздік комитеті төрағасының 1-орынбасары Ф.Д.Бобков «МХК және билік» деген кітабында: «Камалиденовтің басты кемшілігі, Орталық комитеттің қолдауына ие болғаннан кейін дөрекі қателіктерге жол берді. Оның кейбір сөздері қазақтардың ұлттық сезіміне тимей қоймады. Оның негізінде ол қазақ зиялыларымен, тіпті О.Сүлейменов сияқты лайықты адам, даңқты ақынмен ұрысты. Мен МХК-да бірге қызмет атқарып жүрген уақытта бұл туралы Камалиденовке бірнеше рет айттымда. Зақаш өз халқының алдында беделінен айырылмасын деп, қателіктерден сақтандырып түзеп жібергіміз келді. Бірақ ол өзінің интернационалистік сөздері құлақтарына майдай жағатындарды ғана тыңдаумен болды. Мына бір нәрсе есімде қалыпты: әлдекім тәртіпсіздіктердің ең негізгі бастаушысы деп атакты қазақ ақыны О.Сүлейменовті табандылықпен қайталаумен болды Шынында да тобыр оның митингіде сөйлеуін талап етті. Осы кезде мен қазақ жолдастардан Сүлейменов қайда деп едім, Камалиденов «Оны таппадық, қаладан кетіп қалыпты» деп жауап берді. Кейінірек мен Сүлейменовтің бұл күндері қалада болғанын, азаматтардың алдында сөйлегісі келгенін, бірақ оған мүмкіндік бермегенін білдім»/9/, -деп жазады.

Кеңестік жүйе екі тұлға Қонаев пен Сүлейменов жұбының қазақтардың қорланған ұлттық сана сезімінің оянуындағы орнын инстинктивті түрде сезді, бірақ олардың «қылмыстарына» дәлел таппай аңтарылды. Жаңа билеуші Г.В.Колбинде келген бойда биік тұрғыдан көріне алмай жатты. Белгілі қаламгер Г.Толмачев: «Геннадий Васильевич күндіз (30 желтоқсан күні) Жазушылары Одағында Олжаспен кездеседі, қатты құшақтасып көріседі де қалың еріндерімен бірнеше рет сүйеді, ал кешке қарай өзінің кеңесшілерімен О.Сүлейменовті тұтқындаймыз ба, әлде артын күтейік пе деген дилемманы шешумен болды»/10/.

О.Сүлейменов те Г.Колбинге есесін жіберген жоқ: «1987 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Наурыз Пленумында «Қонаевтың жеке басына табынушылықты» сынау басталды. Тұтқындау үшін негіздеме қажет болды. Пленум материалдары ертеңіне газеттерде жарияланды. Менікінен басқаларының барлығының сөздері жарияланды. Трибунаға шыққан кезде лық толы залдың ортасында жалғыз өзі отырған Д.Қонаевқа көзім түсті... Оның

жанындағы орындардың барлығы бос болды. Алдында да, артында да, оң жағында да, сол жағында да ешкім жоқ. Мен «жолдастар орталық комитет мүшелері, сіздерге не болған?»-деп сұрадым. Бұрын сіздің әрқайсыңыз Димекене жақындауды, амандасуды, онымен бірге суретке түсуді абырой санайтын едіңіздер ғой, ал енді неге жалт бұрылдығыздар. Сіздер ол кісіден қателестіңіздер ме? Әлде ол сіздерден қателескен бе? Сіздер Конаевтың жеке басына табынушылық туралы айттыңыздар. «Жеке адамға табынушылық»- қатардағы қарапайым партия мүшелерінің өздерінің аса көрнекті жолдастарын жазалаған тікенекті сымдарды, дәрекі сот процесстерін еске түсіреді...Бұл Пленумды мерейтойлық деп атауға болады. Біз 37-жылдың 50 жылдығын тойлап отырмыз. Бұл жылдары біздің санамызда не өзгерді? Маған Мәскеуден, Болгариядан достарым телефон шалып Г.Колбин жолдастың жеке басы жайлы білгісі келді. Мен, ол Қазақстанға жергілікті жағдайды білмей келген идеалист деп жауап бердім»/11/.

Бұл пленумға Г.Колбин қатысып отырған еді. Жағдай ушыға түсті. Биресми кездесулерден бөлек 1986 жылдың желтоқсаны 1987 жылдың наурызында Г.Колбин үш рет О.Сүлейменовті жеке қабылдады, арада мәмілегерлікте, өзара қайшылықты қошапетті сөздерде болды. О.Сүлейменов 1989-жылы 28-ақпанда Қазақстан басшылығынан Г.В.Колбин кетпей тұрып, Одақта бірінші болып қоғамдық ұйым антиядролық «Невада-Семей» қозғалысын құрды. 1986-жылдың желтоқсанында жігері құм болған ұлттық рухтың еңсесі қайта көтерілді. 1986-1989 жылдары қоғамдық саяси белсенділіктен Қазақстан Одақта алдыңғы қатардан көрінді. Қозғалыс халықаралық резонанс туғызды. Хиросима қаласындағы музейге оның суреті ілінді. АҚШ президенті үлкен Дж.Буш бұрынғы кеңес республикасындағы антиядролық қозғалысқа түсіністікпен қарап, Невада штатындағы ядролық сынақтар жүргізуді тоқтатты. Бұл оңайға түскен жоқ, өйткені штат тұрғындары әрбір жарылыс сайын өтемақы (компенсация) алатын, Олар керісінше сынақтардың жалғасы беруіне мүдделі еді. Ал үлкен Дж.Буш болашақ категорияларымен ойлай білді.

1989-жылы Олжастың Кеңес Одағының тарайтынына көзі жетеді. 1990-жылдың 25-ақпанында М.Горбачев пен Саяси Бюро мүшелерінің біразына КСРО-ны Европалық қауымдастық үлгісінде Евразиялық Одаққа айналдыруды, сөйтіп жаңа тұрпатты конфедерация құруды ұсынады.

Олжастың логикасы бойынша әлемде, Европа елдерінде бірігу тенденциясы байқалуда, ал КСРО ыдырауда. Қоғам дамуының әлемдік тенденциясына қайшы келмес үшін, Тәуелсіз елдер конфедерациясын құру қажет болып табылады. Бұл қантөгіске жол бермей мемлекеттердің саяси тәуелсіздігі негізінде жаңа кеңістікке шығу еді. Бірақ Саяси Бюро мүшелерінің ортодоксальдылығы бұған жол бермеді. О.Сүлейменовтің М.Горбачев төңірегіндегілерге берген келесі бір кеңесі алдымен эканомикалық, сонан соң саяси реформалар көзделген Қытайлық жолмен жүру еді. Кремль «азиялық» елден үлгі алуға арланды, бұған да құлақ аспады. Осылардың барлығы есінде болуы керек 1991-жылы желтоқсан айында Қазақстаннан Мәскеуге аттанар алдында Ресей президенті Б.Ельцин биресми жағдайда масаңдау болсада «Олжас бүкіл адамзаттың данышпаны»-деп мәлімдеді. 1994-жылы Қазақстан президенті Евразиялық идеяны ұсынған кезде көп уақыт өтіп кеткен еді. Осылайша, КСРО тарауының бір парасын Кеңес басшыларының интеллектуальдық жеңілісі құрады.

1991-жылдың желтоқсан айында Қазақстанның егемендік алуымен, О.Сүлейменов оның іргетасын нығайту ісіне қызу кірісіп кетті. Азаттық алған елдердің басты қасыреті: бостандық эйфориясы мен тәуелсіздік дерті, әлеуметтік

және ұлттық кек алушылық желігі болды. Бұрынғы КСРО республикаларындағы қантөгістер мұны айқын көрсетті (Грузия, Әзірбайжан, Молдово, Тәжікстан). Қазақстан жағдайында оқиғалардың осы бағытта өрбуіне жол бермеу үшін О.Сүлейменов өзінің барлық беделін салып бақты. Өтпелі кезеңнің басты міндеттерін: биліктің сабақтастығын, ұлтаралық татулықты дәл белгілеген О.Сүлейменов пен оның «Қазақстан халық Конгрессі партиясы» (1991ж) президент Н.Назарбаевтың саясатын қолдайтындығын алғашқы күндері ақ білдірді. «Назарбаев саясаткер ретінде екі дәуірдің тоғысында: жүйенің мызғымас тұтастығы мен күйреуі кезеңінде қалыптасты. Сондықтан қоғамдық пікірде өрлеу мен құлдырауды бастан кешкен, бірақ аттың үстінде мығым отырған нақ осы адам бүгінде республиканы басқару керек-деп есептеймін және ол Одақ ішілік мәселелерді шешуде де дәнекер бола білуі тиіс. Ертең басқа тұрпатты лидер керек болар, бірақ бүгін-өтпелі кезең үшін нақ Назарбаев қажет»/12/.

Қазақстанда биліктің сабақтастығына қол жеткенмен, экономикалық сабақтастықты сақтау қиынға түсті. Биліктің саяси платформасын қолдаған О.Сүлейменов, бірақ оның ішкі экономикалық саясатын өткір сынға алды (өнеркәсіптің құлдырауы, колхоздардың таратылуы т.б.). О.Сүлейменов мінез желісінің ерекшелігі сонда, ол өзінің таланты мен беделін қоғамда күшейіп келе жатқан наразылықты көңіл күйді одан әрі өршіту үшін емес, керісінше адамдардың сабырлығы мен бірігуіне жұмсаумен болды. 1991-1994 жылдары ақын билік пен қоғам арасындағы қатаң қыспақта болды. Билік тарапынан О.Сүлейменовке шетелдерден елшілік қызметер ұсынылды. «Одақ ыдырай бастаған кезде Ш.Айтматов сияқты маған да шетелдердің бірінде қызмет ету ұсынылды. Мен ол кезде бас тарттым, өйткені Қазақстанға керек едім/13/- дейді О.Сүлейменов.

«Мен жазушымын және бұл кәсіпті тастайын деп жатқаным жоқ, сондықтан маған саясаткерлерге ақыл айтуыма болады–олардың орнын алайын деп жатқаным да жоқ»/14/ дегеніне қарамастан биліктің маңайында Олжастың жоғарғы билікке ұмтылушылығын көрушілер табылып жатты. 1993-жылы республикалық және онан тыс басылымдар О.Сүлейменовке қатысты деп есептелген акционерлік «Невада-Семей» қоғамы төңірегінде жасанды айқай-шу көтерді. 1994-жылдың наурызында Конституциялық Соттың шешімімен, О.Сүлейменов депутат болған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің Сайлауы заңсыз деп табылды. Осындай жағдайда және елдегі әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың ең жоғарғы шегіне жетуімен, ақын Жапонияның «Токио Симбун» газетіне берген сұхбатында «егер партия мен блоктар мені президенттікке ұсынып жатса, мен қарсы болмаймын»/15/- деп билікке сындарлы оппозицияда болатынын білдірді. Бұл билікке ұмтылушылықтан гөрі, ел мен халықтың жанталасқан жағдайынан туындаған билікке ықпал етудің мәдениетті түрі еді, өйткені оның алдында ғана 1994-жылдың 19-20-сәуірі күндері парламент мәжілісінде Жоғарғы Кеңес төрағалығына кандидат ретінде ең бірінші кезеңде О.Сүлейменов ұсынылған болатын, бірақ депутат О.Сүлейменов бұл қызметтен бас тартқан еді.

Өкінішке орай, жапон газетіне берген сұхбатынан кейін Республикалық басылымдарда О.Сүлейменовтің позициясы-билікке ұмтылушылық ретінде қасақана түсініліп, қарсы мақалалар саны көбейе түсті. Тіпті, ақынның жеке басы мен ар ожданына тиісу көрініс берді. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкері Темірболат Ахметовтың айтуынша «Олжасқа 1994-жылы да қауіп төнді. Президенттік сайлауға байланысты. Ол кезде Олжекеннің жатын бөлмесіне дейін қондырғы қойылған»./16/ Көріп отырғанымыздай Н.Назарбаев пен О.Сүлейменовтің қарым-қатынасында 1991-1994 жылдары шиеленістік

элементтер болды деп айтуға негіз бар. Дегенмен жапон тілшісінің «Сіздің Назарбаев пен қатынасыңыз:кеше, бүгін, ертең қандай болмақ?»- деген сұрағына О.Сүлейменов үлкен әдептілікпен: «кеше жолдастық, достық. Бүгінде-іскерлік қарым қатынастамыз. Ертең де қалыптықатынаста боламыз ғой деп ойлаймын.Біздің қарым қатынасымыз республика өміріндегі өзгерістермен бірге өзгеріп отырды.Оның ұйымдастырушылық тәжірибесі мемлекеттің қалыптасуына жәрдемдеседі деп үміттеніп, оның мансабының ең қиын күндерінде қолдау көрсетіп отырдым»/17/- деп жауап береді.

Қазақстанның қазіргі заман тарихындағы екі ірі тұлғасының арасындағы қарым-қатынас қарапайым пендешілік өлшемдермен өлшенбек емес. 1991-1994-жылдары жас Қазақстан мемлекеттілігінің ірге тасын нығайту ісінде О.Сүлейменов пен оның партиясы (ҚХК) билікке сындарлы оппозицияда болып, дер кезінде президентті қолдап қажет уақытында өткір сынға алып отырды. Басқа қоғамдық қозғалыстар мен партиялардың әлі буыны қатпаған жағдайында О.Сүлейменов пен «Қазақстан халық конгресі» партиясы билікке бірден бір тосқауыл болып, тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасуында маңызды рөл атқарды. 1995-жылдың бірінші жартысында Қазақстанның экономикалық дағдарыстардан шығуының негізі қалады, тұңғыш рет әлеуметтік салада, шаруашылықта оң өзгерістер байқалды. 1995-жылдан басталған республика өміріндегі оң өзгерістер, екі тұлғаның қарым қатынастарына да оң өзгерістер алып келді. 1995-жылдың тамызында Қазақстан президентінің жарлығымен О.Сүлейменов Қазақстанның Италиядағы төтенше және өкілетті елшісі болып тағайындалды. Осылайша 1986-жылдың желтоқсанынан басталған О.Сүлейменовтің саясат және экономикамен белсенді араласқан кезеңі аяқталды.

1995-жылдан кейін де оның «саяси шайқастар үшін тумағандығы» айқын байқалды. Ол құрған «Қазақстан халық Конгресі партиясы» өз бетінше тарап кетті. Ақын өзінің орнына лайықты адамды сайлап партияның жұмысын жандандыруды қажет деп таппады. Біршама уақыт билік пен оппозиция арасындағы бірдей қашықтықты ұстап отырды, дегенмен 2001-жылдан бері қарай билік жағына қарай іштартуы оппозиция тарапынан өткір сынға ұшырады. Әсіресе, ақын азаматтығының сыр бергенін өткір сынға алған Алтынбек Сәрсенбаевтың мақаласы жана ғасырдың басындағы қазақ публицистикасының ең үздік үлгілерінің бірі болды/18/. Шынында да, ақын үшін Одақтық аждаһа биліктен гөрі, «іштен шыққан шұбар жылан» билікпен күресуі күрделі болып шықты. Мүмкін саяси билікке еш уақытта ұмтылмағаны және «сағат сайын өзіме қайшы келемін» деп үнемі ескертіп отыратын ақынды кінәләу да ағаттық шығар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сүлейменов О. Ты – мой герой (В нашем городе началась борьба с формализмом).п.с.с. А, 2004. С.14- 15
2. Сүлейменов О. Взрыв в одном месте может потрясти всю планету. //Век 24 -30 сентября 1999.
3. Сүлейменов О. Солнечные ночи. А,1962 .С.26.
4. Сүлейменов О. В новые Времена по старому стилю: монолог поэта об экономике и политике. //Казахстанская правда-13.01.-1993.
5. Сүлейменов О. Сижу на ступеньке лорда. //Собеседник-1991, № 40.
6. Сүлейменов О. Собрание сочиний. 2004.С.322.
7. Кожакеева Ш.Т., Күздебаева А.Б., Испаева Я.Ш. Русская литература. А. 2001.С.307.
8. Сүлейменов О. Как нам стать нацией? А, 2004.С.321

- 9.Ф.Д. Бобков. КГБ и власть. М. 1995. С. 329 -330, 334.
- 10.Г.Толмачев. Повесть об Олжасе. 1996.С.102.
11. Сүлейменов О. Собрание сочиний.А. 2004.С.324 – 325.
12. Сүлейменов О. Сижу на ступенке лорда. //Собеседник- 1991, № 40.
13. Сүлейменов О. Игра в Бисер на соляном куполе.//Индустриальная Караганда 28 октября 1995 .
14. Сүлейменов О. Все мы дети одних родителей. //Казахстанские новости. 18 июня 1994.
- 15.Ответы О.Сүлейменова на вопросы газеты «Токио Симбун.// Народный конгресс. №15 ноябрь, 1994 г.
16. Ахметов Т. Құнды құжаттардың біразы Есентай өзеніне ағып кетті. //Жас Алаш- 15 ақпан 2007 .
- 17.Ответы О.Сүлейменова на вопросы газеты «Токио Симбун».
- 18.Алтынбек Сәрсенбайұлы. Мүлігіп кеткен «миларың мен ағып кеткен «ақыл ойлар жөнінде. //Жас Алаш-. 24-қыркүйек 2005 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

«Олжас және үлкен саясат» атты мақалада ақын және ғалым, ҚР қоғам қайраткері О.Сүлейменовтың саяси көзқарасты қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье – «Олжас и большая политика» - рассматриваются политические взгляды общественного деятеля РК, поэта и ученого О.Сүлейменова.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ДІН МӘСЕЛЕСІ

Смагулова С.– т.ғ.к., доцент.(Алматы қ., Ш.Ш.Уәлиханов атындағы ТЭИ)

XX ғасыр басында Қазақстанда мұсылмандық қозғалыс кең өрістеді. Бұған елдің қайыршылануы, салықтың күннен-күнге өсуі қатты әсер етті. 1905 жылы патшаның 18 ақпандағы рескрипті азаттық қозғалысқа жол ашып, алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдеріне өз ойларын мен ұсыныстарын еркін айтуға мүмкіндік берді. Жоғарғы орындарға жолданған талап-тілектерінің бірі – дін мәселесі болды.

Қазақ зиялылары татар оқығандарымен бірлесе отырып, ұлттық бағыттағы «Серке», «Улфат» сияқты мерзімді баспасөз арқылы дін мәселесінде қысымшылықтың болмауын, күштеп христиан дініне енгізбеу, оқу-ағарту саласында құдай оқуын мұсылман балаларына оқытпау сияқты талаптарды ашық талап ете бастады. Әсіресе мешіт пен медреселерді ашудағы қиыншылықтарды үкімет тарапынан шешіп беруді сұрады. Негізінде қалада мешіт пен медресе салу ісі генерал-губернаторлардың арнайы рұқсатымен ғана шешілген. Алайда үкімет медреселердегі оқу барысын қадағалап отырды. Медреселер жаңа (жәдидтік) бағытта құрылып, онда тарих, жағрафия, математика, орыс тілі пәндері оқытыла бастады.

Мұсылман мектеп-медреселерінің көптеп ашылуы, онда татар молдаларының дәріс беруі мұсылман дінінің берік түрде орнауына ықпал етті. Татар ағартушылары мен молдалары қазақ жеріне ислам дінін насихаттайтын

кітаптарды көптеп таратуға тырысты. Жәдидтік бағыттағы газетінде қазақ жерінде ашылған жаңа оқу жүйесі жайында шағын да болса хабарламалар басыла бастады. Мәселен, «Тәржіман» газетінде Верныйда Ы.Ғабдулвалиевтің жаңаша бағыттағы медресесі ашылғандығы туралы басылып, ондағы оқу барысы жайында жазылды /1/.

Мешіт-медреселердің көптеп ашылуы «ислам мен шариғатты қорғау» жолында үгіт-насихат жұмыстарын өрістете түсті. Бұл бір жағынан шоқындырылған татарлар дін иелерінің қазақ даласына православия дінін насихаттауына тежеу жасаса, екіншіден, қазақ жастарының осы медреселерден Қазан, Уфа, Орынбор сияқты ірі қалалардағы оқу орындарында білімдерін жалғастыруға мүмкіндік алды. Орынбордағы «Ғалия», Троицкідегі «Расулия» сияқты ірі медреселерде қазақ балалары (осы медресені оқып бітірген шәкірттер кейін қазақ интеллигенциясының қатарын толықтырды) оқып, білімдерін Ресейдің жоғарғы оқу орындарында жалғастырды.

Орынбор, Троицкідегі мектеп-медреселер сияқты орта білімді оқу орындары қазақ жерінде де ашылды. Оған аталмыш медреселерді бітірген шәкірттер ұстаздық етіп, қазақ балаларын оқу-білімнен басқа түрлі өнер алуға да үйретті. Алайда бұл медреселердің бағдарламалары үкімет тарапынан жіті тексеріліп, оқу үрдісі үнемі қадағаланып отырды. «Қазақ» газетінде жарияланған «Зайсан» деген шағын мақалада Зайсанда ашылған жаңа түрдегі «Қазақия» мектебіне пристав, уезд хатшысы, төрт стражник келіп тексеріп, мектеп кітапханасындағы «Улфат» пен «Айқаптың» қайдан алдыратындығын, Стамбұлмен байланыс барлығын сұрастырған.

«Қазақ» газетінің осы санында Орынбордағы «Хусейния» медресесінде қазақ шәкірттері көптеп білім алып жатқандығын жарияласа, келесі 2 нөміріне басылған Ахмет Жанталиннің «Медреседе оқып шыққан шәкірттерде не болашақ» деп аталатын мақаласында медреселерде дін білімінен басқа педагогика, түркі елінің тарихы, орыс тілі сияқты пәндерді тереңдете оқыса деп ұсыныс айтқан. Сөйтіп, жәдидшілік бағыттағы оқу жүйесін қалыптасыруда қазақ азаматтары белсене кірісіп, медресе-мектеп оқуларына қазақ балаларын тарта бастады. Оның үстіне бұндай мектептердің ашылуын татар зиялылары да құп көріп, қолдарынан келген көмектерін бере бастады. Татар мектеп, медреселерін бітірген жастар қазақ жеріне жіберіп, мұсылмандық оқудың маңыздылығын халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Олардың бұл қызметін қазақ зиялылары қолдап, сол кездегі тұрақты шығып тұрған «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналына оқу-ағарту барысы жөнінде жиі жариялап отырды.

Қазақ зиялылары татар зиялыларымен тығыз байланыста болды. Панисламдық және пантүрікшілдік қозғалыстың көрнекті өкілдері И.Гаспринский, Ә.Ибрагимов, Ж.Ақшора, Ф.Кәрімов, Г.Мақсұдов, С.Мақсұди, Ф.Тоқтаров және тағы басқа зиялылары қазақ халқымен тығыз қарым-қатынаста болып, кейбіреулері Түркістан, Ақмола, Семей облыстарына келіп, жәдидтік қозғалыстың лидерлерімен кездескен.

Патша үкіметі мұсылман қозғалысының Қазақстанда өрлеуінен қорықты. Сондықтан оны ауыздықтау үшін арнайы агенттерін халық арасына жіберді. Мұсылмандық қозғалыстың белді мүшесі ретінде Көкшетау қаласының молдасы Науан хазірет пен Шәймерден Қосшығұлов назарға ілігіп, арттарынан анду қойылып, ақыры екеуі де іске ілікті. Науан хазірет 3 жылға, ал Ш. Қосшығұлов 5 жылға Иркут жеріне айдалды.

Патша үкіметі жоғарғы оқу орындарында оқыған қазақ студенттерін де бақылауға алды. Әсіресе олардың жазғы демалыс кезіндегі іс-әрекеттері құпия

түрде тексеріліп, арнайы іс ашылып, басқан қадамдары жазылып отырды. Мәселен, Петербург университетінің студенті Айдархан Тұрлыбаевтың соңынан «қазақ арасында пантүрікшілдік идеяны таратып, үгіт-насихат жүргізіп жүр» деген желеумен аңду қойған /2/.

Мерзімді басылымдар мұсылман халықтарының жерінен, тілінен, дінінен айыра бастағандығы жөнінде ашық та айқын жаза бастады. Мұсылмандардың діни құқықтарының аяқ асты етілуі, әрі мұсылман халықтарының төмендетіліп («бұратанаң деп атаған»), кейбір зиялы тап өкілдерінің үкімет қызметінен шеттетілу әрекеттері озық ойлы азаматтарға терең ой салды.

1905-1907 жылдардағы алғашқы орыс революциясы тұсында түрік-мұсылман халықтарының талап-тілектерін қарастырып, бір шешімге келу үшін бірнеше мұсылман съездері болып, оған Ресей империясы құрамындағы мұсылман елдерінің өкілдері қатынасты. Мәселен, Петербургта болған II мұсылман съезіне қазақ халқының атынан Ішкі Ордадан Уәлитхан Танашев, Сырдария облысынан М.Оразаев, Семейден З.Құлаевтар қатысқан. Съезд Ресейге қарасты губернияларда мекендеуші мұсылмандардың орталығын құру мәселесін көтерді/3/. Бұл II бүкілресейлік мұсылмандар съезі жалпымұсылмандық қозғалыстың өрлеуіне себепші болды.

1905 жылдың 19 қарашасында өткен «Автономияшылар одағының» съезіне қазақ халқының атынан Мұхамеджан Тынышбаев қатысып, баяндама жасаған болатын. Ол патша үкіметінің отарлық саясатын сынға алып, қазақ халқының мәдени, әлеуметтік-саяси, экономикалық өзгешелігі ескерілмей, әкімшілік тарапынан жасалынып отырған қысымшылықтарды ашық айтты. Әсіресе адам құқығы тапталып отырғандығын, мешіт, намаз оқитын үйлер мен медреселердің жабылып, діни кітаптардың тәркіленіп алуы, евангелия дінін насихаттап, оны қабыл аламағандарды Сібірге жер аударумен қорқытып отырғандығын келтірді. «...қазақтар орысқа бодан болғаннан бері бірде-бір ашық жайдарлы күн мен минуттың болмағандығын айта келе, үкімет тарапынан қысымшылықтың үдеп бара жатқанын құлаққағыс қылады /4/.

1905 жылдың жазында қазақ халқының көрнекті өкілдерінің ұйымдастыруымен бірнеше арыз-тілектер (петиция) жоғарғы орындарына жөнелді. Онда жер мәселесімен қатар дін мәселесін шешу де айқын айтылды.

1907 жылы Мемлекеттік Дума мүшесі Шәймерден Қосшығұловтың ұйымдастыруымен «Серке» газетін шығарды. Бұл газет татардың «Үлфат» газетінің қосымшасы болды. Алайда оның тағдыры ұзаққа бармады, үш-төрт санынан кейін діншіл бағытта деген желеумен жабылып тасталынды. Негізінде бұл газеттің алғашқы екі санында Міржақып Дулатовтың өлеңі мен мақаласы басылған болатын.

1913 жылдан шыққан «Қазақ» газеті әр шыққан санында түрік соғысы жайында жаза отырып, мұсылмандық бірліктің мықты екендігін көрсетпекке тырысты. Сонымен қатар діни шарттардың орындалуы, қажыға бару мәселесі жөнінде де жиірек жариялап отырды. Мәселен, газеттің 23 санында жариялаған «Қажы жолың деген мақалада қазақтан қажыға барушылардың негізгі ережелерді білуі, оған баратын арзан жолы, жолға алатын нәрселер жөнінде толық мағлұмат берілді /5/.

Жергілікті әкімшілік орындары дін саласына қысымшылық жасағанымен де молдалардың өз жағына тарту, оларға үкімет тарапынан сый-сияпат жасау, жиын, мерекелерге шақыру сияқты құрметтер көрсетіп отырды.

1917 жылы патша тақтан түсіп, кеңес өкіметі орнағаннан кейін мұсылман дінін кері тартушы, ескіні көксеуші дін ретінде саналып, оның өкілдері

молдаларды буржуазиялық тап өкілі ретінде қарау, бұрынғы діни оқу орындарын жауып, оның орнына кеңестік жаңа мектептер салу ісін қолға ала бастады.

1918 жылдың 20 қаңтарда РКФСР Халық Комиссарлар кеңесінің шіркеу мен діни қоғамдарға байланысты заңы жарияланып, барлық діни кеңшілікке тиым салынды. Бірінші ретте шіркеудің мемлекеттен ажыратылатындығы, мемлекеттік және қандай да бір қоғамдық жұмыстар ешқандай да діни әдет-ғұрыппен жүргізілмейтіндігі, дінді сүйене өзінің азаматтық міндеттерінен бас тарта алмайтындығы, сондай-ақ діни ант беру мен қабылдаудың жойылатындығы айта келе, әрбір азаматтың қандай дінге енсе де, діннен мүлдем бас тартса да еріктілігі баса көрсетілді /6/.

Оқу-ағарту саласында реформа жүргізіліп, діни мектептердің барлығын жабу, оның орнына жаңа түрдегі еңбек мектептерін ашыла бастады. 1919 ж. 26 қаңтарда В.И. Ленин РКФСР халқы арасында сауатсыздықты жою туралы декретке қол қойып, республикалардың 8 бен 50 жас аралығындағы оқи және жаза білмейтін барлық азаматтары ана тілінде немесе қалауынша орыс тілінде сауатын ашуға еріктілігі айтылды/7/. Осы декреттен кейін 1920 жылдың маусымында В.И. Лениннің бастамасымен сауатсыздықты жою жөнінде комиссия құрылып, сауатсыздықты жою ісіне белсене кірісіп кетті.

Партия мен үкімет елдің мәдениетін алға жылжытып, халықтың мәдени салт-дәстүр, әдебиеті, өнері ілгерілетуді де негізгі міндеттерінің біріне санап, оны жүзеге асыруда кездескен кедергілерді жою қажеттігіне белсене кірісті. 1920 ж. 21 ақпанында Ресей Орталық комитетінің барлық партия комитеттеріне жіберген хатында Шығыс елдерінде діншілдік пен ұлтшылдықтың басым екендігі, бұл мәдени түрде өрлеуімізге нұқсан келтіретіндігін келтіре отырып, еңбекші халық арасында діни нанымшылықтың зияндығын түсіндіретін насихат жұмыстарын жүргізу маңызды деп санады /8/. Діни ортаға тәуелді емес мәдени ұйымдар ашу арқылы халықтың арасында ескіден келе жатқан, жаңа өмірге, қоғамға жат әдет-ғұрыптардан арылу жайында кедейлердің арасында әңгіме ұйымдастыру, олардың өздерін кертартпа дін қалдықтарына қарсы күресуге шақыруды қолға алып, тез арада іске кірісу жоспарланды. Әсіресе қыздарды қалыңмалға сату, әмеңгерлік, көп әйел алушылықты жою, молдалардың шарифат үшін деп санапсыз салық жинауын тоқтату қажеттігін баса көрсеткен болатын.

1920 ж. 10 қазанында Қазақ АКСР-нің I Құрылтай кеңесінде қабылданған қаулысында қазақ қыздарын жастай күйеуге беруге тиым салынып, отбасын құруда ерлердің 18, ал әйелдердің 16 жасқа толуы шарт болды /9/. Бұдан кейін 1920 жылы 28 желтоқсанда республика үкіметі қалыңмал алуға, көп әйел алушылық пен әмеңгерлікке де тиым салған заңы қабылданды /10/.

Қалыңмалды жою туралы декрет қабылданғаннан кейін «Ақ жол» газетіне Сара Есованың «Әйел теңдігі» атты мақаласы жарияланып, әйелдердің бостандық күні туғандығын қуана хабарлай отырып, қазақ әйелдерін теңдік жолында күресуге шақырады /11/. Ғазымбек Бірімжанов та осы газетке жариялаған «Әйел еркі» деген мақаласында қалыңмалды жою жөніндегі үкімет декретіне үн қосқан. Бұл декреттің қабылдағандығын қуанышпен жаза отырып, қазақ әйелдерінің езгі көруі, басқа ұлттардың әйелдерінің тағдырымен ұқсас екендігін келтіреді. Сөзінің дәлелді болуы үшін Герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері Август Бебельдің сөзіне жүгінеді. Мақалада оның «жұмысшылар мен әйелдерді біріктіретін нәрсе – екеуінің де езілгендігі. Жалғыз –ақ айырмашылығы – әйелдердің жұмыскерлерден де бұрын езіле басталуында: адам баласы шын құлдықтың не екенін білмейтін уақытында-ақ әйелдер құл бола бастаған» деген пікірін келтірген.

Мұнан соң автор Кеңес өкіметі мен партияның әйелдің бостандығын, теңдігін бірден қолға алмай, ол жөніндегі низамды төрт жылдай уақыт өткеннен шығару себебін түсіндірді. Низам шықса болды, қазақ-қырғыз әйелдерінің қолы теңдікке жете қалмайтынын, бостандық құқы қолданыла салмайтындығын ескертті. Ол үшін үлкен дайындықтың қажеттігін баса көрсете отырып, әлі де күрес, тартыс болатындығын түсіндірді. Оның пайымдауынша, бұл орайдағы күштің көбі әйелдердің өзіне түсуге тиіс. Ол күндерде билікке араласып, әлеумет ісін істеп жүрген еркектер болғандықтан, билік кімде болса, сол әрекет етеді дегенді ескертіп, әйелдерге белсенділіктерін арттырып, күреске шығуға үндейді /12/.

Негізінде кеңес үкіметі мәдени-ағарту ошақтары, қызыл отаулар мен керуендер арқылы діни артықшылықтарды жоюды көздеді. Бұрынғы шығарылған діни тақырыптардағы кітаптарды қолданыстан алды. Діни насихат жүргізуге қатаң тиым салынды. Бұл бір жағынан дін саласындағы қызметкерлердің халық арасындағы ықпалын жояды деп есептесе, екінші жағынан діни әдет-ғұрыпты ұстанатындарға тосқауыл қойды. Тіпті мұсылман халықтарының жаңа жылы саналатын наурыз мейрамына да тиым салды. Қорыта айтқанда, XX ғасырдың басында кең өрістеген мұсылман қозғалысын кеңес үкіметі түп-тамырымен жоюға тырысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды? Алматы, 1993.
2. Коблов Я.Д. Конфессиональные школы казанских татар. Казань, 1916. С. 72-78.
3. Жас Түркістан. 2001 №3. 24-б.
4. Тынышбаев М. Таңдамалы. Избранное. Алматы, 2001. 27-28-бб.
5. Қазақ. 1913. №23.
6. Преодолевая религиозные влияние ислама. 1917- начало 1930-х годов. Алма-Ата, 1990. С.18-19.
7. Директивы ВКП(б) и постановления Советского правительства в народном образовании за 1918-1947 гг. –М-Л., 1947. С. 118.
8. Преодолевая религиозные влияние ислама. 1917- начало 1930-х годов. Алма-Ата, 1990. С.33-34.
9. Женщины Казахстана –активные строители социализма.1918-1945. Сборник документов и матриеалов. Алма-Ата, Казахстан, 1981.
10. Образование Казахской АССР. Сб. Документов. Алма-Ата, 1957. С. 311-312, КРОММ. 5-к., 1-т., 7-іс. 58-п.
11. Ақ жол. 1921. 18 декабрь.
12. Бірімжанов Ғ. Әйел еркі// Ақ жол. 1921, 13 шілде.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала XX ғ.басында Қазақстанда өрістеген мұсылмандық қозғалыс пен дін мәселесіне арналған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена росту мусульманского движения и проблемам религии в начале XX в.в Казахстане.

ОРТА АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ—ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ МЕЖЕЛЕУДІ ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫ

Ускембаева Г.Ж.-т.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ., Ш.Ш.Уәлиханов атын.ТЭИ)

1918 ж. мамыр айында өткен Түркістан өлкесінің Ү съезінде Түркістан кеңестік Автономиясы жарияланды. Түркістан республикасының құрамына Түркістан өлкесінің бұрынғы Сырдария және Жетісу облыстары кірді.

Осы жылдың қазан айында Түркістан өлкесі Кеңестерінің ҮІ съезінде Түркістан КСР-нің конституциясы бекітілді. Бұл конституцияны қабылдауда 1918 жылы шілде айында Кеңестердің бүкілресейлік Ү съезінде қабылданған РКФСР-дің конституциясы негізге алынды. Интервенция мен азамат соғысы Түркістан республикасының РКФСР-дің құрамына енуін мемлекеттік-құқықтық түрде рәсімделуіне кедергі келтірді. Тек 1920 жылдың қыркүйек айында өткен Түркістан кеңестерінің ІХ съезінде Түркістан КСР-нің РКФСР құрамына кіруін заңды түрде рәсімдеді. 1921 жылғы 11 сәуірде БОАК Түркістан Автономиялы Кеңестік социалистік Республикасының құрылуы туралы декрет қабылдады.

Түркістан АКСР-нің құрылуы мен дамуын Орта Азияда кеңестік ұлттық-мемлекеттік құрылымының алғашқы кезеңі деп қарастыруға болады. Бұл экономикалық және мәдени дамудың әртүрлі сатысында тұрған әртүрлі тұрмыстық ерекшеліктері бар жиырмадан аса Орта Азия халықтарының басын біріктірген территориялық автономия болды.

Түркістанды ұлттық-территориялық межелеу мәселесі 1921 жылдың 11 сәуіріндегі декрет қабылданғанға дейін көтерілді. Алайда, межелеуді жүргізу үлкен дайындықты талап етті, ал осы кезде аймақта жағдай шиеленісе түсті. Аймақтағы әлеуметтік-экономикалық ахуал үздіксіз соғыстар мен көтерілістердің нәтижесінде қиындай түсті. 1920 жылдың басына дейін Закаспийде ағылшындар мен ақгвардияшылардың және біріккен Хиуа және Қоқан хандықтарына қарсы соғыс жүріп жатты. Ферғанада басмаш құрылымдары белсенділік танытса, 1920 жылдың сәуіріне дейін Жетісу майданы жойылмаған еді. 1920 жылғы маусымда Верныйда антикеңестік бүлік шықты. Тек Хиуа мен Бұхараны алғаннан кейін ғана Орта Азиядағы жаңа ұлттық-территориялық бөліністері мен қайта құрылған Қазақ АКС Р-нің шекарасын анықтау мәселесін шешуге нақты мүмкіншілік туды.

Бұрынғы Бұқара мен Хиуа хандықтарының орнына жаңадан Хиуа және Бұқара республикалары құрылды./1/1920 жылғы қазандағы Қырғыз (Қазақ) АКСР Кеңестерінің Құрылтай съезінде, Түркістанның қазақ облыстарын Қвзвқ АКСР-нің құрамына қосу мүмкіндіктері талқыланды. Аймақтағы саяси-экономикалық жағдайдың күрделі болуынан, Орталық Азияда мемлекетердің шекараларын ұлттық құрамына қарай бөлу тек 1924 жылы ғана іске асты. 1921 жылы Түркістан, Бұқара және Хорезм ұлттық республикаларын экономикалық біріктіру ісі жүзеге асты.

1920 жылдың 25 қыркүйегіндегі Жанкелдин, Әлібеков, Меңдешев және т.б. қатысқан Облбюроның мәжілісінде КССР кеңесінің съезінде республиканың шекарасын анықтауға қатысты жасалған баяндаманың тезисі тыңдалды. Мәжілістің шешімі бойынша Қазақ АКСР-іне қазақтардың Сырдария облысының Торғайға көшкенге дейінгі мекендейтін жерлері қосылсын деген шешім қабылданады. Ал осы Сырдария облысының берілетін бөлігін нақты анықтау әкімшілік бөлу секциясына жүктелді.

1922 жылдың басына қарай Түркістандағы жер-су реформасы жүргізіліп болған еді. Қазақ АКСР-і үкіметі Ұлттық Халық комиссариатына, Түркістан

Орталық Атқару Комитетіне Сырдария және Жетісу облыстарын Қазақ АКСР-нің қоластына беруі туралы нұсқау беруін өтінді. Ұлттық Халық комиссариаты коллегиясы осы мәселеге байланысты Қазақ АКСР-і өкілінің баяндамасын тыңдап, 1922 жылғы 21 наурызда «РКП(б) –ның ХІ съезінде мәжілісте аталған мәселені жан-жақты талқылап, дұрыс шешім қабылдау үшін Қырғыз республикасы мен Түркістан республикасының өкілдерін шақыру туралы шешім қабылдады. 1922 жылғы 4 сәуірде Москвада РКП(б)–ның ХІ съезінің Қазақстан мен Түркістаннан келген делегаттарының Сырдария мен Жетісу облыстарын Қазақ АКСР-іне қосу туралы мәселесі қарастырылған мәжілісі өтті. Мәжілісте: «Түркістан республикасының екі облысын (Сырдария және Жетісу облыстарын) Қырғыз республикасына қосу туралы мәселені шешу Түркістан Коммунистік партиясының Орталық комитетіне және Қырғыз РКП(б) Облыстық комитетіне алдын-ала талқыланып, шешілсін) деген шешім қабылдады /2/.

Түркістандағы екі қазақ облысын Қазақ АКСР-іне қосу туралы мәселе ұлттық-территориялық межелеуді жүргізудің Орта Азия халықтары үшін де ортақ мәселе болды. Орта Азия республикалары арасында ұлттық-территориялық межелеуді жүргізу күрделі мәселе болды. Мұндағы халықтардың тарихи байланыстарының тереңде жатуы, мен ұлттардың бір-бірімен аралас және тығыз орналасуы ұлттық республикалардың шекараларын анықтауда көптеген қиындықтар туғызды. Сондай-ақ, экономикалық орталықтармен елді мекендерді бөлу мәселелері тығырыққа тіреліп отырды. Экономиканың даму деңгейімен, халықтың ұлттық құрамы туралы статистикалық мәліметердің аздығы жағдайды одан әрі қиындатты.

1924 жылғы 16-қыркүйекте Түркістан автономиялы кеңестік социалистік республикасының Орталық комитетінің Ш-ші Төтенше сессиясы Өзбек КСР-і мен Түркмен КСР-інің қазақ аудандарын Қазақ АКСР-іне беріп, Қара-қырғыз және Тәжік автономиялы облыстарын құру туралы шешім қабылдады. Осы жылғы 25-қыркүйекте РКП(б) ОК саяси бюросы бұл шешімді мақұлдады, бірақ РКФСР-дің құрамында болатын Қара-қырғыз автономиялы республикасын құруды қажет деп тапты. Сонымен қатар Ходжейлі, Қоңырат аудандарын және ТАКСР-нің Амудария облысының Шымбвай уезін Қара-қырғыз автономиялы облысына қосып, Қазақ АКСР-інің құрамына енгізу туралы ұсыныс жасады /3/.

«Орта Азия мен Қазақстандағы ұлттық-территориялық межелеу» туралы маңызды құжат 1924 жылғы 14 қазанда өткен 11-шақырылымдағы БОАК-нің II сессиясында қабылданды. Бірінші тармақ бойынша өзбектерге ТАКСР-нің құрамынан шығып, Өзбек КСР-ін құруға құқық берілді. Екінші тармақ бойынша осындай құқыққа түркмен халқы да ие болды. Орта Азия мен Қазақстандағы ұлттық-территориялық межелеу Мәскеудегі орталықтың, соның ішінде РКП(б) Орталық Комитетінің тікелей басшылығымен, бақылауымен өтті. Осы мақсатта РКП(б) Орталық Комитетінің Орта Азиялық бюросы жанына және әр ұлттық республикалардың жеке комиссия бөлімшелері құрылды.

1924 жылы 31 қаңтарда РКП(б) Орталық Комитетінің ұйымдастыру бюросы (Оргбюро) РКП(б) Орталық Комитетінің хатшысы, әрі РКП(б) ОК-нің Орта Азия бюросының төрағасы Я.Э.Рудзутакқа Ташкентте ТүркАКСР-нің, Бұқар және Хорезм КСР-ларының жауапты қызметкерлерімен Орта Азияны болашақта ұлттық принциптеріне қарай мемлекеттік межелеудің мүмкіндігі және мақсаттары туралы кеңес өткізу туралы тапсырма берді./4/ Кеңес 1924 жылы наурызда өткізілді. Түркістанның ұлттық-территориялық межеленуі туралы Түркістан коммунистік партиясының орталық комитетінің хатшысы А.Рахымбаев баяндама жасады./5/. Кеңеске қатысушылар межелеудің жүргізілуін қолдады. ТуркЦИК-тің

төрағасы Айтақов өз сөзінде Орта Азияның ұлттық-территориялық межелеуін және Түрікмен халқының біртұтас Кеңес республикасына бірігуінің қолайлы екенін атап айтты.

1924 жылы 23-24 наурызда Ташкентте ТКП-ның ОК пленумы болды, онда ұлттық-территориялық межелеу туралы мәселе қарастырылды... Межелеудің дер кезінде көтеріліп отырғандығы, сонымен қатар межелеу туралы әртүрлі пікірлер айтылды. Осы пленумда республикадағы тұрғын халықтар арасындағы қайшылықтарды шешуде ұлттық-мемлекеттік межелеуді іске асыру керек екендігіне тоқталды.

Орталық Азия республикалары арасында ұлттық-территориялық межелеуді жүргізу аса күрделі мәселе болды. Мұндағы халықтардың тарихи байланыстарының тереңде жатуы мен ұлттардың бір-бірімен аралас және тығыз орналасуы ұлттық республикалардың шекараларын анықтауда көптеген қиындықтар туғызды. ондай-ақ, экономикалық орталықтармен ірі елді-мекендерді бөлу мәселелері көп жағдайда тығырыққа тіреліп отырды. Экономиканың даму деңгейімен, халықтың ұлттық құрамы туралы статистикалық мәліметтердің мардымсыздығы жағдайды одан әрі қиындатты. Осының бәрі үлкен дайындықпен көптеген жұмысты талап етті. Осы мақсатта арнайы (б)РКП ОК Орта Азиялық бюросы жанынан және әр ұлттық республикалардың жеке комиссия бөлімшелері құрылды.

РКП(б)-ның XII съезінен кейін Орта Азия республикаларының партия және Кеңес органдары РКП(б) орталық комитетінен Орта Азияны ұлттық территориялық жағынан межелеуді жүргізу мәселесін қарауды сұрап тілек білдірді. Қазақ АКСР үкіметі кеңестердің IV - съезінде 1924 жылы қаңтарда берген есебінде Жетісу мен Сырдария облыстарындағы Қазақ аудандарын қосу туралы мәселе орталық партия және мемлекет органдарының алдына іс жүзінде қойылды. үркістан кеңестерінің XII-съезінің делегаттары өздерінің сөйлеген сөздерінде межелеу жөніндегі мәселені тез арада шешу қажеттігін ерекше атап көрсетті.

Жергілікті ұйымдардың пікірлері анықталғаннан кейін мәселені талқылау РКП(б) орталық комитетінің Орта Азия бюросы мен орталық партия органдарына көшірілді. онымен қатар, С.Қожанов 1924 жылғы 10 наурызда өткен ұлттық-территориялық межелеуге байланысты мәжілісте Орталық Азияны федерацияға, онда да экономикалық жағынан емес, саяси әкімшілік жағынан біріктіру туралы ұсыныс жасады. Ал 1924 жылы 26 тамыздағы РКП Киробком Президиумының мәжілісінде Меңдешев ТүркАКСР-і мен арадағы шекараны межелеуге байланысты баяндама жасайды. Меңдешев республикалар арасындағы шекараны анықтауға әр елден үш адамнан өкіл қатысқан комиссияның күрделі және келісімді жұмыс атқарып жатқандығы жайлы хабардар етіп, біраз қарама-қайшылықтар тудырып отырған мәселелерге ерекше тоқталып, комиссияның ұлттық-территориялық межелеуге қатысты шешімдерінің қорытындысымен таныстырды.

1924 жылы 9-сәуірде РКП орталық комитетінің саяси бюросы жергілікті ұйымдардың ұсыныстарын қарап, ұлттық мемлекеттік межелеудің жүргізілуін негізінен мақұлдады. Орта Азияның жаңадан құрылатын республикалары мен облыстарының этнографиялық, саяси және экономикалық карталарын қосып, барлық материалдарды әзірлеп, партияның орталық комитетінің қарауына беру РКП(б) орталық комитетінің Орта Азия бюросына тапсырылды. 1924 жылы сәуірдің соңында РКП(б) орталық комитетінің Орта Азия бюросы мен Түркістан компартиясы орталық комитетінің бірлескен мәжілісінде Орта Азияны межелеуді

әзірлеу және жүргізу жөнінде жұмыс барысы қаралды /6./ Орта Азияны межелеуді әзірлеу және жүргізу жөнінде қазақ, өзбек және түрікмен қосалқы үш комиссия құрылды. Орта Азияны межелеу туралы комиссияның материалдарын қарап, РКП(б) орталық комитетінің Орта Азия бюросы 1924 жылы 12-мамырда одақтық екі республика-Өзбек пен Түрікмен және автономиялы екі облыс- Қара-қырғыз және Өзбекстан құрамында болатын Тәжік автономиялы облыстары құрылсын, ал Түркістанның қазақ аудандары Қазақ АКСР-і құрамына қосылсын деген шешім қабылдады. Комиссияның шешімдері мен РКП(б) комитеті Орта Азия бюросының шешімі партияның орталық комитетіне тапсырылды.

1924 жылы 27 қыркүйектегі РКП(б) Киробком Президиумының мәжілісінде қарақалпақ халқы атынан келген делегацияның өтініші тындалды. Мәжілісте қарақалпақ делегациясы өкілдері Досназаров пен Бекімбетов баяндама жасайды. Баяндамашылар бұрын патша заманында қарақалпақтардың жапа шеккенін және оның Кеңес билігі орнаған күннің өзінде тоқтамай отырғанын баяндайды. Олар өкіметтің межелеу басталғанға дейін олармен санаспай келгенін өкінішпен еске алып, Орталық Азия ОК бюросы Қарақалпақ автономиялы облысын құру жөнінде мәселе көтергенін, бірақ оны қай республикаға бөлетіні жайлы нақты шешім қабылдамағанын айтады.

Ұлттық территориялық межелену негізінде ТАКСР-ның бұрынғы Жетісу және Сырдария облыстарының көптеген жерлері Қазақ АКСР-не қарайтын болды. 1924 жылы қарашадан бастап бұл облыстарды басқару ісін республика үкіметі құрған революциялық комитет жүргізді. Қазақ АКСР-не қосылған жеке уездері мен болыстарының шекарасын анықтау бірнеше айға жалғасты. Межелеудің қорытындысы бойынша Қазақстанға Қазалы, Ақмешіт, Түркістан, Шымкент уездері және Әулиеата уезінің көпшілігі, Сырдария облысындағы Ташкент және Мырзашөл уездерінің бір бөлігі, Самарқанд облысы, Жизак уезінің көшпелі алты болысы ауысты. Жетісу облысынан Алматы, Жаркент, Лепсі, Қапал уездері, Бішкек уезінен Георгиев, Шу, Қарақоныс болыстары қосылды /7/.

РКП(б)-ның (1925 ж.1-7 желтоқсанда) өткен У Қазақстандық конференциясы атап өткендей, оңтүстік аудандарының республиканың басқа аудандарымен қосылуы, Орынбор губерниясында негізінен орыс халқы орналасқандықтан республика орталығын қазақ халқының тығыз қоныстанған елді мекеніне көшіру қажеттігі туындады.

ҚАКСР-нің жаңа астанасын таңдау кезінде Ақтөбе, Ақмола, Шымкент, Семей, немесе Алматы қалалары ұсынылды. Таңдау Ақмешіт қаласына түсті. 9 ақпанда ҚАКСР-інің ОАК осы мәселе бойынша шешім қабылдап, 1925 ж.6-сәуірде Бүкілресейлік ОАК-нің Президиумы Орынбор губерниясының ҚАКСР-нің құрамынан шығарылуы туралуы қаулы қабылдап, арнайы құрылған комиссияға олардың шекарасын белгілеуді тапсырды. /8/

1925 ж. 15-19 сәуірінде жаңа астанада Ақмешітте Қазақ Республикасы Кеңестерінің съезі өтті. «Кеңестердің Бесінші съезі Қазақ Республикасы ғұмырындағы елеулі бетбұрыс болды. Мұнда ең алғашқы рет республиканың барлық аудандарынан өкілдер жиналды. Арнайы шешіммен халықтың нақтылы тарихи «қазақ» атауы қалпына келтіріліп, Қазақ республикасы деп аталды. Сонымен қатар республика астанасы Ақмешіттің аты өзгертіліп, Қызылорда деген жаңа атқа ие болды. Осы күндері мерзімді басылымдар, тіпті ғылыми басылымдардың өзі одақтас республикалар арасындағы шекара орталықтың басқаруымен белгіленді деп жазып жүр. Орталық мемлекеттік мұрағат, Республика Президенті мұрағаттарының құжаттарына сүйенсек, бұл мәселелермен БОАК-нің арнайы құрылған әкімшілік комиссиялардың, атқарушы

және заң орындарының айналысқанын көреміз. Болашақ шекараны белгілеудегі жергілікті билік органдарының және тұрғылықты халықтың пікірімен санаса отырып қабылдаған шешімдері жиі-жиі «делимитизация» терминімен белгіленбесе де, хаттамалар, актілер, шекараны көрсетулері бұл заңды терминнің бүкіл белгілерін айқындап берді.

1925 жылы Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеу аяқталды. Осы кезде Қазақ АКСР-інің құрамына Сырдария және Жетісу облысы, Қара-Қалпақ автономиялы облысы, Самарқанд облысы және көптеген уездер қосылған болатын. Осындай қиын жағдайда қазақ халқының тарихи жерлері өз иелеріне қайтарылды, жерлердің қосылуынан республика халқының саны өсіп, 1926 жылы санақ бойынша 6,6 млн адам болса, оның 3,6 млн қазақтар еді, яғни, қазақтар республика тұрғындарының 61%-құрады, орыстар - 1,2 млн. (18%), украиндықтар - 0,8 млн. (12%) /9/.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нусупбеков А. Объединение казахских земель в Казахской Советской социалистической республике. Алма-Ата, 1953. С.56
2. ҚРОММ, қ.196, жазба 2, іс 1, 42-46 бб.
3. ҚРОММ, қ.196, жазба 1, іс 8, 28 б.
4. Маймақов Ф. Қазақ жері тұтастығының қалыптасуы. Алматы, 2005. 5.б
5. Нусупбеков А. Объединение казахских земель в Казахской Советской социалистической республике. Алма-Ата, 1953, С.60
6. ҚРОММ, қ.196, жазба 1, іс 85, 25 б.
7. ҚРОММ, қ.196, жазба 1, іс 8, 28 б.
8. ҚРОММ, қ.30, жазба 1, іс 659, 11 б.
9. Қозыбаев М.К., Алексеенко А.Н., Алексеенко Н.В., Романов Ю.И. Этноссы Казахстана. Астана, 2001.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала Орта Азия мен Қазақстандағы ұлттық-территориялық межелеуді іске асыру барысының мәселелеріне арналған. Мақалада ұлттық-территориялық межелеудің ұйымдастырылуы, оны шешуде атқарылған жұмыстар, оның нәтижелері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются проблемы национально-территориального размежевания в Средней Азии и Казахстане. Организация и ход проведения национально-территориального размежевания и ее итоги.

ЖАЛПЫ ТАРИХ**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫН КЕЗЕҢГЕ БӨЛУ МӘСЕЛЕСІ**

Бисембаева Л.А. - аға оқытушы (Алматы қ., Қазмемқызпу).

Ежелгі дүние мен орта ғасырлардағы хронологиялық шеңберлерге қарағанда жаңа заман шеңберлерінің айырмашылығы нақты анықталмаған және отандық тарих ғылымында бекітілмеген болып табылады. Жаңа заман тарихы хронологиясына байланысты пікір – таластар 1990 жылдан бастау алады.

Әлі күнге дейін көптеген отандық, ресейлік ғалымдар дүние жүзі тарихын кезеңдеуде маркстік көзқарасты ұстанады. Ол бойынша жаңа заман 1640 -1918 жж. аралығын қамтиды және 2 кезеңге бөлінеді:

1). 1640-1871 жж. – қоғамда капиталистік қатынастардың тұрақтанып, төңкерістік құрулар арқасында ескі феодалді формацияның құлдырау кезеңі. Әлем сахнасында батыс елдерінің біртіндеп алға шығып, олардың даму қарқынын анықтай бастайды.

2). 1871-1918 жж. – капитализмнің ең жоғарғы деңгейі – империализмге өту кезеңі. Сонымен қатар атаулы уақыт I дүниежүзілік соғыс пен 1917 ж. әлемдегі тұңғыш социалистік мемлекет орнатқан Қазан төңкерісі нәтижесінде туындаған капиталистік қатынас жүйесінің күйзелісімен сипатталады.

Осылайша, марксистер жаңа тарих негізін капиталистік формацияның қалыптасуымен және дамуымен ұштастырады. Сондықтан олардың басталу кезеңін XVII ғ. II-жартысы мен – XVIIIғ. жататын төңкерістермен, өндірістік қатынастармен байланыстырады.

Тарихты кезеңге бөлу мәселесі тарихшылар мен бірге қоғамтану ғылымдарының басқа да өкілдерін, экономистерді де толғандырады. Тарихшылардың көпшілігі XV-XVI ғасырлардағы жаңа кезеңді Ұлы географиялық ашулармен, Ренессанс және Реформация дәуірінен бастағанды жөн дейді. Ал келесі бір пікір айтушы топ, бұрынғы кезеңге бөлуді сақтай отырып, оның негізгі мәселелеріне ғылыми тұрғыдан қарауды, тағы да бір пікірлер жаңа замандағы ұлы оқиғалар деп саналатын Ұлы Француз буржуазиялық революциясы сияқты оқиғаларды жаңаша тұрғыдағы пайымдаулармен толықтыру қажеттігін айтады. А.Я.Гуревич маркстік диалектика заңдылығының жалпы идея мен материя сияқты философиялық категорияларды ұғыну арқылы кезеңдерге бөлуін жаңаша ұғымдық қолданыста қабылдау қажеттігін жақтайды/1./

Тарих қойнауына шегініс жасайтын болсақ, көне заманда, бір құдайлыққа табыну сатысында тарихқа деген провенциялық, яғни адамзат тарихы Құдайдың еркімен алдын ала болжанып қойылады деген көзқарас кең таралғаны белгілі. Ал, бертін келе, Қайта өрлеу заманынан бастап зиялылар тарихты ақыл-оймен ұштастырып, оны зерде заңдылықтары арқылы дамып жатқан құбылыс ретінде түсінуге тырысты. Бұл сарынның өкілі – Д.Вико. Оның ойынша, тарих ғылымы – ой елегінен өткізілген адамзаттың өз іс-әрекеті. С.Симон, Р.Оуэн, Ф.Морелли бастаған ағартушылар: «Ғылым мен халықты ағарту арқылы жер бетінде бақытты қоғам орнатуға болады» - деді.

XVIII ғасырда немістің ұлы философы Гегель адамзат тарихын заңды түрде дамып жатқан құбылыс ретінде түсінуге бет бұрды. Оның ойынша, адамзат тарихы - өзін өзі тану жолындағы Дүниежүзілік рухтың даму сатылары. Мұндай көзқарас француз ағартушылары – Вольтер, Монтескьенің тарихтың қозғаушы күші – адамдардың ой-жоспарлары, жақсы жасалған заңдар, т.с.с. деген ой-пікірлеріне қарсы келді. Дегенмен, Гегельдің идеалистік тұрғыдан болса да,

адамзат тарихының дамуын ауқымды да әртүрлі болмыс деп көрсеткенін байқаймыз.

XVIII және XIX ғасырлар тоғысында тарих ғылымының философиясы жеке ғылыми сала тұрғысында қалыптаса бастады. Осыған байланысты философтар тарихтың теориялық, методологиялық мәселелеріне талдау, жүйелі тұжырым жасай бастады.

Тарихтың философиялық заңдылықтарын, оны ұғынудағы методологиялық негіздер мен әдіс өлшемдерін зерттеуге неміс философы, тарихшы Освальд Шпенглер, итальяндық философ Бенедетто Корче, ағылшын тарихшысы Арнольд Джозеф Тойнби, американдық ғалым Питирим Сорокин, неміс философы Карл Ясперс елеулі еңбек сіңірді.

Бүгінгі тарихнамадағы тарихты кезеңдерге бөлу мәселесі тарихнама саласының күрделі мәселелерінің бірі. Шетел тарихымен айналысатын ғалымдар арасында да әр дәуірлердегі жетістіктерді талқылау мен негізге алу төңірегінде де әртүрлі пікірталастар өрбиде. Бұрынғы кеңестік оқыту әдістемесінен бас тартып, жаңаша ойлау стейоретиптеріне жүгінетін ізденушілер, ғылымның ұтқыр жақтарын қарастыра отырып, оқыту тәсіліне оның ықшам бағыттарын енгізуге тырысуда. Басқаша айтар болсақ, 1934 жылы И.В.Сталиннің нұсқауымен қабылданған әдеттегі жаңа және қазіргі заман тарихын кезеңдерге бөлу дәстүрінен бас тартуға тырысуда. Жалпы, осыған дейін Еуропа мен Америка елдерінің жаңа заман кезеңдері тарихын оқытудағы негізге алынып келген дәстүрлі кезеңге бөлу, өзінің әдістемелігі жағынан шын мәнінде түбегейлі емес және тарихи мәліметтерге қарама – қарсы болды /2/.

Ежелгі дүние мен орта ғасырлардағы хронологиялық шеңберлерге қарағанда жаңа заман шеңберінің айырмашылығы хронологиялық байланыста, шетелдер тарихында оқыту саласында жаңа заман кезеңінің хронологиялық шегі өзгеше.

Ол бойынша атаулы кезең XV-XVI ғғ. басталып, XIXғ. аяғында аяқталады.

Түрлі көзқарастарды қарастыра келе жаңа заман тарихын кезеңдеудің төмендегідей нұсқауларын көрсетуге болады:

1). XVI-XVII ғғ. басы – кейінгі орта ғасыр немесе ерте жаңа заман . Қайта өрлеу мен капиталистік қатынастардың қалыптасу дәуірі. Орта ғасырдан жаңа заманға өту кезеңі.

2). XVII ғ. ортасы мен XVIII ғ. аяғы индустриалды өркениеттің қалыптасуы, ағартушылық заманы. Либерализмге өту мен бірте – бірте феодализм қалдықтарынан құтылумен сипатталады.

3). XVIII ғ. аяғы - XIX ғ. басы (1789-1815) – Ұлы француз революциясы мен Наполеон Бонапарт дәуірі. Өндірістік өркениетке көшу мен біртіндеп буржуазияланудың алға шығуы.

4). XIX ғ. – дамыған индустриалды өркениет, өндірістік төңкерістер, еркін нарық, буржуазиялық революциялар, ұлт-азаттық қозғалыстар дәуірі.

5). XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басы – жаңа заманнан қазіргіге өту кезеңі. Мемлекетаралық экономикалық және саяси қатынастардың ушығуы.

Жаңа заманға тән ерекшеліктер мен айырмашылықтарға келетін болсақ, бұл заманның да адамзат тарихының басқа да дәуірлері сияқты оны басқа кезеңнен ажыратуға мүмкіндік беретін өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл дәуірде орта ғасырда туындаған идеялар мен процестердің жүзеге асырылуы, яғни қазіргі өркениет әлемі туындаған еді. Жаңа заманда олардың идеяларынсыз біз қазіргі жағдайға жетпес едік.

1). Жаңа заманның басты қыры – бұл жаңа әлеуметтік қатынастардың жаңа негізі – капиталистікке өтуі.

2). Осы негізде жаңа өндірістік өркениет қалыптасты, Оған бастау болған XVIII ғасырда белең алған Англиядағы өндірістік төңкеріс еді. Қазіргі уақытта маңыздылығы өрбіп тұрған машиналар саны алғашында өндірістік, одан кейін қоғамның басқа да салаларында сандары көбейе түсті.

3). Әрине, жаңа заман дәуірінде бірінші орында буржуазия болды. Ол барлық төңкерістердің қозғаушы күші болды, экономикалық, халықаралық және ішкі саясатты, құндылықтарды, қоғамдық талғамдарды анықтады (әсіресе, XIX ғ.). Буржуазиялық құндылықтар, буржуазиялық психология деген ұғым пайда болды. Жетістіктің басты, әрі маңызды критерийлері ретінде ақша алға шықты. Баюға деген ұмтылыс адамның ой-санасында басты мақсатқа айналды. Бенджамин Франклин: «Қамтылған адам болсаң ғана тәуелсіздік сенің қорғаның бола алады» деді. Осы себептен жаңа заман өркениеті – буржуазиялық төңкеріс болды.

4). Өндіріс пен сауда қалалармен олардың маңында шоғырланғандықтан қалалар рөлі артып, урбанизация басталды. Алғаш рет тарихта қала ауылды ығыстырып, экономикалық үстемдік алды.

5). Өмірдің барлық сферасында демократияландыру жүрді. Қайта өрлеу мен ағартушылық идеялары адамдар санасын шіпкеу мен дін қысымынан азат етіп, діни шыдамдылық пен атеизмнің дамуына себеп болды. Шіркеу адамдар алдындағы бұрынғы қасиетті ықпалы мен құдайлық санкциясынан айырылды. Жаңа заман – төңкеріс, халықтың құқықтарын бекіту кезеңі қажет болған билік пен билеушілерге толы болды.

6). Жаңа заман сонымен қатар адамдардың жаппай тұлғаларға айналуымен және олардың даму еркіндігінің жоғарғы деңгейімен сипатталады. Адамдардың бейнесі, өзінің өмірдегі орны мен рөлі жайлы елестетулері мен құндылықтар жүйесі өзгерді. Тұлғалардың еркіндіктері мен құқықтарының кепілдіктері біртіндеп бірінші орынға шықты. Бұрындары қоршаған орта мен қоғам тұрақтылығына сенімді болған жаңа заман адамның қоғамды да, табиғатты да бақылауына болады деген қорытындыға келеді.

7). Жаңа заманда оқиғалар тығыздығы көтеріліп, уақыт жылдамдығы артты. Егер ежелгі дүние дәуірі бірнеше мың жылдарға, орта ғасырлар – 10-нан аса ғасырларға созылса, жаңа заман үш немес төрт ғасырға созылды. Капиталистік адам үнемі асығып жүрді, өйткені кіріс көлемі сенің қаншалықты тез шешім қабылдауыңа және өндірістің қаншалықты қарқынмен жаңа жүйеге енуіне байланысты. Франклиннің: «Уақыт – ақша» деген нақты сөзі атаулы дәуірдің лозунгіне айналды.

8). Жаңа заманда өткен дәуірмен салыстырғанда табиғат пен қоғам жайлы білім әлдеқайда қарқынды дамыды. Ғылымның дамуы жаңа заманның басты процестеріне, ал ғылыми дәлелдемелердің техникалық өнертапқыштар жемісіне айналуы қоғамдық дамудың басты қозғаушы күшіне айналды. Френсис Бэконның ғылым адамға әлемді басқару құзыреттілігін берітіндігі жайлы идеясы адамдардың ой – санасының өз алдында туындайтын барлық мәселелерді шеше алады деген сенімін тудырды. Ал, сол кездегі ғылым жетістіктері адамдардың өздеріне қарсы айналып шықты. Қарулы соғыстар арқылы бір ел екіншісін жаулап алды.

9). Алғаш рет жаңа заманда әлем бірегей қалып ала берді. Жыл өткен сайын әлем картасында «ақ дақтар» азая берді, жаңадан ашылған жерлер мен елдер қатары көбейді, ендігіде бір-бірінен оқшау даму жолына түсу мүмкіндігі болмады,

теңіздер мен мұхиттар қаншалықты тосқауыл болса, адамдар қатынастарын соншалықты жақындастырды. Стратегиялық мақсаттар ортақтығы мен сауда құрлықтардың бәрін өзара байланыстырды.

10). Мемлекеттер мен халықтар даму деңгейі бірден болмады: дамыған орталық пен тәуелді, артта қалған периферия пайда болды. Жаңа заман өркениетінің орталығы Еуропа мен Солтүстік Америка болды, периферияға олардың отар иеліктері Азия, Африка, Оңтүстік Америка ығыстырылды. Сондықтан жаңа өркениетті Еуроамерикалық немесе Еуроатлантикалық деп атауға болады. Батыс-шығыс әйгілі қарсылығы туындады. Жаңа заман Еуропалықтары өздерінің шығыс әлеміне деген үстемдіктеріне сенімді болды, шығыста батыстағы сияқты құмарлы әрі кәсіпкер адамдар жетіспеді. Екінші жағынан, алдыңғы қатарлы құрлық мемлекеттері арасында бөлінулер болды. Жаңа заманның аяғында Ұлы державалардың ұзын саны 8 еді, олар: Ұлыбритания, Франция, Ресей, Германия, Австро-Венгрия, Италия, АҚШ, Жапония және кіші елдер (Солтүстік, Орталық, шығыс және Оңтүстік Еуропа елдері). Алайда, бұл қол жеткізген біріншілікті ұстап тұру аса қиынға түсті, өйткені жаңа дәуір саяси және экономикалық құрылымдардың үнемі жаңалануын талап етті.

11). Жаңа заманда халықтарда мемлекеттерімен ғана емес, сонымен қатар өнеркәсіптерімен ерекшеленген ұлттар да қалыптасты. XIX ғ. аяғында ұлт тәуелсіздігі мен суверенитет жолында ұлттық қозғалыстар бел алып, ұлтаралық қақтығыстар жиеледі.

Осылай орта ғасырдан қазіргі заманға өтпелі этап ретінде жаңа заман қазіргі өркениеттің негізін қалады. Олай болса өркениеттің басты көрсеткіштері қандай, соған тоқталайық:

- дүниені антропоцентристік қозқараспен түсінетін адам тарихы;
- дара өркениетті бөліктердің қоғамдағы жалпы дүниежүзілік өркениетке еуропалық және еуроамерикандық өркениеттердің әсерімен бірігу тарихы;
- индустриалдық өркениеттің пайда болып, дамуы және тоқырау тарихы;
- мәдени – тарихи дәуірлердің алмасу тарихы (Қайта өрлеу, географиялық ашулар, Реформация, ағартушылық, техникалық және ғылыми прогресс) ;
- жалпы өркениеттілік құндылықтардың қалыптасу тарихы. /3./

Алайда, осы жоғарыда аталғандардың бәрі орта ғасырды жаңа құбылыстар алдында шегінді дегенді білдермейді. Испанияда инквизиция 1826 жылы жұмыс істеді. Бұл жылы отқа соңғы еретик өртелген еді. Қоғам ұзаққа дейін сословиелерге бөлінді, шаруалардың феодалдық тәуелділік формасы түпкілікті жойылмады. Әрбір Еуропалық мемлекет бұл жүйені өзінше, өзіндік хронологиялық шеңберімен құрады. Міне, осы себептен жаңа заманды кезеңге нақтылап, бірдеңені анық айту өте қиынға соғады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гуревич А.Я. Исторический синтез и школа «Анналов». М., 1993
2. Мәшімбаев С.М. Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы. А., 2005.
3. Мишина Л.А., Жарова В.Н. Становление современных цивилизаций. М., 1995.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жаңа заман тарихын кезеңге бөлу мәселесінің тарихнамасы, методологияға қатысты ойлар берілген.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются историография по проблемам периодизации и методологии истории нового времени.

ПЕРВЫЕ ШАГИ СТАНОВЛЕНИЯ ТУРКЕСТАНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА.

Дорошенко Т.И. – к.и.н. доцент.
(г.Ташкент. НУУ имени Мирзо Улугбека)

12 мая 2008 г. юбилейная дата - исполнилось 90 лет со дня основания Национального университета Узбекистана. Именно этот день ныне, в соответствии с указом Президента Узбекистана от 28 января 2000 года, объявлен датой основания Национального университета Узбекистана, преемника Туркестанского народного университета.

Идея о создании в Ташкенте высшего учебного заведения, не единожды высказывавшаяся в различных кругах еще с начала XX века, обретала постепенно, что называется, "плоть и кость" благодаря как стараниям туркестанской интеллигенции, так и поддержке российской научной общественности.

В сентябре 1917 года вопрос о создании университета в Ташкенте обсуждался в Петрограде в Министерстве просвещения. В совещании участвовали известные ученые - В.И. Вернадский, Е.Е. Жуковский, В.В. Бартольд, М.И. Марр и другие. Активную поддержку этому вопросу оказал востоковед С.Ф. Ольденбург, который как раз в то время являлся министром просвещения Временного правительства. Отмечалось, что этот университет не только станет играть роль образовательного центра, но и будет призван вести "всестороннее изучение края в историческом, филологическом, этнографическом, археологическом и правовом отношении", обращая особое внимание на "изучение истории, культуры и языка Востока".

29 июня - 1 июля 1918 года (уже при Советской власти)) Наркомпрос РСФСР созвал совещание по вопросу об организации Ташкентского университета./1/ На совещании присутствовали представители ведущих российских вузов. Петроградские востоковеды были представлены В.В. Бартольдом и А.Э. Шмидтом, который был избран членом нового оргкомитета по образованию Туркестанского университета. В августе 1919 года вместо оргкомитета было организовано правление создаваемого ташкентского вуза. Главой правления был избран известный ученый-почвовед Н.А. Димо, а его заместителем А.Э. Шмидт.

Параллельно работа по созданию университета велась и в Ташкенте. Группа ученых и общественных деятелей Туркестанского края (В.И. Романовский, М.И. Слоним, Г.М. Сваричевский, А.П. Шишов, Р.Р. Шредер и др.) создали в начале 1918 года общество ревнителей высшего образования. Их стараниями 21 апреля того же года был открыт Туркестанский народный университет. Торжественное открытие, в котором приняло участие порядка двух тысяч человек, состоялось в так называемом Доме свободы (с 1910 до 1917 года в этом доме находилось Общественное собрание, а первоначально дом был построен для хлопкозаводчика Вадьяева; в советские годы здесь помещались Республиканская детская библиотека и ныне там находящаяся). Первым ректором был избран А.В. Попов.

12 мая 1918 года силами местной национальной интеллигенции состоялось открытие в старгородской части Ташкента Мусульманского народного университета. Его ректором становится Мунаввар Кары Абдурашидханов. Вскоре оба университета сливаются в один. Именно 12 мая, как было сказано выше,

считается датой основания Национального университета Узбекистана, преемника Туркестанского народного университета.

Первоначально было открыто 5 факультетов: литературно-философский, социально-экономический, естественно-математический, сельско-хозяйственный, технический /2/

В декабре 1919 г. Туркестанский народный университет переименовывается в Туркестанский Государственный университет. Ректором назначается Н.А.Димо./3/

10 апреля 1920 года в Ташкент прибыл военно-санитарный поезд №159, отправившийся из Москвы. Поезд доставил первую группу ученых из вузовских центров России - кадровое пополнение для молодого университета. Туркестан в течение 1920 года получил из центра 43 профессора, 43 преподавателя, людей в большинстве случаев высокой академической квалификации и около 70 вагонов ценного оборудования и литературы. Привезенное из Москвы оборудование и прибытие квалифицированных научных работников дало возможность дальнейшего развития университета.

С 1920 года на всех факультетах Туркестанского государственного университета вводится преподавание сартовского языка, как обязательного языка необходимого для всех будущих работников университета./4/

В 1921 году правление ТГУ принимает решение об обязательном изучении для всех студентов Университета одного из местных языков. Преподавание местных языков было рассчитано на двухгодичный курс./5/ На основных факультетах Университета вводилось преподавание узбекского или киргизского(казахского) языков. Для этого требовались опытные преподаватели, знающие русский и указанные языки. Однако таковых было мало, поэтому из-за нехватки специалистов, преподавание велось лишь на некоторых факультетах.

В первые годы существования Туркестанского университета, студентов из числа лиц коренных национальностей было очень мало. Это объяснялось в первую очередь общей слабой подготовкой, незнанием русского языка, материальными трудностями, а также тем, что в этот период принимались в университет в основном лица пролетарского происхождения, что также затрудняло для многих поступление в ВУЗ.

Вопрос о коренизации ВУЗа ставился неоднократно, не только перед руководством университета, но и в партийных органах республики.

В 1921 г. был создан рабочий факультет, основной задачей которого была подготовка рабочих и дехкан местных национальностей на основные факультеты Университета. Рабочий факультет имел 9 семестров. На 1, 2, 3 семестр принимались лица исключительно из местных национальностей, на остальные семестры- местные национальности не менее 35 %. По происхождению принадлежащие к рабочим, батракам, колхозникам и их детям, проработавшим в качестве наемных рабочих физического труда не менее 3 лет.

К 1923 году Туркестанский государственный университет и в отношении набора студентов и в отношении научно-исследовательской работы вышел за пределы Туркестанской республики, обслуживая Бухару, Хорезм и Киргизскую республику.

27 августа 1923 года Коллегия Наркомпроса Туркестанской республики постановила переименовать Туркестанский государственный университет в Среднеазиатский государственный университет./6/ Ректором был избран проф. А.Л.Бродский.

После национально-государственного размежевания Средней Азии, перед САГУ стала прямая задача обслуживания всех среднеазиатских республик, а

также Казахстана. Университет становится вузом межреспубликанского значения. Прилив студенчества из коренного населения несколько увеличился. Это объяснялось общим изменением принципиального значения Университета, ставшим Среднеазиатским и субсидируемым Среднеазиатскими Республиками и льготами для поступления лицам из коренного населения.

Так например, если в 1921 году в университете обучалось – 12 узбеков, 22 – казаха, 12- таджиков, 11- туркмен, то уже в 1923 году – 124 узбека, 117-казахов, 13- таджиков, 27- туркмен. Таким образом, представители местной национальности в 1921 г. составляли всего 3% всех студентов Университета, в 1923г. – 14,4 %./7/

Неоднократно поднимался вопрос и о преподавании местных языков, он стал настолько необходим, что согласно принятого университетом положения с 1924-25 учебного года вводилось обязательное изучение коренных языков на всех факультетах САГУ./8/ Кроме этого для самих преподавателей организовывались кружки по изучению местных языков.

В 1925-26 учебном году контингент студентов из лиц местных национальностей несколько вырос. Больше всего было принято казахов – 225 , узбеков – 26, таджиков -23, кара-киргизов-35, туркмен -27. Всего студентов было 3412, из них коренного населения – 616./9/

Но не все было просто впервые годы становления университета, это как было сказано выше нехватка высококвалифицированных специалистов в той или иной области, слабая общеобразовательная подготовка студентов, к этому добавлялись идеологические воззрения на видение в советский период высшего образования. Некоторые студенты были отчислены из стен ВУЗа из-за своего социального происхождения, которое они скрыли при поступлении, но органы ОГПУ, в дальнейшем это выявили. Хочется привести один пример по этому поводу. Например, в 1931 г. университетскими организациями был поднят вопрос об исключении из университета студента Шаскольского, сына бывшей ссыльной эсеровки Брюлловой-Шаскольской. На защиту студента встала беспартийная часть научных работников университета, среди них имеющие большой вес – А.Л.Бродский, М.Слоним, Ярошевич и др. Причем один из них заявил: «что этот факт последняя капля, после чего он даже выйдет в отставку, потому что в СССР нет не только элементарной, но и революционной законности/10/. Чем закончилась эта история, к сожалению проследить по архивным документам не удалось. Но, думаю, что парторганизация университета и ОГПУ не оставили этот факт без внимания.

Приведем еще один пример того, что в университет принимались студенты «правильного социального происхождения». После закрытия Казахского Педагогического института, Наркомпрос Казахстана попросил перевести в САГУ - 22 человека, слушателей КазпедВуза. Из них были приняты лишь 16, остальные шесть, как было указано ОГПУ являются социально-чуждыми элементами и поэтому приняты быть не могут, а именно: Тлеубердин – из зажиточных середняков, Гексенбаев – бай, Бейсанов – из ханов, Алимкулов – бай, Исхаков – алавердинец, Мустафаев – имеет тесную связь с баями и защищает их./11/

В 30-е годы пострадали не только студенты, но были репрессированы и многие преподаватели университета. Только 11 преподавателей Восточного факультета в 1932 году были осуждены по пресловутой 58 статье, сроком на 2 года (А.А.Шмидт, А.А.Семенов, П.Е.Кузнецов, М.А.Андреев, М.Д.Гаврилов, А.В.Панков, И.И.Умняков, Н.Г.Маллицкий, Н.Н.Фиолетов, Д.С.Граменицкий, А.А.Гаррицкий) Некоторые из них проходили ссылку в г.Чимкенте./12/

Но несмотря, ни на какие исторические коллизии, университет продолжал развиваться, совершенствоваться и готовить высококлассных специалистов. В 30-е годы от него отпочковались и стали самостоятельными 20 высших учебных заведений и 4 научно-исследовательских институтов.

Сегодня Национальный университет Узбекистана являясь преемником Туркестанского университета добился огромных достижений, получил признание за рубежом сформированы крупные научные школы по математике, химии, физике, геологии, биологии, географии, истории и др. Подготовлено десятки тысяч квалифицированных специалистов, в том числе видных деятелей науки, культуры и общества.

ЛИТЕРАТУРА

1. Госархив г.Ташкента. Ф.-Р-38. Оп.1,ед.хр.2, л.80.
2. Госархив г.Ташкента.ф.-Р-38.оп.1, ед.хр. 21, л.170.
3. Там же. Ед.хр. 28. л.2.
4. ЦГА РУз, ф.Р-368,оп.1, д.41,л.36.
5. ЦГА РУз.ф.Р-368,оп.1, д.92,л.67.
6. ЦГА Р Уз. Ф.-Р-41, оп.1, д. 1778, л.24.
7. Там же ф.738,оп.1,д.4,л.98.
8. Там же. Ф.368,оп.1,д.266,л.13-14.
9. Там же. Д.289,л.20.
10. ЦГА РУз, ф.368, оп.3,д.8, л.30.
11. Там же. д.3, л.38
12. Там же. Ф.-Р-2231, оп.1, д.150, л.28

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Ташкент қаласындағы Түркістан университетінің құрылуы мен қалыптасуы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается история образования и становления Ташкентского Госуниверситета, которому исполнилось 90 лет.

К ВОПРОСУ УРБАНИЗАЦИИ УЗБЕКИСТАНА

Муртазаева Р.Х.-д.и.н. профессор
(г.Ташкент, НУУ им. Мирзо Улугбека)

Урбанизация представляет собой сложный социально-экономический, географический и демографический процесс формирования и развития городов и роста городского населения. В широком, социальном смысле, урбанизацию можно рассматривать как распространение городского образа жизни.

В глобальном масштабе процессы урбанизации в различных странах существенно различаются. Республика Узбекистан также имеет свои специфические национально-географические особенности формирования и

развития урбанизации, с учетом которых и строится национальная политика в этой сфере.

В настоящее время в Узбекистане проживает 26,3 млн. человек, в том числе около 9,5 млн. городского населения. Таким образом, статистический, официальный уровень урбанизации современного Узбекистана составляет 36,1%.

Процесс формирования городов и развития урбанизации Узбекистана имеет древнюю историю. Однако современные черты городского расселения и особенности урбанизации республики всецело сформированы в советский период развития, когда Узбекистан был в составе Советского Союза.

В период независимости проводится национальная политика урбанизации. Отличительным моментом современного этапа урбанизации является создание инфраструктуры городов, благоустройство их, восстановление исторических памятников и т.д. Количественный рост городов остановился в пользу их качественного улучшения. Постановление Олий Мажлиса Республики Узбекистан от 4.04.2002 г. «О введении в действие градостроительного Кодекса Республики Узбекистан» сыграло огромную роль в регулировании градостроительной деятельности, в усилении работы специального уполномоченного государственного органа – Государственного комитета Республики Узбекистан по архитектуре и строительству и его областных управлений и т.д.

Вопросы изучения демографических процессов во второй половине XX века, встали в центр внимания исторической науки в связи с тремя основными моментами. Во-первых, стало возможным обсуждение в открытой печати запретных в течение многих десятилетий тем по истории народонаселения; во-вторых, исследователи получили с конца 80-х гг. доступ к строго засекреченным архивным материалам, прежде всего статистическим; в-третьих, - эти проблемы актуализировались в связи с демографической ситуацией, сложившейся в Узбекистане в начале XXI века, корни которой уходят в прошлое, в том числе в период с середины 1940-х до конца 1980-х годов.

До конца 1950-х гг., научных исследований по истории демографических процессов в советскую эпоху проводилось недостаточно, что было обусловлено недоступностью основных источников, прежде всего демографической статистики. Немногочисленные публикации, по истории народонаселения, вышедшие в этот период, были посвящены социально-производственной структуре населения, а также хронологически ограничены 20-ми годами XX века/1/. Все же развитие науки о народонаселении в эти годы не остановилось.

В 1960-х - 1970-х гг. произошел рост числа исследований по проблемам народонаселения. Рассматриваемый период явился временем, когда появляются первые работы, по общему изучению населения Узбекистана в советский период. Значительную роль в развертывании научной деятельности сыграло проведение переписей населения 1959, 1970, 1979 гг.

Исследователи обратились к изучению тем, которые ранее почти не находили освещения. Особенно большую работу провели М.К.Караханов и И.Р.Мулладжанов, опубликовавшие труды по демографической истории Средней Азии и Узбекистана/2/.

Как известно, изучение демографических процессов велось преимущественно экономистами, географами, демографами, не ставившими задачу изучения демографических процессов в исторической ретроспективе. Так, демографические сюжеты остались на периферии научных интересов историков.

Перед историками Узбекистана встала задача по разработке изучения демографических процессов в исторических трудах.

Новая стадия развития изучения народонаселения Узбекистана началась после приобретения независимости. Появилось немало интересных научных трудов, в которых с качественно новых теоретико-методологических позиций и общемировых принципов научного познания переосмысливаются многие узловые вопросы отечественной историографии, в том числе и исторической демографии страны.

В годы независимости активизация историко-демографических исследований стала результатом, не только исторической науки, но и развитием демографической науки. Теоретические вопросы взаимосвязи наук в изучении народонаселения, под контекстом историко-демографических аспектов исследуются в монографии авторского коллектива: О.Атамирзаева, В.Генштке, Р.Муртазаевой «Узбекистан многонациональный: историко-демографический аспект»(1998г). Большим успехом исследования явилось то, что работа такого плана была создана впервые и способствовала активизации творческого изучения проблем демографических процессов в стране.

Эти же авторы в следующей своей монографии «Межнациональная толерантность в Узбекистане: история и современность» (2004г.), на основе социологических исследований, рассмотрели роль межэтнической толерантности в историческом аспекте.

Изучение формирования многонационального состава населения Узбекистана в XX веке, а также раскрытие их исторических корней с древнейших времен, создало прочную основу для методологических аспектов проблем народонаселения.

Среди разных исследований, имеющих отношение к исследуемой теме, необходимо, отметить книгу «Историко-демографические очерки урбанизации Узбекистана»/3/.В исследовании на основе широкого круга источников, авторский коллектив рассматривает весь комплекс вопросов развития урбанизации в Узбекистане. Изучение демографических проблем, максимальное включение демографического материала в арсенал исторической науки обогащает его, расширяет фронт исторических исследований, помогает более глубокому и основательному решению ряда коренных задач, стоящих перед историками.

В свою очередь, говоря о совместных усилиях ученых исторической и демографической наук в изучении истории демографических процессов современности необходимо отметить следующее. Творческий контакт историков и демографов способствует успешному изучению демографической проблематики, столь важной как национальная концепция развития расселения и урбанизации Узбекистана.

Характерной чертой, исследований на данной стадии, является активизация ученых на коллективное решение проблем историко-демографических процессов Узбекистана. Во всех этих работах содержится немало интересного материала, они, безусловно, представляют собой огромный вклад в исследование истории народонаселения страны.

В 1995г. вышла в свет монография Д.Б.Бабаджановой «Демографические процессы в Узбекистане и их особенности». Основное внимание уделено анализу численности населения, проблемам миграции в 70-х - 80-х-гг. Особый интерес представляет характеристика взаимосвязи проблем экологии и охраны здоровья населения с важнейшими демографическими процессами: использование трудовых ресурсов, расселение и занятость населения. Вместе с тем, черты миграционных процессов характеризуются в учебном пособии для преподавателей «Социально - экономические отношения в Узбекистане»

(1999г.)/4/.Автор анализирует эволюцию демографического фактора в межнациональных отношениях, показывает ее конкретные социально-демографические последствия.

В этот период появились исторические исследования, дающие характеристику отдельных вопросов, оказавших свое влияние на развитие демографических процессов. Среди них особое место занимает изучение людских потерь во второй мировой войне, история депортации разных народов и национальностей в Узбекистан. Эти вопросы рассматриваются в работах Ш.Д.Пиримкулова/5/, В. Л. Генштке/6/, А.Рахманкуловой/7/, П. Кима/8/, Ш.Хайтова/9/, опирающихся на обширный круг разнообразных источников: от воспоминаний очевидцев до неопубликованных и рассекреченных в недавнее время архивных данных. Анализ литературы этой группы позволяет сделать вывод о том, что в рассматриваемых исследованиях много ценных материалов, о составе и численности населения, а также фактов демографических потерь.

Вместе с тем началось изучение истории, характера и масштаба репрессивной политики советского государства в 80-х гг. На основе архивных документов в статьях Х.Юнусовой/10/ раскрываются последствия «хлопкового дела» и исследуется рост социальной напряженности 80-х гг. в Ферганской долине.

Своеобразным показателем значительного роста в исследовательской деятельности стали научные конференции, совещания и семинары по проблемам народонаселения. Учеными Национального университета Узбекистана в 2005 году была организована международная конференция на тему: «Этнодемографические процессы в Узбекистане»/11/. Ряд публикаций по изучению историко-демографических процессов вошли в сборники материалов республиканских научных конференций посвященных различным аспектам истории, которые были организованы в регионах республики/12/. Опубликованные материалы явились совершенно новым явлением, отразившим начавшийся подъем в изучении демографических процессов на различных этапах истории.

Таким образом, по изучению демографических процессов в середине 1940-х-конце 1980-х гг. создано значительное число исследований. Историографический анализ позволяет определить их основные черты и стадии становления в исследуемый период. Вместе с тем, изучение демографических процессов в послевоенные десятилетия в масштабах страны, только начато. Действительно историческая демография в Узбекистане сравнительно молодая научная дисциплина, начинающая свое становление. Попытки комплексного рассмотрения истории населения в середине 1940-х-конце 1980-х гг. в стране до настоящего времени единичны. Историографический анализ ставит задачу проведения комплексных исследований демографических процессов на республиканском уровне.

Новый всплеск исследований историко-демографического характера возник в связи с важнейшими датами, связанными с историей Ташкента.

Объявление Ташкента столицей исламской культуры в 2007 году, как факт большого международного значения. Данное решение Международной исламской организации по вопросам образования, науки и культуры (ISESCO) явилась высокой оценкой политики, проводимой в республике по восстановлению культурных памятников, святых мест поклонения, сохранению и пропаганде богатого духовного наследия, бесценных заслуг мыслителей Маверауннахра, роли одного из самых древних и крупных городов Центральной Азии – Ташкента в мировой истории.

Ещё одним ярким свидетельством мирового признания является постановление 34-й сессии Генеральной конференции ЮНЕСКО от 2 ноября 2007 года о праздновании 2200-летия города Ташкента и участия ЮНЕСКО в праздничных мероприятиях.

Постановление Президента Республики Узбекистан «О подготовке и праздновании 2200-летнего юбилея города Ташкента» от 2 апреля 2008 года определило конкретные мероприятия по празднованию исторической даты для всего узбекистанского общества. Этот важный документ является основанием для более глубокого изучения каждой страницы истории города Ташкента.

Столица Узбекистана город Ташкент, а также все его промышленные города всегда отличались высоким удельным весом европейского населения, которое, главным образом, проживало и проживает в городах Узбекистана. Титульное население республики – узбеки в своем преобладающем большинстве (до 70%) оставалось и остается сельским, не урбанизированным населением.

Численность городского населения Узбекистана за весь советский период выросла с 936 тыс. человек в 1917 году до 8375 тыс. человек в 1991 году, т.е. увеличилась в 9 раз. А удельный вес населения городов в общей численности населения республики за этот период возрос с 20,9% до 40,5%, т.е. почти в 2 раза. При этом в составе городского населения узбеки составляли немногим более половины (54%).

Динамика численности населения Узбекистана в разрезе городских и сельских поселений и уровня урбанизации республики в годы независимости, представлена в следующей таблице:

ТАБЛИЦА I

Динамика численности городского и сельского населения Узбекистана /13/

Годы	Все население, тыс. чел.	в том числе		Уровень урбанизации, %
		Городское население	Сельское население	
1991	20607,7	8305,2	12302,5	40,3
1992	21106,3	8450,0	12656,3	40,0
1993	21602,2	8526,0	13076,2	39,5
1994	22091,9	8614,8	13477,1	39,0
1995	22461,6	8670,9	13790,7	38,6
1996	22906,5	8768,1	14138,4	38,3
1997	23348,6	8878,4	14470,2	38,1
1998	23772,3	8993,2	14779,1	37,8
1999	24135,5	9086,4	15049,1	37,6
2000	24487,7	9165,5	15322,2	37,4
2001	24813,1	9225,3	15587,8	37,2
2002	25125,8	9286,9	15828,9	37,0
2003	25427,9	9381,3	16087,2	36,7
2004	25707,4	9381,3	16326,1	36,5
2005	26021,3	9441,9	16579,4	36,3
2006	26312,7	9495,1	16817,6	36,1

Формирование урбанизации в Узбекистане имеет свои специфические особенности, связанные главным образом с характером социально-

экономического развития страны в советские годы. При этом движущим фактором урбанизации республики выступала внешняя миграция европейского населения из России, Украины, Белоруссии и других стран бывшего Советского Союза.

Миграция коренного сельского населения в города практически не имела существенной роли в развитии урбанизации страны. Рост и развитие городов Узбекистана шел главным образом за счет пришлого европейского населения.

С развалом советской империи и возникновением новой социально-политической ситуации начинается миграция европейского населения из Узбекистана, преобладающее большинство которого проживало в городах. В связи с тем, что на первых этапах социально-экономических преобразований не происходит восполнения миграционного оттока в городах за счет местного сельского населения, в стране наблюдается отмеченный выше процесс дезурбанизации, т.е. из года в год происходит последовательное сокращение удельного веса городского населения Узбекистана. Эта тенденция, отмеченная в 80-х годах, заметно усилилась с начала 90-х годов и продолжается в настоящее время.

С 1991 года удельный вес городского населения постепенно снижался с 40,5% до 36,1% в 2006 году, а численность городского населения за эти годы выросла всего на 1 млн. человек.

Миграционные процессы оказывают большое влияние на изменение численности, структуру и размещение городского населения. В Узбекистане они всегда имели ярко выраженные особенности, обусловленные спецификой социально-экономического и демографического развития. На динамику численности городских жителей влияют как внешние, так и внутренние миграционные потоки. Длительное время в Узбекистане они имели одинаковую направленность. И во внутренних и во внешних миграциях положительное сальдо миграции обеспечивало рост городского населения и уровня урбанизированности территории. Так, в 60-х годах и до середины 70-х годов, численность городских жителей возросла на 2502 тыс. человек, в т.ч. за счет миграции на 770,3 тыс. человек (30,8%). При этом миграционный прирост распределился следующим образом: 496,4 тыс. человек (64,4%) - приток из других республик и 273,9 тыс. человек (35,6%) - из своей сельской местности. Более половины внешнего притока в города также приходилось на сельских жителей.

Во второй половине 70-х годов изменились характер и результативность межреспубликанских миграционных связей Узбекистана. С того времени миграционное сальдо приобрело отрицательные значения и это, прежде всего, сказалось на динамике городского населения, которое в большей мере, чем сельское, вовлечено в межреспубликанские миграционные потоки.

Современные миграционные процессы в городах также характеризуются разнонаправленностью основных миграционных потоков. С начала 90-х годов внешние миграции непрерывно "забирают" значительное количество городских жителей республики, а за счет внутренней миграции, городские поселения недостаточно пополняются сельским населением страны.

Урбанистическая структура городов Узбекистана недостаточно развита. В настоящее время в республике насчитывается 119 городов, из них лишь в одном столичном городе – Ташкенте численность жителей превышает 2 млн. человек. В частности, здесь сегодня проживает немногим более 2,1 млн. человек.

ТАБЛИЦА 2
*Роль миграции в росте численности городского населения
 Узбекистана (тыс. чел)^{14/}*

Годы	Прирост численности городского населения		Распределение миграционного прироста за счет:	
	Всего	в т.ч. за счет миграции	внешних миграций	миграций из села в город внутри республики
1991	144,8	-42,0	-67,6	25,6
1992	76,0	-87,5	-101,3	13,8
1993	88,8	-50,3	-71,2	20,9
1994	56,2	-124,8	-141,9	17,1
1995	97,3	-56,1	-77,4	21,3
1996	110,3	-22,0	-37,3	15,3
1997	114,7	-21,0	-38,2	17,2
1998	93,2	-25,9	-51,6	25,7
1999	79,1	-42,8	-47,1	4,3
2000	59,8	-48,9	-52,2	3,3
2001	61,6	-50,9	-62,3	11,4
2002	53,8	-47,5	-66,9	19,4
2003	40,6	-57,4	-70,2	12,8
2004	60,2	-46,7	-64,6	17,9
1991-2004	1137,4	-719,2	-949,5	230,3

Преобладающее большинство городов Узбекистана имеют небольшую численность населения – от 10 тыс. до 100 тыс человек. Количество таких городов в Узбекистане составляет – 96. В республике насчитывается также 17 городов с численностью населения свыше 100 тыс. человек и три крупных города, в которых проживают более 350 тыс. человек. Это города – Наманган, Самарканд и Андижан.

В городской сети республики имеются и 6 мелких городов с численностью населения менее 10 тыс. чел. По законодательству республики Узбекистан к категории городов могут быть отнесены населенные пункты с численностью населения не менее 7 тыс. человек, преобладающее большинство трудоспособного населения которых занято несельскохозяйственным трудом.

В Узбекистане существует также категория городских поселков, к которым могут быть отнесены населенные пункты с численностью населения не менее 2 тыс. человек, преобладающее большинство трудоспособного населения которых не занято сельскохозяйственным трудом. Количество городских поселков в Узбекистане – 114, среди которых 48 с населением более 10 тыс. чел. и даже 20 тыс. человек.

Города Узбекистана играют важную роль в системе государственного территориального управления социально-экономическим и политическим развитием республики.

Большинство из них являются центрами административно-территориальных образований – вилоятов и туманов. По административно-территориальному устройству Узбекистан состоит из Республики Каракалпакстан, 12 вилоятов (областей), которые возглавляются крупными городами.

Республика Қарақалпақстан и вилояты подразделяются на сельские туманы (районы), административными центрами которых, в основном, также являются города.

Во всех вилоях Узбекистана насчитывается 159 сельских административных районов, которые в свою очередь делятся на сельские сходы граждан, представляющие собой органы местного самоуправления. Количество сельских сходов граждан в республике – 1472.

Первичными звеньями местного самоуправления граждан в Узбекистане является - «махалля». Это небольшие территории самоуправления по месту жительства граждан. В городах и сельских районах Узбекистана насчитывается около 8 тыс. махаллей, на территории которых проходит совместная общественная жизнь его жителей.

Основу экономики Узбекистана составляет аграрно-индустриальный комплекс со специализацией на хлопководстве, зерноводстве, животноводстве, садоводстве, виноградарстве и овощеводстве. На базе промышленного освоения сельскохозяйственного сырья сформировалась система малых и средних городов в густонаселенных оазисах республики (Ферганская долина, Зарафшанская долина, низовья Амударьи и др). В республике развиты также горнодобывающая промышленность, ориентированная на полезные ископаемые территории Узбекистана – золото, газ, нефть, медь и др. На базе их промышленного освоения создано множество крупных городов (Алмалык, Навои, Зарафшан, Ангрен и др.). вышеуказанные особенности современной урбанизации Узбекистана с учетом природно-географических условий и социально-экономического развития республики в период формирования рыночных отношений лежат в основе национальной урбанистической политики страны.

Главной целью национальной политики урбанизации Узбекистана в условиях независимости является повышение урбанизированности титульного населения республики на основе распространения городского образа жизни в сельскую местность. Это достигается путем:

- строительства небольших промышленных предприятий и производств в сельских густонаселенных районах, в которых проживает преимущественно местное население;
- формирования развитой социальной инфраструктуры на селе;
- развития транспортной сети регионов республики, в особенности пригородного транспорта крупных, а также малых и средних городов.

Важным направлением национальной политики урбанизации на современном этапе является подготовка квалифицированных рабочих кадров из числа местного населения и привлечение их для работы на крупных предприятиях авиационной, автомобильной, текстильной, легкой, пищевой и других отраслей промышленности Узбекистана.

Осуществление на практике основных направлений и решение задач национальной политики урбанизации Узбекистана сопровождается существенными социальными сдвигами в жизни городского и особенно сельского населения. Прежде всего, следует отметить, что продвижение производства и развитие социальной инфраструктуры в сельской местности решает проблемы занятости трудоспособного сельского населения, перераспределения трудовых ресурсов села из сельского хозяйства в более передовые отрасли экономики – промышленность, транспорт, строительство, образование, здравоохранение и т.д.

Повышение занятости сельских трудовых ресурсов в свою очередь способствует улучшению материального благосостояния сельского населения республики.

В целом, национальная политика урбанизации Узбекистана, способствует распространению городского образа жизни в сельскую местность, что существенно улучшает культурно-бытовые условия сельского населения страны и вносит существенные положительные изменения в стиль его жизни.

ЛИТЕРАТУРА

1. Ахунова М.А., Лунин Б.В. История исторических наук в Узбекистане. Т., 1970. С. 100-114
2. Караханов М. Некапиталистический путь развития и проблемы народонаселения. Т., 1983; Он же. Демографические процессы в Средней Азии. // Брачность, рождаемость, смертность в СССР. М., 1977. С.191-213.; Мулладжанов И.Р. Демографическое развитие Узбекской ССР. - Т., 1983; Он же. Народонаселение Узбекской ССР. - Т., 1967.
3. Атамирзаев О.Б., Гентшке В.Л., Муртазаева Р.Х., Салиев А. Историко-демографические очерки урбанизации Узбекистана. Т., 2002.
4. Бобожонова Д. Б. Ўзбекистонда демографик жараёнлар ва уларнинг хусусияти. Т., 1995; Она же. Ўзбекистонда ижтимоий - иқтисодий муносабатлар. Т., 1999.
5. Пиримкулов Ш. Д. Сургун қилинган поляк фуқаролари Ўзбекистонда. Т., 2006.; Польские школы и детские учреждения в СССР. - Т., 1990 и др.
6. Гентшке В. Л. Из истории польской диаспоры. // Ўзбекистон тарихи, 2001, №1, С.34 - 43; Депортация народов в период советского тоталитаризма гуманитарная катастрофа для общества. // Вестник НУУ, 2000, №4. С.20 -24 .
7. Рахманкулова А. Ўзбекистонга зўрлик билан кўчирилган халқларнинг ижтимоий-иқтисодий аҳволига доир. // Ижтимоий фикр. Инсон ҳуқуқлари, 2002, №1, - 62-71 бетлар.
8. Ким П. Г. Корейцы Республики Узбекистан: история и современность. - Т., 1993.
9. Ҳайтов Ш. Иккинчи жаҳон уруши оқибатида муҳожирликка ўтган ўзбеклар. // Ўзбекистон тарихи. 2005, №2, - 15-23.
10. Юнусова Х. Совет қатағон сиёсатининг сўнгги босқичи тарихидан. // Ўзбекистон тарихи, 2003, №3. 39-49 бетлар; Ўзбекистонда миллатлараро муносабатлар тарихидан. // ЎзМУ хабарлари, 2000, №4, -29-35 бетлар.
11. Ўзбекистонда этнодемографик жараёнлар (халқаро илмий-амалий анжуман материаллари), I -II қисмлар. - Т., 2005.
12. «Тарих ва тақдир: Фарғона водийси тарихини тадқиқ этиш муаммоларини (Республика илмий-амалий анжумани материаллари. 1-2 китоб, 2000 йил 23-24 ноябр). Наманган, -2000;
13. Численность населения в Узбекистане. 2001. Статистический сборник. Минмакроэкономстат Республики Узбекистан. Государственный департамент статистики. Ташкент. 2001. Демографический ежегодник Узбекистана. 1991-2003
14. Миграция населения за 1990-1999 годы. Минмакроэкономстат Республики Узбекистан. Государственный департамент статистики. Ташкент, 1991-2000. Данные текущей статистики миграции населения Центрального Статистического Управления Узбекистана за 1980-1989 годы. Демографический ежегодник Узбекистана. 1991-2003 годы. Ташкент, 2004.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Өзбекстанның урбанизация мәселелері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена проблемам урбанизации в Узбекистане.

ПОЛЬШАДА “ЫНТЫМАҚ” КӘСПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Сманова А.М.- т.ғ.к., аға оқытушы.(Алматы к., әл-Фараби атын,ҚҰУ)

XX ғасырдың 80-ші жылдарының бас кезінде Польшада күшті саяси өзгерістер етек алғаны белгілі. Дегенмен оның себептері күрделі және сан-алуан болды. Ондағы ең басты себеп әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастардың халық көңілінен шықпауы болатын. Ал келесі жағдайларда одан кем түсе қойған жоқ: поляктардың дәстүрлі Батыс мәдени бағыты, КСРО-ның үстемдігіне қарсылық, партия және ел басшылары мен жетекшілерінің әкімшіл-әміршіл саясаты, католик дінінің күшті позициясы т.б.

Дәстүрлі парламенттік демократия елдерінде оппозиция саяси жүйенің ажырамас бөлігі болып саналады. Ол үкіметтің жүргізген саясатын сынап, альтернативті бағдарлама ұсынатын саяси күш. «Кемелденген социализм» елдерінде оппозицияға орын жоқ. Мемлекеттен тәуелсіз азаматтық қоғам да, адамдардың экономикалық, саяси, мәдени өмірдегі еркіндігі де жоқ. Сондықтан ол елдердегі өкімет идеологиясына сай келмейтін кез-келген жеке адамдардың немесе коллективтердің инициативалары оппозицияға айналды. 1976 жылға дейін өкімет оппозицияға шыдап келді. Ол диссиденттік және заңды не конструктивті оппозиция. Заңды оппозицияға Католик зиялыларының клубы және олардың Сеймдегі саяси өкілдері (5 депутат) жатты. Олардың қолында бірнеше журналдар мен баспалар болды, соның ішінде ең беделдісі “Тыгодник повсехны”, “Вензь”, “Знак”. Мысылы, “Знак” деп аталатын осы депутаттық топты өкімет тек епископтың заңды түрінің көрінісі ретінде ғана қарады. Олардың қарсылығы кей жағдайларда үкімет ұсынған заң жобаларының қабылданбауына себепкер де болатын /1/.

1976 жылы Польша Халық Республикасының (ПХР) жетекшілері ел Конституциясына Польша Біріккен Жұмысшы Партиясының (ПБЖП) жетекші рөлін және сыртқы саясатта КСРО-мен одақтас екенін білдіретін статьялармен толықтырды. Бұл зиялылардың қарсылық әрекеттерін тудырды. Қарсылық формасы Сейм комиссиясына бағытталған хаттар түрінде болды. Бұл акцияның маңызды нәтижесі бытыраңқы диссиденттік топтардың бірлесуі байқалды. Оның нәтижесі Тәуелсіздік үшін болған поляк келісіміне әкелді /2/.

Осы кездерде ұйқыдағы антисоветизм, антисоциализм, мемлекет және адам құқығы жөнінде даулар басталды. Алғаш рет мемлекетті партия мен социализмнен ажырату туралы тезистер жасалды. Зиялылардың жұмысшыларды қорғауы Польша тарихында үлкен бетбұрыс кезеңіне жол салды. Сонымен бірге зиялылардың жұмысшы тобына деген қарым-қатынасы өзгерді, осы жүйенің тағдырын өзгертудегі ғаламат күшін және жұмысшылардың саяси қозғалмағандығы мен құқықсыздығын түсінді.

Оппозицияның идеологиялық “жабдықтаушы” рөлін эмиграция өз мойнына алды. Ең алдымен Париждегі әдебиет институты және оның “Культура” журналы, сонымен қатар Мюнхендегі “Свободная Европа” радиостанциясының редакциясы 70-жылдары Польшадағы ұйымдасқан саяси оппозицияның негізгі идеялық принциптері, мақсаты және күресу құралдарын жасады /3/.

1977 жылы наурызда “Адам құқығын қорғау” қозғалысы құрылды. Қозғалыс жетекшілері ұлтшыл-патриот, христиан-демократиялық және пильсудтық дәстүрлерді ұстанатындарын жасырған жоқ. Бір жылдан кейін қозғалыстан лидерлік үшін күресте тарихшы және журналист А.Мочульский бастаған варшавалық топтың, ал келер жылы гданьскілік және лодзиндік топтардың шығып кетуінен әлсіреді.

1979 жылы 1 қыркүйекте Варшавадағы “Белгісіз солдат” зиратында өткен демонстрацияда Тәуелсіз Польша Конференциясы құрылды. Конференцияның құрылғаны туралы актіге бірнеше заңсыз топтар да қол қойды. Конференция өз бағдарламасында жауынгерлігімен, антикоммунистік және антикеңестік фанатизмімен ерекшеленді. Осы Тәуелсіз ұйымының лидері және идеологы Л.Мочульский ПХР-дегі саяси құрылысты күштеп қолға алу, ПБЖП-сын биліктен кетіру, Кеңес Одағымен байланысты үзу және шығысеуропалық елдер достастығынан шығуды осы ұйымның басты мақсаты деп барлық жерде әрқашан да жариялаумен болды. Олар жеке пәтерлерде, шіркеулерде саясат, экономика, тарихтағы “ақ таңдақтар”, әдебиет және т.б. бойынша өзекті мәселелер туралы дәрістер оқиды. Онда “Ынтымақтың” болашақ эксперттері мен кеңесшілері Б.Геремек пен Т.Мазовецкий жұмыс істеді /4/.

Тәуелсіз ұйымдардың жұмысшылар арасынан тарауы қиын болды. Алғашқы тәуелсіз кәсіподақты ұйымдастырушы К.Свитоний еді. Ол 1978 жылы наурызда Силезияда құрылған болатын /26/, алайда К.Свитоний тұтқындалған соң алғашқы тәуелсіз кәсіподақ таратылды. Бірақ инициативаны Гданьскіде қайта қолға алды. Онда болашақ “Ынтымақтың” жетекшісі Лех Валенса мүше болды. Лех Валенсаны сипаттағанда көп адамдар оның бірбеткейлігін, компромиске келе алатындығын, дауласушы жақтарға төрелік айтудағы шеберлігін шешендігімен елді ұйыта алатындығын, танымайтын орталарда өзін еркін сезінетіндігін елді бастап артына ерте алатындығын айтады. Керемет жоғары білімді болмағанымен, зиялылардың идеялары мен ойларын дұрыс салмақтай білетін. Сондықтан да поляк оқиғаларының басында КОС-КОР немесе басқа бір зиялылар тобының жетекшілерінің бірі емес жұмысшы ортасынан шығып, олардың күшті қолдауына ие болған Лех Валенсаның тұруы тегін емес еді.

70-жылдардың аяғында Польшада болған ереуілшілер жаңа талаптар қоя бастады. Онда ең алдымен тәуелсіз кәсіподақ ұйымдастыру еркіндігі. Ереуілдер Польшаның көптеген кәсіпорындарына тарады. Кейін осы ереуілдерді әлі де тоқтатпау мақсатында Л.Валенса өз шешімін өзгертіп, ереуілді “ынтымақтастық ереуіл” деп одан әрі жалғауға жұмысшыларды шақырды. Осы кезде Валенса жұмысшылар көсемі ретінде көрінді.

Айта кететін бір нәрсе поляк зиялылары ереуілдерді әуел бастан-ақ қолдаған болатын. Ал Гданьскідегі ереуілге олардың өздері келіп, жұмысшыларға өз көмектерін ұсына бастады. Көп ұзамай Гданьскіде келіссөз басталды. Мұнда ғылыми күрес серіктестігінің қайраткерлері Т.Мазовецкий мен Б.Геремек келді. Олардың зауытаралық ереуіл комитетімен қарым-қатынасы ереуілдің жетістікке жетуіне және “Ынтымақтың” пайда болуына игі әсер етті.

1980 жылы 5-6 қыркүйекте ПБЖП ОК-нің ҮІ пленумы өтті. Онда Э.Герек денсаулығына байланысты қызметін тоқтатып, оның орнына С.Конь

тағайындалды. Ол: "...біздің басты мәселеміз халық билігінен қоғамдық сенімді қалпына келтіру" деп жариялады /5/.

17 қыркүйекте Гданьскіде зауытаралық ереуіл комитеті мен жұмысшы комиссияларының өкілдерінің жиналысы өтті. Жиналыста, елде жаппай еркін кәсіподақтар шеңберінде қозғалыстар құрылу процесі туралы баса айтылды. Осы кәсіподақ қозғалыстарының жаңа формасының ұйымдасу мәселесі кездесудің басты талқылау тақырыбына айналды. Сонымен бірге жиналыста тәуелсіз өзін-өзі басқарушы кәсіподағы "Ынтымақ" құрылды /6/.

Жаңа кәсіподақ бірлестігінің жетекші органы-Жалпыполяктық келісуші комиссияның және Бекітуші комиссияның төрағасы болып Лех Валенса сайланды. "Ынтымақты" саясилануына оппозициялық топтар, әсіресе КОС-КОР, Католик клубы және белгілі заңгерлер елеулі рөл атқарды. Олар бұрынғыша кеңесші және эксперт қызметін атқара отырып, жұмысшыларды қателіктерге ұрындырмау және әкімшіліктің оларды алдауына жол бермеу үшін қажетті құжаттар жасау, заңдық және интеллектуалды көмек беру тиіс болды. Эксперттер алдында қиын мәселе тұрды, яғни олар бір жағынан ереуілшілерге дұрыс кеңес беріп, оларды "ақымақ" болудан сақтау, ал екінші жағынан қантөгістен құтқаратын шешімдер табу.

Алғашқыда Л.Валенса және оның маңайындағылар жұмысшы табының мүддесін қорғайтын әлдебір құрылымды құрмақ болды. Жұмысшылар лидерінің өзі саясаттан жат екенін, тек кәсіподақ мәселесімен шұғылданбақ екенін бірінші рет жариялады. Алайда кәсіподақ бірлестігінің өсуі, өте белсенді идеологиялық және ұйымдастырушылық істер, түрлі оппозициялық топтардың мүддесі саяси мәселелердің алдыңғы орынға шығуды мәжбүр етті. 80-жылдары-ақ "Ынтымақтың" жұмысшылар мен зиялылардың жалпы демократиялық қозғалысы ретінде көрініп, бұйрықшыл-әкімшіл жүйеге қарсы шықты. Кәсіподақ бірлестігінің көптеген мүшелері католицизммен әр дәрежеге байланысты болғандықтан шіркеу бірлестіруші факторы рөлін атқарды және қозғалысқа моральдық сүйеніш берді. Көп ұзамай басқа да топтар қозғалысқа әсер ете алатыны белгілі болды. "Ынтымаққа" Батыс кәсіподақтары, әртүрлі қайырымдылық және басқа да қорлар, поляк эмигранттық ұйымдары материалдық, қаржылай және моральдық көмек берді. Батыстың барлау орындары да қозғалысқа көңіл аударды. Біршама жетістіктерге қарамастан, қозғалыстың одан әрі даму перспективасы айқын болмады. Кеңес интервенциясының қаупі "Ынтымақтың" лидерлерінің "өзін-өзі шектеу революциясы" концепциясын, Л.Валенса мен Польша примасы С.Вышиньский де қолдады. Елдегі көпті көрген саясаткерлер бұл қол жеткен жетістікті тек кәсіподақ сипатын сақтап қана құтқаруға болады деп есептеді. Өйткені 1968 жылы Чехословакияға берілген "достық көмек" әлі есте еді.

1980 жылы "Ынтымақ" Гданьскідегі режим құрбандарына ескерткіш тұрғызды, үш болат крест-1956, 1970 және 1976 жылғы жұмысшы қозғалысының құрбандарының символы болды. Ескерткіштің ашылуына 100 мың адам жиналды. ПБЖП-ның мүшелері де шақырылды. Жиналғандар Политбюро мүшесін және мемлекеттік кеңес төрағасын, партия воевода комитетінің хатшысын, Орталық Комитеттің хатшысын, мәдениет министрі мен вице-премьерлерді үнсіз қарсы алды. Осы жерде "Ынтымақтың" дүлей күші айқын көрінді /7/.

Ал осыдан кейін 5-10 қыркүйекте Гданьскіде "Ынтымақтың" I съезі болып өтті. Кәсіптік бірлестіктің мәліметі бойынша сайланған 892 делегаттар қозғалыстың 9447 мың мүшелерінің өкілдері еді /8/. Съездің екінші жартысы 26 қыркүйек - 7 қазан аралығында болды. Осы съезде қабылданған құжаттардың

ішіндегі ең маңыздысы “Ынтымақтың” бағдарламасы болды. “Ынтымақтың” мүшелерінің көзқарас спектрі тым кең болғандықтан бағдарлама, әр түрлі қоғамдық, идеялық ағымдарды, әр түрлі саяси және діни сенімдерді біріктіреді деп жазылды. Бағдарламада “өзін-өзі шектер революциясын” қолдап, қантөгістен қашу, халықаралық жағдайды және Польшаның халықаралық одақтарын есепке алу көрсетілді. Бағдарламаның экономикалық бөлімінде, дағдарысқа қарсы шараларға емес, экономиканың дамытудың перспективалық мақсаттарына көңіл бөлінді. Онда, экономиканы басқаратын әкімшіл-әміршіл тәсілдің орнына еңбекшілер коллективінің өзін өзі басқаруы, шаруашылықтық есеп, рыноктық принциптерге келу керектігі айтылған. Әлеуметтік бөлімінде жұмыссыздыққа, жалақының өзгеруіне, негізінен табыс айырмасының азаюына, еңбек жағдайының жақсаруына, жұмыс күнінің қысқаруына және т.б. деп қойылды.

Алайда бұл жылдары “Ынтымақ” көп нәрсеге қол жеткізе алған жоқ. Өйткені ел дағдарысты күй кешсе, қозғалыс мүшелері тек астыртын әрекетке көшті.

КСРО-да М.С.Горбачев билікке келген соң басталған өзгерістер халықаралық жағдайға, соның ішінде Польшаға да әсер етпей қоймады. Мұнда оппозиция қайта күшейе бастады, ПБЖП ішіндегі реформаторлар батыл реформалар жасауға, оппозициямен келісуге шақырылды. Бұл оқиғалар енді елді дағдарыстан шығара алмайтынына көздері жеткен жұмысшылардың шыдамының таусылуына сай келді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Сергеев Ю. “Солидарность” формирует правительство //Аргументы и факты, 1989 г. N34
- 2.Медведев Р.А. Незнакомый Андропов. Кризис в Польше 1980-1981 гг. //Новая и Новейшая история. 1999. N2.
- 3.Денчик В.А. Польская “Солидарность”-этапы развития. М., 1991.
- 4.Корнилов Ю. Как делается заговор. М., 1985. С.33.
- 5.Правда, 7 октября 1980 г.
- 6.Правда, 24 августа 1990 г.
- 7.Правда 10 февраля 1980 г.
- 8.Краткая история Польши: с древнейших времен до наших дней. М., 1993.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Польшадағы «Ынтымақ» кәсіподағының құрылу тарихы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается история образования профсоюзного движения «Солидарность» в Польше.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЖЕРІНДЕГІ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Төлекова М.К- т.ғ.д.профессор.(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

КСРО ыдырағаннан кейін бұрынғы одақ құрамында болып келген Орталық Азия елдеріндегі этнодемографиялық ахуал туралы қайтадан зерттеулер жүргізу және бұрын айтылмай келген тарих бетінде «ақтандақтар» ретінде белгілі болған халық саны, ұлттық құрамы мен туу, өлім туралы нақты деректер көп қызығушылықтар тудыруда. Қазіргі кездегі жалпы қолдануға берілген құжаттар негізінде жарық көріп жатқан еңбектер мен құжаттар негізінде осы жоғарыда айтылған этнодемографиялық жағдайға толық сипаттама беруге болады. Орталық Азия жеріндегі этнодемографиялық дамуға көптеген жағдайлар әсер етіп отырды.

Экологиялық жағдай және халықтың әлеуметтік жағдайы этноұлттық және демографиялық жағдайға үлкен әсер етеді. Ұлттық мәдениетке және территориялық кешендерге индустриалды жүйе кері әсер етті, оның нәтижесі барлық жерде бірдей болған жоқ. Орта аймақ жалақы КСРО да 1980 жылы 168,9 сом, РСФСР-да-177,7, Эстонияда-188,7, Грузия, Әзербайджан, Тәжікстан, Беларусь, Молдовада 138-150 сом болды.

Осы көрсеткіштер Одақтағы республикалардың арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді. КСРО да жүргізілген экономикалық бірлестіру, барлық халықтарды бірдей ортақ «кенес адамына» біріктіру, ерекше «жоғарғы нәсіл» жасаудан еш нәтиже болмады, Одақта әліде бұрынғыдай әр түрлі бірлестіктер болды, индустриалды өркениеттің елде екі түрі европалық және орта азиялық болды, ал ортаазиялық қоғам енді ғана индустрияның алдындағы классикалық кезеңнен шығып жатты. Одаққа кірген халықтардың даму деңгейі әртүрлі болып қалып қойды.

Кең таралған жергілікті салттар, еңбек ету тәсілдері, қоғамдық және семьялық қатнастар, тарихи тәжірибе және тағы басқа факторлар өзіне ғана тән ерекше этно-әлеуметтік-психологиялық ортаның қалыптасуына алып келеді.

Республикадағы шаруашылықты жүргізудің көптеген тәсілдерінің болуы және оны бір уақытта жойып жіберу мүмкіндігінің болмауы, оның әрқайсысында ғасырлар бойы қалыптасқан өзіне тән ерекше дәстүрдің болатындығын көрсетеді. Осы механизм республикадағы экономиканың дамуына үлкен әсер етеді, әр республика өзінің экономикалық даму заңдылығына сай дамиды, орталық мемлекет мекемелерінің шаруашылық саясатына қарамастан белгілі бір жағдайларда автономиялық сипатын сақтап қалады. Экономикалық дамуда этноәлеуметтік климат ерекше рөл атқарады. КСРО кезіндегі экономикалық дамуға байланысты республикаларды бірнеше топтарға бөлуге болады:

1. Прибалтика (индустриалды қоғам өзінің дамуында капиталистік элементтерді сақтаған);
2. Ресей, Украина, Беларусь (индустриалды қоғам, бірнеше ұрпақтар бойы «социалистік жолмен» дамып келген);
3. Закавказье және Молдавия (индустриалды-аграрлы қоғам, индустриальдылыққа өту жолындағы);
4. Орта Азия, оның ішінде Қазақстан (аграрлы-индустриалды қоғам өзінің дәстүрлі даму қатнасын сақтаған).

Егер екінші топтардағы мемлекеттерде басқа топтағы секілді қоғамдық экономикалық механизм басымырақ болса, ал төртінші топта жергілікті этноәлеуметтік климаттың басымдылығы көрініс алды.

Мәдени және әлеуметтік-экономикалық факторлардың тығыз байланыста болуы ол мәдениеттен ерекше көрініс алады. Сол кезде «Правда газетінде «Ташкентте барлық тауарларды сыртқы жабық есік арқылы тек өзбектерге сатады»-деп жазған. Жабық экономикалық рыноктың дамуы республикаларда тауарлардың жетіспеуіне алып келді.

Қажетті шикізаттарды Ресейден, Беларусьсия мен Прибалтикадан Қазақстанға, Орта Азияға және Закавказьеге әкелген. КСРО-ның ұлттық өнімдерін пайдалану 2% болды, Ресейдің өнімдерінің 2,5% және Латвияның 11% өнімдерін пайдаланды. Сонда да КСРО құрамындағы республикалардың экономикалық дамуындағы алшақтықтар тоқтамады. Егер Беларусьсиядағы ұлттық өнім жан басына шаққанда 1971-1986 жылдары 45%-ке өссе, ал Қазақстанда-өнімдерінің 11%-ін сырттан алатын бұл көрсеткіш тек 7% болды/1/. Орталықтан республикалардың экономикалық дамуына берілетін көмек бірдей болмады, оның өзі республикалар арасындағы экономикалық дамудағы алшақтықты және халықтың жіктелуін тудырды. Мүлдіктік жіктелу тез жүріп жатты. Ресей, Беларусьсия, Украина және Прибалтикада 10% жинақтау қассаға ақша салатындарға 11-15%-тен келді, ол тұрғындар арасындағы жасырын жіктелу процесінің жоғары болғандығын көрсетеді. Грузия, Армения, Қазақстан, Молдавияда осындай 10%-ке 20-22% салушыдан келді, ал Азербайджан мен Орталық Азияда-33-35%. Сөз болып отырған ол жасырын капитал, адамдардың тысқары табыстары.

КСРО халықтарының әртүрлі сатыда дамуы олардың *демографиялық жағдайына* да әсер етті. Ерте индустриальды қоғамдарда демографиялық өсу байқалса, ал дамыған индустриальды елдерде –туу өте баяу болды. КСРО республикаларындағы адамдардың табиғи өсуі 1980 жылы мынадай болды: Ресейде-0,49%, Беларусьсия, Украина, Литва, Латвия, Эстонияда 0,14%-тен 0,61%-ке дейін. Қазақстан, Грузия, Армения, Азербайджан, Молдовада-0,8%-тен 2%, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан және Тәжікстанда-3,5 адамнан келді. Европалық елдерде 60 жылдары туу көрсеткіші азайса, ал Орталық Азия және Закавказье елдерінде туу көрсеткіштері жоғары болды /2/

Тұрғындар санының өсуінің арасындағы алшақтық әртүрлі этникалық ұлт өкілдері арасындағы шиеленістердің тууына алып келді.

XX-ғасырдың 80-90 жылдарында көптеген ұлттық мемлекеттерде этникалық топтар арасындағы қақтығыстар туа бастады.

Демографиялық және әлеуметтік дисбаланс арқасында «совет халқы» бір халық деген ұғымды жоққа шығарды және ол кеңестік қоғамның өз арасындағы шиеленістің күшеюіне алып келді. Мәдени жағынан бірыңғай халықты қалыптастыру, ұлттық мәдениетті жоюға ұмтылушылық этникалық ұйымдар арасында қарсылықты тудырды. КСРО арасында «совет адамың немесе басқа этникалық ұлт өкілімін деген бір-біріне қарама- қарсы күш қалыптасты. Осындай жағдай 60-жылдары АҚШ-та да болған.

«Ұлттық республикаларда» ұлттық сананың оянуы тез жүріп жатты, олар сол жердегі жергілікті ұлт өкілі ретінде өз тілдерінің, мәдениетінің артықшылықтарын көрсеткісі келді. Басқа ұлттарға қарағанда өз ұлтын жоғары қойды.

Миграциялық процесс қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерісінің индикаторы болып табылады. Экологиялық жағдайдың шиеленісуі миграциялық процесі тездетеді. 60-90 жылдар бойы Қазақстанның КСРО-ның басқа елдерімен бірқалыпты миграциялық процесі болып отырды. Республиканың

өз ішіндегі миграция да тоқтамады. Ол тұрғындардың санына және еңбек ресурстарын қайта бөлуге әкелді.

60-жылдардың бірінші жартысында Қазақстанға сырттан келушілердің саны аз болды. Орташа, 1960-1964 жылдары елдегі миграциялық көрсеткіш сальдосы жыл сайын 61 мың адамға тең болды./3/ Ол кезде елден кетушілердің орнын елге келушілер жауып отырды. Кадрлардың тұрақтанбауынан көрініс алды.

Миграциялық ағым Қазақстанда 60-жылдардың ортасына дейін төмендемеді. Тұрғындардың санының механикалық жолмен өсуіне негізінен көп әсер еткен тың және тыңайған жерлерді игеру және сонымен қатар елде жүргізілген ірі құрылыс жұмыстарының нәтижесі еді. Республика аралық ұйымдасқан түрдегі шақыру арқылы өндірісте, құрылыста және транспортта жұмыс істеу үшін 1954-1965 жылдар аралығында елге 500 мыңдай адам келді. Ол жергілікті халықтың саны мен оның үлесіне кері әсер етті, ал керісінше басқа ұлт өкілдерін көбейтті. 1959 жылы орыстардың үлес салмағы 42,7% болды, қазақтар 30% дейін төмендеді. Басқа этникалық ұлт өкілдерінің үлесі аза өзгеріске ұшырамады./4/ Осы кезде кең тараған ол жекелеген адамдардың өз бетімен қоныс аударуы болды, оның себебі тек әлеуметтік-экономикалық қана емес, жеке сипаттам болды./5/

70-80 жылдары кері миграция басталды. 90-жылдары оның көлемі өсті, өзінің ең жоғарғы шыңына 1994 жылы жетті, онда сыртқа кеткендер саны 410387 адамға тең болды.(1 таблицаға қараныз.)

70-80жылдар бойы республиканың тұрғындарының санының өсуі негізінен тек табиғи жолмен болды. Миграциялық өсу жалпы халықтың санының өсуіне әсер етпеді. Қазақтан тұрғындары 70-80 жылдары даму жағынан өзінің ішкі ресурсына негізделді. 1990 нан 1992 жылдар аралығында халықтың табиғи жолмен көбеюі оның санының өсуіне миграциялық процестің әсерін қажет етпеді. Бірақ 1993 жылы сырт қа көшушілер санының тез өсуі табиғи жолмен өсуді нашарлатты, ол тұрғындардың жалпы санының азаюына алып келді. 1993 жылдан бастап Қазақстан халқының саны негізінен миграциялық процеске тікелей байланысты болды (3 кестені қараныз). 1993 жылдан 1999 жылға дейін Қазақстан тұрғындарының саны 2033 мың адамға азайды (6 жыл аралығында), оның 68,5% миграциялық сальдонның кері әсерінен болды.

Осылайша миграциялық процесс территориялық қайта бөлуге және жұмыс ресурсына ғана емес, сонымен қатар тұрғындардың толығымен қалыптасуына да әсер етеді. Екі негізгі бір-біріне қарама қарсы динамикалық құбылыс-тұрғындардың табиғи жолмен өсуі мен миграциялық процесс әсерінен көбеюі бір-біріне әсер етеді, және біріне-бірі байланысты. Табиғи жолмен өсу миграциялық процесс нәтижесінде жастардың көптеп келуінен миграциялық сальдонның тиімділігі артып осы көшіп келген жастар негізінде халықтың табиғи жолмен өсуі көбейеді.

Миграциялық жолмен халықтың қозғалысқа түсуі тұрғындардың ұлттық құрамына да әсер етеді. Қазақ халқының өсу динамикасы 1959-1999 жылдар аралығында үнемі өсіп отырды.Республикадағы қазақ халқының саны бұл аралықта 2,9 есеге өсті .

Сыртқы миграцияда этнодемографиялық жағдайға тікелей әсер етті. 1960-1980 жж. барлық бұрынғы одақтас республикалардағы сыртқымиграцияны белгілеріне қарай 4 топқа бөлуге болатын: республикалар арасындағы миграциялық сальдонның көрсеткіштеріне қарай/6/. ол республикалар арасындағы адамдардың араласуын көрсетеді және миграциялық қозғалыстың өзгерісін көрсетеді./7/

1. Отыз жыл бойы (1961-1988жж.) өзінің тұрғындарының миграциялық

жолмен өсуін сақтаған республикалар. Ол Украина және әсіресе Прибалтика, ондағы тұрғындардың табиғи жолмен өсуі өте төмен болды тұрғындар санының өсуі тек миграциялық қозғалысқа байланысты болды. Мысалы, 70 - жылдары тұрғындардың санының өсуінің 2/1 бөлігі республика аралық миграцияға байланысты болды. 80-жылдары әсіресе оның екінші жартысында басқа республикалардан халықтың келуі тез кеміп кетті, ал 1990 жылы бірінші рет кейінгі он жыл ішінде Литвада кеткендердің саны келгендер санынан асып кетті.

2. Республикалар, тұрғындардың миграция нәтижесінде тұрғындарының санының азайып отырғандар. Ол Әзербайджан, әсіресе Грузия. 80-жылдардың басында оның тұрғындарының табиғи өсуінің 50%-ін республикалар арасындағы көші қон жұтып отырды. 90-жылдардың басында Таулы Қарабах пен Бакудегі шиеленістерге байланысты Әзербайджаннан тұрғындардың сыртқа көшуі тіпті күшейіп кетті.

3. Үшінші топқа жататындар миграциялық қозғалыспен тұрғындар санының кемуі 60-жылдары көбейіп, 70-жылдардың аяғы мен 80-жылдардың басында тұрғындарының саны миграциялық процестен өскендер қатарына жататындар Ресей және жартылай Беларусь жатады. Егер 60-жылдардың аяғында Ресейдегі тұрғындардың жаппай өсуінің төрттен бір бөлігі республикалар арасындағы миграцияның нәтижесінде азайып отырса, ал 80-жылдары миграциялық қозғалыстың нәтижесінде Ресей тұрғындарының санының өсуінің 20%-ін сырттан келгендер берді.

4. Төртінші топқа жататындар 60ж-70ж. басында миграциялық қозғалыс арқасында халықтың санының өсуі 70-жылдардың екінші жартысы мен 80-жылдардың басында миграцияның нәтижесінде азайған республикалар Молдавия, Армения, барлық Орталық Азия республикалары мен Қазақстан. Есеп бойынша 70-жылдардың басына дейін Қазақстан Кеңес Одағының басқа республикаларымен миграциялық қозғалысты тиімді сальдо ұстаған. Тек 70-жылдардың ортасынан бастап миграциялық сальдо кері көрсеткіш бере бастады.

Қорыта келгенде ХХ ғ. 60-80 жылдарындағы КСРО құрамында болған Орталық Азия елдеріндегі этнодемографиялық дамуға ішкі және сыртқы факторлар әсер етті. Сонымен қатар әр мемлекеттің, әр ұлттың өзінің даму ерекшелігі, ұлттық этнодемографиялық дауында ерекшеліктері болды. Елдегі этнодемографиялық жағдайға қоршаған ортадан бастап орталықтың жүргізіп отырған саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар тікелей әсер етіп отырған. КСРО ыдыраған соң осы кері әсерлер кейінгі халықтың этнодемографиялық жағдайға әсер етті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.В.Шубин. От застоя к реформам СССР в 1917-1985 гг. М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001-768с.
2. Сонда 136 бет.
3. ҚР ОММ. Қор.1897.Т.1.Іс.150.1-парақ.
4. Асылбеков М.-А.Х. Об изменениях в национальном и социальном составе населения Казахстана(1897-1989 гг.) //Вестник АН КазССР. 1991. №3.-С.49; Учет и перепись населения мира и Казахстана.-Алматы:нацстатагенство Республики Казахстан.1996.-С.24.
5. Гладышева Е.Н. Региональные особенности миграции населения в Южном Казахстане: В кн.:Проблемы труда и народонаселения в Казахстане.-Алма-Ата,1973.-с.87.

6. Республикалар арасындағы миграциялық қозғалыс сальдосы республиканың барлық тұрғындарының саны мен табиғи жолмен өсуінің арасындағы айырмашылық негізінде есептелді.

7. Белгілі территориядағы халықтың келгендері мен кеткендері арасындағы айырмашылықтан шығарылады

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются этнодемографические процессы в государствах Центральной Азии и Казахстане.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Орталық Азия мемлекеттері мен Қазақстандағы этнодемографиялық құбылыстар қарастырылған.

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН KEЙІНГІ ЖАПОН ТАРИХНАМАСЫНЫҢ ДАМУЫ

Айтбай Р.Т.-т.ғ.к.доцент м.а.(Алматы қ., Қазмемқызпу)

Жапонияның екінші дүниежүзілік соғыста жеңілуі және оның салдары ұлттық тарихта ғана емес, оны қабылдауда да жаңа кезеңді ашты. Қалыптасқан ұлттық құндылықтардың негізі әп-сәтте көкке ұшты. Тәрбие және білім беруге, Жапонияның әлемдегі тарихи рөліне, жапон халқының артықшылығына, жапон әскерінің жеңілмейтіндігіне, император үйінің құдайдан жаратылғандығына күмән келтіріле бастады. Саяси тұтқындарға кешірім жасалуы, ал олардың арасында қоғамдық және оқу-ағарту қайраткерлері бар еді, цензураның жойылуы, білім беру жүйесінің реформалануы жапон қоғамының ұлттық тарихты қабылдауын түбегейлі өзгертті. Жаңа өкімет оң жақтан да, сол жақтан да сөйлеушілерге ерік берді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Жапонияның ұлттық тарихында даулы мәселелер туындай бастады. Ең басты талас тудырған Жапонияның екінші дүниежүзілік соғыстағы қимылдары болды. Жапондықтар өз тарихындағы жабық есік саясаты, Токугава саясаты, Мэйджи революциясы сияқты тарихи оқиғаларға түсінушілікпен қарайды. Тек XX ғ. 30-40 жылдардағы оқиғалары өзектілігін жоғалтпай келеді. Әсіресе, ең басты талас тудырған, ұлттық маңызға ие болған мәселе Азия мен Тынық мұхиттағы соғыс және оның себептері мен нәтижелері еді.

Бұл тақырыптың өзектілігі қазіргі замандағы жапон тарихнамасындағы әртүрлі ағымдар мен көзқарастарды түсінуге мүмкіндік береді. Бұдан, XX ғ. 30-40 жылдардағы оқиғалары жапон тарихындағы ең бір талас тудырған беттерінің бірі екендігін айқын көреміз.

Соғыстан кейінгі тарихнамада Жапонияның ерте кезеңдеріне байланысты зерттеулер де болған. Мәселен «Ежелгі мәдениет», «Ежелгі дәуір», «Жапон археологиясы», «Дземон», «Археологиялық жазбалар» сияқты журналдар жарық көрді.

Соғыстан кейінгі жылдары жапон тарихнамасында марксистік көзқарастың басым болуы заңды құбылыс еді. Екінші дүниежүзілік соғыста КСРО-ның жеңіп шығуы бір қатар елдердің коммунистік жолға түсуі марксистік көзқарастың Жапонияда дамуына жағдай жасады. Соғыстан кейін демократиялық бағыттағы шаралардың жүзеге асуы ХХ ғ. 50- жылдары тарихнамаға либералдық көзқарасты әкелді. Ал, ХХ ғ. 80-90 жылдары Жапония өз-өзіне келіп, дамыған капиталистік елдердің қатарына қосылуы, бұрынғы көзқарастарды қайта қарауға итермелеуі де заңды құбылыс болатын.

Ұлттық тарих мәселелеріне байланысты талас-тартыс Жапонияда сол кезден басталып әлі жалғасып келеді. Бұл айтысқа ғалымдар, сая-саткерлер, публицистер, қоғам қайраткерлері қатысуда. Бір қызығы орта мектепте ұлттық тарихты оқыту деген қарапайым мәселе көптеген жылдар бойы саяси партиялар мен ұйымдардың бағдарламалық құжаттарында, әртүрлі деңгейдегі депутаттыққа кандидаттардың сайлау алдындағы платформаларында маңызды орын алып келеді. Бүгінгі Жапония үшін ұлттық тарихқа байланысты мәселе ең маңызды болмағанымен өзектілерінің бірі.

Ұлттық тарихты оқыту мәселесінен, оны түсіндіру және қабылдауға байланысты зор мәселелер туындады. Ұлттық тарихты баяндау және оны оқытуға жетекшілік ету мемлекеттің идеология мен білім беру саласындағы маңызды саясатының біріне айналды. Қоғамдық ой- пікір бұл саясатқа үнемі ықпал етіп отырды.

Жапон тарихнамасында соғыстан кейінгі алғашқы он жылдықта әр түрлі бағыттағы марксистер үстемдік етті. Бір жағында «қатал» догматик Жапонияның қазіргі заман тарихының маманы К.Иноуэ, екінші жағынан Еуропалық марксизмді жақтаушы философ және саясаттанушы М.Маруяма тұрды.

Тарих ғылымын зерттеу қоғамының төңрегінде топтасқан коммунистік бағыттағы ғалымдар Жапонияның қазіргі заман тарихынан көптеген кітаптар шығарды. Оның ішінде К.Иноуэ, С.Оконоги мен М.Судзукилердің *«Қазіргі Жапония тарихын»*, С.Тояма, С.Имаи, А.Фудзиваралардың *«Сева дәуірінің тарихы»* және көп томдық С.Усами, Б.Эгути, С.Тояма, С.Нохара және Э.Мацусималардың ұжымдық басқаруымен жарық көрген *«Тынық мұхиттағы соғыс тарихы»* деген еңбектерді атауға болады. Өз кезеңінде бұл кітаптар Жапонияда біраз беделге ие болды/1/.

Бірінші кітапта ғылыми сипаттан гөрі догматикалық тұжырымдар басым болып, тарихи мазмұн аздау шыққан. Бұл еңбек алғаш бүкіл кейінгі Жапония тарихына кеңестік марксизм тұрғысынан баға беру сипатында жазылған кітап еді. К.Иноуэ және оның серіктері соғысқа дейінгі Жапония тарихын қара бояумен ғана көрсеткен. Олар монархо-фашистік жүйе дегенді енгізді. Бұл жүйеге коммунистерден басқаның барлығын кіргізген. Соғысқа жауапты кім деген сұраққа, авторлар-бүкіл жүйе мен император деп жауап берген. Алғашқыда бұл кітап біраз сұранысқа ие болды. Себебі жүйені сынға алу көпшілікке ұнады. Алайда бірте-бірте зиялы қауым бұл еңбекте ғылымнан гөрі догматизмнің көбірек екендігін байқады. Таптық бағытпен әуестену психологиялық, рухани, мәдени факторларды елемеге соқтырған.

«Тынық мұхиттағы соғыс тарихы» деген жеті томдық еңбек-жапондық тарихшы марксистердің негізгі еңбектерінің бірі. Бұл еңбекте тарихи деректер көбірек пайдаланылған. Авторлар тарихи оқиғаларды барынша шынайы беруге ұмтылыс жасаған. 1950-60-шы жылдары бұл еңбек негізгі оқулықтар ролін атқарып, 1970-шы жылдары қайта басылып шығарылды./2/

М.Маруяма 1946-1947 жж. тарихнамада үлкен рөл атқарған «жапондық фашизм» деген концепцияны енгізді. Бұл концепцияны айтқанда, оны саяси тәртіп ретінде қарастырған жоқ, саяси қозғалыс пен идеология деп түсіндірді. 40-50-шы жылдары Маруяма соғысқа дейінгі Жапония тарихына сын көзбен қарады. Кейінірек ол «орталықтық» (центризм) бағытқа қарай ауысып, партиясыз солшыл зиялы топтың көзқарасын жақтады.

1952 ж. американдық оккупациялық кезең аяқталғаннан кейін академиялық және университеттік ортада коммунистік бағыттағы тарихшылардың позициялары кеңінен тарады. Мектеп оқулықтарын міндетті түрде мемлекеттің қолдау жүйесі жойылғаннан кейін оқытушылар оқулықты таңдау құқына ие болды. Мұндай жағдайда марксистік және коммунистік бағыттағы оқулықтар мектептерде кеңінен таралды. Жапонияда мұндай оқулықтармен соғыстан кейінгі екі ұрпақ оқыды. 1956 ж. үкімет оқулықты мемлекеттің бекітуі туралы заңды қайта енгізді. Сөйтіп, тарихтан сегіз оқулық оқытылуға тиым салынды/3/.

Үкімет жаңа оқулықтарды талап ете бастады. Оны жазуға «солшылдар» да, «оңшылдар» да тартылды. Мемлекет өткен тарихтың барлығын жоққа шығармайтын, сыпайы баяндайтын зерттеулерді қажетсінді. Либералдық тарихнама осы талаптан шықты. Өткеннің барлығын жоққа шығарудан, болған оқиғалардың ақ-қарасын анықтау әрекеттері жасалды. 50-шы жылдардың аяғында тарих ғылымына марксистік догмадан еркін жас тарихшылар келді. Олар Т.Хосоя, Т.Ито, И.Хата ж.т.б. Оларды қазіргі жапон академиялық тарихнамасының негізін салушылар деп атайды. Жапонияның ұлттық тарихында жаңа бағыт ұсынылды. «*Тынық мұхиттағы соғысқа жол*» деген жеті томдық еңбек жазылды. Авторлар бұл еңбектің бұрынғы марксистік кітапқа қарсы жауап екендігін жасырған жоқ. Зор құжаттық негізде, деректерге сын көзбен қарай отырып жазылды. Бұл кітаптар ХХ ғ. 30-40-шы жылдардағы Жапонияның ішкі, сыртқы саясатына байланысты негізгі еңбектердің бірі болып саналады.

Бұл еңбек оқу министрлігінің «алтын ортаны» табуының алғашқы табысты жемісі еді. Министрлік осы бағыттағы жұмысын одан әрі жалғастырды. Солшыл оқулықтарды жібермеуге тырысты.

Тарихшы С.Изнаганың жазған тарих оқулығына министрлік цензура енгізіп, өзгертулер жасады. Тарихшы сотқа арыз беріп, бұл сот процесі ұзаққа созылып, 1964 жылдан 1997 жылға дейін жетті. Жоғарғы сот автордың кітабына енгізілген өзгерістер заңды деп тапты. Бұл сот процесі бұқаралық құралдарда кеңінен талқыланып, әр түрлі ой-пікірлер туғызды.

1982 жылы билік басына Я.Накасона үкіметінің келуі «неоконсервативтік толқынның бастамасы болып, ұлттық тарихты қабылдауға өзгеріс әкелетіндігі байқалды. Консервативтік, ұлтшыл топтар білім беруде, ұлттық тарихты оқытуда өзгерістерді талап етті. Осындай себептерге байланысты 1982 ж. білім беру министрлігі тарихтан бір қатар оқулықтар шығаруды бұйырды. Онда жапондық әскерлердің 1937 жылы Қытайға енуі сыпайы түрде әскерлердің «жылжуы» деп қана көрсетілген. Оқулықтардан «басып алу, агрессия» деген сөз алынып тасталды/4/.

1981 ж. қазанда «Жапонияны қорғаудың халықтық Кеңесі» құрылды. Ол өзінің міндеттерінің бірі етіп халыққа білім беруді реформалауды атады. Кеңестің жетекшілерінің бірі Т.Касэ жаңадан шығарылған «Жапония тарихының жаңа курсының» ресми редакторы болды. Бұл оқулыққа компартия, либералдар қарсы болды. Дегенмен, 1986-87 оқу жылында 32 мектеп осы оқулықты тарихтан негізгі оқулық ретінде бекітті.

Бұл оқулыққа көпшіліктің қарсы болу себебі, тарихнамада бекітілген жайттар қайта қаралды. Мәселен, Жапонияның Азиядағы іс-қимылдары азаттық сипат алды деп көрсетілді. Нанкин сойқаны бір жақты қарастырылды. Бұл еңбек жартылай ревизионистік бағыттағы деп атауға болады. Жартылай деп аталуы, жапондық тарихнамада ревизионистік бағыт ХХ ғ. 90-шы жылдары ғана қалыптасқан еді. Айтылған еңбектің авторлары қоғамдық күштерге емес, үкіметтің қолдауына сүйенуге тырысты.

1993 ж. сайлауда М.Хосокава жеңіп шықты. Ол Жапонияның 30-40 жылдардағы әрекеті үшін Азия елдерінен кешірім сұрады. Консерваторлар бұған наразылықтарын білдірді. Олар бұл мәселе шешілген, оған қайта оралудың қажетсіз екендігін айтты. Премьер-министр Жапонияның жеңілуіне байланысты сөйлеген сөзінде, оның іс-қимылын «агрессиялық» деп бағалады. Алайда кешірім сұрау бірқатар Азия елдерінде қолдау таппады. Елдің ішінде қоғамдық қозғалыс тудырды. Солшылдар үкіметті қолдады.

Жапония тарихында талас тудырған мәселенің бірі «Нанкин сойқаны» еді. Токио сот процесінің мәліметтері бойынша жапондықтар 200 000 қытайлықтарды жойып жіберген. Ревизионистер соғыс кезінде ондай болады деп мәлімдесе, қарсы жақ бұл үлкен қылмыс екендігін айтады. Құжатты мәліметтер әр түрлі. Қытайдан шыққан жас американдық журналист А.Чен «*Нанкин сойқаны*» деген кітап жазды. Бұл кітап АҚШ-та табысқа жетті. А.Ченнің кітабына толық пайымды жауапты Н.Фудзикока мен О.Хигаси берді. Олар осы мәселеге арнап кітап жазды. Нанкин сойқанына байланысты талас-тартыстар беделді-«Секун», «Бунгэй сундзю», «Сэкай», «Сэйрон» т.б журналдар бетінде жүрді.

ХХ ғ. 90 жылдардан бастап Жапонияда тарихтың дамуында жаңа бағыт пайда болды. Бұл бағыт «ревизионистік» деп аталды. Бұл бағыт коммунистер мен либералдардың саяси сыпайлылық астына біріккендігі ашық байқалған кезде пайда болды. Ревизионистер тарихтағы қалыптасқан тұжырымдармен оқиғалардың барысын баяндауды қайта қарауды ұсынған еді. Марксистік және либералдық тарихнамада дұрыс шешімін тапқан мәселелерді қайта қарап оларға жаңа баға беруге тырысты/5/.

Қазіргі Жапонияда ұлттық тарихқа байланысты талас-тартыстардың шегі жоқ. Айтыс барған сайын қызып, қоғамның әр түрлі топтарын саясатқа тартуда. Бұл тартыстың билік басындағылардың талабына сай және қоғамдағы сәнді көзқарастарға сәйкес талай өзгеретіндігі күмән келтірмейді. Өткен оқиғаларды түбегейлі бағалау бүгінгі күннің шындығы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Иноуэ Киеси История современной Японии. М., 1955. С.812.
- 2.История войны на Тихом океане. М., 1957.т.1. С.415., т.2.С.410., М., 1958, т.3. 438с., т.4..358 с.,т. 5.507 с.
- 3.Хани Горо История японского народа. М., 1956. 608 с.
- 4.Хаттори Такусиро Япония в войне 1944-1945 гг. М., 1973.
- 5.Дискуссионные проблемы Японской истории М., 1991. С.175.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жапон тарихнамасының дамуы, оның ішінде ХХ ғ.30-40 жылдардағы Азия, Тынық мұхит аймағындағы соғысқа байланысты тарихнамадағы талас-тартыстар қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена развитию японской историографии в послевоенный период.

**ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ
XX Ғ. 40-50 жж. ТАРИХНАМАСЫ**

Раймбекова М. – оқытушы (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Жалпыға бірдей орта білім беруді одан әрі жетілдіру және дамыту, оқу-тәрбие үрдісінің сапасы мен тиімділігін арттыру, жан-жақты жетілген жаңа адамды қалыптастыру және осы мақсат үшін тәрбие жұмысын кешенді тұрғыда жүргізу, оқыту мен тәрбиелеудің озық әдіс-тәсілдерін меңгеру – қазіргі кездегі мұғалімдердің ден қоятын өзекті мәселесі. Бұл мәселелерді жүзеге асырудағы педагогтер мен ғалымдар өз үлестерін қосып келеді. Бұл мәселенің негізгі деніне тереңірек тоқталу үшін, Кеңестік мектептерде тарих пәнін оқыту әдістемесі бойынша жүргізілген ғылыми жұмыстар мен олардың нәтижесі бойынша жарияланған еңбектерді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қарастырамыз.

Тарихшы-әдіскер А.П.Чижов тарих пәнін оқытудың бірқатар әдістемелік мәселелерін зерттеген. 1947 жылы А.П.Чижов «Орта мектептің жоғары кластарында тарихты оқыту әдістері» деген тақырыпта педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертация қорғайды. Автор өзінің көп жылдар бойы сабақ берген тәжірибесі мен методикалық (әдістемелік) әдебиеттерді зерттеудің негізінде орта мектептің жоғары сыныптарында тарихтан сабақ берудің методикасын (әдістемесін) терең талдайды. Орта мектептің жоғары сыныптарына тарихтан сабақ беруде оның саяси-идеялық жағын күшейтіп, оқушылардың дүниеге маркстік-лениндік көзқарастарын қалыптастыру негізгі міндет етіп қойылады. 1940 жылдары мектептердің жоғары сыныптарында тарихты оқытудың маңызды мәселелері қарастырылған. Осы жылдардан бастап «Халық мұғалімі» журналы беттерінде автордың көптеген мақалалары жарияланған. Автор бұл жариялаған еңбектерінде оқушылардың дайындық дәрежесі мен жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың өздігінше жұмысын ұйымдастыруға көбірек мүмкіндік беретін оқытудың лекция, семинар, бақылау-қайталау формаларын, тарих сабақтарын өткізу барысында әңгіме, әңгімелесу, түрлі жазбаша жұмыс жүргізу, көрнекі құралдарды пайдалану сияқты әдістерді кеңірек баяндаған. Сонымен бірге автор, тарих пәніне байланысты сыныптан тыс жұмыстарға, олардың тарих кеші, оқушылар конференциясы, тарихи бюллетень шығару, ұжым болып музейге, кинотеатрларға бару сияқты түрлеріне назар аударады. Жиналған, қорытылған материалдарды сабақта пайдаланудың тиімді жолдарын көрсетеді.

Тарихты оқыту әдістемесіне қатысты 1940-55 жылдары республикамызда жарияланған жұмыстардың ішінде Н.К.Черниловскаяның еңбектері ерекше екенін айта кеткен жөн. Автор тарихты оқыту барысында, яғни оқушылар білім алумен қатар (өздігінше білім алу жұмысында, мәдени-ағарту, әкімшілік басқару жұмысында т.б.) көптеген дағды іскерліктерді қалай меңгеретінін көрсетеді. Автор әрбір мұғалім сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда олардың тартымды болуын, оқушылардың талап-тілектеріне сай құрылуын ескере отырып,

тарих пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды, негізінен, үш бағытта жүргізуді ұсынады.

Бірінші бағыт - оқушылармен жеке жұмыс жүргізу. Бұған оқушылардың тарих кітаптарын өздігінен оқып пайдалануды, баяндама жасауға әзірленуді т.б. жатқызады. Екінші бағыт - оқушылардың шағын тобымен жұмыс жүргізу. Бұған тарих үйірмелеріндегі жұмыстар: тарихи тақырыптарға көрме ұйымдастыруға байланысты тапсырмаларды орындау, альбомдар дайындау, тарихи бюллетеньдер, кешенді плакаттар жасау т.б. жатқызады.

Үшінші бағыт - оқушылардың едәуір бөлігін қамтитын көпшілік жұмыстар. Бұған тарихи тақырыптарға мектеп кештерін, конференциялар, лекциялар, баяндамалар т.б. ұйымдастыру жұмыстарын жатқызады. Автор тарих сабағынан сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар жоғары сынып оқушыларының білімін кеңейту және тереңдетуге мүмкіндік береді.

Автор 1954 жылы жоғарыдағы айтылған мәселелерге байланысты «Жоғары класс оқушыларының практикалық іскерлігін қалыптастыру жөнінде мектепте істелетін жұмыстар» деген тақырыпта педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертация қорғайды. Диссертацияда мектептің жоғары сыныптарындағы жұмыстың әдістері мен тәжірибе жұмысын жүргізудегі тиімді нәтижелер нақтылы баяндалған. А.М. Невский «V-VII класс оқушыларында тарихи ұғымның қалыптасуы» деген тақырыпта Абай атындағы пединститутта 1953 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертация қорғайды. Автор диссертацияда тарихтың мектептік курсының негізінде оқушыларға тарихи ұғымды қалыптастырудағы басты кемшіліктерге және ұғым құрудың теориялық негізіне, ұғымның қалыптасуын дәлелдейтін фактілерге, оның психологиялық ерекшелігіне талдау жасаған. Оқушылардың тарихи түсініктерін молайту, олардың маңызды белгілерін ажырату, зерттелген еңбектерді салыстыру, құбылыстар арасындағы байланыстарды табу, ұғымды анықтау, ұғымға сүйену жұмысына жаттықтыру жолы, тарихи ұғымдардың мазмұнын кеңейту мәселесі көрсетіліп, оқушылардың теориялық ұғымының дамуы талданған.

Сонымен қатар, тарихты оқыту әдістемесіне байланысты В.Г. Карцовтың «8-10 кластарда ССРО тарихын оқыту методикасының очеркі» деген еңбегі зор екенін айтуға болады. Автор тарихи оқиғаларды түсіндірудің аса маңызды әдістерін (салыстыру, қарама-қарсы қою, әңгіме өткізу, т.б.) талдай келе, оқушылардың жақсы ұғуына, ұжым болып жұмыс істеуіне, өздігінен логикалық ойлауын өрістетуге көмектесетінін көрсетеді. Автор, оқушының түсінігі мен ұғымын қалыптастыру үрдісінде хронологияны оқып үйрену көрнекті орын алатындығын айқын көрсетеді. Автор очеркте тарихи карталарды және суретті материалдарды қалай пайдалану керек екендігі, проекциялық аппараттарды және тағы басқаларды қалай қолдану керек екендігі жөнінде бірқатар практикалық кеңестер береді, тоқсандық және күнделік, оқу жоспарын қалай жасау керек екендігін көрсетеді. Бұл еңбек мектептердегі тарих пәнін оқытуда мұғалімдердің практикалық жұмысына көп көмек көрсетеді.

С.Қ. Бақшилов «Тарих сабағын оқытудағы кейбір мәселелер» деген ғылыми-әдістемелік еңбегінде мектептердегі тарих пәнін оқытуды жетілдіру туралы маңызды мәселелерді қарастырады. Автор тарих сабағында көрнекі құралдарды пайдалану жөнінде көп мағлұматтар берген. Мұғалім көрнекі құралды сабақты баяндаған кезде, әңгімелеу әдісінде, қайталап пысықтаған уақытта, оқушыларға үйге тапсырма берген кезде қалай пайдалануы жөнінде жеке-жеке кеңес береді. Тарих пәні бойынша көрнекі құралдардың маңызы зор екенін айта отырып, оның мынадай басты ерекшеліктеріне назар аударған. Тарих пәнінің жеке

тақырыптарын оның жеке тарихи фактілерін айқын көруге, ашық түсінуге, жете ұғуға, жадына тоқып алуға көмектесетіндігін, мұғалімнің сабақ берген кезде айтатын мәселесін оқушылардың санасына әрі қызғылықты, әрі жеңіл етіп жеткізуге, әрі тарихи ұғымды нақтылы етуге көп жеңілдік келтіретінін дәлелдеп анықтайды. Тарих сабағында тарихи карта, тарихи картина, диапозитивтерді, оқулықтағы суреттерді пайдалану, тарихи мұралар, схема, диаграммалар, кинофильмдер, көркем әдебиет шығармаларын пайдалану туралы, сынып тақтасын пайдалану, тарихи маңызы күшті материалдарды оқушылардың дұрыс түсініп, жақсы ұғуларына көмектесетіндігіне ерекше мән бере отырып, жеке-жеке толық кеңес береді


«Кейбір мұғалімдер жұмыс жоспарын құрған кезде өткен материалды жақсы пысықтауға, қайталауға көңіл бөлмей, оны жоспарға ендірген. Дер кезінде белгілі бір жүйемен өткен сабақтарды қайталап отыруға зер салмаған. Кейбір қиын тақырыптардың ерекшеліктері еске алынбаған. Тарих пәнінің оқу бағдарламасында алғашқы тақырыптарға көп уақыт берілген, кейінірек келетін тақырыптарға уақытты аз қалдырып, үстірт өткен» - деп С.Қ.Бақшилов өз еңбегінде мұғалімдердің жіберген қателіктерін дәлелдеген.

Сондықтан оқушылардың тарих пәнінен алған білімі орташа деңгейде болғанын байқай аламыз. Ал автор С.Қ.Бақшилов осы еңбегінде мұғалімдердің кемшіліктерін тез жоюы үшін, өткен тарихи материалдарды қайталап, пысықтап отырмайынша оқушылардың алған білімдерін нығайтуға болмайтындығын, әрбір мұғалім қайталаудың мәні зор, пысықтаудың маңызды екендігін түсінуі керектігін айтады. Мектептердегі тарих пәнін оқытуды жетілдіре түсуге көп үлес қосқан А.А. Вагиннің еңбектерін ерекше атап айтуға болады. А.А. Вагиннің «Мұғалімнің 8-10 кластардағы тарих сабағына дайындалуы» атты еңбегінде мұғалімнің тарих сабағына дайындалудың негізгі міндеттерін ашық әрі айқын көрсетеді.

Кеңестік дәуірде үкімет пен партияның жоғары сыныптарда тарих сабақтарын беретін мұғалімдерге қойып отырған аса жауапты міндеттерді автор нақтылай келе, сабаққа даярланудың ерекше маңызы зор екенін айтады. Кезекті сабақтың нақтылы оқу-білім беру және тәрбиелеу міндеттерін, мұғалім өмірмен байланыстыра және актуальдық міндеттер, Кеңестік саясат, коммунизм үшін күрес тұрғысынан қарастыра отырып, бағдарламалық материалға сүйеніп белгілеу керек екенін айта келе, автор тарих пәнін оқытудағы кездесетін қиын мәселелерге де тоқтап өтеді. Мұндай қиыншылықтар жұмыс тәжірибесінің көрсетуінше, сабақтың идеялық-білімдік және тәрбиелік нақты мақсатын белгілеп, оның негізгі идеясын ашуда кездеседі. Сабақтардың ішкі байланыстарын ашу, курс бойынша әбден ойланып белгіленген жұмыс жүйесін бір сабақтан екінші сабаққа жүзеге асыруда, сонымен қатар сұраққа дайындалуға, оны жоспарлауға жеткілікті көңіл қоймаушылықта, тарихи материалдардың ұғымдылығын көрсететін нақты фактілерді тауып баяндауда кездеседі. Тарих пәнінен сабақ беретін мұғалімдерде кездесетін қиыншылықтарға автордың еңбегінің зор екенін айтуға болады. Оқушылардың түсінігі мен ұғымын қалыптастыру үрдісінде тарихи маңызды оқиғаларды, тарихи қайраткерлерді, маңызды хронологиялық даталарды оқып үйренуді, тарихи материалды іріктеу және баяндау әдісінің айырмашылықтарын автор айқын атап көрсетеді.

Автор көрнекі құралдарға да ерекше мән берген. Көрнекі құралдар тақырыптың материалдарын көз жіберіп шолуға, оқылған тарихи үрдістердің, заңдылығы мен негізгі ерекшеліктерін айта келе, сабақта қайталау таблицасы, карта, схема, диаграмма, синхроникалық таблицаларға жеке-жеке тоқталып, ол сабақтың тиімді әрі ойға қонымды екендігін түсіндіреді.

Автордың еңбегін 1-кесте бойынша таратып, жинақтап, нақтылап көрсетуі негізделеді.



Ғалым А.А.Вагин тарих сабағында көркем әдебиетті пайдаланудың методикалық (әдістемелік) ерекшеліктеріне тоқтала отырып, оны пайдалану тарихи түсініктерді нақтылауды дәлелдейтіндігін, беріліп отырған білімнің мәнісін тануға қызмет ететіндігін анықтайды. Сонымен қатар оқыту методикасының (әдістемесінің) бірнеше әдіс-тәсілдеріне де жеке-жеке тоқтап, талдау жасайды. Автордың бұл еңбегі тарих сабағының берілуі жөнінде бағалы нұсқаулар мен кеңестерді жан-жақты қамтыған.

М.А.Зиновьев 40 жылдан астам өмірін ғылыми-педагогикалық жұмысқа арнаған. Оның қаламынан тарих пәнін оқытудың негізгі методикалық (әдістемелік) мәселелері жөнінде 20–дан аса ғылыми еңбектері шыққан. 1948 жылы РСФСР Педагогикалық ғылым академиясының баспасы шығарған «Тарих пәнін оқыту методикасының негізгі мәселелері» деген еңбегі жеке өзінің көп жылдық тәжірибесін қорытудың нәтижесі болып табылады. Бұл кітапта тарих пәнінің кеңестік методикасында (әдістемесінде) тұңғыш рет орта мектепте тарих пәнін оқытудың аса маңызды мәселелері: бұл пән бойынша мектепте тарихты оқытудың мақсаты, оқу бағдарламалары мен білім мазмұны, сабақ беру методикасы (әдістемесі) және басқа бірқатар мәселелер жүйелілікпен талданған.

М.А.Зиновьев педагогика ғылымының міндеттерін мектеп пен мұғалімнің талаптарымен үнемі байланыстыра отырып, ол жаңашыл мұғалімдердің

сарқылмас әдістемелік творчествосынан шыққан бүкіл жаңалық атаулының аз ғана бағалы табыстарын да шұғыл зерттеп, жинақтаған. Осы озық тәжірибені қорытып, оны өзінің жеке әдістемелік тәжірибесімен және творчестолық ізденулерімен байыта отырып, ол тарих пәнінің ғылыми әдістемесін дамытқан, әрі тереңдете түсуге үлкен үлес қосқан. Автордың еңбегі кіріспе бөлім мен 13 тараудан құралған. Ол тараулар оқушыны біртіндеп тарих пәні әдістемесінің неғұрлым күрделі, жалпы мәселелерінен неғұрлым жекерек және нақтырақ мәселелеріне жетектейді. Автордың бұл еңбегі шын мәнінде тұтас әдістемелік құрал емес, сөздің өз мәніндегі мазмұнын дәл білдіретін очерктер болып табылады.

Н.Көшекбаев ғылыми жұмыстарын тарих пәні әдістемесі мәселелерін зерттеуден бастаған. Ғалымның тарих пәні әдістемесі бойынша жазған мақалалары 1940 жылдардың ортасынан бастап «Халық мұғалімі» журналының арнайы беттерінде жариялана бастаған. Автор жазған еңбектерінде тарих сабақтарында оқулықпен, басқа да оқу және қосымша құралдармен жұмыс істеу, көрнекі құралдарды пайдалану, оқушыларды үй тапсырмасын орындауға дайындау, сабақ барысында пысықтауды ұйымдастыру сияқты маңызды мәселелерге тоқталады. Н. Көшекбаев «Батыс Еуропадағы 1848-1849 жылдардағы революциялар тарихын оқыту әдістемесі» атты тақырыбы бойынша педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертация қорғайды.

Жоғарыда аталған ғалымдар еңбектерінің маңызы сонда, тарихтан алатын орны ерекше қиын-қыстау Ұлы Отан соғысы 1940-1946 жылдар кезінде және 1946-1954 жылдардағы және онан кейінгі 1954-1959 жылдардағы тарих пәнінің оқытылу жайымен, әдістемесімен таныстырады. Аталған еңбектер біріншіден, тарих пәнінің оқытылу жайы, әдістемесі бойынша болашақта жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының мақсаты мен бағыттарын анықтауға көмектеседі. Екіншіден, тарихты оқыту әдістемелерінің жетіле түсуіне өзіндік үлес қосады. Үшіншіден, тарих пәнінің оқытылу жайы, әдістемелік мәселелерін зерттеуде пайдасы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.А.П. Чижов Некоторые вопросы методики преподавание истории в старших классах средней школы –А-Ата: -1959.
- 2.В.Г. Карцов 8-10 кластарда ССРО тарихын оқыту методикасының очеркі – Алматы: -195 б.
- 3.С.Қ. Бақшилов Тарих сабағын оқытудағы кейбір мәселелер –Алматы: Қазақ ССР Оқу Халық Комиссариатының баспасы, -1941. -17 б.
- 4.А.А. Вагин Мұғалімнің 8-10 кластардағы тарих сабағына дайындалуы –Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, -1955. -91 б.
- 5.М.А. Зиновьев Тарих пәнін оқыту методикасының очерктері. –Алматы: -1959. -180 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Кеңес дәуіріндегі тарих пәнін оқытуда басшылыққа алынған педагогикалық, әдістемелік әдебиеттер жайлы қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается методическая и педагогическая литература по преподаванию истории в советский период.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

ТАРИХТЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Кусайнова Р.Т.-аға оқытушы (Алматы қ., Қазмеқызпу)

Дербес Қазақстан мемлекетінің ертеңгі болашағы бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне тікелей тәуелді. Шәкірттің рухани жан дүниесін бүкіләлемдік біліммен сусындатып, туған халқының ғасырлар бойы жинақтаған қазынамен байытып, ұлттық дәстүрлердің озық өнегелерін санасына құйып, білім мен тәрбие беретін жауапты міндеттердің ең бастысы болып саналады. Сондықтанда бүгінгі білім мен тәрбие беру жүйесі жаңаша құрылу қажеттілігін көрсетіп, Қазақстан мектептерінде болашағынан үміт күттіретін алғашқы қадамдар жасала бастады.

Жалпы білім беретін қазақ мектебінің басты мақсаты бұрынғысынша дара тұлғаны дамыту болып саналғанымен, оны жүзеге асыру жолында жасалатын істерге деген көзқарас өзгерді. Бұрын да оқушыны белгілі көлемдегі білім, білік, дағдылармен қаруландыру жеткілікті деп ұғып келсек, ендігі жерде олар баланың ой-өрісін өсіріп, өзіндік дүниетанымын қалыптастырып, шығармашылықпен жұмыс жасайтындай мүмкіндік беруі керек. Әрбір оқушының өзін-өзі дамуына, өз мүддесі мен қызығушылығын қанағаттандыруына, бойындағы қабілетіне сай білімін тереңдетуіне толық мүмкіндік туғызу міндеті тұр. Бұл міндеттер Кеңестер одағы кезінде педагогикалық-психология саласындағы ең озық – Давыдов, Занков т.б. ұсынған дамыта оқыту идеясымен ұласып жатыр.

Ғылым білім, іскерлік, дағдылар жүйесінен құрылатын білім мазмұнын әр оқушыны өзгермелі заманның күнделікті тіршілігіне бейімделе отырып, өзінің ой-өрісін, талғамын, дүниетанымын кеңейтіп, дамыта отыратын құрал ретінде пайдалануы қажет. Сөйтіп оқушының мектептен алып шыққан білімі өз мүддесі мен қоғам талаптарын ұштастыруға бағытталған іс-әрекетінің және ой-өрісінің мүмкіндігінше шығармашылық сипатта болуына ықпал етуі керек. Білім мазмұнына деген мұндай жаңаша көзқарас оқытудың әдістемелік жүйесін жаңартуды, төл оқулықтар, бағдарламаларды, оқу әдістемелік кешеннің басқа да бөліктерін дайындауды қажет етіп отыр.

Даралап оқытуды басқа да ұстанымдарымен ұштастыру негізінде әр оқушының қабілетін, қызығушылығын, ынтасын дамытуға жол ашып, мүмкіндік туғызатын білім мазмұнының жылжымалы бөлігі болып саналады. Бұл бөліктің мектептің әрбір сатысындағы сыбағалы салмағы оқушының жас ерекшелігіне және әр сатының міндетіне байланысты болады. Сондықтанда тарихтан оқушылардың өздігінше атқаратын жұмыстарыда бірте-бірте күрделенеді. Қазіргі білім жүйесінде 70-ке тарта өздігінше оқушылардың атқаратын жұмыстары бар. Олар оқулықтағы мәтінді сауатты, дәл ырғағымен оқудан бастап, ғылыми-зерттеулерге қатыса алатын дәрежеге жетеді. Мұғалім оқушылардың өздігінше жұмыстарын бірте-бірте күрделендіру арқылы белгілі бір нәтижеге жетеді.

Мектептің екінші сатысынан бастап оқу жүктемесінің жылжымалы бөлігі, әр түрлі бағыттағы тереңдетілген білімнен тұрады. Сондай пәндердің бірі – «Қазақстан тарихы». Тереңдетілген пәндер негізінен оқушылардың атқаратын өздігінше жұмыстарына арналған. Мұндағы мақсат жекеленген тақырыптарды оқушылар ғылыми-ізденіс жасауға, тереңірек зерттеуге, әсіресе тарихи-мәдени

ескерткіштер мен ірі тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметтерін кеңірек білуге арналады.

Оқушының барлық іс-әрекетін рейтингі бойынша өзара бағамдас 4 топқа біріктіріп қарау орынды: олар 1) білім сапасын арнайы бақылау, 2) сабақ барысындағы көрсететін білімі, білігі, дағдысын қамтитын ауызша жауаптары және ынтасы, 3) үйде өздігінше орындалатын тапсырмалардың нәтижесі, 4) білімді игерудің жоғарғы деңгейлеріне сай келетін оқушының ерекше қабілетінің көрсеткіші. Оқушының өзінің білімі мен білігінің тереңдігін, әсіресе, бақылау мен ауызша (даталар, есімдер жер аттарын картадан) жауап беру кезіндегі тапқырлығы мен алғырлығын, шығармашылық қабілетін көрсететін жағдайлар мен нәтижелері болуы керек.

Қазіргі мектептегі «мықты» деген оқушылардың білімінің сапасы рейтингілік жүйеде 75 балға сай келеді. Ал, одан жоғары эврикалық және шығармашылық деңгейлерге жету үшін жоғарғы сыныптарда кітаптағы дайын білім аздық етеді. Сондықтанда әрбір оқушы өздігінше әр түрлі тарихи-ғылыми деректер мен әдебиеттермен қосымша білім алса ғана қолы жетуі мүмкін. Мәселен, көптеген сұрақтарға (даталарды берік меңгеру, оқиғалар мен фактілерді нақты білуі, ұғымдармен терминдерді сипаттай алуы, оқиғаларды салыстырып, ұқсас жақтары мен айырмашылықтарын табуы) тереңдете, жан-жақты жауап бере отырып, өз ойын қорғап пікірталасқа еркін түсе алатын, берген тапсырмаларды шығармашылықпен орындайтын, тыңнан жол табатын оқушылар ғана ең жоғары деңгейге көтерілетін болады. Тарих сабағындағы оқушылардың атқаратын өздігінше жұмыстары неғұрлым көп, әралуан болса ғана шәкірт белгілі бір нәтижеге жетпей қоймайды. Оларды жоғары қабілетті, талантты, тіпті болашақта дарынды адамдар қатарына енетін вундеркиндылар деп те қарауға болады.

Жеке тоқтала кететін оқушы әрекеті оның үйдегі орындайтын тапсырмаларының ерекшелігінде. Демек, мұғалім дәстүрлі оқыған тақырыптарға сай берілетін үйреншікті тапсырмалармен бірге үйге келесі сабақта оқылатын мүлдем жаңа материалдарды қосу – яғни ендігі жерде оқушыны өздігінше жаңалықты игреуге үйретіп қана қоймай, жаңа тақырыпты түсіндіруге мұғаліммен бірдей ат салысуына мүмкіндік береді. Сабақтың барысында өздігінше оқушылардың тарихи – ғылыми деректер мен әдебиеттерден оқыған материалдарын тіпті жаңа тақырыпты түсіндіріп айту, өзара пікір алысу, біріне-бірі сұрақ қою т.б. түгелдей оқушылардың мойнына жүктелсе артық болмас еді. Ұстаз қазіргі педагогиканың озық талаптарына сай оқушы қиналғанды ақыл-кеңес беретін, сабақ барысында туған таластың түйінін шешетін төрешісі, бүкіл сабақтарды ұтымды ұйымдастырушы дирижер ретінде көрінсе өте орынды болар еді. Сабақты мұндай ұстаныммен өткізгенде оқушының үлесіне қазіргімен салыстырғанда 3-4 еседей көбірек уақыт тиіп, олардың ойындағысын ашық айтып беруге, дұрыс сөйлеуге, пікір таластыруға, орынды сұрақ не жауап беруге, өзін-өзі еркін ұстауға дағдыланатына еш күмән жоқ.

Бүгінгі күні мектепте де және жоғарғы оқу орындарында да оқушымен студенттің іс-әрекетін жаңаша бағалаудың толып жатқан ұтымды жақтары бар. Соның бірі бағалау барысында рейтингтің орта мектепте енуі. Рейтингтің басты мақсаты – сабақта және сыныптан тыс атқаратын өздігінше жұмыстардың нәтижесі мен білім көзі. Мектептегі рейтинг жүйесі қарапайым, бірақ атқаратын қызметі тереңдеу, өйткені ол дамыта оқыту идеясына сәйкес дара тұлғаның білімін жан-жақты сипаттай алады. 2000-2001 оқу жылынан бастап, мектептерде жаңа буын оқулықтарымен оқу-әдістемелік кешендер қызмет жасап жатыр: олар: оқулық, оқу хрестоматиясы, оқушы дәптері, дидактикалық материалдар және

әдістемелік құралдар. Бұл кешендер оқушыларды өздігінен білім алуға, ізденуге өз үлесін қосады. Онда өздігінше деректермен жұмыс, түрлі кестелерді толтыру, сөзжұмбақты шешу, оқулық мәтінімен жұмыстар ұйымдастыру, түрлі суреттерге қарап, шағын әңгімелер құрастыру, контурлық карталарды толтыру, даталармен жұмыс жасау (хронологиялық, синхронды) таблицалар толтыру, рефераттар дайындау, түрлі жоспарлар, тезистер және карталармен жұмыс жасатуға болады. Осылар арқылы оқушының іс-әрекетін, білімін жаңаша бағалауға болады.

Жалпы педагогикалық үрдіс кезінде оқытушы оқушылардан өздігінше білім алуға ынталандыру қажеттігі туып тұр. Оқушыларға өздігінен жұмысты дұрыс орындата білу үшін күнделікті сабақ жоспарын жасап, сабаққа дайындалғанда, әрбір сабаққа өздігінен орындайтын жұмысты белгілеп алуы керек. Мұғалім міндетті түрде оқушылардың өздігінен жасайтын жұмыстарын алдын-ала іріктеп, дұрыс жүргізе білуі шарт. Сөйтіп 5 сыныптан бастап тарихи материалды оқи бастайтындықтан оқушыларды да бірте-бірте өздігінен жұмыс жасауға үйрете білгені жөн. Айталық, 5 сыныпта тарихтан өздігінше оқушылардың атқаратын жұмыстары мына бағытта жүргізіліп, бірте-бірте жоғарғы сыныптарда күрделене түседі:

1. Оқулық мәтінін дауыстап, мәнерлеп, қатесіз оқу;
2. Оқулық мәтінін әңгімелеп беру;
3. Оқулықтағы суреттерге қарап әңгіме құрастыру;
4. Түрлі кестелер толтыру;
5. Даталармен жұмысты ұйымдастыру;
6. Оқушы дәптеріндегі түрлі тапсырмаларды ұйымдастыру.

Жалпы білім беру жүйесін қайта құрудағы басты мақсат әр оқушының дәріс алуының сапалық деңгейін жетуіне мүмкіндік беретін оқу процесін ұйымдастыру. Ал оқу процесін жаңаша ұйымдастырудың бір тетігі оқу нәтижелерін бірнеше деңгейде жоспарлауға байланысты. Сондықтан бұл мәселе бойынша ғылымда жинақталған ұстанымдарға жүгіне отырып, оқу нәтижелерін жоспарлауға жаңаша көзқарас керек. Оқу нәтижелерін жоспарлау мәселесі бойынша зерттеу барысындағы қортындылар білімді игеру деңгейлерін айқындау сипаттамасына қарасақ, олар мазмұны бойынша оқушылардың өздігінше атқаратын жұмыстарына үлкен мән береді. Бұл туралы (И.Я.Лернер, Я.И.Батурина, В.П.Беспалько) айтқан. Білімді игеру тұтас процесс ретінде үш сатыдан тұрады:

1) жаңа білімді игеру, өздігінше білім көзін табу, іздену және оны өмірге пайдалану.

2) игерген білімді зерттеу, жинақтау, қортындылау.

3) жаңа білімді өздігінше игеру, есте сақтау, ой-өрісін кеңейту, дамыту.

Аталған 3 сатының әрқайсысында пәндік (тарихтан) білімді өздігінше игеру төрт деңгейден тұрады:

- 1) білу, 2) түсіну, 3) қолдану, 4) біліктену.

Тарих пәнінен игерілетін білім игерудің әр сатысында оқушылардың танымдық іс әрекетінің сапалық өзгерісі дами түседі. Сондықтанда жаңа буын оқулықтарында оқушылардың танымдық қызметінің белсенділігін арттыру үшін, өзіндік жұмысына арналған тапсырмалар саны көбейген, оның ішінде мазмұны мен формасы жағынан әр түрлі суреттер, кестелер, деректер, сөздіктер, терминдер және даталар мен жұмыс жасау молынан берілген. Оқушылардың оқу қызметін тек қана күрделенген тапсырмалар (тарихи деректер, логикалық тапсырмалар) ғана белсендіреді. Бұлар өз кезегінде оқушылардың дүниетанымына әсер ететін оқу қызметін интеллектуалдық, сезімдік, практикалық жақтарын дамытады.

Халықағарту саласын қайта құру ұстанымдары – оқытуды демократияландыру, ізгілендіру және дамытушылық. Тарих сабағында оқушылардың өздігінше атқаратын жұмыстары дамытушылыққа жатады. Онда жеке тұлға, жас шәкірт бойындағы табиғи қасиеттерді; талант, қабілет және тарихқа қызығу, зерделілігін, қабылдағыштың, ойлану, салыстыру, есінде жақсы сақтау сияқтыларды барынша дамыта отырды.

Белгілі дидактика-ғалым И.Я.Лернер өз еңбегінде жоғарыдағы оқыту әдістері туралы өзінің ғылыми тұжырымдарын былай деген: «Тарихи материалды оқып, танып білу және оны меңгеру үшін көптеген тәсілдер мен құралдар қолданылады, бірақта оқушы (тарихи білімді) өздігінше ізденіп тапса, ол көбірек есте қалады».

Оқушылардың өздігінше атқаратын жұмыстарына қажетті біліктерді қалыптастыруда жатады. Білімді өздігінше бірнеше рет және әр түрлі жағдайда еске түсіруге мүмкіндік беретін жұмыс түрін атқарады. Мәселен, бүгін өтілген тарихи оқиғаны бұрын оқытылып кеткен ұқсас оқиғамен салыстырып, ұқсас белгілері мен ерекшеліктерін табады, өтілген материал бойынша жоспар жасайды, тарихи фактілерге өздігінше баға береді, түрлі кестелер толтырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лернер И.Я. «Задания для самостоятельной работы по истории» (Пособия для учителя) Москва, 1988.
2. Беркімбаева Ш.К. Қазақ мекетөбі: Бүгінгі проблемалары, даму бағыттары //Республикалық – практикалық конференция 1996 ж.
3. Зиновьев М.А. Тарих пәнін оқыту методикасының очерктері Алматы, 1959.
4. Годер Г.И. История древнего мира и средних веков. Справочные материалы. Москва, 1997.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада тарихты оқытуда оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың жолдары баяндалған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена проблемам организации самостоятельных работ учеников в преподавании истории.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНЕН ДИПЛОМ ЖАЗУДЫҢ ӘДІСТӘСІЛДЕРІ

Тұрлығұл Т.Т. – п.ғ.д., профессор. (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Елімізде жылдан-жылға білім мен ғылымды дамытуға ерекше көңіл бөлініп, бұл салаға берілетін қаржы да, басқа да қамқорлықтар да еселеп артуда. Бұған Елбасының жыл сайын халыққа арналған Жолдауларындағы, басқа да ауқымды беделді басқосуларда айтатын нұсқаулары мен келтіретін мәліметтері дәлел. «Сарқылмайтын, терең бойлаған сайын еселеп арта беретін бір байлық бар, – деді ол, Астанада Тұңғыш Президенттің бірінші интеллектуалдық мектебін ашарда

сөйлеген сөзінде, – ол білім. Ал білім негізі – мектепте» /1/. Мектеп тұтқасы мұғалім екені баршаға аян. Бұл айтылғандарға мысалды алыстан іздемей-ақ өткен жылы ғана Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогика институтының университетке айналуына байланысты оның бүкіл оқу-тәрбие үрдісіне қойылатын талаптар бұрынғыдан да арта түсетінін айтсақ та жеткілікті. Мұның өзі осы ұжымда қызмет атқаратын әрбір оқытушыға да, студентке де ой салады. Демек – мен университет оқытушысы, студенті деген жоғары, әрі жауапты атаққа лайықты еңбек етіп жүрмін бе – деген сауал туындайды.

Оқытушылардың қызмет сапасы, ал студенттердің білім сапасының маңызды бір көрсеткіші – студенттердің өздігінше атқаратын шығармашылық жұмысқа қаншалықты төселгендігінен байқалады. Студенттер мұндай шығармашылық жұмысқа мектеп қабырғасында-ақ дайындалып келеді, ал институт қабырғасында ондай жұмыстар одан әрі жетілдіріліп, жалғастырылады. Олардың негізгі түрлері студенттің әрбір курс сайын орындайтын бақылау, курс жұмыстары, ал олардың одан арғы жоғары, әрі күрделі түрі университетті бітіруге байланысты жазатын *диплом жұмысы*. Олармен қатар студенттер ЖОО қабырғасында жүрген 4-5 жылда басқа да шығармашылық жұмыстарға қатысады. Олардың қатарына студенттердің өздігінше орындап, жарыққа шығаратын газет, журнал мақалалары, түрлі конференцияларда жасайтын хабарлары мен баяндамалары т.б. жатады.

ЖОО бітіруге арналған диплом жұмыстары дәл қазір саны мен сапасы жөнінен әлде қайда жақсартуды талап етеді. Бұл туралы мерзімді баспасөз бетінде сын мақалалар жиі-жиі жарияланады және соларда жазылған сындар Республикамыздың ЖОО-ның көпшілігіне ортақ. Дегенмен диплом жұмыстарын жазуда орын алған кемшіліктердің дәлелді себептері де жеткілікті. Сондықтан ол кемшіліктер үшін жеке біреулерді кінәләу орынсыз болар еді.

Осы айтылғандарға байланысты біз мақаламызда ТОО-нен диплом жұмысын жазу туралы кеңес бергелі отырмыз. Біздің университетіміздің қазіргі оқу жоспары бойынша «Тарихты оқыту әдістемесі» пәні Жалпы тарих кафедрасына берілген. Жыл сайын диплом жұмысын жазу мәселесі көтерілгенде осы пәннен сабақ беретін оқытушылар қиындыққа ұшырайды. Өйткені студенттер «Тарихты оқыту әдістемесінен» диплом жұмысын алудан қашқақтайды, шамасы келсе алмауға тырысады. Мұның өзі олардың болашақ мамандығының сапасына сөзсіз кері әсерін тигізеді. Мұның басты себебі тарихты оқыту әдістемесінен дипломдық жұмыс жазуға қажетті ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен басқа да дерек көздерінің тым аздығына, ал кейбір тақырыптар бойынша мүлде жоқтығына байланысты. Осыған қарамастан кейінгі бір-екі жылда аталған қиындықтан шығу жолдарын қарастырып келеміз және белгілі дәрежеде нәтижесі де байқалуда.

Алдымен ескертетін жағдай, тарихты оқыту әдістемесінен ЖОО бітіру диплом жұмысының қажеттігін және оның болашақ тарихшы мұғалім үшін аса пайдалы екенін студенттерге жеткілікті дәрежеде түсіндіру. Осы мәселені дұрыс түсінген және шығармашылық жұмысқа қабілеті бар студенттер біртіндеп диплом жұмысынан тақырып алуға келісім береді.

Келесі жұмыс, студенттердің диплом жұмыстарына басшылық ететін ғылыми жетекші оқыту әдістемесінен диплом жазудың мазмұнын, құрылымының ерекшеліктерін жете түсіндіруі тиіс.

Ендігі міндет, диплом жұмысының тақырыбын дұрыс таңдау. Жалпы тарих кафедрасында оның мәжілісінде бекітілген диплом жұмыстары тақырыптарының тізімі ілулі тұрады, оған жыл сайын азды-көпті өзгерістер енгізіліп отырады. Осы

тізім кафедраның әдіскер оқытушылары дайындап баспадан шығарған Оқу-әдістемелік кешенінде де бар /2/.

Диплом жұмысының тақырыбын, әсіресе әдістеме бойынша алатын тақырыпты таңдауға ерекше көңіл бөлуіміз керек. Мүмкін болғанынша тарихты оқыту әдістемесіндегі жаңа мәселелерді: оқытудағы инновациялық бағыттар, педагогикалық технологияларды пайдалану, интерактивті тақта мен интерактивті әдістерді қолдану тәжірибелері, оқытуда күтілетін нәтижеге жету жолдары, тарихты оқытуда құзыреттілікті қалыптастыру, «Мәдени мұра» материалдарын сабақта пайдалану тәжірибелері сияқты тақырыптарды таңдауға болады. Бұл тақырыптардың мазмұнында сапалы білім беру, оқушының ойлау қызметін жетілдіру, тұлғалық-бағдарлы дамыту сияқты мәселелерге ерекше назар аударылуы керек.

Тарихты оқыту әдістемесінде осы пәннің тәрбиелік міндеттерін жүзеге асыруға баса назар аударылатыны белгілі. Осыған орай пәнді оқыту барысында оқушыларды отан сүйгіштікке, халықтар достастығы мен ынтымақтастыққа тәрбиелеу де, экономикалық, экологиялық, эстетикалық тәрбие беру де маңызды тақырыптар қатарына жатады. Тақырып таңдағанда тағы бір ескеретін жағдай – осы мәселе бойынша баспасөз арқылы жарияланған материалдардың қаншалықты барлығы. Мұны алдымен ғылыми жетекші назарда ұстайды. Тақырып әлі ешкім зерттемеген, қорғамаған, жаңа болғанмен ол туралы жарияланған материал өте аз болса, мұндай тақырып диплом жазушыға да, ғылыми жетекшіге де қиындық келтіреді. Осындай қиындық тарихты оқыту әдістемесінен тақырып алатындарға тікелей қатысты. Бірқатар тақырыптардан: тарихты оқыту барысында инновациялық, педагогикалық технологияларды пайдалану, жоспарланған күтілетін нәтижеге жету жолдары, құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесі, интерактивті тақтаны пайдалану т.б. туралы қазақ тілінде жарияланған материалдар өте аз, ал орыс тілінде бірен-саран болғанмен оларды студенттердің бәрі бірдей пайдалана алмайды.

Тақырып таңдалып анықталғаннан кейін, студенттің тақырыбы да, ғылыми жетекші де кафедра мәжілісінде бекітіледі.

Осыдан кейін дипломшы-студент өз тақырыбы бойынша материал жинауға кіріседі. Тарихты оқыту әдістемесінен кездесетін алғашқы қиындық студент кемі 5 – 6 кітапхананы (Алматы жағдайында) аралап, олардағы өз тақырыбына қатысты әдебиеттерді іріктеп ала алмайды, бұл жерде ғылыми жетекшінің көмегі қажет. Ол жеке диплом жұмысына қатысты әдебиеттердің қай кітапханаларда кездесетінін және пайдалану реті туралы кеңес береді. Тарихты оқыту әдістемесінен азды-көпті қазақ тілінде әдебиеттер кездесетін кітапханалар: 1) Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы (Абай, Абылайхан даңғылдарының қиылысында); 2) Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының кітапханасы (Жамбыл көшесі, 25). Қыздар университетінің кітапханасында біз әңгіме етіп отырған пәннің әдістемесінен жаңа әдебиеттер аз, 2000 жылдан бері баспадан шыққан тарих оқулықтары, әр оқулық бойынша жарық көрген үш-үштен әдістемелік кешендер де түгел емес. Егер осы әдебиеттер түгел болса, әдістеменің күнделікті сабақтарының сапалы оқытылуына, диплом жұмыстарының ойдағыдай жазылуына пайдасы тиер еді. Диплом жазатын студенттер тарихшы мұғалімдер даярлайтын басқа ЖОО-ы кітапханаларын, әсіресе Әл-Фараби, Абай атындағы университеттердің кітапханаларын өздері сүзіп шыққаны дұрыс. Қыздар университетіне жақын орналасқан А.П. Чехов атындағы қалалық кітапханада педагогика, тарихты оқыту әдістемесі тақырыбына қатысты, әсіресе қазақ тілінде әдебиеттер жоқ есебі.

Студенттерге біз ұсынылғалы отырған үшінші кітапхана – Жамбыл атындағы республикалық жасөспірімдер кітапханасы (М. Мәметова-Фурманов көшелерінің қиылысына жақын). Мұнда соңғы жылдары Қазақстанда қазақ тілінде жарық көрген педагогика оқулықтары түгелге жуық бар, олардың мазмұнында оқыту теориясы мен тәрбие теориясына арналған көлемді бөлімдер кездеседі. Тәрбие теориясына арналған монография да бар. Осы кітапханадағы басқа педагогикалық әдебиеттерді айтпағанның өзінде аталған екі бөлімнің мазмұнында жеке пәндерді оқыту әдістемесіне қатысты материал жеткілікті. Оны әдістемеден диплом жұмысын жазатын студенттердің әдіснамалық тұрғыда басшылыққа алуына әбден болады.

Өз тақырыбына қатысты әдебиеттерді тауып, олармен таныса бастаған студент кітаптың атын, авторының аты жөнін, шыққан жылы мен баспасын, қай қалада екенін, көлемін (неше бет) дәл көрсетуі, қатесіз жазып алуы керек. Кітапты қарап, оның қай бөлімі, қай беттері өзінің дипломдық тақырыбына қатысты екенін анықтағаннан кейін, сол бөлімді, тақырыпты зейін қоя оқып меңгереді, қажетті деген беттердің мазмұнын қысқаша конспектілеп алады, сілтеме жасауға қажет деген абзацтарды көшіріп алады, ол беттерді де көрсетеді. Осыдай ретпен ғылыми жетекші көрсеткен негізгі әдебиеттердің мазмұнымен танысады. Олардың мазмұнын ой елегінен өткізгеннен кейін студент санасында болашақ жұмысының үлгі сұлбасы біртіндеп қалыптасады. Ғылыми жетекшінің берген кеңесін басшылыққа ала отырып, енді диплом жұмысының жоспарын жасап, осы үлгі жоспарды ғылыми жетекшімен ақылдасып алуына болады.

Диплом жұмысының жоспары аса жауапты жұмыс. Осы еңбектің сапалы болуы, оның мазмұнының құрылымдық жағынан сәтті жасалуы, негізгі мәселелердің өзара сабақтастығы, бірінен бірі туындап, қисынды байланысып жатуы диплом жоспарының қаншалықты ойластырылып жасалғандығында.

Әдетте диплом жұмысы кіріспеден, екі не үш бөлімнен, әр бөлім 2 – 3 тақырыпшадан құралады. Соңында бүкіл жұмысқа қорытынды жасалады, бөлімдер бойынша шағын қорытынды жасау-жасамау автордың еркінде. Ең соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі беріледі, ең аз дегенде 20-дан кем болмағаны дұрыс. Жұмыстың көлемі кемі 48 – 50 бет болуы керек, 3 баспа табақтай, шамамен кітап бетімен 48 бет.

Тарихты оқыту әдістемесінен кейінгі жылдары дайдалған диплом жұмыстары көбіне екі бөлімге, әр бөлім екі-үш тақырыпқа бөлініп жасалуда. Сондай бір диплом жұмысының қысқаша жоспарын қарастырайық.

Тақырыбы: Қазақстан Республикасында 1991-2000 жыл аралығында мектептерде Отан тарихты оқытуда болған маңызды өзгерістер (білім мазмұнында, әдіснамасында, әдістемесінде).

Кіріспе (4 – 5 бет).

Бірінші тарау. Қазақстан тарихы мектептік пәнінің білім көлемінде, білім мазмұнында болған өзгерістер.

1.1 Пәннің алғашқы бағдарламаларын ғылыми-әдістемелік талдау (12 – 13 бет).

1.2 Пәннің алғашқы оқулықтарының ғылыми-әдістемелік сипаттамасы (13 – 14 б.).

Тарау бойынша қысқаша қорытынды (1 бет).

Екінші тарау.

Қазақстан тарихы бойынша жарияланған қосымша әдістемелік құралдар және пәннің оқытылу жағдайы.

2.1 Жарияланған қосымша құралдарды әдістемелік талдау (12 – 13 бет).

2.2 Мектептерде пәннің оқытылу жағдайы (13 – 14 бет).

Тарау бойынша қысқаша қорытынды (1 бет).

Жалпы қорытынды (2 – 3 бет).

Пайдаланылған әдебиеттер (1 – 2 бет), саны 35. Барлығы 60 – 62 бет.

Осы жоспарға қарап отырып тағы бір ескеретін жағдай диплом жұмысының ішкі құрылымы мен көлемі. Тараулардың көлемі бір-біріне сәйкес болғаны дұрыс. I тарау 25 бет болса, II тарауда соған шамалас болуы керек, бір тарау 15 бет, екіншісі – 30 бет болса, оны дұрыс деуге болмайды. Сондай-ақ жұмыстың ішкі бөлімдерінің көлемі де шамалас болғаны тиімді.

Енді диплом жұмысының ішкі мазмұнына, онда нелер қарастырылып, қандай мәселелер ашылып көрсетілетініне тоқталайық. Алдымен кіріспе туралы. Оны жазудың қиындығы сонда, кейбір әдіскер ғалымдар кіріспені ең соңынан жазсада болады дейді. Ол автордың еркінде. Әңгіме оны қашан жазғанда емес, әңгіме диплом жұмысын шу деп жазуға кіріскенде, оның мазмұны автордың жадында қалыптасып болуы керек, олай болмаған жағдайда еңбектің құрылымында, әсіресе логикалық байланыстарында кемшілік кетуі мүмкін.

Кіріспеде алдымен автор бұл тақырыпты неліктен таңдағандығын, оның маңыздылығын негіздейді. Шамасы келсе тақырыптың әдіснамасына тоқталады, тақырыпты кімдер зерттегенін, қандай мәселелер шешілгенін, нелер әлі шешілмегенін, оларды зерттеу қажеттігін дәлелдейді. Осыдан келе тақырыпты зерттеудің мақсаты тұжырымдалып, зерттеу міндеттері анықталады. Одан әрі пайдаланылған әдебиеттерге шолу-сипаттама беріледі. Кіріспенің соңғы мәселесі – диплом жұмысының мазмұны мен құрылымына шолу жасалады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, тарихты оқыту әдістемесінен диплом жұмысы көбіне екі тараудан құралатындықтан, бірінші тарауда осы мәселенің ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде, атап айтқанда тарих, педагогика, психология ғылымдарында қалай қарастырылатыны, ал тектес қоғамтану, құқық негіздері әдістемелерінде осы мәселенің қалай шешілгені, тарихшы мұғалімдердің әдістемелік журналдарда жарияланған мақалаларындағы тәжірибелерінде қаншалықты шешіліп жатқандығына талдау жасалады. Ал, екінші тарауда автордың зерттеу тақырыбын тарихты оқыту әдістемесін жетілдіру арқылы шешу жолдары, өзі жүргізген зерттеу арқылы қолжеткен нәтижесі баяндалады. Диплом тақырыбының, осы екінші тараудың ерекшелігін ескере отырып автор нақты мысалдарды тарихты оқыту тәжірибелерінен, ғалым әдіскерлердің ұсыныстарынан келтіргені дұрыс. Мұндай еңбектердің қатарына тарихшы мұғалімдердің мақалалары, шағын әдістемелік еңбектері, мысалы, тарих пәнінен жеке сыныптарға арналған әдістемелік құралдар мен басқа оқу-әдістемелік кешендер, әдіскер ғалымдардың монографиялары жатады. Осы айтылғандарда нақты мысал келтірейік. Диплом тақырыбы «Тарихты оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану әдістемесіне арналса, оның бірінші тарауында жалпы педагогикалық технологияларға талдау жасалып, олардың тарихты оқытуға қолайлылары таңдалып іріктеледі. Ал жұмыстың екінші тарауында сол технологияларды тарих сабақтарында пайдаланудың нақты әдістемесі баяндалады.

Дипломның қолжазбасының соңғы әрі маңызды бөлімі – «Жалпы қорытынды». Мұнда автор осы жұмыстың алдына қойылған мақсат, міндеттерің қалай орындалғанын, соның нәтижесінде қандай мәселелерді анықтағанын, шешкенін, өзі ашқан жаңалықтарын талдап көрсетеді. Осы зерттеу нәтижесінің қандай әдістемелік, тәжірибелік пайдалылығына назар аударады. Кездескен қиындықтарға да тоқталады, оның себептерін атап көрсетеді. Осы тақырыптың жеке мәселелерін одан әрі зерттеу қажет деп есептейтін болса оны да атап өтеді.

Дайындалған жұмысты қорғауға әзірлеудің және қорғаудың да қалыптасқан реті бар. Студент компьютерге басылып, техникалық талапқа сай безендірілген диплом жұмысын қорғау уақытынан 10 – 15 күн бұрын кафедраға өткізеді, осы жұмыс туралы ғылыми жетекшінің пікірі және тәуелсіз маманның сараптамасы қоса тапсырылады.

Кафедра меңгерушісі жұмысты қарап, қорғауға ұсынғаннан кейін дипломшы-студент мемлекеттік емтихан комиссиясында сөйлейтін сөзге дайындалады, ол сөздің көлемі әрі кеткенде 10 минут сөйлеуге ықшамдалады. Осы кіріспе сөзінде ол бұл тақырыпты неліктен алғанын, оның маңыздылығын, көкейтестілігін дәлелдейді. Одан әрі зерттеу кезеңдеріне тоқтайды, пайдаланылған әдебиеттер мен басқа да деректерге сипаттама беріп, қысқаша шолу жасайды. Сөзінің соңында студент диплом жұмысының құрылымын таныстырады.

Мемлекеттік комиссия мүшелері студенттің осы тақырыпты зерттеу барысында қандай жаңалық ашқандығы туралы сұрақ қоюы мүмкін, демек мұндай сұрақтың жауабына да дайын болу керек. Егер осы жұмысқа берілген сараптамада оған сын айтылса студент оған жауап береді (комиссия мүшелері қажет деп тапса). Ал комиссия мүшелері дипломантқа сұрақ қойса, оған берілетін жауап әрі қысқа, әрі нақты болғаны дұрыс.

Шағын журнал мақаласында барлық диплом жұмысына, тіпті тарихты оқыту әдістемесі бойынша дайындалатын диплом туралы да толық кеңес беру мүмкін емес. Өйткені әр тақырыптың өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, таза оқыту әдістемесі мен оның тарихына қатысты тақырыптардың құрылымында да, демек ішкі мазмұнында да өзгерістер болады. Біз мақалада негізінен тарихты оқыту әдістемесінен диплом жұмысын жазудың жалпы мәселелеріне тоқталдық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрсұлтан Назарбаев. XXI ғасыр білім мен ғылым ғасыры болады. // Егемен Қазақстан, 13 қаңтар, 2009 жыл.
2. Тарихты оқыту әдістемесі. Оқу әдістемелік кешен. Алматы, 2006, 188 бет.

РЕЗЮМЕ

В статье даются советы о написании дипломной работы по методике обучения истории.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада университет бітіруші студенттердің тарихты оқыту әдістемесінен диплом жазуының әдіс-тәсілдері қарастырылған.

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ**ХУІІІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНА ҚАТЫСТЫ РЕСЕЙ
ДЕРЕКТЕРІ**

Артықбаев Ж.О. - т.ғ.д., профессор. (Астана қ., Мемлекеттік Тарих
Институты)

XVIII ғасырдың қазақ қоғамына қатысты ең мол, әрі құнды мәліметтерді Ресей деректерінен аламыз. Олардың өзін жүйелей келе екіге топтағанымыз абзал – архивтік және нарративті. Оның біріншісі патша грамоталары мен жарлықтары, жоғарғы үкімет орындарының әр түрлі іс қағаздары, төменгі әкімшілік жүйесінің, сауда орындарының баяндамалары, қазақтың хан-сұлтандарының, би-батырларының хаттары мен өтініштері. Бұл қатарлы құжаттардың бәрін де ресми деп атауға болады. Сонымен қатар архив құжаттарының бір қатары қарапайым адамдардың мәліметтерінен тұрады, олардың берген деректерін архив жүйесіндегі ғалымдар «сказка» немесе «распросные речи» деп атауды қалыптастырған. Үкімет орындары әлдене себептермен қазақ ішінде болған, араласқан адамдардан жауап алып отыруды дағдыға айналдырған. Архив деректерінің ішіндегі бір бөлегі қазақ жеріне шыққан елшіліктерге байланысты жинақталған құжаттар мен естеліктер. Олардың маңыздылығы ресми құжаттардан бір де кем емес. Ресей құжаттарының ішінде қазақ тілінде жазылғандары да аз емес – олар қазақ ел басыларының тарапынан түскен әр түрлі хаттар, мәліметтер, өтініштер /1/.

Ресей деректерінің бір құнды көзі – нарративті ескерткіштер. Олардың қатарына Орынбор өлкесінде көп жылдар қызмет жасаған Н.П.Рычковтың, Сібір шептерін салуға қатынасқан И.Г.Андреевтің, екіншісі Академиялық экспедицияның (1768-1769 жылдары) мүшелері П.Паллас, И.Георги, И.Фальк тағы басқа ғалымдардың тарихи-этнографиялық суреттеуге толы еңбектерін жатқызамыз. Бұл дәстүр XIX ғасырда өз жалғасын тапты, олардың қатарында Г.И.Спасский, С.Б.Броневский, А.И.Левшин еңбектері бар.

Аталған еңбектердің бәрі де қазақ өмірінің этникалық түп-төркіні, әлеуметтік жағдайы, рулық құрамы, қоғамдық өмір тынысы мен көзге түсер сыртқы қасиеттері жайында шынайы мағлұматтарға толы. Ресей құжаттарының көпшілігі этнографиялық суреттеу тәсілдерімен жазылған.

XVIII ғасырда Ресей мен Қазақ Ордасы арасындағы таныстық Сібір өлкесінен басталады. Оған себеп қазақтың солтүстік-батыс шекарасында башқұрт, қалмақ ұлыстары орыспен екі араға көлденең жатып, тікелей қарым-қатынасқа жол бермеді, ал Сібірде қазақ қоныстары Тобыл, Тара, Түмен алқабына жапсарлас болды. Өз Тәуке заманында қазақ елшілері алдыменен Тобольск қаласын іздейтін. Тарихи деректерден белгілісі XVII-XVIII ғасырлардың қауышар тұсында Сібірге аттанған Тәшім-батыр елшілігі көп жылғы мәмлегерлік қатынастардың бастауы және деректердің жинақталуының негізгі себебі. XVIII ғасырдың басында Ресей архивтарына түскен деректердің негізгі бөлігін В.Кобяковтың, Ф.Скибиннің, М.Трошинның елшіліктері алып келді. Қазақ Ордасының саяси өмірі, хан мен сұлтандар және ру басылары арасындағы қарым-қатынас, шаруашылығы туралы түсініктің, таныстықтың іргесі осылай қаланды.

Осы кезеңге жататын деректердің біразын Тобольскіге барған қазақ елшілері-саудагерлері берген. 1694 жылдан бастап Өз Тәуке ханның сыртқы мәмлегерлігін атқарған адамдардың бірі – Тайқоңыр Құлтабай Аталықұлы тарапынан түскен мәліметтер соны дәлелдейді. Бұл іс сапарларда саяси

мәселелермен қатар сауда жөнінде әңгіме қозғалады. Осыған қарағанда XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығының Орта Азия мен Сібір және Еділ арасындағы транзиттік саудаға ықпал ету мүмкіндігі жоғары болған. Елшіліктерге байланысты әңгімелерден қазақ қоныстары Сыр бойында екенін және Қазақ Ордасының оңтүстік аймақтармен көбірек байланысты болғанын аңғарамыз. Осы деректердің негізінде жасалған С.Ремезов картасы да (1697 жылы) қазақ жерлерінің шекарасы деп Сарысудан арғы жерді нұсқайды. Әрине, көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан елде нақты шекара болуы мүмкін емес, жайылымға ыңғайлы жердің бәрі де оларға қоныс. Олай болса қысқы қоныстың мөлшерін нақты шекара қылып есептеу С.Ремезов картасының басты қателігі деп есептеу керек /2/.

Қазақ елінің этникалық-саяси өміріне байланысты деректердің бір түйдегі 1717-1720-шы жылдардағы екі елдің де сыртқы серпіліс кезеңінде туды. Бұл құжаттарды аңдысу кезеңінің құжаттары деуге болады. Оның бір көрінісі Қазақ Ордасының екі қанатын айнала Ресей екі үлкен экспедиция аттандырды (Бухгольц пен Бекович-Черкасский). Қазақтар болса Ресейді Жоңғарияға қарсы пайдаланғысы келді. Қазақ туралы деректердің көпшілігі бұл кезеңде Тобольск, Уфа, Қазан қалаларына жинақталып отырды. Саяси келіссөздерде Қазақ Ордасы атынан Қайып пен Әбілқайыр хандардың аты жиі аталады. Олардың басты мақсаты Алтай мен Жетісу өңірін сақтау үшін Ресеймен әскери одақ құрып Жоңғарияның бетін қайтару болғанға ұқсайды. 1717-1718 жылдарғы екі арадағы келісім нәтиже бермегенін бірнеше жағдайдан аңғаруға болады. Алдыменен, 1718 ж. Арыс, Бөген, Шаян өзендері бойындағы қазақтардың жеңілісі, екіншіден осыған айғақ. М.Гагарин мен И.Бухгольцтің 1719 жылы Мәскеуге жіберген хабары “Қазақ Ордасының адамдары Ом (Омбо – Ж.А.) өзенінің құярынан (Ертіске – Ж.А.) жоғары тұстан оң жағалауға өтіп әр жерден Барабы елді мекендерін тонап, тұтқын алуда. Оның үстіне Тобылдағы елдің қоныстары да Қазақ Ордасының жорық-жортуылдарына жиі ұшырауда. Олар көптеген елді мекендерді тонап, құртып, патша адамдарын тұтқынға алып және малын айдап кетеді” /3/. Жортуылдың жиілеп кетуінің бір себебі Қазақ Ордасының бірнеше жылғы соғыстардан кейінгі жоқшылық хәлі деп шамалауға болады.

Ресей архивтарында қазақ елі, оның қоғамдық құрылымы, саяси жағдайы, шаруашылық ерекшеліктері жайында мол деректер 1730- жылдардан басталады. Бұл үшінші кезең бодандықпен тікелей байланысты. Осы кезеңдегі құжаттардың ішіндегі ең салмақтысы К.Тевкелевтің “Журналы”. Бір жарым жылдан аса Әбілқайыр Ордасында болып Кіші жүзді Ресей бодандығына қарату жөнінде ұлан-ғайыр іс атқарып келген елшінің “Журналы” деректемелік жағынан өте құнды дүние. Ол өзінің көрген, бақылаған оқиғаларын сипаттаумен шектеліп қалмай Қазақ Ордасының әлеуметтік-саяси жағдайы туралы өте мол мәліметтерді жинақтаған.

К.Тевкелев кәнігі саясаткер ретінде өз жанындағы башқұрларды, қазақтарды мәлімет жинауға пайдаланып отырған. К.Тевкелевке дос-жар болып, көп мәлімет берген адамның бірі табын Бөгенбай батыр. Оның қазақ руларының тарихы, қалалары, хандардың шежіресі туралы берген деректері К.Тевкелевке 1748 жылы үлкен баяндама жасауға мүмкіндік берді. Қазақпен көрші қара қалмақ, құба қалмақ, башқұрт, өзбек елдерімен қарым-қатынасы туралы деректердің көпшілігін елші хан-сұлтандардан, соның ішінде Әбілқайыр мен Нұралыдан алғаны анық. Жалпы К.Тевкелевтің жинақтаған мәліметтері XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ қоғамы жайлы мол мағлұмат береді. /4/.

К.Тевкелевпен қатар осы кезең жөніндегі бірсыпыра деректерді Н.П.Рычков екішеп, олардың дәлелдісін Орынбор тарихына арналған еңбектеріне енгізді. Оның әсіресе көп қолданғаны Кіші жүздің Ресейге қосылу барысында пайда болған құжаттар – патша жарлықтары мен грамоталары, басты-басты кездесулердің протоколдары, Хиуа, Түркістан, Тәшкент өлкелері туралы сипаттамалар тағы басқа маңызды мәліметтер. Н.П.Рычковтың қазақ пен орыстың саудасы туралы жазған дүниелері де деректік құны жоғары деп есептеледі.

1739-1742 жылдардағы оқиғаларды В.Урусовтың “Журналы” жақсы баяндайды. Осылардың ішінде аса бір көңіл аударатын құжат 1740 жылы Ор кездесуіне қатысты жасалған. Осы “Журналдан” Абылай хан жөніндегі алғашқы жазба деректерді кездестіреміз. Оның қоғамда алған орынын, ел үшін қызметін айқын аңғаруға болады. 1740-жылы Қазақ Ордасы қиын саяси таңдаудың алдында тұрды, әсіресе, Ресей мен Жоңғария арасындағы тай-таластық салқыны ауыр сезілді. Кездесудің негізгі нәтижесі Орта жүз үшін әскери одақ құруға саятынын аңғарамыз, Әбілмәмбет пен Абылай Жоңғарияны тоқтатудың бір амалы осы деп білсе керек. Осының бір айғағы Ресей ешқандай көмек бермегеннен кейін 1742 жылы Орта жүз басшыларының И.Неплюевпен кездесуге келмей қойуы және өз балаларын Жоңғарияға аманатқа жіберу /5/.

1740-1750 жылдары Қазақ Ордасына қатысты мәліметтерді елшілік, тыңшылық міндетпен қазақ жерін көп аралаған К.Миллер, Д.Гладышев, И.Муравин, А.Бехметев жол сапар қағаздарынан, баяндамаларынан кездестіреміз. Әсіресе К.Миллердің сауда керуенін бастап Тәшкентке аттанған сапарынан немесе Байқұлақ батыр жол бастап Жоңғарияға барған елшілігінен сақталған күнделік жазбалары XVIII ғасырдың қазақ саяси өмірін сезінуге көп жәрдем етеді. Д.Гладышев болса бір сыпыра уақыт Әбілқайыр ханның жанында болды, ханмен бірге тіпті Хиуаға да барды. Сол сапарында Әбілқайыр ханның елшісі есепті Нәдір шаһқа барып жолықты. Әрине, қазақ тіршілігіне осыншама тығыз араласқан жандар қалай толыққанды мәліметтердің иесі болмасын.

Сол жылдары, одан бертінде де Ф.Гордеев, Н.Мансуров, И.Ураков, Я.Гуляев, М.Арапов сияқты қазақ ішінде жауапты тапсырмаларды көп атқарған отарлық жүйенің қызметкерлері деректердің жинақталуына үлес сіңірді. Олардың ішінде географиялық, топографиялық, тарихи-этнографиялық мәліметтер мол кездеседі. Мәселен, М.Арапов Барақ сұлтанның немере інісі Ескендірді Санкт-Петербургке дейін алып барып қайтты, кейіннен (1747 жылы) И.Неплюевтің тапсырмасы бойынша Барақ сұлтаннан “ақ үйліні” алып Орынборға келді. Осы сапарда М.Араповтың керуені Бекболат бидің шабуылына ұшырады. Бұл шабуылды “ақ үйлі” беруге қарсылықтың түрі деп бағалады елші. XVIII ғасырдың соңғы жартысында қазақ қауымы туралы деректер қаулап көбейді. Олар негізінен Орынбор, Омбы, Астрахан тарапынан қырға жұмсалған әр түрлі елшіліктерден, сауда керуендерінен, оларға ерген бақылаушылардан, қазақ даласына әдейі тапсырмамен жоқ іздеген боп аттанған тыңшылардан т.б. түскен. Құжаттардың бір қатары орыс отарлық үкіметінің қызметкерлерінің патша сарайына, Сыртқы істер жөніндегі коллегияға тағы басқа жерлерге жөнелткен баяндамалары. Олардың бәрі де шынайы деректерден құралғаны салыстыра зерттеу барысында анық көрінеді. Мәселен, полковник Д.Гранкиннің және барон О.Игельстромның Кіші жүздің жағдайын суреттейтін бір-біріне қарсы жазылған баяндамалары, генерал-майор Я.Боувердің Орта жүз қазақтарын қалай отырықшыландыруға болады деген ұсыныспен жазылған іс қағаздары.

Жоғарыдағылармен қатар Абылай ханға 1779 жылы келген елші капитан Г.Лилингрейннің журналы, тілмаш Меңдияр Бекчуриннің деректері, Б.Бреховтың

елшілігінің қағаздары т.б. құжаттар қазақ қоғамының XVIII ғасырдың соңындағы жағдайын түсінуге барынша көп мүмкіндіктер береді. Олардың ішінде Д.Телятников пен А.Безносиковтың күнделігі, Бұқараға сапар шеккен Л.Гавердовскийдің қазақ қолына тұтқын болған кезін суреттеген жазбалары аса құнды деректер. Осы ұлан-ғайыр дүниені жариялау XIX ғасырдың ортасынан бастап қолға алынды. Мәселен, Ш.Уәлиханов пен Г.Потанин Сібір архивтарын қызыға ақтарған, екеуінің шығармалар жинағынан архив құжаттарын көп кездестіреміз. Г.Н.Потанин 1866 жылы Омбы архивының аса маңызды құжаттарының біразын жинақтап, жариялады. Сібір мен Қазақ Ордасы арасындағы сақталған қағаздардың көпшілігін И.Русанов жариялады /6/. Қазақ өлкесіне қатысты деректердің маңыздыларын тамаша жүйелеген И.И.Крафт деп білеміз. Ол 1898 жылы қазақ даласына тікелей қатысы бар заңдардың жинағын жарыққа шығарды /7/. И.И.Крафтпен қатар XVIII ғасырдағы қазақ қоғамын зерттеуге А.И.Добросмысловтың жинағы өлшеусіз көмек береді /8/. Бұл екеуі де Орынборлық өлкетанушылар ортасынан шықса да еңбектеріне бүкіл қазақ жеріне қатысты деректерді енгізді.

XX ғасырдың 30-жылдары тарихшылар тарапынан архивтарға деген ықылас жақсы болды. Оның объективті себебі бұрынғы Ресей империясының құрамындағы елдердің енді тәуелсіздік аламыз ба деген үміті еді. Қазақстан тарихшыларының ішінде С.А.Асфендияров пен П.Д.Кунте құрастырған деректер жинағы әлі күнге мәнін жойған жоқ. XVIII ғасырға қатысты деректер оның бірінші бөлімінде жинақталған /9/. Қазақстанның XVIII ғасырдың тарихына байланысты деректердің біразы “Красный архив” басылымында осы кезеңде жарық көрді. 30-жылдары Қазақстанмен көрші түркі елдерінің тарихына қатысты көптеген деректер жарияланды, әрине олардың арасынан да XVIII ғасырға қатысты мәліметтерді жиі кездестіреміз /10/. Ұлы Отан соғысы қарсаңында қазақ тарихының XVIII ғасыр мәліметтерін жинап, жариялаумен белгілі тарихшы М.П. Вяткин айналысты. Олардың 1785-1828 жылдарды қамтитын IV томы 1940 жылы Ленинградта, ал 1741-1751 жылдарға арналған II томы 1948 жылы Алматыда жарық көрді /11/. Соғыстан кейін де іле-шала коммунистік партия ұлтшылдықпен күресті бастап кетті де, оның кесірі алдымен Қазақстан тарихымен айналысып жүрген ғалымдарға тиді. Осы себепті 60-жылдардағы Н.С.Хрущев жылмығына дейін архив деректерін жинамақ түгілі, тарихпен айналысуға ешкім батпай қойды.

Он шақты жылғы үзілістен кейін 1960-жылы Қазақстанның Ресейге қосылуының прогрессивті жақтарын сылтау қылып, зерттейміз деген ниетпен ғалымдар “Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках”, “Материалы по истории политического строя Казахстана” I том т.б. дүниелерді тарих сүйер қауымға ұсынды /12/. Сәл бертінірек қазақ тарихының XVIII ғасыр деректерімен В.Я.Басин, А.Сабырханов, Н.Е.Бекмаханова т.б. ғалымдар оқырмандарға таныла бастады.

1980 жылы ұзақ жылдар бойы ұмыт болған архив деректерін жариялау қайта жанданды. Осыған байланысты қазақ тарихының XVIII ғасырға қатысты едәуір деректері жарияланды /13/.

Қазіргі уақытта қазақ тарихы туралы, ғалымдар тарапынан болсын, жалпы көпшілік қауымда да ынта өзгеше екені белгілі. Бірақ өкінішке орай XX ғасырға дейінгі деректерді жарыққа шығаруға ол өзгерістердің қатысы шамалы болып тұр.

XVIII ғасырдың этноәлеуметтік жағдайын тануға келгенде Ресейлік нарративті ескерткіштердің орны архив құжаттарына бергісіз. Қазақ тарихын зерттеу, оның сол заманғы тіршілігін сипаттау XVIII ғасырдың басынан

басталады. Ол қатарға тіпті И.Кириллов, В.Н.Татишев сияқты отар өлкенің жоғарғы әкімдерін де қосуға болады. Дегенмен олардан да жоғары тұратын жазба деректер бар – ол әкелі-балалы Рычковтардың кітаптары. Ол еңбектердің ішінде П.И.Рычковтың “Орынбор тарихы (1730-1750)” және Н.П.Рычковтың “Дневнигі” информациялық құндылығымен ерекше. Егер бірінші еңбек негізінен архив мәліметтеріне, яғни ресми деректерге сүйенсе, екінші еңбектің авторы өзі жасаған саяхаттың жазбасын ұсынады. Н.П.Рычков 1771 жылы Еділ қалмақтарын қуа шыққан орыс әскерінің құрамында Терісаққан өзеніне дейін барып қайтты. Ол сапарда орыс әскері өзіне одақтас қылып Нұралы ханды алып еді. Капитанның жолда көргені де, жанындағы қазақтардан сұрап білгені де аз емес /14/. XVIII ғасырдың қазақ қоғамына тікелей байланысты деректердің мол қорын Екінші Академиялық экспедицияның материалдары деп танимыз. Оның құрамындағы П.Паллас, И.Георги, И.Фальк, В.Гмелин тағы басқа 1768 жылы Атыраудан Алтайға дейінгі қазақ өлкесінің солтүстік тұсын түгел аралап шықты және тарихи-этнографиялық мәліметтерді көп жинақтады /15/.

П.Паллас қазақтың бақсылығы, қару-жарағы, шаруашылығы жөнінде, Ертіс бойындағы қоныстар, бекіністер т.б. ал енді И.Фальк әр түрлі әлеуметтік оқиғалар, сауда-саттық пен айырбас, мәдениеті туралы деректерді жинақтаса, И.Георги өз еңбегінде бірсыпыра әлеуметтік өмірге байланысты қорытындылар жасады /16/. Бұл кітаптардың қайсысы болмасын алдымен тарихи-этнографиялық деректерімен құнды, ал оларды көшпелілердің құрылымын зерттеуге пайдалану ғалымдардың өзіне байланысты. Әрине, бұл нарративті деректер қазақ қоғамын толық, жан-жақты сипаттап берді деп айта алмаймыз, бірақ ірге тасы бар зерттеуге мол жәрдем береді.

XVIII ғасырдың соңына қарай И.Г.Андреев “Орта жүз қазақтарын суреттеу...”, Г.И.Спасский “Ұлы, Орта және Кіші жүздің қазақтары”, С.Б.Броневский “Орта жүз қазақтары” деген тақырыптарменен қазақ көшпелілеріне қатысты мәліметтер көп енген кітаптарын жазды /17/. Бұл еңбектерде қазақтардың рулық құрамы, шекарасы, шаруашылығы, қазақтармен көрші (қырғыз, құрама) елдері туралы деректер кездеседі. Олардың негізгі бағасы өздерінің этнографиялық бақылауларының сапасына қарай айқындалады. Осылардың ішінен тақырыпқа тікелей қатысты, дәлелдісі деп И.Г.Андреевтің бақылауларын айтар едік.

Қорыта айтқанда Ресей деректері қазақ тарихының қай кезеңін зерттегенде де негізгі сүйеніш қоры болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX вв. - Алма-ата, 1964; Материалы по истории политического строя Казахстана. т.І. - Алма-ата, 1960; т.б
2. Бахрушин С.В. Очерки по истории колонизации Сибири в XVI-XVIII вв. М. 1927 .
3. Памятники Сибирский истории. II т. – СПб. 1885. – 148 б.
4. Русско-казахское отношения. XVI-XVIII вв. - Алматы 1961. – 67 б.
5. Сонда, - 248 б.
6. Томские губернские ведомости, 1861. № 28-36.
7. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизской степи. Из киргизской старины. Оренбург. 1898.;

8. Добросмыслов А.И. Материалы по истории России. Сборник указов и других документов, касающихся управления и устройства Оренбургского края. Т.1. Оренбург, 1900. 127 б.
9. Асфендияров С. История Казахстана с древнейших времен. - Алма-Ата, 1935; 1994.
10. Материалы по истории народов СССР. Вып 7. – М-Л. 1936.
11. Материалы по историй Казахской ССР. Т.IV. (1785-1828 гг.) – М. 1940.; Материалы по историй Казахской ССР. 2 том. А., 1948.
12. Международные отношения в Центральной Азии. ХУП-ХУШ вв. Документы и материалы. 1-2 книга. М., 1989.
13. Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. СПб. 1887. 405 б.
14. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи. Ч.I. – СПб., 1773.; Георги И. Описание всех обитающих в Российском государстве народов. Ч.II. – СПб. 1799.; Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. 1. (У – ХУШ в. н.э.) – М. – Алматы, 1935.
15. Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков с касающимися до его сего народа, а также и прилежащих к российской границе, по части Кольванской и Тобольской губерний, крепостей с дополнениями // Новые ежемесячные сочинения. – СПб., 1795-1796 гг.;

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ХУШ ғасырдағы қазақ халқының тарихи-этнографиясына қатысты Ресейлік зерттеушілер деректеріне шолу жасалған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье дается обзор материалам российских исследователей касающихся исторической этнографии казахского народа в ХУШ веке.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІН КЕЗЕҢДЕУ МӘСЕЛЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ОЙ-ШКІРЛЕР

Бакаева Г.Е. – оқытушы (Алматы қ. Қазмемқызпу)

Қазақстандағы қола дәуірінің зерттелуі – Кеңес үкіметінің кезінде ғылыми жағынан жүйелі жолға қойылды. Арнайы ұйымдастырылған экспедициялар қола дәуіріне тән ескерткіштерді ашып, Қазақстан аумағында тарихқа андронов және беғазы – дәндібай мәдениеті деген атпен енген тайпалар мекендегенін дәлелдеп берді. Қазақстанның қола дәуірін зерттеуде бұл ескерткіштердің маңызы зор. Қола дәуірінің ескерткіштері Қазақстанның төрт бұрышынан да табылған. Мәселен Орталық Қазақстанды зерттеу үшін ұйымдастырылған «Нұра экспедициясының» көрнекті мүшелері П.С.Рыков, М.И.Артамонов, М.П.Грязнов, К.Арзютов, И.В.Сыницин сияқты ғалымдар андронов және беғазы – дәндібай мәдениетінің қоныстары мен зираттарын тауып, зерттеп, қазу жұмыстарын

жүргізіп көне дәуір тарихына өз үлестерін қосты. Қазақстанның батыс бөлігінде қола дәуірінің ескерткіштерін зерттеген О.А.Кривцова – Гракова, Солтүстік Қазақстанды А.М.Оразбаев, Шығыс Қазақстанды С.С.Черников, кейіннен оған А.Г. Максимова қосылған, Солтүстік Қазақстан мен Батыс Қазақстанды В.С. Сорокин, Жетісуды А.Н. Бернштам, К.А.Акишев зерттеп, қола дәуіріне қатысты құнды мәліметтер тапқан.

Осы жоғарыда көрсетілген зерттеушілердің қай-қайсысы болмасын өз еңбектерінде қола дәуірін кезеңдеу мәселесіне тоқталып өткен. Алайда бұл зерттеушілердің қола дәуірін кезеңдеу мәселесі жөніндегі пікірлері әр түрлі.

Археологиялық зерттеулердің нәтижесінде зерттеушілер Қазақстанның қола дәуіріне қатысты ғылыми дәрежесі жоғары көптеген еңбектер жазып қалдырғанымен, дәуірді кезеңдеу мәселесіндегі пікірлерінің қарама-қайшылығы қола дәуірінің нақты кезеңін көрсетуде қиындықтар туғызып отыр. Дегенмен зерттеушілер қола дәуірін кезеңдеуге байланысты методологиялық принциптерді қалыптастыруда біршама еңбектенген.

Жалпы Қазақстандағы қола дәуірін үш тарихи кезеңге бөліп қарастыруға болады деп ойлаймыз. Олар: алдыңғы кезең (б.з.б XVIII-XVI ғғ.), ортаңғы кезең (б.з.б XV-XII ғғ.), соңғы кезең (б.з.б XII-VII ғасырдың басы). Андронов мәдениеті қола дәуірінің алдыңғы және ортаңғы кезеңіне, ал Беғазы-Дәндібай мәдениеті соңғы кезеңіне тұстас келеді. Андронов мәдениетінің ескерткіштерін кезеңдеуге бөліп, топтастыруды бастаған С.А.Теплоухов /1/ болды. Ол андронов мәдениетінің уақытын б.з.б. II мыңжылдықтың 1-ші жартысы және б.з.б. I мыңжылдықтың басы деп көрсеткен. 1930 жылы М.П.Грязнов қола дәуірінің мәдениетін алдыңғы, ортаңғы, соңғы деп үш кезеңге бөлген. Автордың ойынша алдыңғы қола дәуірі, Минусинск далаларынан бастап Қазақстанның далалық аймақтарын, Батыс және Шығыс Сібірді қамтыған. Ал қола құралдары екінші кезеңде пайда болған. Үшінші кезеңде, қатпарлы пышақтар және біздер пайда болған /2/

1948 жылы К.В.Сальников андронов мәдениетінің үш сатылы кезеңдеуін ұсынды. Ол мынандай үш кезеңге бөлген: федоров (б.э.д. 2 мыңыншы жыл), алакөл (б.э.д. 11-9 ғғ.), замараев (б.э.д. 8-7 ғғ.). Кейіннен жаңа мәліметтер бойынша бұл хронологияға мынандай түзетулер енгізген: 1 кезең, федоров - б.э.д. 18-16 ғғ.; 2 кезең, алакөл - б.э.д. 15-12 ғғ.; 3 кезең, замараев - б.э.д. 12-8 ғғ. /3/.

Орталық Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштеріне К.В.Сальниковтың үлгісі бойынша кезеңдеу жасалып, федоров, алакөл және дәндібай кезеңі деп бөлінді. Соңғысы қарастырылып отырған территорияға байланысты өзгеше болып келеді.

Ескерткіштерді кезеңдеуде, хронологиясын анықтауда, андронов мәдениеті тайпаларының этникалық мәселелерін анықтауда Ақтөбе облысындағы Тасты-Бұтақ қонысының маңызы зор. В.С.Сорокин кешенді радиоуглеродты анализ жасау негізінде ескерткіштерді алакөл кезеңіне жатқызды. Қоныстар мен оба топографиясынан шыға отырып, шаруашылық және баспана құрылысы жөнінде В.С.Сорокин: «олардың болуы қола дәуірінің екінші жартысына сәйкес келетін ксеротермиялық кезеңнің бас кезіне қатысты» деген ой айтады /4/

Андронов мәдениетін кезеңдегендердің бірі М.Н.Комарова. Ол өзінің жобасын басқа зерттеушілер секілді оба материалдарына сүйеніп жасады. Оның есептеуінше обалар хронологиялық жағынан да, этникалық жағынан да бір қоныс тобына жатады. М.Н.Комарованың пайымдауынша андронов мәдениеті ескерткіштерінің хронологиясы молаларды зерттеу барысында нақты анықталды /5/. М.Н.Комарова Алексеев қонысының керамикалық кешенімен Садчиков қонысының керамикалық молаларын салыстыра отырып, олардың қоныстануын

екі жақты қалпына келтірді. Сонымен қатар, ол ескерткіштерді хронологиялық жағынан беғазы-алакөл және қарасуық деп екі топқа бөлді .

1955 жылы Е.А.Агеева және А.Г.Максимова Павлодар облысында қола дәуірінің үш кезеңінің ескерткіштерін ашып, зерттеді. А.Г.Максимова үш кезеңдік дәуірлеуді жасаған болатын. Неғұрлым кең ұсынылған ескерткіштер қарасуық уақытына сәйкес келген /6 /.

1960 жылы С.С.Черников Шығыс Қазақстанда зерттеу жүргізу негізінде және А.Г.Максимованың мәліметтеріне сүйене отырып жаңа кезеңдеу жасады. Шығыс Қазақстан қола дәуірін ол төрт кезеңге бөлді: усть-бөкен (б.э.д.18-16 ғ.ғ) , қанай (б.э.д.16-14 ғ.ғ) , малокрасноярский (б.э.д.14-9 ғ.ғ) , трушниковский (б.э.д.9-7 ғ.ғ) /7 /.

Жиырма жыл ішінде қола дәуірі ескерткіштерін кең масштабты зерттеу ертедегі белгісіз материалдарды жинауға, көптеген мәселелерді жаңа қырынан қарастыруға, дәуірлеу мәселесінен бастап андронов мәдениетінің шығуы және оның жергілікті нұсқалары, трансформация мәселелерін шешуге жол ашты.

80 жылдардың басындағы В.С.Стоколостың алакөл мен федоров ыдыстары бір ескерткіштен табылған деген хабарламасы К.В.Сальников ұсынған кезеңдеуді қайта қарастыруға түрткі болды. В.С.Стоколос өзінің еңбегінде әр кезең бір-бірімен ешқандай байланысы жоқ мәдениет сияқты, оның өзіндік мәдениеті, белгілі бір территориясы бар деген ой айтады. В.С.Стоколос басқа зерттеушілердің пікіріне қосылмай, алакөл мәдениеті Қазақстан территориясының көп бөлігіне тараған деген өз пікірін алдыға тартады /8/.

Солтүстік Қазақстанның қола дәуірін кезеңдерге бөлген А.М.Оразбаев болды. Оның жобасының негізінде К.В.Сальниковтың классификациясы алынды, айырмашылығы - ол замараев кезеңін өзіндік мәдениет ретінде бөлді. Қола дәуірінің алғашқы екі кезеңін: федоров және алакөл деп көрсетті /9/. Бұл жерде А.М.Оразбаевтың К.В.Сальниковтың пікірін біршама қолдағаны байқалады. Солтүстік Қазақстаннан табылған материалдарға мұқият талдау жасау Г.Б.Здановичтың жаңа кезеңдеуді ұсынуына мүмкіндік берген. Ол қола дәуірін мынандай 2 кезеңге бөлген: дамыған және кейінгі, дамығанның өзін петров, алакөл, амангелді-бескөл деп үш кезеңге бөліп көрсеткен. Автордың ойынша соңғы кезеңде федоров тайпалары алакөл қоныстанушыларына еніп, белсенді қарымқатынас жасаған. Кейінгі қоланы Г.Б.Зданович 2 кезеңге бөлген: замараев (б.э.д.11-10 ғ.ғ) және ильинский (б.э.д.9-7 ғ.ғ) /3.18/.

Андронов қоғамының кезеңдеу мәселесін Н.А.Аванесова қайта қарастырып, метал өнімдерін зерттеу негізінде мынандай кезеңдеуді ұсынды: алдыңғы алакөлдiк кезең, андронов мәдениетi, замараев-беғазы мәдениетi. Андронов мәдениетiнiң өзiн үшке бөлді: алакөл, қожамберді және федоров. Автордың тұжырымдауынша біріншіден, алакөл ескерткіштері федоров ескерткіштерінен бұрын болған; екіншіден, алакөл ескерткіштерінде полтавкин және абашев тайпаларының керамикалық дәстүр элементтерімен сипатталатын хронологиялық горизонт байқалады; үшіншіден, қожамберді типіндегі керамиканы алакөлден федоров кезеңіне өткен деп есептеу керек /3.19/.

Тобылдың далалық бөліктеріне В.В.Евдокимова мынандай кезеңдеу жасады: 1) алакөл мәдениеті: а) петровск кезеңі (б.э.д.16-15 ғ.ғ) ; б) алакөл кезеңі (15-13 ғ.ғ) ; 2) алексеев мәдениеті: а) алексеев кезеңі (15-10 ғ.ғ) ; б) загарин кезеңі (б.э.д.10-13 ғ.ғ). Автордың ойынша дамыған қола дәуірінің ескерткіштерінің барлығы бір мәдени-хронологиялық топ-алакөлге қатысты болуы мүмкін /3.20/.

Орталық Қазақстандағы алуан түрлі ескерткіштер қола дәуірін кезеңдеуді нақтылауға мүмкіндік берген. Ә.Х.Марғұланның ойынша Ортау 1, Ақсу-Аюлы 2,

Бесоба, Қарашоқы, Беласар 2 және т.б,керамикалық сипаты жағынан,қола бұйымдары,әсіресе қабір құрылысының типі,дөңгелек қошаулы қорғандардың алакөл уақытына қатысы жоқ. Олар - кейінгі андроновтан беғазы-дәндібай уақытына өту кезеңінің өнімі /10/. С.С.Черников оларды сарыкөл қорғанының олжалары дәлелі ретінде алакөл кезеңіне жатқызды /7.98-99/.

Ә.Х.Марғұлан монографиялық еңбегінде /10.115/ «алакөл кезеңінің хронологиясы көп күмән тудыратындығын баса көрсете отырып, қола дәуірінің алуан түрлі ескерткіштерін зерттеу негізінде мынандай кезеңдерге бөледі:

- 1) энеолит (3 мыңжылдықтың 2-ші жартысы) ;
- 2) ерте андрон (б.э.д.17-15 ғ.ғ) Орталық Қазақстанда нұра кезеңі;
- 3) кейінгі андрон (б.э.д.14-13 ғ.ғ) Орталық Қазақстанда атасу кезеңі;
- 4) андроннан кейінгі қолаға өту кезеңі (б.э.д.12-11 ғ.ғ) ;
- 5) беғазы-дәндібай кезеңі (б.э.д.10-8 ғ.ғ) ;

Яғни, Орталық Қазақстандағы андронов мәдениеті тайпалары өз дамуында бірінен соң бірі келетін Нұра және Атасу кезеңінен өткен.

Мәселені қарастыру барысында қола дәуірін кезеңдеудің ауқымды да қайшылықты мәселе екеніне көз жеткізіп отырмыз. Зерттеушілердің өзі қола дәуірін кезеңдеуде ортақ пікірге келе алмаған, сондықтан бұл жерде өзіндік ой айту қиынға соғып отыр. Дегенмен де қола дәуірін жалпы кезеңге бөлуде М.П.Грязновтың, Орталық Қазақстанның андронов мәдениетін кезеңдеуде Ә.Х.Марғұланның пікірлеріне қосылуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Теплоухов С.А. Опыт классификации древних металлургических культур Минусинского края // Материалы по этнографии. – Л.,1926. Т.4. Вып.2 .- 156 с
2. Грязнов М.П.Казахстанский очаг бронзовой культуры // Казаки: Материалы комиссии экспедиционных исследований.Сер.казахстанская. Л.,1930.Вып.15. С.147,158,162.
3. Кадырбаев М.К.,Курманкулов Ж.К., Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. - Алма-Ата, 1992. С.10.
4. Сорокин В.С.Жилища поселения Тасты-Бутак // Краткие сообщения Ин-та археологии АН СССР.1962. Вып.61. С.51-60.
5. Комарова М.Н.Относительная хронология памятников андроновской культуры // Археологический сборник. - Л., 1962. Вып.5 . С.51.
6. Агеева Е.И., Максимова А.Г.Отчет Павлодарской археологической экспедиции 1955 г //Труды Ин-та истории, археологии и этнографии АН КазССР.1959 Т.7. Сер.археол. –С.91-116.
7. Черников С.С.Восточный Казахстан в эпоху бронзы // Материалы и исследования по археологии СССР. - Л., 1960. №88. –С.91-103.
8. Стоколос В.С.Культура населения бронзового века Южного Зауралья. - М., 1972. – С.5.
9. Оразбаев А.М.Памятники эпохи бронзы Центрального Казахстана // Труды Ин-та истории, археологии и этнографии АН КазССР. - Алма-Ата, 1959. Т.7. Сер.археол. – С.210, 220-259.
10. Марғұлан А.Х.Сочинения. В 14 томах. Том 1.Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. - Алматы: Атамұра, 1998. – С.114.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Қазақстанның қола дәуірін кезеңдеу мәселесіне қатысты кеңестік кезеңдегі зерттеушілердің ой-пікірлері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье автор рассматривает взгляды советских ученых по поводу периодизации бронзового века в Казахстане.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

Досымова М.Қ. - ізденуші (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Тіл әрбір халық мәдениетінің бір бөлігі. Әрине, қай халық болмасын өз мәдениеті мен тарихын жоғары ұстайды. Соның бір тармағы – ұлттық тіл десек, бұл ретте ортаға салар ойлар шынында да баршылық. Қазір қандай ортада болмасын, ұлтаралық қатынастар турасында әңгіме қозғала қалса, тіл проблемасы алдымыздан шыға береді. Тіл туралы, оның ішінде ұлттық тілдерге мемлекеттік статус беру жөнінде қызу айтыс-тартыстар әлі өрістеуде. Әрине, бұл оп-онай шешіле қоятын мәселе емес. Дегенмен ұлттық тілдің беделін көтеруге деген құлшыныс қай жағынан алғанда да құптарлық.

Қазіргі таңда тіл проблемасын шешу үшін көптеген жұмыстар атқаруға тура келеді. Бұл мәселе, әсіресе, біздің Қазақстан сияқты көп ұлт өкілдері шоғырланған аймақта аса күрделі. Қазір республикада жергілікті ұлттың үлес салмағы 40% жетер-жетпес мөлшерде ғана екен. Осындай жағдайда әр түрлі себептер мен беделі төмендеп, көптеген фунциясынан айрылған қазақ тілі туралы қалай әңімелесек те айтар сөз жеткілікті.

Қазір баспасөз беттерінде де, мәжіліс бас қосуларда да осы тақырып төңірегінде пікірлер көп. Бірақ айтылу бар да, ал орындалу барысы төмен деуге болады. Тіл мәселесіне қатысты қазіргі таңда республика көлемінде бірқатар шаралар белгіленген. Олардың ең негізгісінің бірі – қазақ тілін оқытуды жаңа талаптар деңгейіне көтеру. «Тіл тағдыры - халық тағдыры» демекші, ол біріншіден –тіл тағдырына деген тебіреніске толы жанашырлық, екіншіден –оны тұйықтан алып шығу бағытында нақты жолдар іздестіру. Осы орайда қазақша балабақшаларды және мектептерді көбірек ашу қажеттілігі. Яғни ұлттық тілдің пайдалану аумағын кеңейтуді әуелі осылайша төменнен бастаған жөн.

Тіл – этностардың өмір тіршілігінің, қоғамдық, саяси, мәдени, өндірістік, тұрмыстық, отбасылық және т.б. салалардағы маңызды қатынас құралы. Әрбір халықтың ана тілі – әр ұлттың жан дүниесі мен мәдениетінен ғасырлар бойы жиған рухани азығының нәр алатын кіндік тамыры. Заманымыздың аса көрнекті ғалым, жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов былай дейді: «Ана тілін білмейтін адам мәдениетті адам санатына қосылмайды» /1/ Яғни әрбір ұлт өз ана тілін сүюге, құрметтеуге міндетті. Өйткені ұлтымыздың аса ұлы игілігі, асыл қазынасы, әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі болуға тиіс. Қазақ тілінің өткен қиын заманның талай-талай қиындығынан еңсесі түсіп, әркімнің қас қабағынан емеурін күткендей мүсәпір күй кешкені әлі де есте. Ұзақ жыл бір тілге - орыс тіліне үстемдік беру қағидасы интернационалдық тәрбиедегі бір жақтылық, тілді маңдайдан қаққаны өз алдына, ұлтымыздың қабырғасын күтірлете бастаған зілзалаға айналғанын да ұмыта қойғанымыз жоқ. Көз алдымызда қазақ тілінің рөлі төмендеп, пайдалану аясы айтарлықтай тарыла кетті емес пе? Тіпті құжат істеріде тек орыс тілінде жүрді, жоғарғы оқу орындарында емтиханның тек орыс тілінде тапсырылуы, қазақ мектептері жаппай орыс тіліндегі мектептерге

көшірілуі, бала-бақшаларда тәрбие жұмысының орыс тілінде ұйымдастырылуы, ұлт тілінде дайындалған диссертациялардың қарауға қабылданбауы және т.б. теріс әрекеттер бірінен соң бірі туындап, тілдің азып тозуын, жоғалып кету қаупін тудырды. Ұлттық сана сезім тұйыққа тірелуге айналды. Осылардың кесірі болар, қазақ ұлтының жігерлігі, намысы, ұлтшылдығы біртіндеп жігерсіздікке, селсоқтыққа, ықылассыздыққа, мәңгүрттікке, қатыгездік секілді мінез - құлықтар халық өміріндегі үлкен дертке айналды. Осындай жағдайда өмірге келген бірегей құжат тіл туралы Заңы республикада ізгілікті кезеңнің шымылдығын ашып берген тарихи оқиға болды. «Қазақ ССР-нің тіл туралы заңың 1989 жылдың 22 қыркүйегінде дүниеге келді. Ол 2000 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Осы кезеңнен бастап тіл туралы сөз еткенде қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілуіне және Қазақстан егемендік алған кезеңнен бастап, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қабылданды деп *тоқмейілсініп*, барлық жұмыс осымен аяқталды деуге әсте де болмайды. Әрбір заң өмірге енуімен, орындалуымен беделді. Тіл заңының өмірге келер кезеңінде де, одан кейін де қалың көпшілікті мейлінше толғандырып келеді. Оның айғағы газет, журнал беттерінде қазақ тілін өркендетуге бағытталған ойлы мақалалар жарық көріп отырса радио, теледидар арқылы қарапайым еңбек адамдарынан бастап ғылымның әрбір саласындағы ғалымдарға дейін ана тілі жөніндегі өз пікірлерін ортаға салып келеді. Осы бар пікірлерге ортақ бір желі ол ананың ақ сүтімен дарыған ана тілі жоқ халықтың, болашағы да жоқ деген ақиқатты айқындай түседі. Мысалы бұдан мың жыл бұрын Жүсіп Баласағұн: «Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді, сөз, қалады таяқ табы кетеді» - деген болса, бұл күндері де мұның өзектілігі зор /2/.

Солай бола тұрғанмен бұл салада үлкен қиыншылықтар мен кедергілер орын алуда. Жоғарыда айтылғандай кейбір азаматтар тіл туралы Заңға қолымыз жетті деп еркіндікке жол беріп жүрсе, ал кейбіреулер бізге ұлттық тілдің қажеті қанша «егер сен орыс тілін білсең, ана тілінде сөйлеудің не қажеті бар, бұлай еткенде, сен не мақсатты көздейсің» деген сияқты көзқарастар әлі күнге дейін қалыптасуда.

Қазақстан Республикасы көп ұлтты мемлекет, сондықтан да республикада 130 шақты тіл дамуда. Соңғы халық санағы тілдік көрсеткішті баян еткендей, республика халқының 46,2 % бір тіл, 53,8 % екі және одан да көп тілді біледі.

Қазақстан халқының 64,4% (қала халқының 54,5%, ауыл халқының 77,0%) мемлекеттік тілді меңгерген.

Мемлекеттік тілді меңгеру жағынан Қызылорда облысының халқы бірінші орында (97,2%), Атырау облысының халқы екінші орында (92,8%), Оңтүстік Қазақстан облысының халқы үшінші орында (88,6 %).

Республика халқының 90,2 % өз ұлтының тілін меңгерген (өз ұлты тілін меңгергендер өзбектің 97,0%, ұйғырдың 81,3 %, әзербайжанның 50,1%, татарлардың 37,1%, кәрістің 25,8%, немістің 21,8%, украинның 16,1%, белорустың 13,5%).

Қазақстанда этностар арасында шет тілін білу жағдайы мынандай: 107,1 мың адам (0,7%) ағылшын, 37,9 мың адам (0,3%) неміс, 15,4 мың адам (0,1%) түрік, 0,2% мың адам француз тілін меңгерген. Республикамызда этностар арасында қостіл, үш тіл, төрт тілдік дамыды /3/.

Қостілдік деген – белгілі бір аумақ көлеміндегі этносаралық қарым – қатынасқа түсетін нақты этникалық қауымдастық өкілдерінің, бүкіл қоғамның (әлеуметтік) әр түрлі жағдайында екі тілді (әдетте ана тілі мен екінші бір тілді) алма – кезек қатар қолдануы.

Әсіресе, Республикада қазақ-орыс қостілдігі кең тараған құбылыс, тарихи үрдіс. Қазақ-орыс қостілдігі дегеніміз – қазақтардың ана тілімен қатар орыс тілін қолдануы. Әлеуметтік коммуникативтік системасындағы қазақ, орыс және басқа тілден тұратын үш тілдік. Бұл татарлардың (татар-башқұрт-орыс; татар-башқұрт-қазақ), өзбектердің (өзбек-қазақ-орыс), дүнгендердің (дүнген-орыс-қазақ), кәрістердің (кәріс-орыс-қазақ), қырғыздардың (қырғыз-қазақ-орыс) және басқа этностардың үш тілділігі.

Сонымен қатар, республикада төрт тілділіктің дамуы. Бұл орайда ұйғырлардың (ұйғыр-қазақ-өзбек-орыс), татарлардың (татар-башқұрт-қазақ-орыс), тәжіктердің (тәжік-өзбек-орыс-қазақ), түріктердің (түрік-әзербайжан-қазақ-орыс), әзербайжандардың (әзербайжан-қазақ-орыс-түрік), күрдтердің (түрік-әзербайжан-қазақ-орыс) және т.б. этностардың төрт тілділігі. Қостілділік пен көптілділіктің әрбір түрлерінің – әдеби-әдеби, ауызша-ауызша, әдеби-ауызша, ауызша-әдеби, толық және толық емес қызметтерді атқарады. Екі және көптілділіктердің компоненттері болған тілдердің туыс болуы мен болмауы.

Мәселен, Жамбыл облысында тұратын этностардың (екі жыныстағы) бір тілді немесе қостілді меңгеруін қарастыратын болсақ: қазақтар (барлығы) 640346, бір тілді меңгергендер 170813 (26,7%), екі тілді меңгергендер 469533 (73,3%); орыстар (барлығы) 179258, бір тілді меңгергендер 120010 (66,9%), екі тілді меңгергендер 59248 (33,1%); түріктер (барлығы) 24823, бір тілді меңгергендер 3914 (15,8%), екі тілді меңгергендер 20909 (84,2%); татарлар (барлығы) 12576, бір тілді меңгергендер 2598 (20,7%), екі тілді меңгергендер 9978 (79,3%); күрдтер(барлығы) 10855, бір тілді меңгергендер 2161 (19,9%), екі тілді меңгергендер 8694 (80,1%); әзербайжандар (барлығы) 10593, бір тілді меңгергендер 2701(25,5%), екі тілді меңгергендер 7892 (74,5%). Біз бұл жайлы толығырақ Жамбыл облысы тұрғындарының тілді меңгеруін 1999 жылғы санақ бойынша 1-кестеден көре аламыз /4/.

1-кесте Жамбыл облысы тұрғындарының тілді меңгеруі, 1999 ж.

Этностар	Барлығы	меңгеретін тілдері, %		Ерлер	меңгеретін тілдері, %		Әйелдер	меңгеретін тілдері, %	
		бір тілді	қос тілді		бір тілді	қос тілді		бір тілді	Қос тілді
Қазақтар	640346	26,7	73,3	317417	26,3	73,7	322929	26,9	3,1
Орыстар	179258	66,9	33,1	81201	66,3	33,7	98057	67,5	2,5
Түріктер	24823	15,8	84,2	12439	15,5	84,5	12384	16,1	3,9
Татарлар	12576	20,7	79,3	5564	22,2	77,7	7012	19,4	0,6
Күрдтер	10855	19,9	80,1	5487	19,8	80,2	5368	19,9	0,1
Азербайжандар	10593	25,5	74,5	5370	24,6	75,4	5223	26,5	3,5

Тілдік даму және ұлттың саясаты саласындағы негізгі мақсаттар мен принциптер этникалық ерекшеліктердің дамуы және Қазақстанның ұлттық мәдениетінің көп түрлілігін сақтау, осы негізде ұлтаралық тұрақты ахуалды ел ретінде республиканың әлемдегі беделін нығайту болып табылады. Бұл негізгі қолдаушы принциптерінің Қазақстан Республикасының Конституциясында (1995 ж. 30 тамыз), Қазақстан Республикасының мемлекетінің сәйкестігін қалыптастыру тұжырымдамасында (1996ж.) жарияланды. Ал, 1996-2005 жылдар аралығында мына заңдар мен заңға тәуелді актілер қабылданды:

- Қазақстан Республикасы президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы өкімімен мақұлданған «Қазақстан Республикасының тіл саясатының тұжырымдамасы».
- «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңы» ҚР 1997 жылғы 11шілдедегі Заңы.

- «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы туралы» ҚР Президентінің 2001жылғы 7 ақпандағы №550 Жарлығы. Тілге байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулылары:

- «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясы туралы» 1998жылғы 21 сәуірдегі №368.

- «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы туралы» 1998 жылғы 21 сәуірдегі №367.

- «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылуы аясы кеңейту туралы» 1998 жылғы 14 тамыздағы № 169.

- «Тілдер туралы заңдардың сақталуына бақылау жасаудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы» 1999 жылғы 8 қаңтардағы № 16.

- «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2002, 2003-2004, 2005-2006 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шараларының жоспары туралы» 2001-2006жж /5/.

Аталған бағдарламаға сәйкес мемлекеттік және басқа тілдерді дамыту стратегиясы негізгі мынандай мақсаттарды іске асыруды көздейді: Мемлекеттік тілдің әлеуметтік – коммуникативтік қолдануын кеңейту және нығайту; орыс тілінің жалпы қолдануын нақтылау; этностық топ тілін дамыту. Бағдарламаны іске асыру Қазақстан аумағында әлі де жеке функция ретінде қолға алынады.

Негізінен жоғарыда айтып өткеніміздей, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі /6/.

Мемлекеттік тіліміздің даму барысы бүгінгі кезде мемлекеттік тілде іс жүргізуге көшкен – Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарын аңғаруға болады. Демек, осындай жағдайда қазақ тілінің мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарда, халыққа білім беру, мәдениет, ғылым мекемелерінде қызмет көрсету, бұқаралық хабарлама және басқа да салаларда белсенді түрде қолданылуына қамқорлық жасау абыройлы парызға айналуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әріпов Д. Тілің халқың, халқың тілің қос егіз // Казахстанская правда. - 1994. - 22 қыркүйек.
2. Тектіғұлов Қ. Тағы да тіл туралы // Егемен Қазақстан. – 2005. - 15 маусым
3. Хасанұлы Б. Тіл қатынастары негізінде (оқу құралы) – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты, 2006. -86 б.

4. Национальный состав населения Республики Казахстан. 2 том. Население Республики Казахстан по национальностям и владению языками / Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. Статистический сборник.-Алматы: Агенство РК по статистике, 2000.-272с.С.94-96.
5. Основные законодательные акты о языках в Республике Казахстан.-Алматы: Атамұра, 2003. – 186 с.
6. Қазақстан Республикасының тіл туралы Заңы. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 48 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан Республикасында ұлттық тілдің даму деңгейі, көптілділік мәселесі статистикалық талдау негізінде қарастырылады. Сондай-ақ, мемлекеттік тіл саясатының іске асырылуы заңдық актілермен түрлі ресми құжаттар негізінде берілген.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе анализа статистических данных материалов переписей населения Республики Казахстан, различных законодательных актов и официальных документов рассмотрены состояние национальных языков, а также проблемы двуязычия и многоязычия. Значительное внимание уделено развитию государственной языковой политики в республике.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХІХ ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫНДА ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ БАЛЫҚ АУЛАУ КӘСІПШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ

Ешмұратова Г.В.- оқытушы. (Алматы қ., «Сымбат» сән бизнесі академиясы)

Қазақстан жерінде балық аулау ісі ХІХ ғасырдың аяғында ХХ ғасырдың басында дами бастап қазақтардың шаруашылығының ең көп таралған кәсіпкершілігіне айналды.

Қазақтар балық аулау ісімен ХVІІІ ғасырдан бастап айналысқан, бірақ бұл істің тек тұтынушылық маңызы ғана болған. Арал теңізінің жанында тұратын әлім руы ерте кезеңнен бастап өз қажеттіліктеріне пайдалану үшін балық аулаған. Осы кезде Ресей империясы қазақ жерінің мол табиғи байлығын игеру мақсатында Жайық өзенінің бойынан тірек пункттерін сала бастады. Патша үкіметінің әкімшілігі негізгі балық аулау ісін Каспий, Азов және Арал теңіздерінің бассейндері мен оларға құятын өзендердің бойында жүргізген. Көктем және күз айларында, яғни балықтың уылдырық шашу мерзімінде, Жайық пен Жем өзендерінде қарулы кемелер қарауылдау жұмысын жүргізген, олардың басты мақсаты теңіз, өзен, көлдерді жергілікті тұрғындардан қорғау жұмысы еді. Қазақтар Қамысты, Самар көлдерінде де балық аулаған, бірақ олар казактардың құғындауының арқасында тек оларға көктем айларында 14 сомға, ал күзде 30 сомға жұмысқа жалданып жұмыс істей алатын болған /1, с.44-48/.

1816 жылдан бастап Орал казак әскерінің теңізде балық аулау кәсіпшілігі басталды, олар балық аулау ережесін және мерзімін белгілеп, балық аулау

кезіндегі түскен өнімдерді есепке алып отырып өздерінің қазынасын толтырды және қазақ жерінің өзен-суларынан ауланған балық өнімдерін Санкт-Петербург, Москва, Саратов, Батыс Сібірге аттандырып Ресей империясының экономикалық жағдайына да әсер еткен. Жайық өзенінің Ресей империясының экономикасына әсер еткеніне байланысты 1884 жылы жергілікті шаруашылық басқармасының құрамына балық аулау әскери кеңсесі енгізілген /1, с. 78-80/.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында Оңтүстік Арал территориясын ертеден мекендеген қазақтардың балық аулау ісі негізгі тіршілік көзіне айналды, сол себептен балық аулаумен айналысатын тұрғындар Тербентас, Мергентас, Тазбесқұм, Тайлақжеген, Аққала, Үрге, Қаражар, Дұзды, Мойнақ аралдарына және басқа да жерлерге орналаса бастады. Арал теңізіндегі балық өнеркәсібінің негізгі аудандары орыс билеушілері мен Хиуа хандықтары арасында бөлінген болатын, яғни Үрға, Бозатау, Қоңырат Хиуа хандағының қол астында, ал қалған балықшы аудандар Түркістан генерал-губернаторлығының Әмудария бөліміне қарады.

XIX ғасырдың 40 жылдарында Ембі өзенінің жағалауына қоныстанған адай руының қазақтары балық аулау ісімен айналаса бастады. 1846 жылы Сенат Орынбор генерал-губернаторлығына қазақтарға қайық және балық аулауға қажетті т.б. құралдарды сатпауға, балықшы кәсіпкерлерді бақылауға алуға және қазақтарды жұмысқа алмауға тапсырма береді, яғни патша үкіметі балық аулау кәсіпшілігін жеке иемденіп монополиялап алған. Осындай қиыншылықтарға орай, қазақтар арасында балық аулау ісі осы кезде кең тараған жоқ /1, с. 56-57/.

Оңтүстік Арал маңы Ресейге қосылғаннан кейін балық шаруашылығында алға жылжу басталды, оған әсер еткен қазақ жеріне қоныс аударылған оралдық казактар болды. Сырдария мен Әмудария бойында да балық шаруашылығы Орал өзені бойынан жер аударылған Орал казактары келгеннен, яғни 1875 жылдан бастап кең тарай бастады. Жаңа қоныстанушылар тәжірибелі балықшылар болғандықтан, балық аулау ісі солардың қолына көше бастады. Қазақ балықшылары енді солардың қарамағына өтіп, олжаларын алыпсатарларға сатып отырып, аулау ісінің жаңа құралдарымен танысты және олармен тәжірибе алмасты.

Арал теңізі мен Сырдария өзенінің сағасындағы балық шаруашылығы XX ғасырдың басында жедел қарқынмен дами бастады. Оған әсер еткен Орынбор-Ташкент темір жолының ашылуы. Осыған байланысты Арал теңізінде көптеген балық шаруашылығы кәсіпорындары пайда болып, басқа да жерлердегі пайда болған жаңа қоныстардың халық саны өсе бастайды (Аманөткел, Қармақшы, Қамыстыбас). 1909 жылдан бастап Арал теңізінде пароход және баржа арқылы балық өнімдерін тасымалдау ұйымдастырылады. Бұл жолмен жергілікті балықты тұздалған күйінде Европалық Ресейге жөнелтетін. Жылдан жылға балық көлемі өсті, мысалға, 1905 жылы 865000 кг болса, 1906 жылы 2832800 кг, 1907 жылы 2966000 кг балықты құрады /4, с. 51/.

Балық аулау ісіне тоқталатын болсақ, бұл іс жылдың барлық мезгілінде орындала берген, бірақ балық шаруашылығының мамандары көктемгі және күзгі уылдырық шашу мерзімінде уақытша балық аулауға рұқсат бермей тыйым салған. Негізінен балық аулау мерзімі сәуір айының соңынан жаздың соңына дейін қолайлы. Балықты көбінесе қыс айларында жақсы аулайтын, өйткені оны қыста сақтау өте оңай және оның дәмі де бұзылмайтын.

Қазақ балықшыларының ерте заманнан бері қолданылып жүрген құралдар қатарына сақ жатады. Сақпен көбінесе қыста балық аулаған. Ол үшін бірнеше метр қашықтықта екі сақ орнатылып астау арқылы байланыстырылған, ауды

сақтың бір жағынан түсіріп екінші жағынан көтеріп алатын болған. Солтүстік және Шығыс Қазақстан балықшылары вентерды және еспені қолданған, біріншісі талдан, ал екіншісі ұсақ торда жасалып, ағаш немесе темір құрсауға алынған.

Өзендер мен теңіз жағалауларынан балық аулау үшін үш тісті шанышқыны қайыққа жарық түсіріп, кейде түнде қамыстан алау жағып қойып қолданған. Ұсақ суларда балықты баспей – тығын тәріздес ұсақ жыңғыл тоқымаларынан тоқылған құралдың көмегімен аулаған. Балықтың жолына қаза өйіған, оны жыңғыл мен қамыстың қалың жерінен жасалған. Қазаны бір жерге қойып, айналасын жыңғыл мен қамыспен қоршаған. Балық тығын арқылы өтем дегенде ар жағынан қолмен ұстап алуға мүмкіндік туған және бұл құралды көбінесе көлдерде қолданған.

Ескі құралдар болып саналатын ау мен жылым балықшылыр арасында кең таралған. Бұлардың айырмашылығы торының түрі мен өлшемінде болған. Алғашында торды конопля мен мақта жіптерінен жасаған. Қазақтар жылымның көмегімен балықты мұз астынан аулаған. мұз астынан балық аулау мұз қатып, адамды көтере алатындай болысымен басталған. Қыста көлдерде ілме деп аталатын, яғни ұзын темірден қолға ұстайтын жері бар көк шыбықтан жасалған және ұшында істік ұштары бар құралмен балық аулаған. Жайын, ұзын мұрт, сазанды қармақпен аулаған.

Балықшылар бірнеше адам болым ұжымдасып балық аулауға кіресетін. Балықшының жалғыз өзі аулауы көптеген қиындықтар келтіретіндіктен, жиі кедей қазақтар балықты бірігіп аулайтын. Балықшылардың көбісі артельге ұжымдасатын, біріккен адамдар саны 5-ден 20-ға дейін жетіп отырған, бірақ солардың ішіндегі кең таралғаны 5-6 балықшыдан тұратын артель болды. Олардың басшысы кәсіпшілермен келісіп ау мен жылымды қарызға, жалға немесе сатып алатын / 5, с.67/.

Жаз айларында ауланған балықты тұздап, ал қыс кезінде оны қатырып, мұздатып, түйелерге артып, орыс поселкілеріне және алыс қалаларға сату үшін апарып немесе басқа өнімдерге алмастырған. Балықшылар балықты тасымалдау үшін жаз айларында байлары - қайықты, ал кедейлері салды қолданған, қыста шаналардың келесі түрлерін (ат шана, өгіз шана, ешек шана, қол шана) пайдаланған. Құралдардың қарапайымдылығы және тасымал түрінің аздығы балықшыларды қанағаттандырмады. Бай балықшылар құралдардың жақсы түрін қолданып өте көп балық аулап және де оларды егін шаруашылығымен айналасатын аудандарға сатып немесе астыққа айырбастаған. Бай балықшылар негізгі балық базарлары Қоңырат, Шымбай, Дәуқарадағы Қылыш қала мен Ходжейліге апарып сататын. Кейде қыста балықты түйемен Бұқараға жіберетін /2, с.23-24 /.

XX ғасырдың басында Жайық өзені, Каспий теңізінде, Шалқар көлі мен Имантаудан балық аулау жүйелі түрде жүргізіле бастады. Балқаш, Алакөл көлдері, Іле, Шу, Қара Ертіс өзендері, әсіресе Сырдария өзені балық аулаудың байлық көзіне айналды.

Сырдария өзенінде балықты жаз және күз айларында аулаған. Жазда, яғни сәуірдің басынан қыркүйектің басына дейін, балықты аулауға тыйым болғандықтан, астыртын бастаған. Сырдарияда шоқыр, тұқы, сазан, көксеркені көп мөлшерде аулаған. Күз айларында балық қазан айының бірінші жұлдыздарында Қосарал, Алшымбай, Қараөзек, Қызылжарда ауланатын. 1899 жылғы дерек көздеріне қарасақ бұл ауданда күзде 261 құрал қолданған, оның ішінде 255 жылым және 4 ау болған. Қараша айында өзеннің қатып қалуына

байланысты балық аулау ісі тоқтап қалатын, бірақ Стан мен Қараөзекте қазақтар өздерінің қажеттіліктері үшін, мұз астынан балықты сақпен аулап тұрған /2, с.33/.

Жаз айларында балықты сақтау үшін бақшаларды (садок) пайдаланған. Балық аулағандарына 25 жыл болса да, балықшылардың көл-өзендердің жағасында үйлер салмаған, тек қара үйлер немесе қамыстан жасалған үйшіктерде өмір сүрген – өйткені балықшылардың басым көпшілігі оралдық казактардың өздері қазақ жеріндегі өмірін уақытша деп есептеген.

Қазақ жерінің суларында балықтың көптеген түрлері бар, әсіресе дүние жүзінде сирек кездесетін шоқыр, қортпа, бекіре, қаяз, шармай сияқты балықтар.

Қазақстанның байырғы балық аулайтын бассейндердің бірінде, Арал теңізінде ақкөз, қаракөз, ақмарқа, қызыл қанат, сазан, табан, жайын, көксерке, қаяз, қылыш балық пен май балық ауланған. Арал теңізінде балықты аса көп мөлшерде жылдың екінші жартысында, яғни жазда аулаған, сәуір басынан бірінші маусымға дейін, өйткені бұл кезде балық уылдырық шашуға теңіз жағасына жақындайтын, бұл уақытқа заң бойынша тыйым салынған болса да, теңізде керекті маманның және қайықтардың жоғына байланысты, қарауыл болған жоқ. Қыс мезгілінде балықты тек Сарышығанақта, Тас төбеде және Бөгенде аулаған /2, С. 18-19/.

Балқаш, Алакөл, Сасықкөл, Ұялы, Торғай, Ырғыз, Ертіс, Жайық қазақ жерінің ірі өзендеріне жатады. Өзендер патша үкіметінің әкімшілігінің бақылауында болды, бұл өзендерде балық аулау үшін біржылдық құны 7 сом билет сатып алу керек еді. Балық аулау өзен үсті мұз қатқан кезде, яғни қараша мен желтоқсан басында басталатын, себебі күзде ауланған балықты сақтап сату үшін оны тұздау керек еді, бұл жағдайда оның бағасы күрт төмендейтін болатын, ал қыста ауланған балықты тек мұздатып сататын. Екінші жағынан, күзде балықты ұстау қиындықтар тудыратын, себебі қыста ол су астына түсетін, бұл кезде оны тез аулауға мүмкіндік туатын. Ресей қазынасына карамайтын өзендерде балық аулау ісін жергілікті қазақтар бақылайтын, олар балық аулау құқығын ауланған өнімнің 25-30 % беретін. 1886 жылдан бастап қазақтар мен балықшылар арасындағы көптеген ұрыстар үшін патшалық әкімшілік бұл өзендерді де өз қарамағына көшірді.

Әмудария өзенінде балық аулау ісі негізінен оның төменгі аңғарларында, Арал теңізінің оңтүстік-шығыс жағалауындағы Тоқмақ-ата аралында дамыған. Бұл жерде тек жергілікті қазақтар ғана балықты аулаған, олардың басты құралдары болып шанышқы мен таяқтар есептелінеді. Олар ауланған балықты жергілікті базарларға сатып күн көрген.

Қазақтардың балық аулау ісі кең таралған кәсіпшілікке және тұрақты шаруашалыққа айналуы, Қазақстанның Ресей империясымен экономикалық байланыстарының артуының арқасында балық өнімдеріне сұраныс арта түскеннен және қазақ жеріне жер аударылған оралдық казактардың ықпалының арқасында болды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.ЦГА РК. Ф.4. Оп.1. Д.21390. -135 с.
- 2.Берг Л.С. Рыбы и рыболовство в устьях Сыр-Дарьи и Аральского моря. –СПб., 1900.
- 3.Казахи: историко-этнографическое исследование. – Алматы, 1995. 352 с.
- 4.Материалы по киргизскому землепользованию в Сырдарьинской области. Перовский уезд. –Ташкент, 1912. -640 с.
- 5.Материалы по киргизскому землепользованию в Сырдарьинской области. Казалинский уезд. –Ташкент, 1913. -386 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақтардың балық аулау кәсіпшілігінің даму процесстері мен оған әсер еткен факторлар қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается процесс становления и развития рыболовного промысла казахов, а также факторы, повлиявшие на этот процесс

ПЕРОВСК ЖӘНЕ ҚАЗАЛЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ХІХ Ғ. ҮЙЛЕНУ ДӘСТҮРІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Картаева Т.Е. –т.ғ.к., доцент, Басшыбаева А. –аға оқытушы
(Алматы қ., Қазмемқызпу)

Перовск және Қазалы уездері орналасқан Сырдария өзенінің төменгі ағысы өңірі қазақтары арасында некелесу жасындағы айырмашылық әлеуметтік жағдаймен байланысты болды. Байлар ұлдарын 12-15, кедейлер кешірек, тіпті 30 жасында үйлендірген. Н.Гродеков Қазалы уезінде байлар арасында балаларын 9-12 жаста үйлендірген жайттың кездесетіндігін айтқан /1/. Бала күнінен айттырып, 12-15 арасында үйлендірген жайттардың жиі кездескенін Құдабай Қостанаев та өз еңбегіне арқау еткен/2/.

Некелесу салты негізінен ата-ананың шешімімен жасалады. Сыр қазақтары ұлының қалыңдығына құда түспес бұрын өз ағайындарымен ақылдасуға «*мәжіліс*» құрады. Құдаласу шешімі қабылданған соң ұл әкесі қыз әкесінің ауылына «*жаушы*» жіберген. Жаушының міндеті – қыз әкесін көндіріп, келісімін алып, қызға құда түсуге келер күнді белгілеп қайту, әдетте жаушыға өз ағайындарының ішінен жөн-жосықты білгіш, сөзге шешен, әзіл-қалжыңға жүйрік адамды таңдайды. Ертеде жаушы ауылдан аттанарда шалбарының бір балағын етігінің қонышының сыртына шығарып, екінші балағын қонышқа сұғындырып қояды екен. Бұл – сапары сәтті болу үшін істелетін ырым. Жаушы бұйымтайын тұспалдап, «*сізде аққу бар екен, бізде сұңқар бар екен*» деп бастап, «*қарғыбау*» деп аталатын кәде-сыйын береді, өзі «*шеге шапан*» деп аталатын кәде ат мініп немесе шапан киіп қайтады. Қыз әкесі құда түсуге келісімін берсе, кәдесін беріп жатып, «*киіп киіп, сойыс жеп, құда түсіп қайтсын*» дейді, содан кейін ұл әкесі ағайындарын алып, құда түсуге барады. Құдалар саны 3 тен 9 адамға дейін болған /3/.

Құдаласу дәстүрі «*қалыңмалсыз*» шешілмейді. Қ.Қостанаевтың зерттеуі бойынша қалың малдың көлемі күйеу жігіт әкесінің әлеуметтік жағдайына байланысты болды. Қ.Қостанаев бойынша, бай қазақтардың қалыңмалы 47 басты құрады. Яғни *бас жақсы* – 9 түйе, 8 құлынды бие – 16 бас мал, 2 жасар 7 бас тай; *жанана жақсы* - 1 жылқы немесе 1 түйе; *аяқ жақсы* - 1 түйе, 1 жылқы, 1 ірі қара және мылтық. Орта тұрмысты адамдың қалың мал көлемі 27 – ден 37 бас малға дейін қамтылды. Кедейлер тұрмысында қалың мал «*дөңгелек қалың*» деп аталып, 7-ден 9 бас малды құрады. Кей жағдайда жылқы орнын қой ауыстырып, 1 бас жылқы 6-8 қойға тең болған /4/. Ә.Диваев бойынша, қалыңмалдың ең

жоғарғысы 8 құлынды бие, 13 жылқы, 9 түйеден тұрған, қыз әкесі құда түсуге келген құдаларына 100 қой киіт береді, ұлдың әкесі «бата аяқ» құдасына бір түйе, бір жылқы жібереді, оны алып барған адамдарға қыздың әкесі ат-шапан жауып қайтарады, содан соң ұлдың әкесі құдасын үйіне шақырып қалыңмалын бере бастайды /5/.

Н.Гродековте Перовск уезінің биі Мекебай Сұлтанбаевтан жазып алған дерегіне сүйене отырып, қалың мал төлеудің көлемін үш категорияға, біріншісі байлар арасында, екіншісі – орташалар арасында, үшіншісі кедейлер арасында деп бөлген. Перовск уезі қазақтары арасында қалыңмал қарамал, бас жақсы, сүт ақы, тоймал, ілуден тұрған. Қарамал қалыңмалдың негізгі бөлігі, бұны қалыңдықтың құны десе де болады, ауқатты байлар 47 бастан, орта ауқаттылар 47-37 бастан, кедейлер 37-27 бастан берген. Қарамалды құрайтын қырық жетінің құрамына жанама жақсы, жеке ту бие, төс аты, қалың түйе болды. Бас жықсыға мал мен қатар киіттер де енді /6/. Қалыңмалдың көлемі ауқаттылар, орташа ауқаттылар, кедейлер арасында әр түрлі болып, айырмашылықтары мал басынан көрінді. Мысалы, қарамал ауқаттылар арасында - 60 саулық 60 тоқты, орта ауқаттыларда - 40 саулық, 40 тоқты, кедейлер арасында - 30 саулық; бас жақсы ауқаттыларда – 60 тұсақ, орташаларда – 40 тұсақ, кедейлерде 1 түйе, 1 жылқыны құраған; тоймалға ауқаттылар – 100 қой, ілуге 10 түйе, 20-30 жылқы берсе, орташалар осыған парапар немесе одан азырақ берген. Ал кедейлер шама-шарқылары келгенше ғана азын-аулақ мал берген немесе мүлдем бұл кәдені орындамаған.

Н.Гродеков бойынша «дөңгелек қалың», «домалақ қалың» деп, қалыңмалдың құнын ақшалай беруді атаған. Мысалы, Перовск уезінде қарамал көлеміндегі 60 саулық пен 60 тоқты 500 сомға тең болған.

Перовск қазақтарының қалыңмал көлемі (1880 жылдар) /7/.

Қалыңмал құрамы	Байлар арасында	Орташалар арасында	Кедейлер арасында
<i>қарамал</i>	60 саулық, 60 тоқты	40 саулық, 40 тоқты	30 саулық, 30 тоқты
<i>бас жақсы</i>	60 тұсақ, яғни әлі қозыламаған тоқты	40 тұсақ,	1 түйе, 1 жылқы
<i>жанама жақсы</i>	1 түйе, 1 жылқы	1 түйе	1 жылқы
<i>Жеке ту бие</i>	1 буаз бие	1 буаз бие	1 құнан
<i>Төс ат</i>	1 жылқы	1 тай	1 тоқты
<i>қалың түйе</i>	1 түйе	1 түйе	1 тайлақ
<i>Сүт ақы</i>	1 түйе	1 түйе	1 жылқы, 1 шапан
<i>тоймал</i>	100 қой	Көлемі шамасына қарай	Көлемі аз немесе мүлдем болмайды
<i>ілу</i>	10 түйе немесе 20-30 жылқы	Көлемі шамасына қарай	Көлемі аз немесе мүлдем болмайды.

Бұл кестедегі көрсеткіш, Сыр өңірінде қазақтың басқа жеріндегідей қалыңмалдың көлемі құдалардың әлеуметтік статусына, жағдайына қарай шешіліп отырғанын көрсетеді. Дегенменде Сыр бойы қазақтарының қалыңмал көлемінде үш категория бойынша да Сырдария облысының басқа уездерімен салыстырғанда айырмашылық болды. Мысалы, Әулиеата уезінің ауқатты қазақтары арасында қарамал – 8 құлынды бие, 12 бойдақ қой немесе 80 саулық 40 бойдақ қойдан; бас жақсы 5 – 12 түйеден; аяқ жақсы - 3 түйеден; тоймал 9 – 20

жылқыдан тұрған. Ал, Шымкент уезі ауқатты қазақтары арасында 47-ні құраған қалың мал көлемінде 8 құлынды бие, оның төртеуін 60 қой ауыстыра алған; 2-4 жасар 12 бойдақ жылқы, оның алтауын 30 қой ауыстыра алған; қалған 6 жылқының ішінде төс ат, кіші ат, жанама ат, жеке ту бие, желітөбе түйе құраған. Сондай-ақ бұған қосымша үй жыртыс, көкпар, бәйгеге тігілетін жүлделер алып келген /8/. Көршілес Шымкент уезі қазақтарының қалыңмал көлемін Ә.Диваев жазбаларынан салыстырсақ та болады. Ә.Диваев бойынша, «қалыңмалдың ең жоғарғысы 8 құлынды биеден, 13 жылқыдан, 9 түйеден тұрады. Қыздың атасы жүз киіт береді. Ұлдың атасы (әкесі) «бата аяқ» құдасына бір түйе, бір жылқы жібереді. Оны алып барған адамдарға қыздың әкесі ат-шапан жауып қайтарады. Сонан соң ұлдың атасы (әкесі) құдасын үйіне шақырып, қалыңмалдың алғашқы бөлігін береді. Басында қалыңмалдың үштен екісін беріп және де құдалыққа мал алғалы барғандарға түйе, ат-шапан жауып той жасайды. Осылайша, қалыңмалды алу, беру өзіндік кәделермен жалғасады.

Қалыңмал көлемі уақыт өткен сайын, заманына сай өзгеріске еніп отырған. Мысалы, Лев Баллюзек бойынша ертеректе бас жақсы «ең құнды, ең жақсын деген сөзді білдірген. Бұған күнделікті тұрмыста төрт зат кіреді. Яғни мерген мылтық; барымта кезінде жаныңды сақтайтын сауыт; талай бәйгеде жүлде алған жүйрік ат; күші мол түйе. Бұл төрт заттың әрқайсысының құны – 5 ірі қара малға пара-пар, яғни аталмыш құнды заттары жоқ адам орнына жиырма ірі қара мал берген. Кейін келе, шамамен XIX ғасырдың екінші жартысында бас жақсының мәні өзгеріп, аталған төрт заттың орнына тұрмысқа қажетті керекті дүниелер берілген. Мысалы, Торғай уезінде бас жақсыға 3-12-дейін жылқы немесе 100-300-ге дейін, тіпті 600-1000-ға дейін күміс ақша берген /9/.

Г.Загряжский: «қалыңмал қыз әкесіне, егер қалыңдық жетім болса, әкесінің ағайындарының иелігіне беріледі, ағайындары қалыңмал көлеміне сай қызға жасау беруге міндетті», - деген /10/.

Қалыңмал көлеміне келісуді «*неке келісімі*» дейді. Қалыңмал көлеміне келіскен соң бата оқылады. Құдаласу мәселесін шешуге келген құдалар құрметіне қыз ауылы той жасайды. Той «*құда тартыс*» ойынымен жалғасады. Құдалар отырған киіз үйге ауыл әйелдері «құда тартыс» деп дауыстап кіріп келіп, құдаларды жұлқылауға кіріседі. Тіпті, әйелдердің құдаларға киіз сәукеле кигізіп, беттеріне балшық, үстеріне ұннан жасалған быламық жаққан күйінде сүйрелеп, сыртқа алып шығып, осы күйінде өгізге отырғызған. Әйелдердің құданың бірін далаға алып шығып, киіз немесе кілемге жатқызып, орап тастаған кездері, құданың аяғынан арқан байлап, оны керегеге керген кездері де кездескен. Ойынның шартында әйелдердің әзіліне құдалар қарсы шықпауы керек. Әйелдер әуресінен құдалар сыйлық беру арқылы ғана құтылған.

Құдаласқаннан соң бірнеше күннен соң күйеу жігіттің әкесі қыз ауылына «*шақырушы*» жібереді. Шақырушыдан хабар алған қыз әкесі, өз ағайындары арасынан таңдап алған құдалармен уәделескен қалыңмал мен киіттің бір бөлігін алып кетуге жігіт ауылына келеді. Құдалардың бұл келуі де «*құда түсер*» деп аталады. Қыз жақтан келетін құдалар саны әдеттегіден бір-екі адамға кем болған. Күйеу жігіт ауылында да құдалардың келу құрметіне ойын-сауық ұйымдастырған. Келесі күні «қалыңмалдың» бір бөлігін беру, яғни «*мал беру*» рәсімі жасалады. Құдалар қой алса, қойшыға шапан немесе бірнеше аршын матадан тұратын «*тұсақ бау*», жылқы алса, жылқышыға «*құрық бау*» деп аталған шапан мен жейдеден тұратын сыйлық берген. Құдалар аттанар уақытта күйеу жігіттің әкесі ұлын ертіп келіп «*күйеу көрімдік*» алған. Байлар арасында бұл көрімдік 1 жылқыға тең болған. Қалың мал төленіп болғанша үйлену рәсімі кей жағдайда

бірнеше жылға созылған. Құдаласу келісімі бұзылған жағдайда кінәлі жақ алған сыйын толық қайтарып, айыпқа *«тоғыз»* төлеген.

Қалың мал көлемін толық немесе белгілі бір бөлігін төлегеннен соң, жігіт қыз ауылына *«ұрын барады»*. Ұрын келу рәсімі де әртүрлі салт-дәстүрмен жалғасқан. Күйеу жігіт ауыл сыртына кешқұрым келіп тоқтап, хабар беруге күйеу жолдасты аттандырған. Ұрын келген күйеуді қыз туыстары күтіп алуға асығады. Ауыл әйелдері күйеу жігітке арнап үй тігіп, сосын күйеуді шақыруға *«хабаршы»* жіберген. Хабаршы шапан, бірнеше аршын шыттан тұратын *«шауып келді»* деп аталатын сыйлық алған. Күйеу жігіт *«ентікпе»*, *«шатыр байғазы»*, *«балдыз көрімдік»* сияқты сыйлықтар берген. Әйелдерді ырза қылған күйеу қыз шешесіне *«сүт ақы»* деп аталған бір түйе, бір кілемнен тұратын сыйын жіберген. Күйеуді күткен күнгі түнде күйеуді қыз жеңгелері қыз отырған отауға алып келеді. Қыз ата-анасының үйінің сол жақ қанатында тігілген шымылдық артында қалыңдық күйеуді күтіп отырған. Күйеудің қызға алғаш келуі *«есік ашу»* деп аталады. Бұл рәсімге де *«есік ашар»*, *«төсек салар»* деген жоралғылар бойынша сыйлықтар беріледі. Есік ашу рәсімінен кейін күйеу жігіт қыз ауылына түнделетіп келіп тұрады. Кейде қыз шешесінен қыздың күйеу жігітпен сөйлесуге ауыл шетіне шығуына рұқсат сұрайды. Бұл *«қалыңдық ойнау»* деп аталады /11/. Осындай құда түсуден некелесуде дейінгі рәсімдерді екжей-текжейлі И.Ибрагимовтың *«Киргизы: этнографические очерки»* атты мақаласынан да танысуға болады /12/.

Дерек берушілердің мәліметіне сүйенсек, ертеректе қыз алып қашу дәстүрі мүлдем болмаған. Қыз тек келісіммен ұзатылып шыққан. Қыз алып қашу ХХ ғасырдың 30-шы жылдарынан кейін орын алған дәстүр. Қ.Қостанаев қыз әкесі әр түрлі сылтаумен қыздың ұзатылу мерзімін соза берген жағдайда, өз қалыңдығын алып қашқан, күйеу жігіт өзінің айыптырылған қалыңдығын алып қашса, оған айып салынбаған, -дейді /13/.

Қызды ұзататын күні күйеу жақ қалың малдың қалған бөлігін, оған қоса, киіз үйдің үзіктерін, *«аяқ жақсы»* деп аталатын той малын, бірнеше аршын сәтен *«жыртыс»*, *«жеңгетайлыққа»* екі жасар түйе алып келген. Неке қияр алдында қалыңдық құрбылары күйеу жігіттен тағы сыйлық алу үшін *«қыз қашар»* рәсімін жасайды. Қыз қашар жасарда құдалар жағы ауыл әйелдерімен қалыңдық отырған үйге басып кіріп, қызды алмақ болады. Қызды жасырған әйелдер мен құдалар арасында тартыс өтеді. Құдалар сыйлық берген соң қалыңдық әкесінің үйіне әкелінеді. Қалыңдық жасырған үй иесі қыз әкесінен сыйлық алған. Перовск уезінде *«қыз қашарға»* ауыл жігіттері орамалдан тұратын *«мүше»*, ал ауыл ақсақалы *«мүше басы»* шапан алған /14/.

Күйеу жігіттің қалыңдықты алып кетуге келуі жеңгелердің сый-сияпат алу кәделеріне толы, сонымен жеңгелердің алатын кәделері: *қол ұстатар*-күйеу жасырын немесе ұрын барғанда жеңгесінің қыздың қолын ұстатуы; *кемпір өлді* – күйеуді отау үйге кіргізбей, үлкен жеңгелерінің бірінің өлген сияқты есік алдында жатып алуы; *бақан салды* – отау үйдің түндігін ашу; *ит ырылдар* – күйеу жігітті отау үйге кіргізбей бір жеңгесінің ит болып ырылдап есік алдында отырып алуы; *артына жатар* – бір жеңгесінің кәде алғанша қалыңдықтың артына жатып алуы; *қыз құшақтар* – қызды құшақтату үшін; *шаңырақ көтерер* – отау үй тіккендері үшін /15/.

Отау тігетін екі жастың одағын бекіту дәстүрі - *неке қию* қыз әкесі үйінде өтеді. Қазақтар арасында неке қию рәсімі қазақтар ислам дінін қабылдағаннан бері белгілі, ол үшін қалыңдық әке-шешесінің үйінен аттанарда молда шақырылады. Қазақтардың неке қию дәстүрінің аймақтық ерекшеліктерін Н.Гродеков жинақтап, өз еңбегінде бастырған. Н.Гродековтың жазып алуы

бойынша, Ташкент өңіріндегі қазақтар неке қиғаны үшін имамға 40 тиын, биге 2 сом төлеген. Перовск уезінің төресі Дәулет Бушаевтың айтуы бойынша неке қидыруға шақырған отбасы әлеуметтік жағдайына шама-шарқы жеткенінше 1 қой және 40 тиын, кейбірі ақшалай 4 сом 40 тиын төлеген немесе сыйлықтар берген. Перовск уезінде де неке қиюға молдамен қатар биде шақырылған. Биге еш сыйақы берілмеген, ал молдаға неке қиғаны үшін *«екі баулы шапан»*, яғни шапан, немесе қошқар, ол болмаса 4 сом берген. Ал жесір әйелмен неке қидырғанда осы сыйлықтың жартысы төленеді /16/. Маковецкий бойынша молдаға некеқиярға 40 тиын төлейді, ал ауыл биі некеқиярға қатыспаса да *«некеқияр»* дәстүрінің ақысын алады. Неке қию қалыңдықты аттандырар күннің алдында *«қыз қашар»* және *«тартыс»* дәстүрлерінен кейін кешкісін жасалады /17/.

Қазалы уезінде неке ыдысына су құйылып, қалыңдық ыдысқа күміс сырға немесе сақина тастайды да, ыдысты ақ орамалмен жабады. Күйеу жігіт сол орамалдың шетіне ағаш байлайды. Неке қиылып болғасын неке ыдысындағы әшекейді қайта алып, оны некелерінің белгісі ретінде сақтайды. Неке суын алдымен күйеу, содан соң қалыңдық, одан қалғандарын қатысып отырған куәлер ішіп шығады. Ақ орамалды куәлер алады. Некесі қиылған жастар арнайы тігілген отау үйге кіргізіліп, оңаша қалдырылады /18/. Н.Калмаков бойынша неке ыдысына сақина немесе сырғаны қалыңдықтың өзі тастайды, содан соң беті орамалмен жабылады /19/. Ал, Маковецкий бойынша неке қию қалыңдықты аттандырар алдында *«отаусалар»* дәстүрі алдында өтіледі. Алдымен молда *«аумин, аулакбар»* деп бата айтудан бастайды. Қалыңдық құрбыларымен шымылдық артында отырады, ал күйеу жігіт екі куә, өкілдермен киіз үйдің ортасында отырады. Молда күйеу жігіттен қалыңдықтың және оның әкешесінің атын айтып, (бәленше қызы түгеншені) *«өзіңе жұп қылып алуға келісесіз бе»* деп сұрайды. Күйеу жігіт *«қабыл қылдым, қабыл тұттым»* деп жауап береді. Осы сұрақты қалыңдыққа да қойып, осындай жауап алады. Әр сұраққа жауап алғаннан кейін олар міндетті түрде *«куә жарын»* айтып отырады. Содан кейін молда *«хұтба»* дұғасын оқиды. Содан кейін су ішіне тиын, сақина, жүзіктер салынған ағаш аяқ әкелініп, оған молда дем салып, *«үшкіргеннен соң, куәлер күйеу жігіт пен қалыңдыққа, одан кейін қатысып отырғанда ұсынады, әрқайсысына бір жұтымнан су ішкіздіріп шығады /20/.* Бұл *«неке суы»* деп аталады. Қазақтар неке суына әдетте аздап, тұз, қант қосқан екен. Су – екі жастың пәктігіне, тұз – егер екі жастың бірі келешекте опасыздық етіп, некені бұзса, дәм атуына, қант – екеуінің тату-тәтті өмір сүруіне деп ырымдалған, ал сақина неке ескерткіші, некені мәңгілік еске түсіріп тұратын белгі ретінде саналған. Күйеу мен қалыңдық ыдыстың бір жерінен ішу керек. Бұл олардың ендігі жерде бірге болатындықтарын білдіреді. Некеқияр аяқталған соң қыз ата-анасы күйеу жігітке *«құлыңызға бір сүйек бердік, мұны жақсылап күтіп бағыңыз, азар беріп, ұрма, бимаз жаман сөйлемеңіз»* дейді, қыздарына *«балам жаман болма, атаңа нәлет келтірерсің»* деп, ақыл-кеңес береді /21/. Некесі қиылған жастар арнайы тігілген отау үйге кіреді. Неке қиылғаннан кейін қалыңдық шешесімен, күйеу жақтан келушілермен күйеу ауылына аттанады.

Дерек беруші Қыдырәлі ақсақал «Молда неке қиғанда екеуінен ырзасың ба деп сұрап, келісімдерін жазып алған. Содан кейін неке суын ішкізген. Оңаша молданы үйге шақырып, неке қиғызудың кеңес үкіметі тұсын да жалғасқан», - дейді.

Г.Загряжский бойынша, неке қию дәстүрі қалыңдық ауылында екі куәнің қатысуымен кесіледі және молда неке қию ақысын күйеу жігіттің әлеуметтік жағдайына қарай алады /22/.

Қызды алып кетерде қызға сәукеле кигізеді. Қызды аттандырарда өз ата-анасымен қоштасып сыңсу айтқан. Дерек айтушы Көркей Жаналиева: «Сыңсу ұзатылып бара жатқан қалыңдықтың ішкі күйзелістері, жан тебіrentетін өлеңі болса, қоштасу анасының қызын жат жерге қимай, шын жүректен шыққан әні» - дей отырып, күйеубаласы Шымболат Ділдебаевқа қызын ұзатқанда айтқан қоштасу әнін жеткізді.

Айналайын Арал-ау жайлаған жер,
Қызу еңбек бұрындар қайнаған жер
От жалындай көзіме көрінеді,
Құрбымменен асыр сап ойнаған жер.
Ақау, бозым,
Мөлдір көзім.
Ұшырған ұясынан,
Қоңырқазым.

Қызды атқа мінгізіп, жасауымен бірге аттандырған. Қыздың жасауына киіз үй, сандықтар, қалы кілем т.б. енген. Жасау беру қыз ата-анасы үшін өте жауапты іс саналды.

Қызға жасау беру Сыр бойында «дүние апару», «дүние беру» деп аталады. Қыздың дүниесін қыз шешесі, болса қыз әжесі, қыз шешесінің абысыны, яғни ең жақын жуығынан 5-6 әйел алып барады. Қыз дүниесіне дүниеге баратын «құдағайлар» ат салысады, әрқайсысы өз үлестерін қосады. Дүние-мүліктер тең жіппен буылады. Теңді ашатын әйел жіпті қимай қолмен шешу керек, жіпті қаз шешесі өзімен бірге алып кетеді. Дүние апарғанда тек Сыр қазақтарына тән ерекше дәстүр - құдайғайлардың ақ қоршауға енуі. Яғни, қыз шешесі алып келген 10 метрдей ақ тауар-матаны айнала керіп, шеңбер құрап, екі құдағай шеңбер ішіне енеді. Қоршаудағылар ақ матаны шиыршықтап алып, «жерегелері кең болсын» деп кеуделеріне кереді, «шаңырақтары биік болсын» деп иықтарынан асырып көтереді. Бұл жоралғыдағы құдағайлардың шеңбер ішіне қатар енуі екі құдағай тату болып, екі жастың дәнекері болсын дегені, оларды әйелдердің қоршап ақ матаны айнала біріктіріп ұстаулары «ақ отауды» бейнелегендері, денелерімен керегені құрап, ақ матаны жоғары көтерулері «шаңырақты» меңзегендері. Ақ матаның таңдалуы, әрқашанда жолдары ақ болсын, - дегені. Содан кейін бұл матаны күйеу жақтағы әйелдер «жыртыс» етіп бөліп алады.

Ерте кезде қыз ұзатқанда қызды жасауымен бірге аттандырса, кеңестік дәуірде бұл жора өзгеріске еніп, жасауды бірнеше уақыттан соң, кейде бір балалы болған соң да апарған. Қазіргі уақытта қызды жасауымен ұзату дәстүрі қайта жаңғырды.

Ұзатылған қыз балалы болғанша төркініне келмеген. Қыздың алғаш төркіндеп келуі де «есік ашу» деп аталған. Есік ашу дәстүрі қазіргі таңда Арал, Қазалы аудандарында сақталған. Тек «есік ашып келу» мерзімі құдалардың келісіміне қарай шешіледі.

Н.Гродековтың зерттеуі бойынша егер қалыңмалы төленген қалыңдық әкесінің үйінде отырып, өлген жағдайда, қыз әкесі одан кіші қызын немесе жақын ағайындарының қызын беруі тиіс, ондай жағдайда қалың малдың үстіне 1-2 түйеден тұратын «балдыз қалың» қосып беріледі. Балдыз әлі кәмелетке жетпеген болса, қыз әкесі күйеу жігіттің күте тұруын сұрайды, күйеу күтпеймін десе, онда берілген қалың малдың екі бөлігі қайтарылып, бір бөлігі қыз әкесінде қалады. Балдызды күйеу жігіт алғысы келмесе күйеу жақтың келісімен, оның кіші інісіне шығуына болады. Күйеу жігіттің «жасырын келу» рәсімі атқарылса, бұрынғы қалың малға ешнәрсе қосылмайды, ал «ұрын келу» рәсімі болса, онда «балдыз

қалыңның» үстіне жарты қалыңмал қоса беріледі. Күйеу жақтан балдыз беретін ешкім болмаған жағдайда қыз жақ 1 құлынды биеден басқасын толық қайтарады /23/.

Сыр өңірінде түсетін келінге арналып, міндетті түрде шылымдық құрылады. Түскен келінді келген жеріне үйреніп кетсін, деп үш күн шымылдық артында ауылдың қыздарымен бірге отырғызған. Үшінші күн «*беташар*» рәсімі жасалады /24/. Сырдың төменгі ағысы бойындағы Арал, Қазалы өңірінде келіннің басына ақ жаулық жауып, оған ұзындығы 2 метрдей қызыл мата, оған қамшы сабын жалғап, оны бет ашушы жыршының көмекшісі ұстап тұрады. Сырдың Тереңөзек сағасы өңірінде қамшы орнына қызыл матаны қамысқа жалғап байлайды. Мұндағы қызыл матаның байлануы келінді көз тиюден сақтау, қамшы мен қамыстың байлануы, келіміз жұмсақ болсын деген ырыммен байланысты. Беташарда келіннің екі жағынан сол әулетке бұрын түскен келіндер ұстап тұрады. Және де бұл рәсімді сол үйдің туған келіні емес, жақын ағайын келіндері атқарады. Бұл туыскандарға деген құрметті білдіреді. Бұл Сыр бойында әлі күнге дейін жалғасып отырған дәстүр.

Дерек айтушы Көркей Жаналиева «Беташарды қазіргідей әндетіп емес сарын түрінде, домбырасыз тақпақтап айтады. Беташар айтқан адам бет ашпайды. Ата мен апа бата береді де, жолы үлкен, көп балалы, алды ашылған, ұясы түзу құтты адам бет ашады. Беташар айтушы:

«Келіншек бетін ашайын,

Ашпай неден сасайын.

Қалың топты қақ жарып,

Аққан судай тасайын», – деп қолына ұстаған қамшыға байланған орамал ұстап бұрып беташарды бастайды. Беташар 1960 жылға дейін әндетпей ел тақпақтап айтып келген», - дейді. Расында көне әдебиеттерде беташардың домбырамен сүйемелденгені туралы айтылмайды.

Көне беташарда таныстыру қайын атысынан басталып, қайын ене, қайын аға, абысын, қайын аға, қайны, қайын сіңілісі, одан кейін беташарға келіп отырған көпшілікке арнаумен аяқтайды./25/ Ал, қазіргі кезде беташар әруақтарға сәлем салғызудан басталады. Үй иесі әруақтар атынан беташар табағына ақша салады. Беташаршы күйеуінің достарына, көршілеріне де сәлем салғызады. Беташарға табак үстіне орамал жайылып қойылады. Беташарға ақша салу жергілікті қазақтардың айтуынша кейіннен ХХ ғасырдың орта кезінен басталған.

Беташарда бет ашушы жігіт күйеуінің ет жақын туыстарының әрқайсысына арнау өлең айтып болған бойда, ұстап тұрған таяқты (қамшы, қамыс) көтеріп қалып, белгі береді, сол кезде келін де, қолтықтап тұрған келіндер де иіліп сәлем салады. Келіннің «*сәлем салу*» дәстүрі осы «*беташардан*» басталады. Беташарды «Айт, келін, айт, келін! Аттың басын тарт келін! Сауысқаннан сақ келін! Жұмыртқадан ақ келін!», - деген сөздермен бастау Сыр өңірінде әлі күнге дейін еш өзгеріссіз жеткен дәстүр.

Келіннің беті ашылып, босаға аттаған күннен бастап, келін күйеуінің ағайындарына көрген кезде екі қолын алдына бір-біріне айқастырып қойып «*сәлем бердік*», - деп дауыстап, өзі иіледі. Күйеуінің ағайындары жол-жөнекей кездескен күнде де осылай сәлем салады. Сыр өңірінде атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақы дәстүр бойынша келіндер күйеуінің де, күйеуінің туыстарын өз атымен атамай, жанама аттармен атауы керек /26/. Келіндердің «*ат қою*» дәстүрі қазіргі таңда Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған аудандарында сақталған. Сонымен қатар, беташар, сәлем салу, ат қою дәстүрлері қазіргі таңға еш өзгеріссіз жеткен. Ажырасу мүлдем болмаған немесе өте сирек

кездескен десе болады. Қазақ отбасында келісім неке қиылғанға дейін екі жағдайда ғана бұзылды. Біріншісі, күйеу жігіт ұрын келгендегі алғашқы түнде қыздың абыройын басқа жігіт төккеніне күйеудің көзі жеткеннен кейін болды. Осындай жағдайда күйеу қыз жеңгелеріне хабар беріп, қыз әкесіне барып, қалыңдықтан бас тартатынын айтады. Екіншісі еркектің қабілетсіздігінен болған. Неке қиылғаннан кейінгі некенің бұзылуы жеті жылдай уақыт күйеуі хабар-ошарсыз кетсе, еркектің қабілетсіздігі дәлелденген жағдайда болды, онда да әйел сол әулеттің еріне күйеуге шыққан /27/. Әйел мен ердің арасында шиеленіскен мәселені шешуде оларды ағайындары ортаға алған. Ауыл ақсақалдары кеңесінде қаралған. Ағайындары татуластыруға тырысқан.

Күйеуі өлген жағдайда әменгерлік салтымен қайын інісінің біріне қалыңсыз қосылады. Егер жесір қосылмаймын десе, оны қинауға әдеттік құқық жол бермейді /28/. Отау құрғаннан кейін егер күйеуі алыс сапарға кетіп, әйелі 9 ай 10 күннен асып соң босанса, онда ажырасып, әйелдің ашынасы күйеуіне қалың мал немесе қарындасын не болмаса қызын береді. Н.Гродековтың айтуы бойынша Қазалы уезінде некесіз туған баланы өлтіріп тастаған. Бірақ қазақ даласында некесіз бала туу өте сирек кездескен жайт. Ал күйеу жігіттің некелескен қалыңдығы оң жақта отырып, басқа жігіттен жүкті болса, күйеу жігіт, өзінің қарсыласына «*барымта*» жасаған /29/..

Енді сирек кездескен некелесудің көне түрі, қызды *алып қашып үйлену* мәселесі Сыр өңірі қазақтары арасында орын алуына келіп тоқталайық. Жалпы қазақтар арасында қыз алып қашудың кездескен түрі, өзінің айттырылған қалыңдығын алып қашуы. Біреудің айттырылған қалыңдығын алып қашу қазақтар арасында өте сирек кездескен жайт. Күйеу жағын қыз алып қашуға әр түрлі жағдайлар мәжбүрлеген. Мысалы, қыз әкесі құдасына не күйеу баласына көңілі толмай, немесе өзіне пайдалы басқа бір адаммен құдандалы болғысы келіп, «қызым әлі жасң деген сияқты, әр түрлі себеп-сылтаулармен алғашқы уәделескен құдасына қыздың ұзатылу уақытын соза береді, тіпті бата бұзғысы келеді. Қыз әкесінің мұндай жат ойын сезген жігіт жақ араға бірнеше рет кісі салып, алдарынан өткен соң қызды алып қашу шарасын ұйымдастырады. Қыз әкесі құдаларының кедейлігін менсінбей, байлығына, мансабына қызығып, шалға бергісі келетін жайттар болған, кейде оңды-солын таныған қыз қарсылығын білдіріп, алғашқы атастырылған жігітімен қашып кетуге тырысқан. Қалыңмалы жартылай төленіп қойған күйеу жігіт жағы мүмкіндігі болса зорлықпен болмаса да қапысын тауып қызды ұрлап кетуге де тырысқан. Ал, егер қызды еріксіз алып қашса, жігіт қалыңдығын өз ауылына тікелей апармай, басқа жерде бой тасалай тұрған. Әдет-ғұрып бойынша жігіт жағы қызды алып қашқаны үшін, уәделескен қалыңмалдың үстіне қосымша қалыңмал төлеген. Ал, егер қалыңдығын алып қашарда қыз әкесінің алдынан уәделескен құдалары бірнеше рет өтсе, қалыңмалы төленген болса, күйеу жігіттің айыбы ат-тоннан аспаған. Ал, мұндай ескерту болмаса, оның үстіне қыз төркені әлді жер болса айып мөлшері бір тоғыздан үш тоғызға дейін барған.

Біреудің айттырылған қызын алып қашу мәселесінен үш жақ сөзге келіп, билер алдына баратындай жағдай болса, алып қашқан жігіт жағы даудың қандай ауыр түрі болсын көтерген. Айыптарын мойындаған. Мұндай да бітім шартына жесір иесінің талабы ескерілген. Күйеу алып қашқан қызын өзіне қалдырып, ал оның бұрынғы айыттырылған күйеуіне қалыңмалын қайтарып, айып ретінде бір қыз берген немесе қыз орнына қалыңмал мөлшерін берген. Қыз әкесі айыпты болмаған жағдайда қыз әкесіне де алып қашқан жігіт айып төлеген.

Кейде қыз әкесі намысқа тырысып, қызын тез арада қайтып алып, өз үйінен той жасап ұзатып, жасауын берген. Өзінің айыттырылған, қалыңмалы берілген қалыңдығын алып қашудан бата бұзылмаған, заңдылық некеге саналған. Дегенменде, біреудің айттырып қойған, қалыңмалы төленген қалыңдығын алып қашу әрекеті де сирек болса да кездесіп тұрған. Балаларды жас кезінде ата-аналары бір-бірімен құдандалы болуға уәделесіп, аттастырады, бірақ аттастырған күйеу жігіт ақылсыз, есуас, кемтар немесе әпербақан адуын деген сияқты келеңсіз қасиеттері болып, қыз ойынан шықпауы мүмкін. Мұндай да қыз өз сүйгенімен қашып кетуге тырысқан. Мұндайда намысы келген жесір иесі тіпті алып қашқан жігіт ауылын барымталап, шауып, жесірін тартып әкетуге, тіпті сол ауылдың басқа қыздарын да қоса әкетуге дейін барған. Ақыры дауға ұласқан мұндай істерге билер араласып, кейде билер бір-бірін сүйген екі жасты қорғамай, керісінше даугер жаққа жесірін ұстап берген. Мысалы, «Еңлік-Кебек» оқиғасында Еңлік найман тайпасының ішіндегі матай руының айттырған жесірі. Ерке өскен сұлу қыз Еңлік болашақ күйеуін менсінбей жүргенде Тобықты елінің батыры Кебекпен танысып, ақыры оған ғашық болып, сонымен қашып кетеді. Матай руының ру басылары қол жинап, тобықты елін шауып кету қаупін туғызғанда тобықты жағы Кебекке ара түсе алмайды, ақырында екі ғашық қазаға ұшырайды.

Ал, «Қыз Жібек пен Төлеген» оқиғасында Қыз Жібекті Төлеген өлгеннен соң қалмақтың ханы, батыры Қорен айттырады. Қоренге қосылғысы келмеген Қыз Жібек:

Әуелі бас қосқаным жағалбайлы,
Жылқысын көптігінен баға алмайды,
Төлегеннің өлгені рас болса,

Жесірін іздеп келіп неге алмайды, - деп жағалбайлы жақтан бір қайнысының жесірін даулап келуін күтеді. Сөйтіп, Сансызбай келгенде, онымен бірге қашып кетеді. Осылайша Сансызбайға қашып кетіп қосылып, балалы-шағалы болады.

Ел арасында қыздың еркінсіз, басып алып қашу жағдайы да кезіккен. Көнбеген қызға сол әулеттің үлкен әйелдері басу айтуға тырысқан. Қыз өз еркінсіз келсе де «тас түскен жеріне ауыр», «қайыра шапқан жау жаман, қайтып келген қыз жаман», «бірінші бақ – бақ» деп қызды барған жерінен қайтып әкелуді намыс көріп, барған жерінде қалдырған. Қыз көнбей ел ел арасында дау-жанжал басталып, билер шешіміне жүгініп, кінәліға айып кесіп, қызды үйіне қайтаратын да жайттар сирек болса да кездескен.

Сыр өңірі қазақтарының арасындағы алып қашып некелесу дәстүріне Н.Калмаков та тоқталған. «Үйлену тойы екі жақтан да: күйеуінің де қалыңдықтың да туыстарынан көп қаражатты қажет ететіндіктен, қалыңмалын тегіс төлеген күйеужігітке артық ақша шығармауы үшін қалыңдықты алып қашуға рұқсат етіледі. Жасырып алып қашуға байланысты өкпе-наздар жиі болып тұрады. Ал күйеу мен қалыңдықтың ата-аналары бір шешімге келе алмаған жағдайда, ал жастар бірін-бірі сүйіп қалғандықтан, бұдан әрі тосу тым ауыр болған кезде бұл түйін қалыңдық жағының пайдасына шағындау айыппұл төлеумен шешіле береді», - деуінен кей жағдайда қызының қашып кетуіне ата-анасының қарсы болмағандығын көреміз /30/.

XX ғасырда қыз алып қашудың мәні өзгеріске ұшыраған. Құда түсуге жағдайы келмегендіктен, немесе екеу ара келісіп, солай шешкендіктен жігіт қызды алып қашып үйленген. Қызды алып қашып келгеннен кейін, қыз үйіне екі немесе үш адам «*хабаршы*» немесе «*кешірімге*» жіберген. Кешірімге барушылар қыздан жаздырып алған «өз еркіммен келдім» деген «*тіл-хат*» деп аталатын хатты ала барған. Қыз жағынан екі адам, көбіне жеңгелері «*қуғыншы*» болып

барып, қызбен сөйлеседі. Егер қыз өз еркімен келген болса, «бақытты бол» деп баталарын беріп, сыбағаларын жеп, киіт киіп, еліне қайтады. Қуғыншылар келген соң ғана қыз жағы «хабаршыларға» қой сойып, құрметтеп күтіп, киіт кигізіп қайтарады. «Хабаршылар» қыз үйіне шама-шарқылары келгенше мал атап, киіттер беріп, қыздың қалыңмалы ретінде шамасына қарай ақша алып барады. Сырдария, Жалаңаш, Қармақшы, Қазалы, Арал аудандарында кешірімге тек ер адамнан, қуғыншыға тек әйел адам жіберілсе, Шиелі, Жаңақорған аудандарында кешірімге ер адаммен бірге әйел, ал қуғыншыға әйелмен бірге ер адам қосылған. Бұл осы жердің өз ішіндегі аймақтық ерекшелікті көрсетеді. Қыз алып қашу дәстүрі ішінара қазірге дейін жалғасып келе жатқан дәстүр. Информант ақсақалдар қыз алып қашып үйлену кейін, яғни кеңес үкіметі орнағаннан кейін бола бастаған жәйт, бұрынырақта тек бата алып құда түсіп үйленген, - дейді.

Жоғарыда деректер некелелесуге қатысты атқарылатын рәсімдердің көлемі әр жерде әр түрлі қалыптасып, жергілікті айырмашылықтардың болғанын байқатады. Ал, Сыр бойы қарастырып отырған Перовск, Қазалы уезі қазақтарының өз ішінде де жергілікті айырмашылық болған. Бұл айырмашылықтар қазіргі кезге дейін жалғасып келе жатыр. Жергілікті айырмашылыққа қарай үш категорияға бөлуге болады: 1. Жаңақорған Шиелі аудандары; 2. Сырдария, Тереңөзек, Жалағаш. 3. Қармақшы, Қазалы, Арал. Әсіресе Шиелі, Жаңақорған мен Арал, Қазалы қазақтарының арасындағы “құдаласуда” атқарылатын жөн-жоралғылар мен кәделерде айырмашылық көп. Арал, Қазалы қазақтарының салт-дәстүріндегі “құдандалық” жөн-жоралғысы жағынан Ақтөбеліктерге жақын. Сондықтанда да болар, Арал, Қазалы қазақтарының батыс, солтүстік-батыс қазақтарымен құда-құдандал болуы дәстүрге айналған. Ал, Қызылорданың Жосалыдан оңтүстікке қарай жатқан аудандарымен құдаласуы сирек деуге болады. Қызылорданың оңтүстік-шығысындағы қазақтар мен батысындағы қазақтардың бір-бірінен қыз алып, қыз берісуде ата-аналарының да қарсылықтары кездесіп жататындары кездесетіндігі шындық.

Жоғарыда келтірілген зерттеушілер мәліметтерінің Сыр бойындағы некелесуге қатысты байырғы дәстүрдің ерекшеліктерін нақтылауда маңыздылығы ерекше, олардың ғылыми құндылығы уақыт өткен сайын арта түседі. Байырғы қазақ отбасының мазмұнына экономикалық және әлеуметтік қатынастар шешуші роль атқарды. Неке құру мәселесінде қалың мал мен жасаудың алатын орны ерекше болатын. Некелесудің әрбір қадамы қазақы салт-дәстүрмен жалғасты және де Сыр бойы қазақтарының некелесу дәстүріндегі өзгешеліктер қазір де көрініс тауып отыр .

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. – Ташкент. 1889 - С.55.
2. Кустанаев Х. Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов. – Ташкент. 1894. С.22.
3. Диваев А.А. О свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинской области. Казан, «Типо-литография Императорского Университета» 1900. С. 15.
4. Кустанаев Х. Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского. С.24.
5. Диваев А.А. О свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинской области.... С. 16.
6. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области..... С.79.
7. Сонда, С..78-79.
8. Бұл да сонда, С.80-83.

9. Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и имеющие в Малой Киргизской орде силу закона //Записки Оренбургского отдела императорского русского географического общества. Вып II., Казань. 1871.С. 45-167. // Қазақтың Ата заңдары. ҮІ том. – Алматы. – 2005 – 205-247 бб.
10. Загряжский Г. Юридические обычаи киргиз и о народном суде у кочевого населения Туркестанского края, по обычному праву //Ежегодник. Материалы для статистики Туркестанского края. Вып IV. – СПб. 1876. С.158.
11. Кустанаев Х. Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского...- с.26-27.
12. Ибрагимов И. Киргизы: этнографический очерк // Туркестанские ведомости. 1872. №8. С.34-35.
13. Кустанаев Х. Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского.. - с.29.
14. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области... С.72.
15. Диваев А.А. О свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинской области...С. 21.
16. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области... - С.68-69.
17. Маковецкий П.Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Вып. 1. Материальное право. Омск. 1886.
18. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. С.68-69.
19. Калмаков Н. Некоторые семейные обычаи киргизов северных уездов Сыр-Дарьинской области // Кауфманский сборник, изданный в память 25-ти лет истекших со дня смерти покорителя и устроителя Туркестанского края генерал-адъютанта К.П. фон-Кауфмана 1-го - М. Типо-литография И.Н.Кушнерева и К, - 1910. - С. 228.
20. Кустанаев Х. Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского...- с.31-32.
21. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. – с.70.
22. Загряжский Г. Юридические обычаи киргиз и о народном суде у кочевого населения Туркестанского края, по обычному праву . – с.157.
23. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. – С.56-57.
24. Кустанаев Х. Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского... – с. 33.
25. Диваев А.А. О свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинской области. -С. 12-13.
26. Самойлович. А.Н. Запретная слова в языке казак-киргизской замужней женщины. //Живая старина. 1915. Вып. 1-2. – С. 161-168.
27. Диваев А. Древние игры киргизской молодежи // Туркестанские ведомости. 1907. №54 – С. 346-347.; Z. Женщина в кочевом быту // Туркестанские ведомости. 1889. №33. – С.129.
28. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. – с. 86 б.
29. Сонда, С. 96-97.
30. Калмаков Н. Некоторые семейные обычаи киргизов северных уездов Сыр-Дарьинской области... С. 228.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Сыр өңірі қазақтарының ХІХ ғасырдағы құда түсу мен некелесуге қатысты әдет-ғұрыптарының ерекшеліктері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются обычаи и обряды сватовства присырдаринских казахов в ХІХ веке.

МАГИСТРАТУРА**ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТУЫСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖҮЙЕСІ**

Асылбаева А.К.- магистрант (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Түркі халықтарының ішінде туыстық қарым-қатынас жүйесі терең, өзіне тән айрықша қасиетімен ерекшеленген, басқа жұртқа ұқсамайтын ерекше дәстүрлі, бауырмашыл халықтардың бірі қазақ халқы. Бүгінде егеменді ел болғанымызға он сегіз жыл толса да, ұлттың салт-дәстүрімізді жаңғыртып, барымызды түгендеп, жоғымызды жоқтап, шыққан тегімізді танып білудеміз. Өзінің тарихын, мәдениетін, әдебиетін, салтын білетін азамат шыққан тегін, кіндік кесіп, кір жуған ата жұртын қастерлеп, жеті атасын жадында тұтуы шарт. «Жеті атасын білген ұл жеті рулы елді біледі» деп атамыз қазақ тегін айтпаған. «Қырық рулы елміз, қарға тамырлы қазақпыз» деген сөз қазақтың құда-жекжат, жамағайын-жұрағатығын аңғартатын заманадан жеткен ұғым. Төл тарихымызға бет бұрсақ, осы сөздерді ақын, батыр, ел бастаған көсемдеріміз, ділмар шешендеріміз жиі айтқан екен. Қазақ халқы алысты жақын тұтқан, жақынды бауыр тұтқан, туыстық желіні үзбеген. Береке бірлікті бұзбаған. Бұған дәлел, қазақта мынандай мақал бар: «Бірлік болмай-тірлік болмас». Үлкені сөз бастаған, кішісі ағаның сөзін қостаған. Жау келсе, қанымыз да, жанымыз да, туымыз да, кегіміз де, еліміз де, жеріміз де бір болған, бір байрақтың түбінен табылған. Қазақ жолыға қалса, жеті атасын таратысып, егжей-тегжей жөн сұрасқан. Бұл - халқымыздың айрықша бір қасиеті.

Қазақ туысқаншыл халық. Бірақ кейінгі жылдары біз осы жақсы қасиеттерімізден алшақтап бара жатырмыз. Бұл үлкен өзекті мәселеге айналып отыр. Қазір екінің бірі жеті атасын біле бермейді. Тіпті кіммен қалай туысатынын ажырата алмайды. Қайдан жақындағанын түсінгенмен, кімім дерін білмей қиналады. Әсіресе біз, жастар, туыстық қатынастардың ара жігін ажыратып, жіліктеп айтуға шорқақ келеміз. Кезінде үлкен қариялар, әкелеріміз кімнен туатынын, аталарынан тармақталған ұрпақтарды тізіп айтып құлақтарына құйып отырады екен. Әр кім ата тегінің қадір-қасиетін, ерлігін мақтан тұтып дәріптеп біліп отыратын. Бұның өзінің тәрбиелік мәні зор. Болашақ ұрпақты жомарттыққа, ерлікке шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелейді. «Жеті Атасын білген – жеті рудың қамын жейді» деп мақалдайтын себебі осыдан.

Ата бабаларымыз «адам адаммен бай» деп арасындағы қарым-қатынасқа зор мән берген. Үлкенді сыйлау, кішіге қамқоршы болу, тіпті бейтаныс жолаушыға қой сойып, дастарқаннан дәм, төрінен жан кетпегенін тілеген, қонақ келсе құт: «құтты қонақ келсе – қой егіз табады» деп ең тәтті тағамын қонағына сақтаған /1/. Сот-абақтысыз-ақ ел арасындағы түрлі дау-жанжалды әділетті шешімін табу-бұның бәрі қазақтың қоғамдық қарым-қатынасының имандылыққа, адамгершілікке, тәртіпке бағынғандығын дәлелдейді.

Қоғамдық қарым-қатынастың бір бөлшегі-туыстық қарым-қатынас. Туыстық қарым-қатынастың берік болуы көбінде екі себепке байланысты. Біріншіден, рулас, жақын адамдардың бір-бірімен той думандарда қарым-қатынас жасаса, екіншіден, біреу қайтыс болғанда, кездейсоқ апатқа ұшырағанда көмек көрсету арқылы қарым-қатынас жасайды. Бұндай қарым-қатынастардың өзіндік атауы бар. Мұндай көмек көрсету қазақ арасында «жылу», «емеурін», «үме» деп аталған. «Көп жиылса көл», «бірлік түбі береке», «бірлік бар жерде

тірлік бар» деген мақалдар осындай туыстық ауыз бірліктің, ынтымақтастықтың көрінісі /2/.

Қазақта туыстық қатынастардың орнын, бағытын, сабақтастығын көрсететін үш жұрт бар. Атап айтсақ, адамның әкесі жағынан туысатын өз жұрты (әйелдердің төркін жұрты), шешесі жағынан туысатын нағашы жұрты, әйелі не күйеуі жағынан туысатын қайын жұрты.

Адамның өз жұрты жеті ұрпаққа таратылып аталады. «Жеті атасын білмеген жетесіз» - депті аталарымыз. Әкелеріміз «Жеті Ата» мағынасын түсіндіргенде: бірінші атаң - өз атаң, екіншісі – нағашы атаң, үшіншісі – кіндік атаң, төртіншісі - өкіл атаң, бесіншісі – сүндет атаң алтыншысы – пір атаң, жетіншісі – қайын атаң деп түсіндірген екен. Жадың жақсы болса, өз атаңды әкеңнен бастап, сонау Нұх пайғамбарға дейін тарата білуің парыз дейді, ал аталарымызды, ең болмағанда, қыз алыспас жердегі ру басыларына дейін балашағаның алдына әңгіме қылып отыруы кісілігіңнің бір белгісі деп те қоятын. Былай қараған да, үйренуге еш қиындығы жоқ осы азғантай ғана білімнің өмірінде атқарар маңызының зор екенін бірі білсе, бірі біле бермейді /3/.

Өз елі бойынша – баба, ана, ата, әке, шеше, аға, іні, апа, қарындас, ұл, қыз, немере, шөбере, шөпшек, немене, немер апа, немер аға, немере қарындас, немере іні, шөбере аға, шөбере аға, шөбере іні, шөбере апа, шөбере қарындас. Халық даналығында ағалы-інілі, апалы-сіңілі, адамдардың арасындағы туыстық қатынас ерекше орын алған. Халқымыз «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар», «Үлкен тұрып, кіші сөйлегеннен без. Аға тұрып, іні сөйлегеннен без», «Аға іні-тыныс, қарындас-өріс» деп тегін айтпаған. Туысқандар арасындағы өнегелі қарым-қатынастар үлкенді-кішілі адамдардың өзара сыйласуынан, қайырымдылығынан, кішіпейілділігінен, адалдығынан туындайды. Адам бойындағы ақыл-есінің, мінез құлқының қалыптасуы өскен ортасына, алған тәрбиесіне байланысты. Сондықтан да қазақ ежелден ағалы-інілі, әпкелі-сіңілі арасындағы татулықты, бауырмалдылықты дәріптеген. Бірге туған ағайынды адамдардың арасындағы ең сөзі өткір, сыйлы, қадірлі адам-үлкен аға. Өзінен кейінгі іні-қарындастарының болашағына жауапты сезінеді. Әке-шешелері қайтыс болған жағдайда барлық қиындықты аға көтеретін болған. Оларды аяқтандырып, орнына қондыру ағаның мойнындағы парыз. Әкелерінен қалған мал-мүлікке інісі үйленгенше бас- көз болады. Қазақтың қыздары бауырмашыл болып келеді. Алыс жаққа ұзатылған қыз жерін, елін, әке-шешесін бауырларын сағынып іздеп келер деп жалпақтап, құлағын түріп жүреді екен.

«Екіншісі – нағашы жұрт,

Жақының,

Оларда барда кетпес аттан тақымың.

Бұлар сыншыл, еркелікті көтерер, жиендік қыл,

Жетер болса батылың», - деп

Шаймерген Әлдибекұлы айтқандай өз жұртынан кейінгі туыстық қатынас адам тірлігінде сыйласып, аралас – құралас, алыс – берісті болып өтетін – нағашы жұрты. Нағашы жұрт деп шеше жағынан туысатын туысқандарды айтады. Шешесінің шыққан тегі, руы түгел адамның нағашы болып келеді. Нағашы жағынан – нағашы ата, нағашы әже, нағашы, нағашы аға, нағашы жеңге, нағашы апа, нағашы жезде, нағашы іні, нағашы нағашы келін, нағашы қарындас, апалы – сіңіліден туған балалар – бөлелер болып келеді. Бөлелер егер шешесімен бірге туған қыздардан туса- туған бөле, ал нағашысының қыздарынан туса немере бөле делінеді. Сонымен қоса, қазақ халқы қызды ерекше сыйлап, оған қонақ деп құрмет көрсеткен. Қарындасынан туған балаларды айрықша еркелеткен.

Нағашысына жиен әрдайым батыл болған. «Қырық серкешін» даулап нағашылап келген жиен құр қайтпайды. Өзінің қалағанын алып қайтады. «Жиеннің наласы қатты болады, сұрағанын беру керек», «жиенін ұрғанның қолы қалтырайды» деген сөздер қазақта жиі айтылған. Бұл сөздер жиеннің нағашысына деген еркіндігін білдіреді. Жиен нағашысынан алатын затын берсе қолынан, бермесе жолынан алуға ерікті. Ол үшін жиенді айыптамаған. Дегенмен де әр нәрсенің реті бар. Жөні осы екен деп, қызыққан нәрсесін ала беруге де болмайды. Жиен қалағанын үш ретке дейін ғана алуға ерікті. Қазір жиен мен нағашының арасындағы ежелден келе жатқан осы салт ұмтылып барады.

Қазақта жас төлдерге ен салдыру деген салт бар. Бұл салт бойынша төркіндеген шешесіне еріп келген жиендеріне нағашылары бәсіре мал атап ен салып қойған.

Апалы-сіңілі қыздардың балалары бір – біріне бөле болып келеді. Тек апалы-сіңілі ғана қыздардың балалары емес, өзара немере, шөбере, тіпті аттас елдің қыздарының балалары да бөле болып келеді. Бөлелер арасында олардың аналарының туыстық жақындығына байланысты сыйласымды жақсы қарым – қатынас болады. Оларды байланыстыратын – нағашы жұрт. Бұл екі жаққа да ортақ - шешелерінің төркіні. Сондықтан болар «Екі аяқты да бөле тату, төрт аяқтыда бота тату», «Бөлем, бөлем үшін өлем» деген мақалдар осыдан қалса керек. Оның мағынасы – шешелері бір-біріне адал, жасынан бірге өскен бір елдің қыздары болғандықтан, балалары да өзара тату - тәтті болған.

Адам өміріндегі өткінші кезеңдердің бірі – үйлену. Әйел мен еркекке жаңа міндет жүктейтін сонымен қатар жанұя құрудың алғашқы шарты болып табылады. Үйлену арқылы қалыңдық пен күйеу жігіт ерлі – зайыпты болады, ата-ана болу үшін керекті әдеттерді орындап, бірге екендіктерін бәріне жария түрде білдіреді. Бұдан былай жанұямен қатар жаңа туыстық қатынастар да қалыптаса бастайды. Бұл туыстық қатынас – қайын жұрт. Қайын жұрт деп жоғарыда айтқанымыздай жігіттің келіншегі мен тұрмысқа шыққан қыздың немесе күйеуі жағынан туысатындарды айтады. Жаңа үйленген жігіт пен келін болып түскен қызды келін немесе күйеу бала деп, бұлардан кіші інісі мен қарындасы жезде және жеңге деп атайды. Бұларды түсініктіғып айту үшін, жігіттің қайын жұртын таратып мысалға келтірейік.

Жігіттің келіншегі әкесінің әке-шешесі – қайын ата және қайын әже. Келіншегінің әке-шешесі – қайын ата (әке), және қайын ене. Қайын ененің әке-шешесі - нағашы ата, нағашы әже болады. Қайын әкесінің бірге туған ағасы немесе әпкесі – қайын ата, қайын апа болады. Осы қайын ата мен қайын енеден туған балалар жас жағынан келіннен үлкен болса – немере қайын аға, немере қайын бике. Олардың күйеуі мен әйелі жеңге немесе бажа деп аталады. Ал келіннен кіші болса – немере балдыздар болады. Осы немере қайын аға, балдыздардан туған (ер адамдардан) туған балалар адамға шөбере балдыз болады. Жігіттің келіншегінің ағасы, әпкесі - қайын аға, қайын бикесі болады. Бірге туған бауыры, сіңілісі оған туған балдыз болып келеді.

Қайын жұртын өз жұртынан алаламай, туыстық көңілмен, кішілік жолымен жақсы қарым – қатынаста болған және қыздарын жылатпай әлпештеп сыйлаған күйеу бала ел – жұртқа қадірлі, сыйлы, ерке болады. Әр шаңырақта күйеу баласына әрдайым сыбағасы деп төс сақтайды. Тартылған табақта төс жоқ болса, төсін даулап жеңгелерімен қалжындасып та жатады. Кей жерде төс тартылған табаққа күйеу жігіт ақша салып жіберетін де салт бар. Қайын жұртына барған жігіт кішік болып жүреді. Төрге отырмайды. Сол үйдің малын сойысып, қонағын

күтісіп, самаурын қайнатып, шарусының бір жағына шығып көмектесіп жүреді. Бұл қыздарын берген қайын жұртын құрметтеуі.

Ал енді қыздар жағына келетін болсақ, жаңа түскен келінге «Судай сіңіп, балдай бата ғой» деп батасын беріп, ақыл айтып отырады. Түскен үйдің баласындай болып, қайын жұртын ешбір жатырқамай, бауырларына кіріп, жақын тартып, тез үйреніседі. Ғұрып бойынша келін күйеуінің туыстарын еш уақытта атымен бадырайтып атамаған. Оларға арнайы ат қоятын болған. Бұл ғұрыпты ат тергеу деп атайды. Аттар мейлінше жағымды да орынды болуы керек. Ат тергеу кезінде көп аттарды қамтып жатпай-ақ, ең ұнамды үлгілерін қоюға болады. Мысалы, күйеуінің әкесін, оның аға інісін үлкен ата, ата, кіші ата деп атайды. Күйеуінің ағаларын үлкен аға, жақсы аға, ағакем, көке, жәке, деп атаса, інілеріне тетелес, ортаншым, кенже, інішегім, тентегім, сал жігіт, молда жігіт, мырза жігіт, ер жігіт, мұртты жігіт сияқты аттар қояды. Қайын сіңілдерін шырайлым, еркежан, еркем, ерке қыз, мырзақыз, молда қыз, кішкене қыз, томпақ қыз сияқты балама аттар қояды.

Осы аталған әдемі есімдер үлкен – кішіге деген сый құрмет, нәзік ілтипат, қалтықсыз қамқорлық. Қазақ әйелдері тіпті күйеулерінің де атын бадырайтып атамаған, күйеулеріне «отағасы», «кісі аға», «бір үйдің ағасы», «әкесі» деп атаған. Өле - өлгенше сыйласып «Сіз» деп сызылып өткен. Сонымен қоса күйеуінің жолдастарының да атын атамай «құрдас», «жақсы аға аттас» т.б балама есімдермен атаған. Осындай үлкен – кішіге ізетпен қарап, сыйлап, салтты сақтайтып келіндерге жұртшылық үлкен ризашылығын білдірген.

Жоғарыда аталған үш жұрттан бөлек тағы бір жақын туыстық қатынас бар. Ол – құдалар жағы. Ежелден халқымызда дүниеге болашақ сәбилерін аттастырып қою салты болған. Бұған мысал ретінде «Қозы Көрпеш- Баян сұлудағы» Қарабай мен Сарыбайдың бәтуаласуын айтуға болады. Бәтуаласқан адамдарды «бел құда», «аманат құда» деп атайды. Дәстүр бойынша көңілдері жақын екі адам бірімізден ұл, екіншімізден қыз туса құда боламыз деп баталасқан. Осылайша достық-жекжаттық қатынаста туған құдалық туыстыққа жалғастырған.

«Атадан ұл тумыс па, ата жолын кумас паң дейді атамыз қазақ кейінгі ұрпаққа. Елдігімізді сақтап, жерімізді қорғап, атымызды жаңғыртып, есімізді жалғастырар деген ниет, үмітпен. Ал қазір кейбір жастар арғы ата тегін білмек түгіл, әкесінің атын да бұзып, тілін бұрап, орысшаға бұрмалап айтады. Бабаларының жөнін білмейтін жеткіншектен не үміт, ата жолын қайтіп қуады деп қорқынышпен қарайды. Айта берсек, бұл да бүгінгі күнгі халқымыздың көкейінде жүрген өзекті мәселе. Осынау өзекті мәселені жойып, келешек жеткіншектерімізді бабалар дәстүрімен тәрбиелеп, бауырмалдыққа баулуымыз керек. Осы туысқандық қатынастардың ара жігін танып, тармақтап ажырата білу, ғасырлар бойы тайғақ кешулерден өтіп, бүгінге дейін жалғасып келген ата дәстүрімізді сақтап, жалғастыру біздің міндетіміз деп санасақ артық болмас.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сабырбек. С. Қонақ келсе- құт... // Ана тілі. – 1993.- 22 шілде.
2. Қалиев С., Оразбаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт- дәстүрлері. – Алматы, 1994. - 134-135 бб.
3. Тоқтамыс С.Н. Жеті Ата // Жұлдыз. -1996. -№8. -162-163 бб.
4. Сейдімбек А. Қарға тамырлы қазақ: қазақ халқының тарихына қатысты шежіре дерек // Таң-Шолпан. - 2006.- №3. - 106-125 бб.

5. Абдраимова Б.Ж. Халық дәстүріндегі әлеуметтік көмектің қолдауы // ПМУ Хабаршысы. Гуманитарлық сериясы. -2006. - № 2. -6-14 бб.
6. Әмірова Б.Ә. Этникалық жаңсақ нанымдар қалыптастыратын қазақтың туысқандық қарым – қатынас механизмдері // Қайнар Хабаршысы. Гуманитарлық сериясы. -2005. -№1. -14-45 бб.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада қазақ халқының күнделікті өміріндегі туыстық қарым- қатынас жүйесі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается система традиционных родственных отношений у казахов, в том числе по линии отца, матери и свойства. Одновременно показаны обычаи родственной помощи.

КІШІ ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ КӨЗҚАРАС

Габжалилова Л.С.- магистрант (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Кіші жүздің рулық құрамы туралы алғашқы мәліметтер бізге 1748 жылдан мәлім және оны А.И.Тевкелев келтірген. Кіші жүздің рулық-тайпалық құрамын суреттей келіп, бұл жүзді ол мынадай рулардан тұрады деп жазады:

«Ірі ру Алшын, ал Алшын екіге, яғни Қаракесек және Байұлы болып бөлінеді. Қаракесек бәрінен де ірі, алты рудан тұрады, атап айтқанда, олар: Шекті, Қаракесек Шөмекей, Төртқара, Қаракете, Қарасақал... Қаракесекке қарағанда Байұлы орташа, 12 рудан тұрады, атап айтқанда олар: Адай, Жаппас, Алаша, Байбақты, Беріш, Масқар, Таздар, Есентемір, Алтын, Шықтар, Шеркеш, Тана...

Жетіру, яғни жеті ру Кіші жүздегі ең шағын рулар, атап айтқанда, олар: Табын, Тама, Кердері, Керейт, Жағалбайлы, Телеу, Рамадан» /1/.

П.И. Рычков өзінің басқан бір еңбегінде де шамамен нақ осы деректерді келтіреді. А.И.Тевкелев пен П.И. Рычковтың деректерін Кіші жүздің рулық құрамы туралы ең кейінгі, неғұрлым толық және дәл мағлұматтары мен салыстыра келгенде, біз А.И.Тевкелевтің мәліметтеріне қарағанда И.П. Рычковтың мәліметтерінде елеулі олқылықтар бар екенін олардың онша толық және дәл емес екендігін аңғарамыз.

П.И.Рычковпен салыстырғанда А.Левшиннің мәліметтері Кіші жүздің ру құрамына дәлдігі мағынасында бір қадам ілгерілеушілік болып табылады. Ол былай деп жазады: «Кіші орда бұрын ең ірі алшын тайпаларынан және Тәуке хан жеті текті біріктірген жеті шағын рулардан тұрған. Алшындар Әлімұлы және Байұлы болып бөлінген» /2/.

Н.А.Аристов та өз еңбегінде А.И.Левшинге сілтеме жасай отырып, Кіші жүздің ру құрамын нақ осылай береді. Алайда, Кіші жүздің ру құрамы бойынша өзімізге белгілі ең толық деректердің бәрін салыстыра отырып, біз бұл мәселені барлық зерттеушілердің Байұлы рулық бірлестігінен 12 ру кіреді дегені қате екеніне көз жеткізіп отырмыз /3/.

Шынына келгенде, А.И.Тевкелев, А.Левшин, Н.А.Аристов және басқа зерттеушілер келтірген Байұлы руларының тізімін тағы бір қарап өтсек, Тевкелевте Байұлы құрамында Алтын руы бар екенін, ал А.Левшин мен Н.Аристовта оның жоқ екенін көреміз. Оның есесіне соңғыларда Қызылқұрт руы бар да, ол Тевкелевте жоқ. Сөйтіп Тевкелевте оның 12 руында Қызылқұрт руы жетіспейді, ал Левшинмен Аристовта 13 ші ру – Алтын руы жоқ. Байұлында 12 емес, 13 ру бар деген біздің пікірімізді жинақтаған материалдар, сондай – ақ М.Тынышпаевтың деректері толық растайды. С.А.Аманжолов өз еңбегінің бір жерінде Байұлыны 12 руы бар екенін айтады да, басқа бір жерінде 13 ру туралы деректер келтіреді.

Тарихи әдебиетте Кіші жүз рулары көпшілігінің шығу тегімен олардың этникалық жағынан қайда жататыны туралы мәліметтер өте аз. Олар негізінен Н.А.Аристовтың еңбегінде келтірілген және көбінесе жорамал сипатында болып қандайда болсын иланымды деректемелерімен дәлелденбейді. Н.А.Аристов алшын-дармен Кіші жүздің басқада көптеген ең ежелгі руларының негізі «түріктердің батыс динлиндерімен қоспасынан» басталады деп санауға бейім. Г.Е.Грумм –Гржимайло да солай дейді.

Ұлы жүз рулары арасында Кіші жүз қазақтарының жекелеген бөліктерінің осы кезге дейін де бар екені кездейсоқ емес. Жәнібек пен Керей Кіші жүзге 50 жылдан кейін қайтқанымен, рулардың бір бөлігі, соның ішінде адайлар ол жерде әлі де ұзақ уақыт қалған болуы ықтимал. Тек ХҮІІІ ғасырдың басында, яғни үш ғасырдан кейін ғана бір кездері Қазақстанның батысында мекендеген ата-бабаларын мүлдем ұмытқан адайлар бұл жерді қайтадан ашты деуге болады /4/.

Халықтың жанында адайлардың Маңғыстауға оралуы туралы мынадай мәліметтер сақталған. Осыдан екі жүз жылдай бұрын Байұлы, Жетіру және Әлімұлы бірлестіктерінің кейбір руларының, соның ішінде адай руының қазақтары Сырдария бойында (Сауран маңында) мекендеген.

Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз қай кезде, қандай жағдайда, құралғаны жайында деректер нақты емес, біріне-бірі қайшы. Қазақтың тарихы мен тілін зерттейтін кейбір ғалымдар “Жүз” деген ұғым- бөлік, тармақты білдіреді, енді “Жүз”-жүздік дейді. Көне тарихи деректерді зерттеумен шұғылданатын тарихшылар қытай жылнамасындағы “юз” деген халықты-“жүз” деп айтпақ болады. Қалай дегенмен де жүз ұғымы - Орда, бірлестікті білдіреді. Өйткені, мұның алдында бізбен екі мың жыл шамасында араласып жатқан көршіміз-Русь те орта ғасырда Великорусь, Белорусь, Малорусь болып үшке бөлінген болатын. ХІХ ғасырдағы орыс этнографтары: “Рус-ұлыс, қытайлықтар “р”-ға тілі келмегендіктен русьті-ұлыс атап кеткен”, -деп те жазды. Бірақ бұл дәйексіз дыбыс үндестігін қуалаушылық. Әйтсе де, бабаларымыз сол орыстың Велорусь, Малорусь, Белорусь деп бөлінуіне еліктеп, Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс деген одақ құрды ма? Алтын Орда құлағаннан кейін Қырым түріктерінен топтасқан Ноғай ордасының Үлкен ноғайлы, Кіші ноғайлы болып бөлінуі осындай еліктеуден туса керек. Кіші ноғайлы-Еділдің батысындағы, Үлкен ноғайлы – Еділдің шығысындағы халықтар бірлестігі аталғаны орыстың жазба деректерінде айтылады. Үлкен ноғайлы Кіші жүздің жерінде – Каспий жағалауын, Еділдің төменгі бойын, оның сол жағалауынан Жайыққа дейінгі жерді мекендеген /5 Шығыс зерттеушілері Н.А.Аристов, А.Ю.Якубовский, П.П.Ивановтар “өзбек” атауын - Алтын Орданың ханы Өзбектің (1312-1334) есімімен байланыстырса, А.А.Семенов, басқа да Шығыс зерттеушілері тайпа атауына қолданылған есім деп дәлелдейді. ХVІІІ-ХІХ ғасырларда Кіші жүз қазақтарының билеуші топтары арасында қиян-кекті қақтығыстар, билік үшін шайқастар өтті.

Кіші жүз қазақтарының Ресей қоластына қарағанына жарты ғасыр өткенде халық – азаттық қозғалысы басталды. Мұны тарих ғылымында Кіші жүз қазақтарының халық – азаттық қозғалысы (1783-97) деп жазып жүр.

1812 жылы Ішкі Бөкей Ордасында 7500 түтін, ал И.Казанцевтің дерегі бойынша 1820 жылы 10.234 түтін, яғни 102 350 адам мекен еткен. 1889 жылы санақ бойынша онда 236 932 адам, ал Орал облысында 412 601 адам тұрды. Қос өзеннің аралығына орнаған Орда бүкіл Кіші жүз қазақтарының ұйтқысы болды /6/.

Бөкей Ордасы қазақтарының 1836-37 жылдардағы халық-азаттық көтерілісі – Кіші жүз қазақтарының ғана емес бүкіл қазақтың жігерін жандырып, санасын оятты, бостандық жолындағы күреске аттануға бағыт сілтеді. Көтеріліс Орда халқының үштен бір бөлігін қамтыды. Халықты ашындырған феодалдық һәм отаршылдық қанауға қарсы тұрды. 1837 жылдың көктемінде Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісовтың басшылығымен қимылдаған топ ең ірі күшке айналды. Көтерілісшілер бай-шонжарлардың үйлерін өртеп, ханды жақтаушы ауылдардың қонысын шапты. Сөйтіп көтерісшілер Нарын құмынан бастап, хан Ордасын алу үшін терістікке қарай аттанып, патшаның тұрақты әскерімен қақтығысады, ақыры империяның қарулы күшіне төзе алмаған Исатай мен Махамбет 1837 жылдың қаңтарда Жаманқала бекінісінің тұсынан Жайық даласына өтті. Көтеріліс жеңіліске ұшырағанмен кейінгі ұрпаққа үлгі болып қалды /7/.

1868 жылы Кіші жүз әкімшілігі Орынбор генераль-губернаторлығына бағынатын Орал облысына қарады. Облыс Орал, Ілбішін, Гурьев, темір уездері болып төрт әкімшілікке бөлінді. 1874 жылы бұған Маңғыстау приставы қосылды. Сол жылдары оның 227 болысында 165 мың 700 түтін тіршілік етті.

Бұл әкімшілік аймақта мекендеген ежелгі халықтардың, тайпалардың Кіші жүз құрамына ену тарихына, олардың топтасуының тарихына қарайтын болсақ. Қазақ шежіресіне, жазба деректерге қарағанда Кіші жүз құрамындағы тайпалар одағы: Байұлы (Адай, Алаша, Байпақты, Беріш, Алтын-Жаппас, Масқар, Таз, Есентемір, Шеркеш, Тана, Қызылқұрт, Ысық) Әлімұлы: (Қарасақал, Қаракесек, Кете, Шөмекей (Қазақтың ауысша шежіресінде Шөмекей Әлімнен бөлек таралады), Шекті, Төртқара, Жетіру (Кердері, Керейіт, Табын, Тама, Жағалбайлы, Төле, Рамадан). Бұл тайпалардың құрылуы көшпелі халықтың мал жайылымына, ішкі ру тартыстарына байланысты болған. Мәселен, Жетіру Тәуке ханның кеңесімен біріккен. Кіші жүздің құрамындағы ру- тайпалар туралы алғашқы дерек 1748 жылы А.И.Тевкелевтің (Құтлу Мұхаммед Мамашев) жазбасында айтылады /8/.

Шежіре деректерінде Кіші жүздің ежелгі атауы Алшын. Ұлы жүз тайпаларының – Ұлы жүз – үйсін аталатыны сияқты тайпалардың жалпы атауына айналған. Қазақ шежіресінде Бекарыстан-Мөңке би, одан Арғымақ пен Алау, Арғымақтан Жетіру тарайды. Алау батырдан-Алшын. Одан: Қыдырқожа мен Қадырқожа. Қыдырқожадан он екі ата Байұлының тайпалары тарайды. Ал Қадырқожадан (Қаракесек), Басары, Әлім, Шөмекей таратылады да алты ата Әлімұлы іріктеледі.

Шығыс зерттеушісі Н.А.Аристов жазбаларына қарағанда Кіші жүздің Алшын т.б. тайпалары түріктің батыс Ділдің (Дулу, Дулат) тайпаларымен араласуы нәтижесінде қалыптасқан. Бұл пікірді Г.Е.Грум-Гржимайло, В.В.Бартольд та құптайды, көне жазбаларға, таңбаларға, атау сөздерге сүйене отырып туындаған тұжырым.

Кіші жүз құрамындағы үш тайпалық бірлестіктердің көші-қоныс тұрағына тоқтай кетейік. XIX ғасырда Әлімұлдары Құбандариямен Жаңадария, Қарабұрсак, құм даласын, Ембінің сағасын, ал Адайлар Маңғыстау түбегін, Жағалбайлылар Жоғарғы Ор мен Жоғарғы Орал станцияларының маңын, Кердері мен Тама-Орынбор мен Орал төңірегін Табындардың біразы сол манды, қалғандары Тобыл мен Ембіні, Керейттер-Сырдың бойын, ал Тілеу мен Рамадан Керейтпен бірге қыстап, жаз Табынмен бір қонысты жайлайтын.

Ататегінді, олардың ежелгі қаныстарын, қандай халықтармен туыстық қатыста болғанын, дүниеде қандай мемлекеттер құрып, азаматтың құдіретті тірлігіне нендей үлес қосқанын ғылыми негізде зерттеп жүрген ғылымдарымыз жоқтың қасы, бар болса, XIX ғасырдағы орыс ғалымдарының ой-пікірін қайталаумен тынады. Олар тайпа атауларын қазақтың көне жер-су, халық атауларымен байланыстырып, Орхон-Енесей таңбалы жазуы болып табылатын әріпен таңба ұқсастығын да зерттеді. Мәселен, Илья Казанцевтің қазақ жазбасында Алшын - Әлім Шуманақтан тарайды десе, А. Левшин түріктердің Шыңғысханға қарсы шыққан Шөмекей ханының есіміне байланысты деп дәлелдемек болды. Біздіңше, ежелгі Үйсін дәуірінде Жетісуды мекендеген Жалайыр елі Сырғымақ, Шуманақ аталды. Бұлар Сырдың бойын, Шудың бойын мекендейтін манақтар. Қытайдың жазба деректерінде VII- ғасырда Барлық пен Хантәңірінің аралығындағы Цумигун еліне – Цуми, Цуюе, Цубан немесе Цуман (Суан)халықтары қараған. Батыс Қазақстан аймағын мекендеген тайпалардың ұрпақтары күні бүгінге дейін жалғасуда. Ресейдің Астрахан облысындағы 140 мың, Түркменстандағы 89 мың, Тәжікстандағы 12 мың, Қарақалпақстандағы 315 мың, Ресейдің көрші облыстарындағы қазақтар негізінен Кіші жүз елінен. Өзбекстанның оңтүстік аймақтарының этникалық тарихын зерттеген Б.Х.Кармышева 1875 жылы Шығыс Бұқарға, Бахша мен Пяджаға, Куяб пен Қорғантөбе аралығындағы тау қойнауына қазақтардың көп орналасқанын жазған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. Сборник документов и материалов. -Алма-Ата, 1961. – С.406.
2. Рычков П.И. История Оренбургская по учреждению Оренбургской губернии. Изд. 2-е. – Оренбург, 1887. –С.67.
3. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. -1896. -Вып. III-IV.
4. Беисенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. -Алматы, 1994.-12-13 бб.
5. Маданов Х. Кіші жүз шежіресі. - Алматы, 1993.
6. Арғынбаев Х.А., Мұқанов М.С., Востров В.В. Қазақ шежіресі хақында. - Алматы, 1998. -15 б.
7. Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. Т.4.-Алматы, 2002.-86 б.
8. Құлмұқамбетова Р. Қазақ тарихының шежірелері. - Алматы, 2004.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Кіші жүз қазақтарының ішіндегі Байұлы, Жетіру және Әлімұлының туыстық жағы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе документальных источников, специальной литературы и шежере рассматривается родоплеменной состав казахов Младшего жуза, в том числе из Байулы, Жетыру и Алимұлы.

ЖАСТАР ҚАТЫСҚАН ЖЕЛТОҚСАН

Төлекова А.-магистрант (Алматы қ., Қазмемқызпу)

XX ғасырдың еншісінде қалып, жылдар өткен сайын зерттеушілер тарапынан жаңалықтары ашылып жатқан 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына да жиырма жылдан астам уақыт өтті. Осы желтоқсан оқиғасының негізгі қозғаушы күші жастар туралы айтылып та, жазылып та жүр. Менің ғылыми мақаламның негізгі мақсаты да осы оқиғаға қазақ жастарының қатысуы туралы баяндалмақ.

Желтоқсан оқиғаларын Д.А.Қонаевты бірінші хатшы қызметінен босатқан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1986 жылғы 16 желтоқсандағы Пленумы тұтандырды. Бұл Пленумда Г.В.Колбинді бірінші хатшы етіп сайлау туралы шешімі Орталықтың бірінші басшыны тағайындау жөніндегі қалыптасқан дәстүрі арнасында қабылданды. Бұл шешім қайта құру жария еткен принциптерге, демократияландыру мен құқықтық мемлекет құру бағытына қайшы келді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Пленумының шешімі туралы хабар республикалық радио бойынша 16 желтоқсанда, сағат 15:00-де берілді. Сол күннің кешіне қалалық ішкі істер басқармасы мен республика Мемлекет қауіпсіздігі комитетіне жергілікті халық өкілдері арасындағы Пленум шешіміне көңіл толмаушылық туралы хабарлар түсті. Қаладағы жағдай мазасыз деп бағаланды. Әсіресе, студент және жұмысшы жатақханаларында қызу талқылау жүріп жатты.

1986 жылғы 17 желтоқсанда осы шешімге халықтың әлеуметтік жағынан неғұрлым кедей тобы - қазақ жұмысшы және студент жастары қарсы шықты.

Жастардың алғашқы топтары қолдарына Орталық Комитет Пленумының шешіміне қарсылық білдірген ұрандар ұстаған 200-300 адам көлемінде 17 желтоқсан күні таңертеңгі сағат 7-8 шамасында Компартия Орталық Комитеті үйі алдындағы алаңға жиналды. Сағат 9.30 шамасында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті, республика Министрлер Советі мен ішкі істер министрлігі, КСРО Ішкі істер министрлігі, КСРО Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің кезекші бөліміне хабарланды /1/.

Дабыл бойынша, Ішкі істер басқармасы, Калинин, Совет, Фрунзе аудандық ішкі істер бөлімдерінің жедеғабыл топтары, өрттен қорғау полкі мен 5449 әскери бөлімше - милиция арнаулы батальонының нарядтары, УГРО, мемлекет мүлкін талан-таражға салушыларға қарсы күрес бөлімі мен Ішкі істер министрлігінің жетінші басқармасының қызметкерлері көтерілді. Үш Ішкі істер бөлімі, өрттен қорғау полкі мен 5449 әскери бөлімше жеке құрамдарының күшімен алаң қорғауға алынып, демонстрацияға шығушылар бөлініп тасталынды. Өрт сөндіру машиналары дайындық сапына келтірілді. 5449 әскери бөлімшенің арнаулы машинасында қалқан, дулыға, газдан қорғайтын респираторлар мен сойылдар болған. Демонстрацияға қатысушылар фотоға түсіріліп, оған қоса-қабат бейне-камераға түсіру жүрді.

Әр түрлі ақпар бойынша алаңдағы бой көрсетушілер саны таңертеңгі сағат 10 шамасында 300-ден 1000 адамға жеткен /2/.

Сағат 10.30. шамасында Алматы гарнизоны бойынша нөмірі бірінші жауынгерлік дайындық жарияланды, теміржол вокзалдары мен аэропорттар жабылды.

Сағат 13.30-да бой көрсетушілер жолдағы автомобильдер бөгетін көктей отырып, алаңға қайтып оралды. Әр түрлі дерек бойынша маршқа қатыспаған жастар мен қарау үшін келген жүргіншілер жиналып қалған екен. ҚазМУ

қалашығы жағынан, Бейбітшілік көшесі тұсынан алаңға, қолдарына қызыл, ақ жалаулар ұстаған құрамы 600-дей үлкен топ шықты /3/.

Алаңды қоршап алып, оған ешкімді енгізбеу, шығармау жөнінде бұйрық берілді. Алаңға 7524 және 7552 әскери бөлімшелер әкелінді. Олар оқ өткізбейтін сауыт-кеудеше, дулыға, қалқан, сойылмен жарақтанған еді. Екі арнаулы машинада арнайы құралдар - түтінге қақалтатын шашытқы, белгі беретін ракета, көзден жас ағызатын “мойыл” газы, әскери оқ-дәрі сақталды. 7552 әскери бөлімшеге қызметші-иісші иттер бөлімшесі берілді. Алаңға өрт сөндіру полкінің 5-ші итсейістер ротасы келтірілді /4/.

Сағат 17-де алаңға сапер күрекшелерімен жабдықталған, КСРО Мемлекеттік қауіпсіздігі комитеті Алматы жоғары командалық шекара әскерлері училищесінің 600 адамдық жеке құрамы келіп жетті. Шекарашы курсанттар Қазақ КСР Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің төрағасы Чебриковтың бұйрығымен әкелінді/5/.

Билеуші жақ алаңдағылардан өздерін жоғары санап, оларды салған жерден экстремистер, нашақорлар мен маскүнемдер ретінде қаралады. Алаңдағы жастарды қуып тарату үшін оларға өрт сөндіргіш машинадан суық су шашып, көзден жас ағызатын газ бүрікті. Қорғансыз жастар итке таланып, соққыға жығылды, қолға түскендерді белгісіз жақтарға тасып әкетілді. Әсіресе, нәзік жанды қыз балаларды шашынан ұстап сүйрелеу, оларды аяусыз ұрып-соғу жастардың бәрін тіптен ашындырып жіберді.

Құқық қорғау органдары мен прокуратураның басшылары саперлік кіші күректер мен қызмет иттерінің қолданғанын соңғы кезге дейін мойындамай келді.

Түрлі деректерге сәйкес студенттер ұйымдастырған бұл ереуілге Алматыдан 10000 төңірегінде, ал елді мекендерден 300000 адам қатысқан, өлгендер мен жараланғандар көп көрінеді /6/.

Оқиғалардың зардаптары туралы ресми деректер кереғар әрі дәл емес болып шықты. Ішкі істер министрлігінің деректері бойынша ұсталғандардың саны - 2336, Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің деректері бойынша - 2212, прокуратураның деректері бойынша - 2401 адам. Уақытша қамау изоляторларына арнаулы қабылдау орындарына, тергеу изоляторларына жеткізілген және қала сыртына апарып тасталған адамдарды ескергенде ұсталғандар санының 8,5 мыңға жуық болғаны анықталды. Денесіне жарақат түскен адамдардың саны - 763-тен 1137-ге дейін - деп әр түрлі көрсетілді, ал комиссияның бағалануына - 1,7 мыңнан астам адам дене жарақатын алған /7/.

Оқиғаларға қатысушылардың қозғалған қылмысты істерін сот пен тергеуде қарау процесінде де заңдылықтың өрескел түрде бұзылуына жол берген. Солар бойынша тергеу қысқа мерзімде, үстірт және айыптауға айқын бейімділікпен жүргізілген. Сот-тергеу аппаратының оқиғаларға қатысушылар туралы істер жөніндегі жұмысына барлық деңгейдегі тергеушілер мен судьялардың біле тұра әдейі принципсіздікпен қарауы тән болған және ол сот пен прокуратура басшылығы, саяси билік орындары тарапынан ашықтан-ашық қысым жасау жағдайында жүзеге асырылған. Ал, ол шапшаң әрі заңсыз айыптау үкімдері мен қорытындыларын қабылдауға мәжбүр еткен. Сотталған 99 адамның 46-сы қазіргі кезде ақталды. Сотталып, жаза мерзімдері кемітілгендердің көбі ақталуға лайық.

Желтоқсан оқиғалары кезінде үш адам қайтыс болды - телеорталық инженері Савицкий, Энергетикалық институт студенті Сыпатаев және автопарк бақылаушысы Аристов /8/.

Оқиғалар құрбандығына дәлелді негіздермен ресми мәліметтер бойынша өзіне-өзі қол салды деп есептелетін мына үш жастың өлімін де жатқызуға болады:

- Асанова Ләззат, 16 жаста, Алматы музыка училищесінің оқушысы, ҚазКСР Қылмысты істер кодексінің 65 тармағы бойынша жауапқа тартылғаннан өлімді артық көріп, үй төбесінен секіріп өлген;

- Мұхамеджанова Сәбира, 16 жаста, Өскемен педагогика училищесінің оқушысы, МҚК қызметкерлерінің кезекті “илеуінен” кейін терезеден қарғып кеткен;

- Рысқұлбеков Қайрат, 22 жаста. Алматы Сәулет-құрылысы институтының студенті - өлім жазасына бұйырылып, кейін бұл 20 жыл бас бостандығынан айру жазасымен ауыстырылып, ол Семей қаласындағы бекет түрмеде асылып қалған жерінен табылған /9/.

Дене жарақатын алғандар туралы мәліметтер де толық емес. Алматы қалалық атқару комитетінің мәліметі бойынша олардың саны 763, қалалық ішкі істер басқармасы 1001, МҚК мен ҚазКСР Прокуратурасы 1137 адамды, республика Денсаулық сақтау министрлігі 1233 адамды айтады. Жиырма “жедел жәрдем” бригадасы қаланың емдеу орындарына 540 адамды жеткізген, 204 адам госпитальға түскен. Комиссия сарапшыларының есебі бойынша, Алматыда ғана 170-ден астам адам дене жарақатын алған. Бірақ бұл мәліметтер де төмендегідей себептерге байланысты дәл емес /10/:

- Ішкі істер министрлігінің емдеу орындарында қанталау мен жеңіл жараға дейінгі барлық жарақат есебі жүргізілсе, осы күндері МҚК қызметкерлері қаланың барлық емдеу мекемелерінде дәрігерлік көмек сұрап келгендерді тіркеп отыруы себепті жеңіл жарақат алған бой көрсетушілер жаппай тәртіпсіздікке қатысқаны үшін жауапкершілікке тартылудан қауіптеніп, дәрігерлік жәрдем сұрамаған;

- МҚК мен прокуратура қызметкерлерінің емдеу мекемелерінен аурулар тарихын алып кету фактілері тіркелген дәрігерлік көмек сұрау көлемін дәл анықтауды қиындатты;

- тіркелмей-ақ дәрігерлік жәрдем көрсетілген кездер болған;

- аязда адамдарды мұздай сумен шомылдырудан, жерден бірнеше сағат бойында жатып қалып, қала шетіне апарып тастағаннан болатын аурулар ескерілмеген;

- екі жақтың да оқиғаға қатысушыларының куәлар мен ата-аналардың жүйке ауруларына, стрестік жағдайға шалдығуы ескерілмеген.

Жаппай тәртіпсіздік салдарынан 11 транспорт түрі өртеліп, 24-не зақым келтірілді, 39 автобус пен 33 жеңіл такси машинасы істен шықты, 13 жатақханаға, бес оқу орнына, алты сауда кәсіпорнына, төрт әкімшілік үйіне материалдық шығын келтірілді /11/.

Ресми мәліметтер бойынша 264 адам оқу орындарынан шығарылған. Халыққа білім беру министрінің соңғы анықтамасында (1990 жылғы тамыз) оқудан шығарылғандар саны 309. Бұл жерде Денсаулық сақтау министрлігі мен жол қатынастары министрлігінің жүйесіндегі оқу орындары студенттері мен оқушылары есептелмейді /12/.

БЛКЖО бойынша 1922 адам жазаланды (758 жас оқудан шығарылып, 1164-не жаза қолданылды), СОКП қатарынан 53 адам шығарылып, партиялық жолмен 210 адам жазаланды.

Оқиғаларға қатысқан 319 адам жұмыстан шығарылды.

Жаппай тәртіпсіздіктерді басуда батылдық пен жанқиярлық көрсеткені үшін Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің 1586 қызметкеріне “Құрмет грамоталары”, “Үздік қызметі үшін”, “Милиция үздігі” белгілері, ақшалай сыйлықтар беріліп, алғыс жарияланды.

250 адам Қазақ ССР Жоғарғы Совет Президиумының медальдарымен, 250 адам грамоталарымен, құрмет грамоталарымен наградталды /13/.

Бой көрсетушілерді қуып таратудың арнаулы жедел жоспары “Метель - 1986” деген кодтық атпен ССРО Ішкі істер министрінің 1985 ж. 19 желтоқсандағы “Қоғамдық тәртіпті топталып бұзушыларды ауыздықтау және алдын-ала тактикасы мен ұйымдастырылуы жөніндегі талаптарын” бекіту және іске енгізу туралы бұйрығының негізінде жасалды.

Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті комиссияға “Метель - 1986” жедел жоспарына жасалған қосымшаны ұсынды (жаппай тәртіпсіздікті жою жөніндегі МҚК мен ПМ-нің өзара қимыл жоспары).

“Метель - 1986” жоспарына:

- Қазақ КСР Ішкі істер министрлігінің оперативті штабын құру;
- штабтың жұмыс топтарын құру;
- арнаулы құрама отряд жасақтау;
- аталған операцияны өткізуге тартылған күш пен құрал-жабдық есебін жасау міндеттері кірді.

Штабтың қарауында барлығы 2928 адамнан тұратын үш жедел топ және арнаулы құрама отряд бар еді. Операцияны өткізуге 5700 адамнан тұратын Алматы гарнизонының күштері мен құралы тартылды (оның ішінде 1932 адам резервте тұрды). Мұнан басқа ССРО ПМ-нің арнайы ішкі әскерлері енгізілді: 5449 ә.б., 7552 ә.б. - Алматы қаласынан, 6554 ә.б. - Алматы облысындағы Қаратемірден, 5450 ә.б. - Фрунзе қаласынан, 3408 және 5452 ә.б. - Ташкент қаласынан, 5426 ә.б. - Челябин қаласынан, 5427 ә.б. - Новосибирь қаласынан, 5424 ә.б. - Уфа қаласынан, 5425 ә.б. - Свердловск қаласынан, ә.б. - Тбилиси қаласынан - барлығы 2169 адам /14/.

Ресми мәліметтер бойынша алаңдағы бой көрсетушілер саны 3 мың мен 5 мыңның арасында болған. Бұл деректер шын болса, онда тәртіп қорғаушылардың бой көрсетушілерден бес, алты есе көп болуының ақтаушысы кәне. Кейбір куәлер айтқандай, бой көрсетушілер саны 15 мың шамасында болғанның өзінде басымдық 1,3-1,6 есе құрайды. Ресми мәліметтердің дәлсіздігін оқиғалардың шын ауқымын жасырып қалушылықты ұсталған бой көрсетушілердің жалпы санынан көруге болады - ПМ, прокуратура мен МҚК мәліметтері бойынша олардың саны 2200-2400, ал Комиссия есебі бойынша 8,5 мың аралығы /15/.

Алаңға шыққан жастардың о бастан “жау” деп қаралғанына мына факты дәлел. 17 желтоқсан күні сағат 14-те тәртіпсіздік әлі байқалмай тұрғанда Брежнев алаңына жеке құрам қаруы мен оқ-дәрі тиелген 7552 әскери бөлімшенің екі машинасы келген. № 99-90 ФК нөмерлі, оқ-дәрі (патрон, белгілік жарық беруші ракеталар, түтінге қақалтатын қол гранаталар, “мойыл” газды баллондар) тиелген машинаға шабуыл жасалып, өртеп жіберілді. 7552 ә.б. құрама отрядының командирі подполковник В.М.Дорофев қару мен оқ-дәрі алаңға оперативті жоспарда оларды қолдану мүмкіндігі қаралғандықтан жеткізілгенін көрсетті /16/.

1986 жылғы желтоқсанның “Метелі” Қазақстанда сыналып, бастыққаннан кейін Бакуде, Ереванда, Тбилисиде, әйтеуір жүйе өзінің іргесін шайқалтатын қауіптің сағымын салған бар жерде бұрқап өтті.

Сонымен, “ығыстыру операциясы” деп аталатын шаралар заңға қайшы, адамшылыққа жат әдіс-тәсілдерді пайдаланумен, әрі ақтаушысы жоқ, мәнсіз қатыгездікпен жүргізілгені анықталды. Солдаттар мен милицияның қимылы шабуылды тойтару, не қорғаныс мақсатына емес, адамдарды, оның үстіне қашып бара жатқандарды қуалауға бағытталды. Бұған дене жарақатын алған бой көрсетушілердің көпшілігінің желке тұсынан жарақаттануы да бір дәлел. Ұрып-

соғудың қатыгез қаталдығына адамдардың көпшілігінің қабырғасының сынғаны, іш құрылысының езіліп кетуі куә. Осындай миына зақым келген ауыр жарақатта Алматы энергетика институтының студенті Е.Сыпатаев қайтыс болды.

Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары ел есінде сақталды. Бұл тәуелсіздік үшін және Қазақстанның егемендігі үшін күрестің бастамасы болды. Сол үшін зардап шеккен адамдар тиісінше құқықтар мен жеңілдіктерге ие болуға тиіс. Бұл, тек олар үшін ғана емес, бүгінгі және келешек ұрпақ үшін қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Желтоқсан-86. 1-кітап. Ұлт теңдігі көтерілісі. –Алматы, 2006. -32 б.
2. Берлібаев Б. Жастар не үшін көтерілді? // Парасат. -2006. -11 б.
3. Желтоқсан-86. 34 б.
4. Бұл да сонда. 35 б.
5. Бұл да сонда. 36 б.
6. Х. Оралтай. «Әлем қазақтарын дүрліктірген күн». //Парасат 2006 ж. 11 б.
7. «Желтоқсан-86». Алматы: 2006. 1-кітап. Ұлт теңдігі көтерілісі. 17 б.
8. Бұл да сонда, 40 б.
9. Бұл да сонда.
10. Сайлан Б. Жастар жазаланған және жараланған желтоқсан-86 // Ізденіс. -2008. - №2. -95 б.
11. Бұл да сонда. 97 б.
12. Бұл да сонда. 99 б.
13. Қозыбаев М. Тарих зердесі. I-кітап. –Алматы, 1998. -309 б.
14. Бұл да сонда. 310 б.
15. Желтоқсан-86. - 60 б.
16. Бұл да сонда. 61 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада қазақ жастарының 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысуы олардың талаптарына талдау жасалған. Жастарға қарсы жүргізілген қуғын- сүргін мәселелері мақаланың басты түйіні болып есептеледі.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируется участие казахской молодежи и их требования в декабрьских событиях 1986 года. Гибель, ранения, заключения в тюрьмы, отчисления из учебных заведений, исключения из комсомола стали центральными вопросами статьи.

АУЫР ӨНЕРКӘСІП ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ(1940-1980 ЖЖ.)

Утепбергенова И.- магистрант (Алматы қ., Қазмемқызпу)

1940-1950 жылдары социалистік индустрияландыруға байланысты ғылыми зерттеулер ісінің аясы кенейіп, индустрияландыру тарихы бойынша негізгі еңбектер бұрынғы ойдан шығарылған негіздерден және шектеушіліктерден арыла бастайды. Мұрағат деректері мен статистикалық материалдар ғылыми айналымға еніп, кеңінен пайдаланылады.

Бұл кездің ғалымдары «КСРО-ны индустрияландыру» мен «республиканы индустрияландыру» деген екі алшақ ағымды біріктіріп қарастырды. Бүкіл елге қатысты жағдай ешбір түсіндірмесіз жеке республикаға қатысты деп есептеледі. Бұрынғы барлық ұлттық аймақтарда ауыр индустрияны жедел ірі жан-жақты дамыту мақсаты қойылғандығын көрсетеді.

С.Б.Бәйішев мақаласында Түркісіб теміржол тарихына да баса назар аударған. Түркісіб темір жолы Қазақстанның экономикалық жағдайына көп әсерін тигізді - дейді. Индустрияландырудың бірінші кезеңінде Қазақстан Кеңес Одағының орталық аудандарының өнеркәсіптері үшін ірі шикізат базасы болды. 1928 жылдың соңына дейін Қазақстанның 75 % аса ауылшаруашылық өнімдері Кеңес Одағының орталық аудандарының өндіріс мекемелерінде өндірілді –деп жазды, әрі қарай Қазақстандағы индустрияландыру халықтың мәдени дегейінің өсуіне, халықтың материалдық жағдайының көтерілуіне үлкен әсерін тигізді – деп жазды. Автор бірінші бесжылдықта өнеркәсіпке жіберілген 432,2 млн. сомның, 361,9 млн. сомы немесе 83,7 % ауыр өнеркәсібіне жіберілгенін көрсетті /1/

Сонымен қатар, ұлттық кадрлар мәселесіне үлкен назар аударғанын байқаймыз фактілерге сүйене отырып, 1929 жылы 1 қаңтарда қазақ жұмысшыларының жалпы саны 3,3 мыңы болса, 1933 жылы 1 қаңтарда 27,3 мыңы болған - деп, жұмысшы қазақтардың санының көбейгендігін көрсетеді. Өнеркәсіптің кейбір салаларында қазақ жұмысшылардың саны жоғары болғанын былай береді: мұнай өнеркәсібінде - 72,1%, тас көмір саласында - 43,4%, түрлі-түсті металлургияда - 41,4% /2/

Сонымен автор, Қазақстанда өнеркәсіптің дамуы, яғни индустрияландыру кеңестік әдіспен жүргізілді, оның ерекшелігі ауыр өндірісін дамыту - деп тұжырымдайды. Қазақстандағы ірі өнеркәсіптің дамуы, индустрияландыруды кеңестік әдіспен жүргізудің негізінде болған - деп, автор қайшы пікір айтады. Қазіргі кезеңде біз осыдан зардап шегіп отырмыз. Өйткені ірі фабрика - зауыттардың барлығы Ресейдің орталық аудандарына орналастырылып, Қазақстан шикізат көзі болып келгені мәлім. Автор социалистік индустрияландырудың тек табыстарын ғана көрсетіп, оның көлеңкелі тұстарын айтпаған.

Индустрияландыру мәселесіне С.А.Нейштадт та баса назар аударған. Оның 1957-жылы шыққан еңбегінде бұл мәселе бесжылдық кезеңдеріне байланысты қарастырылған.

Индустрияландырудың маңызды құбылыстарының бірі болып табылатын – экономикалық теңсіздікті жою 50-жылдардан бастап қолға алынады. Осы жерде П.М.Алампиевтің еңбегін айрықша атау орынды. Автор өндірісті социалистік жолмен реттеудегі шыңдықты айтып, ең бірінші рет кеңестік шығыс республикаларын индустрияландыру мерзімін кезең-кезеңге бөліп зерттеуді және республикалардағы негізгі өндірістік аудандардың сипаттамасын береді, индустри-яландыру мәселесін баяндай келе, оның жаңа бір аспектісі - өнеркәсіптің орналастыру тарихына баса назар аударады. Шығыс республикаларының индустрияландырылуы, соның ішінде Қазақстанның индустрияландырылуы, социализмнің экономикалық базасының кеңеюі, социалистік өндіріс қатынастарының құрылуы, сонымен қатар, автор «барлық елдер алдында индустрияландыру міндеттері бір мезгілде шешілмейді. ССР республика алғаш кезеңінде өндіріс саласының бір түрлерін ғана дамыту керек», /4/ – деп ойын айтады. Автор Қазақстанда ауыр өнеркәсіптерінің дамуы туралы жан-жақты баяндайды. Еңбегінің алтыншы тарауын ұлттық кадрларды дайындау мәселесіне арнаған. Ірі жұмысшылар ұжымы Ембі мұнай-өндірісі, Екібастұз,

Қарсақпай, Риддер өндірістерінде қалыптасты – деп тұжырымдады. Одан әрі былай делінеді: «Қазақстандағы ең алғашқы жаңа құрылыстар – қазақ жұмысшы табының қалыптасу ошақтары болып саналды. Мәселен, Қарсақпай – комбинатында құрылыстың бірінші күннен бастап қазақтарды өндіріске тарту үшін арнайы оқу сабақтарын жүргізді. 1928 ж. 1 қазанында комбинатта қазақтар – 40,2% құраса, 1929 ж. 1 қазанда – 48,1% құрады» /5/ деп жазды. Сонымен қатар, автор, Қазақстандағы негізгі өндірістік аудандарға жалпы сипат береді.

Қазақстандағы өнеркәсіптерінің алғашқы ошақтарының тарихы мен құрылыстарына арналған Н.Киікбаевтың «Промышленность Казахстана в первой пятилетке» /6/ атты монографиясының ғылыми маңызы зор. Автор алғаш рет Қазақ КСР-да бірінші бесжылдықта өнеркәсіптің даму тарихын қарастырады. Мұрағат материалдары және басқа дерек көздері негізінде автор 1928-1932 жылдар аралығындағы өндірістік индустрияның қалыптасуын терең зерттеген. Қазақстанда социалистік өнеркәсіп жоқ жерден құрылған жоқ дей келе, былай дейді: «Кеңес өкіметі 1922 ж. қазан айында ағылшын капиталисі Урквартонмен алдын ала келісім-шартты бұзып, Риддерді қайта қоспақшы болды. 1925 ж. қаңтарда Қарсақпайды қайта қосу туралы шешім қабылданды. Сонымен, бірінші бесжылдықта «Алтай-полиметал», «Атбасцветмет», «Ембімұнай» трестері іске қосылғандығын айтады. Бұл зерттеудің құндылығы, автордың пікірінше, бірінші бесжылдықта Қазақстанда өнеркәсіптік жұмысшы табы, яғни ұлттық кадрлар қалыптасты. Мәселен, «Қазақстандағы халық шаруашылығының салаларындағы жұмысшылар мен қызметшілер саны 1928 ж. 258,3 мыңы адамнан, 1932 жылы 605 мыңы адамға дейін өсті, яғни, 2,4 есе. Қазақ жұмысшылары мен қызметкерлерінің үлес салмағы республиканың халық шаруашылығында 1927 ж. 30%-дан 1932 ж. 42% дейін өсті» /7/. Ал инженерлік-техникалық мамандандырылған жұмысшылар саны ірі өнеркәсіпте 1927 ж. 475-тен 1932 ж. 3111 дейін өсті. Сонымен, инженерлік-техникалық маманданған қазақтардың санының өсуі туралы, 1927 ж. 14-тен, 1933 ж. 263 адамға дейін өсті – /8/ деп ұлттық кадрлардың қалыптасуы туралы айтады.

Республикада индустрияландыру мәселелерін, өнеркәсіп салаларының кейбір түрлері және транспорт дамуы Г.Ф. Дахшлейгер, Н.Н. Дауылбаев, А. Хавин, В.К. Савосько, Б.Н. Абишева еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Н.Н.Дауылбаевтың «Карагандинский угольный бассейн» атты еңбегі. Автор еңбегінің алтыншы тарауында арнайы кадрлар мәселесіне арналған. КСРО-ның үшінші көмір базасын құру үшін жұмысшы табының кадрлары қалыптасты – дей келе, біріншіден, 1930 ж. 1 шілдеде Қарағанды құрылысында 897 адам жұмыс істеді, оның 520-қазақ (58%) /34./9/ - деді автор. Екіншіден, Қарағанды жұмысшы табының қатары көшпелі және жартылай көшпелі адамдардан келген көшпелілерден өсті. 1931 ж. 3200 көшпелілер жұмысқа орналасса, 1932 ж. 2000 – қазақ көшпенділер орналасты деп жазды автор.

1932 ж. бастап кадрлар даярлау мәселесі біршама жөнделді – дей келе, курстық оқыту арқылы 3271 мамандандырылған қазақ жұмысшылары даярланғандығы туралы айтады. Қазақ жұмысшыларының сандық өсуі көп болғанымен, Қарағандыда жергіліктендіру (корензация) төмен деңгейде жүргізілді. Мәселен, трест басқармасында қазақтардың үлес салмағы – 7% құрады, әкімшіл-техникалық құралы шахтылар мен тау-кеннің – 15-тен 23% дейін өскенін көрсетті.

Қазақстандағы социалистік индустрияландырудың жүргізілу барысы Б.Н. Абишеваның “О некоторых вопросах социалистической индустриализаций Казахстана (в годы первой и второй пятилеток)” /9/ деген еңбегінде, В.К.

Савоськоның “Советский Казахстан в третьей пятилетке (1938 июнь-1941)” /10/ - атты ғылыми мақаласында баяндалады. Авторлар маркстік-лениндік көзқарас тұрғысынан социалистік индустрияландыру жолдарын қарастырады.

Индустриялық дамудың тарихы мен жұмысшы табы туралы тереңдете зерттеген алғашқы еңбектердің көшбасшысы – А.Нүсіпбековтың монографиясы. Ол Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі аралықта республика да индустрияландырудың барысында жұмысшы табының қалыптасуы мен дамуын ғылыми негізде жан-жақты зерттеген алғашқы еңбек.

Н.Г.Пан, оның «Соколовско-Сарбайский комбинат» /11/ атты еңбегінен осы мәселенің сарыны анық байқалады. Автор еңбегін Қазақстандағы ірі өндіріс мекемелерінің бірі – темір руда өнеркәсібі тарихына арнаған. Орталықтан Соколов-Сарыбай – комбинаты мен Рудный құрылыстарына кезектен тыс берілген көмек туралы айтылады. Жоғары әдеби тілде еңбекшілердің ерлігі туралы жан-жақты баяндалады. Осы жұмыста айтылғандай, комбинат директорынан бастап жұмыс-шыларға дейін, аянбай еңбек еткендігі көрсетілген.

Шығыс Қазақстан аймағында гидроэлектростанция құрылысының мәселелері көрінісі С.Б.Нұрмахамедов, Н.Г.Пан, Ю.И.Романовтардың «По плану В.И.Ленина» «История строительства энергетической базы Казахстанского Алтая» /12/ еңбегінде көрініс тапты. Монографияда Кеңес өкіметінің Қазақстанда, Шығыс Қазақстан аймағында Лениннің ГОЭЛРО жоспарын іске асырудағы тарихи рөлін асыра көрсетуге тырысқан. Еңбектен байқағанымыздай Рудный Алтай аймағында 20-шы жылдары аз қуатты Быструшинская және Верхне-Хармузовская гидроэлектростанциялары іске қосылғанын айтады.

Халық шаруашылығының әр түрлі салаларындағы жұмысшы табы жайлы А.Р.Ахметова, А.А.Байшин, А.С.Рахимовтардың «Славный путь рабочего класса Казахстана» атты монографиясында қарастырылады. Авторлар социалистік қоғамдағы құрылыстарының негізгі, атқарушы көші ретінде жұмысшы табының рөлін көрсетеді. 1929 ж. өнеркәсіп өндірістерімен теміржол транспортында жұмысшылардың саны – 26,5 мың адамға, 1930 ж. – 34,9 мың адамға, 1932 ж. – 70,9 мың адамға өсті. Тек, Қарағанды көмір бассейнінде 1934 ж. – 6700 қазақ жұмысшылары жұмыс істеді /13/, - деп монографияда авторлар мұрағат материалдарын пайдалана отырып, жұмысшы табының өскендігін көрсетеді.

Жұмысшы мамандар тарихының тарихнамасында ерекше орынды М.Асылбековтың «Формирование и развитие кадров железнодорожников азахстана (1917-1970 гг.)» атты еңбегі алады. Кеңес өкіметі жылдарындағы жұмысшы табының ірі отрядтарының бірі - теміржол жұмыс-шыларының тарихи қалыптасу кезеңдері баяндалады. «Формирование рабочего класса железнодорожного транс-порта Казахстана в период строительства социализма» - атты екінші тарауда Түркісібтің құрылысы және ұлттық теміржолшылар кадрларының даярлығы туралы айтылған.

80-жылдардың соңына қарай Қазақстандағы жұмысшы табының тарихына байланысты іргелі 3 томдық еңбектің 2 томы жарық көрді. Бірінші томның төртінші тарауы Қазақстандағы социалистік индустрияландырудың ерекшеліктері, барысы туралы баяндайды /14/. Қазақстанда социалистік индустрияландыруының ерекшеліктерін көрсете келе авторлар, егер РСФСР мен Украинада ірі өнеркәсіптер болса, Қазақстанда өнеркәсіп кустарлық мекемелер ретінде болғанын айтады. Қазақстандағы жүргізілген құрылыстарға жалпы сипаттама береді.

Индустрияландыру барысында бірінші және екінші бесжылдықта салынған құрылыстардың тек табысты жақтарын көрсетіп, осы екі бесжылдықта өндірістердің берген өнімін жоғарылатып көрсетеді. Ал социалистік индустрияландырудың барысындағы кемшіліктері туралы айтылмайды.

Сонымен, 40-жылдардың екінші жартысынан 80-ж. екінші жартысына дейінгі ауыр өнеркәсіп тарихына арналған еңбектерде социалистік индустрияландыру барысындағы Қазақстанда жүргізілген өндірістік құрылыстар туралы жан-жақты және терең қарастырылады. Өнеркәсіптің жеке салаларына, транспорт тарихына да арналған зерттеулер баршылық. Бірақ бұл зерттеулердің барлығы коммунистік идеологияның қыспағынан шыға алмағандықтан, социалистік индустрияландырудың барысындағы келеңсіз жайттар айтты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сәдуақасұлы С. Таңдамалы. 1-2 т. – Алматы, 2003.
2. Голощокин Ф.И. Казахстан на путях социалистического переустройства: (статьи и речи). – М.-Алма-Ата, 1931.
3. Голощокин Ф.И. Пятилетка построения социализма. М.-Алма-Ата, 1932.
4. Исаев У.Д. Казахстан в полосе социалистического наступления: Доклад на VIII-м Всеказацком съезде Советов. – Алма-Ата, 1931.
5. Рыскулов Т.Р. Открытию Турксиба // Революция и национальности. – 1930. – №1.
6. Сарымұлдаев К.С. Промышленность Казахстана и перспектива ее развития // Кызыл Казахстан. – 1962. – №1; 1972. – №10-11.
7. Хавин А.Ф. Социалистическая индустриализация национальных республик и областей. – М.-Л., 1933.
8. Васютин В. Казахстан на путях индустриализация // Народное хозяйство Казахстана. – 1934. – №11.
9. Коган Э. Индустриализация народных республик: Достижения тяжелой и легкой промышленности // Революция и национальности. – 1935. – №1.
10. Папуков Г. Роль социалистической индустриализации и ликвидации фактического неравенства народов // Революционный Восток. – 1935. – №5.
11. Саматов М.С, Лучков А.Т. о народах народного хозяйства Казахстана // Народные хозяйства Казахстана.
12. Тимофеев Н, Брайнин С. Казахская краевая организация В.К.П(б) за социалистическую индустриализацию и советизацию аула // Большевик Казахстана. – 1938. – №12.
13. Енукидзе Д.Е. Социалистическая индустриализация Казахстана // Ученые записки Каз.Гос.Университета им. С.М.Кирова. Т.7. – Экономика. 1941. – Вып.3.
14. Островский З. Великая магистраль (о делах и людях Турксиба). – Л. .1930.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Қазақстандағы 1927- 1937 жылдардағы индустрияландырудың жүзеге асырудың ерекшеліктері түп деректермен арнайы әдебиеттің негізінде зерттелген.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе первоисточников и специальной литературы исследуется особенность проведения индустриализации в Казахстане в 1927-1937 годы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЯСЫНДА АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ШАРАЛАР

Чакенова Б. –магистрант (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Әр түрлі ұлттар мен мемлекеттер арасындағы мәдени байланыстар мен мәдени ынтымақтастығының дамуы қазіргі таңдағы қоғам дамуының маңызды белгісі болып табылады. Мәселен, әлемдік сауда әр түрлі елдерді экономика жағынан біріктірсе және кәсіпкерлігінің дамуына жағдай жасаса, мәдени байланыстар халықтардың әлеуметтік және рухани дамуының қарқынды өсуіне, өзара түсінісушіліктерінің артуына жағдай жасайды.

Әрбір мемлекеттің өркениеттілігі ең алдымен оның мәдени мұраға деген көзқарасымен анықталады. Мәдени мұраға ұқыпты қарау мен басқа мәдениеттің құнды элементтерін қабылдау - адамзат өркениеті дамуының сара жолы. Әрбір мәдениет үшін өзін басқа мәдениет тұғырынан көру маңызды.

2004 жылы Қазақстан Республикасының "Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырыла бастады.

«Мәдени мұра» бағдарламасы уақытпен үйлесіп, әлемдік өркениет арнасында келеді. Жеке алғанда Біріккен Ұлттар Ұйымы әлем мәдениеті мен ХХІ ғасырда мәдени құндылықтары жөніндегі нұсқаулар қабылдады. Біріккен Ұлттар Ұйымы құжаттарында түрлі халықтардың мәдени мұраларымен алмасуларына көңіл бөлінген. Мұның өзі жаңа әлемдік тәртіп құрудың маңызды элементі болып табылады. Әлем мәдениеттері арасындағы алмасуды қолдап, жаңа тәуелсіз мемлекеттерге қол ұшын бере отырып Біріккен Ұлттар Ұйымы дүниеге алуан түрлі мәдени байлықты таратты.

Түбегейлі өзгеріс кезеңдерінде қоғамды түсінісу мәселесі өзектенеді. Г.Гадмердің пікірінше, «аймақтар, ұлттар, одақтар, ұрпақтар арасындағы өзара түсіністік талпынысы сәтсіздікке ұшырағанда бұл мәселе айқындала түседі. Қазіргі қарбалас кезеңінде өзіндік ұлт шеңберінде шектелмей, белгілі бір халықтың архаикалық түсінігін ғана сақтап қоймай, оның мәдениетінің қарым-қатынастық мүмкіндігін ашуды қарастырады /1/.

«Мәдени мұра» атты мемлекеттік бағдарлама Қазақстанның белсенді түрде рухани және мәдени дамуының мүддесінде тарихи-мәдени сабақтастықтың жүзеге асуына бағытталған. Оның жүзеге асуы қоғамның әрі қарай дамуына өзінің әсерін тигізеді, бұл осы үрдіске дүниежүзілік қауымдастыққа лайықты ерудің негізі ретінде шынайы білімнің, өзара түсінушіліктің, нығайып жатқан ұлттық және мемлекеттік сана-сезім сапасын арттырмақ.

Үкіметтің Қорытынды құжатында келесідей ұсыныстар берілген: 2005 жылдың 18 ақпанының Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Үндеуіне негізделі отырып, тұжырымдаманы, мәдениетті мемлекеттік қолдау бағдарламасын өңдеу, 2001 - 2010 жылдары тілдердің дамуы және қолданылуы мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бойынша шаралар қолдану қарастырылады. Сондай-ақ 2006- 2008 жылдары мәдениет дамуының салалық бағдарламасын бекіту, 2004-2006 жылдары мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын орындалуы бойынша шаралар қолдану ұсынылады.

Кеңес Одағының және оның идеологиясының құлдырауы, тәуелсіздікке қол жеткізуіміз, жаңа мемлекеттіктің қалыптасуы бір жағынан - абыржу, бостық, өнегелі нысананың жоғалту сезіміне алып келсе, екінші жағынан - шынайы ұлттық мәдени құндылықтардың қайта жандануына алып келді. Сол уақыттың тұрақсыз экономикалық жағдайы, жүргізілген әлеуметтік, экономикалық және

саяси реформалар мәдениеттің күйіне кері әсерін тигізді. Мәдениет әлеуметтік жүйенің басқа салалары сияқты тәуелсіздіктің бірінші жылдары қиын сындардан өтті. Мәдениеттің кино шығару, кітап шығару сияқты индустриялары түрлері тоқырау жылдарын бастан өткізді. Мәдениет институттарының әлсіреуі, болып жатқан үрдістерді жеткіліксіз түсіну - міне сол кезеннің ерекшелігі. Осылай, Қазақстан мәдениеттің барлық салаларының модернизациясына бағытталған іс-әрекеттердің белсенді түрде дамуына талап ететін мәдениет жүйесін қалыптастыру мен нығайтудың қағидаларындағы жаңа жолын таңдады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жариялаған Жарлығымен 2000 жыл - Мәдениетті қолдау жылы болды. Барлық деңгейде жүзеге асырылған қаржы-экономикалық және әлеуметтік шаралардың нәтижесінде кері бағыттарды тоқтатып қана қоймай, алға жылжу үшін фундамент қалыптастырылды.

Өркениетті мемлекеттермен жақындасу, Қазақстанның дүниежүзілік мәдени қауымдастыққа кіруінің нәтижесінде біздің мәдениетіміздің алдында жаңа бағыттары пайда болды. Бұл тенденциялар халықтың шынайы мәдени мұқтаждығын оқу қажеттілігі, қоғамдағы шығармашылық еңбек адамдарының лайықты орнын анықтау, өсіп келе жатқан ұрпақты және жастарды тәрбиелеуге, олардың рухани қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық мәдени жүйенің қалыптасуына әкелді.

Мәдениет – екі мемлекет адамдарын, әр түрлі өркениеттердің адамдарын, тіпті антагонистік ойлары мен көзқарастарында айырмашылығы бар адамдарды біріктіре алады. Қазіргі заманның өнері - бұл көптеген діндер мен мәдениеттердің көпқасырлы дәстүрлері бірлесіп әрекет ететін тартылыс күші болып табылады.

Халықаралық деңгейде жасалып жатқан іс-шаралар Қазақстан мен Қытай халқының арасындағы гуманитарлық ынтымақтастықтың кең көлемде дами түсуіне түрткі болғандай. Өмірдің мәнін түсініп, еркіндіктің, қауіпсіздіктің, бейбіт ынтымақтастықтың және екі ел арасындағы, екі елдің азаматтары арасындағы достықты күшейту үшін Қазақстан мен Қытай ел басшылары мемлекетаралық қатынастағы бір-біріне деген сенімділікке жағдай жасаудағы барлық шараларды қолдауға тырысты. Сондықтан да жаңа қатынасты орнату барысында екі ел арасындағы көпір іспеттес болған мәдени-білім беру, ақпарат алмасу және ғылыми-техникалық зерттеу саласының маңыздылығы аса зор болды. Сол себепті де екі ел арасындағы гуманитарлық ынтымақтастықтың даму үрдісіне арналған осы зерттеу жұмысы негізінен осы аталмыш салаға сараптама жасап, талдауды қарастырады.

Қытай-Қазақстан мәдени ынтымақтастығын асыру жолына Қазақстан Республикасы әрдайым өз үлесін қосып отырады. Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдени ынтымақтастықтың жемісті нәтижелерінің бірі ретінде қазақстандық телеарналарда көрсетіле бастаған қытайлық көркем, документалдық фильмдерін және Қытай Халық Республикасының қазіргі кездегі өмірі, экономикасы, мәдени мұралары туралы және табиғаты мен жан-жануарлар әлемін суреттейтін фильмдерін мысалға келтіруге болады. Қытайлық көркем фильмдердің басым көпшілігі XIV-XV ғасырдағы Қытай әдебиетінің шығармашылық туындылары бойынша түсірілген. К.Хафизованың айтуы бойынша, бұл фильмдердің біздің ұлы көршіміз Қытай туралы және ондағы халқының ерекшеліктермен танысудағы беретін пайдасы өте зор /2/. Соңғы кезде спутниктік антеналар арқылы тасымалданатын қытайлық «ССТУ» бағдарламасы да іске қосылып, Қытай туралы көп мағлұмат алуға және қытай тілін оқып үйренуге берер пайдасы баршылық.

2004 жылы мемлекет басшысының ұсынысы бойынша 2004-2006 жылдары қарастырылатын «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы өңделіп, бекітілді. Бағдарламаны жүзеге асуының негізгі бағыттары төмендегідей:

- 1) ұлттық тарихтың ірі тарихи - мәдени, археологиялық және архитектуралық ескерткіштерін қалпына келтіру;
- 2) қазақ халқының мәдени мұрасының толық оқу жүйесін қалыптастыру;
- 3) ұлттық және дүниежүзілік ғылыми ойдың, мәдениеттің және әдебиеттің басылымдарын өңдеу;

Алғашқы рет «Мәдени мұра» атты жалпы ұлттық бағдарлама аясында Қазақстан және бірқатар шекаралас мемлекеттер жерінде Қазақстанның мәдени-тарихи мұрасын жинақтау, зерттеу, сақтау, көбейту және үгіттеудің барлық бағыттары бойынша мемлекеттік тілде гуманитарлық білім берудің толыққанды қорын құру бойынша кең көлемді теңдесі жоқ шаралар өткізіліп жатыр. Ежелгі және ортағасырлық дәуірдің бірегей материалдары алынып, зерттелініп жатыр, қазақ халқының көптеген оқиғаларының сырын ашатын бұрын бейтаныс болып келген жазба дереккөздері шетел мұрағаттары мен қорларынан алынып, ғылыми айналымға енгізілуде.

«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы аясында «Шығыстану» секциясы Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Монғолия, Түркия мен Қырғызстан Республикасына археографиялық экспедициялар мен ғылыми іссапарлар жүргізілді /3/

Бұл кезеңде Францияның, Германияның, Түркияның, Қытайдың, Ұлыбританияның, Ресейдің, Өзбекстанның және өзге де елдердің кітап қорларына, мұрағаттарына, кітапханаларына, ғылыми орталықтарына 30-дан астам шетелдік археографиялық, мәдениеттанушылық экспедициялар мен іссапарлар жүргізілді. Олардың нәтижелері қазақ халқының тарихы, философиясы, құқығы, мәдениеттануы, әдебиеті, өнері, халық ауыз әдебиеті мұралары бойынша энциклопедиялық еңбектер мен көптомдық академиялық еңбектерді басылымға дайындап, жариялау саласындағы ғылыми жаңалықтар мен ірі жетістіктер болып табылады.

Елдің егемендігін қалыптастырып, дамыту үшін маңызды әрі өзекті болып табылатын ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы арқылы да алынды. Нақтырақ айтсақ, Ұлттық кітапханаға «Ежелгі Қытай дереккөздеріндегі қазақтар туралы материалдардың» 2 томы, Ресей мемлекетті кітапханасынан, Еуропа елдеріндегі кітапханалардан сирек кітаптардың көшірмелері, 478 атауды қамтыған бірегей «Қазақ кітабының библиографиясын» әкелінді.

Осындай зерттеулердің нәтижесінде, мамандардың айтуы бойынша ұзақ уақыт бойы Қытайдың тарихи мұрағаттарында сақталған қазақ халқына қатысы бар өте мол тарихи мәліметтер мен деректер бізге беймәлім болған еді. Бұл орайда, әсіресе соңғы жылдары еліміздің тарихшылары және ғылыми-зерттеу институттары Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының Қоғамдық ғылымдар академиясының қызметкерлерімен, жергілікті қазақ зиялылармен бірлесіп жұмыс жасай бастағаны бізді қуантады. Әсіресе, академия профессоры Жакып Мырзақан бастаған ғылыми топтың “Чжуңго жылнамаларындағы қазаққа қатысты деректер” атты бес томдық еңбектің алғашқы екі кітабын шығаруы қазақстандықтардың зор ынтасын тудырды. Бұл еңбек екі мемлекет арасындағы көне тарихты зерттеу саласын жаңа деректермен байытып, оқиғаларға тың сәуле түсірді.

“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде бірқатар қазақстандық ғылыми-зерттеу институттары қытайлық тараппен бірлесіп жұмыс

істеп келеді. Оның ішінде Қазақстанның Шығыстану институты және Қытайдың бірінші тарихи мұрағаты арасындағы тығыз байланыстар өз жемісін беруде. 2005 жылы қол қойылған келісім-шартқа сәйкес, мұрағат “Цин дәуіріндегі қазақ-қытай қарым-қатынастарына байланысты мұрағат құжаттар жинағы” кітабының екінші томын басып шығарған. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы және Шанхай кітапханасы арасында “мәдениет үйлерін” өзара ашу көзделуде. Сонымен қатар екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамыту мақсатында үкімет деңгейіндегі тең дәрежелі мәдениет орталықтарын өзара құруды ұсынылып отыр. Келешекте Үрімші немесе Құлжа қалаларында Қазақстанның мәдениет орталықтарының құрылуы екі ел арасында өзара мәдени қарым-қатынастарды одан әрі тереңдей түсетіні сөзсіз.

Бұл “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасының мақсаты - рухани және білім беру салаларының дамуы, елдің мәдени мұрасын нәтижелі пайдалану және сақталуын қамтамасыз ету.

«Мәдени мұра» бағдарламасы халық тарихы, мәдениетті дамыту мәселелеріне мемлекеттің басты назар бөлетіндігінің тағы бір айғағы болып табылады. Ол еліміздің егемендігін, қазіргі қазақстандық қоғамның рухани бірлігін нығайтуға бағытталған.

Мәдени және өркениеттілік өзінділік мәселесі адамзатқа қазіргі тарихтың сыны болып табылатын жаһанданумен байланысты. Жалпы қазақстандық мәдениет үлгісі тек өзіміздің мемлекет шеңберінде шектеліп қалмай, ашық бағытта басқа мәдениеттер ағыны мен диалог негізінде дамуы керек. Бұл ауқымды үрдісте әлемдік мәдениеттер шеңберінде – қытай мәдениеті мен қазақ мәдениеті де жалпыадамзаттық өркениеттің дамуына елеулі үлес қосуға белсенді атсалысуы тиіс.

Көпғасырлық қазақ-қытай мәдени рухани байланыстары қазақ пен қытай халықтарының мәңгілік достығының маңызды факторы ретінде дамып, нығая түсуі екі ел арасындағы саяси ынтымақтастықтың кепілі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1) И.Тасмағамбетовтың Парламент депутаттарының алдында сөйлеген сөзінен. [http:// www.nlrk.kz](http://www.nlrk.kz)
- 2) ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында атты халыққа жолдауы. 18 ақпан. 2005 ж. Астана //Егемен Қазақстан. - 2005. – 19 ақпан.
- 3) Әбусейітов М., Базылхан Н., Еженхан Б., Сұңғатай С., Нұрманова А., Шымшихан Е., Торланбаева К. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жүргізілген археологиялық экспедициялар жайлы есептер// «Shygys» № 1 (2005). – С. 289-238.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы «Мәдени мұра» бағдарламасы және оның аясында атқарылып жатқан шаралар туралы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается национальная программа «Культурное наследие» и мероприятия проводимые в этом направлении в Республике Казахстан.

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент*

Қалыш Аманжол Боранбайұлын

55 –жылдық мерей тойымен құттықтаймыз!

Қалыш Аманжол Боранбайұлы 1954 ж. 30 наурызда Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандығаш қаласында жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1972 ж. Ресей Федерациясы, Орынбор облысы, Орск қаласында орта мектепті бітірген. 1972-1977ж. С.М.Киров атындағы ҚазМУ-ң тарих факультетінде оқыды. Студент кезінде-ақ А. Құнанбаев, В.И. Ленин атындағы стипендиялардың иегері, ҚазМУ қалашығын салуда жалпы университеттік СҚО штабының комиссары қызметін атқарғаны үшін 4 курста «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. «07.00.07 – этнология, этнография және антропология» мамандығы бойынша тарих ғылымының кандидаты атағын алды.(1989, Москва қ.)

Аманжол *еңбек жолын* 1977-1978ж – университеттің СҒЗЖ кеңесі төрағасы болып бастады, 1978-1981ж. ҚазССР ҒА Тарих, археология және этнография институтының аспирантурасында оқыды.1981-1983 аталған институтта кіші ғылыми, аға ғылыми қызметкер болды.1983-1992 ж. әл-Фараби атын. ҚазҰУ доценті, факультет деканының орынбасары (1993-1994 ж.) және ғылыми жұмыстар (2000-2001ж.) жөніндегі орынбасары, ал 1992-2007ж. тарих факультетінің «археология және этнология» кафедрасының докторанты, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2007 жылдан бүгінгі күнге дейін Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі .

Ғылым саласында қазақтар мен көп ұлтты Қазақстанның өзге де этностарының этникалық, этномәдени, этнодемографиялық үрдістері, отбасы-некелік қатынастары, рухани және заттай мәдениеті мәселелерімен айналысып жүр. Оның жетекшілігімен 6 кандидаттық диссертация қорғалып, 2 кандидаттық диссертация қорғауға дайындалуда.150 жуық ғылыми мақалалар мен 5 кітаптың авторы. ҚазССР ҒА Тарих, археология және этнология институтының, этнография бөлімінің «Қазіргі кездегі Жетісу жерінің ауыл халқының мәдениеті мен тұрмысындағы дәстүрлі және жаңа өзгерістер» Алматы қаласы тұрғындары: қазіргі этномәдени үрдістер», «Маңғыстау облысы этномәдени үрдістер». Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих факультетінің археология және этнология орталығының «Қазіргі кездегі Түркістан қаласындағы этнологиялық және этномәдени үрдістер» атты жоспарын және жоспардан тыс тақырыптардағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етті. 1989-1999 жылдары Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Павлодар, Қостанай және Оңтүстік Қазақстан облыстарында жүргізілген этнологиялық экспедициялардың жетекшілігі қызметін атқарды. А.Қалыш 150 жуық ғылыми мақалалар мен 5 кітаптың авторы.

А.Қалыш ҚР ҰҒА Шығыстану институты және АҚШ Вискон университеті (1998-2000ж.) ғалымдарымен бірге «Орталық Азия және Қазақстан республикасындағы мал шаруашылығы» атты халықаралық ғылыми жобаға қатысушы; ҚР ғылым және білім министірлігінің «Қазіргі кездегі Қазақстандағы этномәдени үрдістер 2000-2001» атты ғылыми гранттың иегері. Этнологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша бүкіл одақтық ғылыми сессиясының, «Қазақстан-Иран» халықаралық ғылыми конференциясының, халықаралық Бекмаханов оқуларының жауапты хатшысы қызметін атқарды. *Ғалымның ерең еңбегі ұлтымыздың жарқын болашағын алдағы уақытта да көркейте берсін!*

Таймагамбетов Ж.К.- т.ғ.д.профессор (Алматы қ., әл-Фараби атын.ҚазҰУ)